



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

# Дана *Бала*



№2 (22), 2020



# ДАНА БАЛА

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ**

**№ 2 (22), 2020**

**[www.rc-dd.kz](http://www.rc-dd.kz)**

# ДАНА БАЛА

**Меншік иесі:** Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
«Мектепке дейінгі балалалық  
шақ» Республикалық  
орталығы РММ

Республикалық ғылыми-  
ақпараттық  
әдістемелік журнал

**Бас редактор:** *Роза Жолаушиевна  
Базарбаева*  
ҚР Білім және ғылым  
министрлігі «Мектепке дейінгі  
балалалық шақ»  
Республикалық  
орталығының директоры


**Редакция алқасы:** «Мектепке дейінгі балалалық  
шақ» Республикалық  
орталығының  
Мектепке дейінгі тәрбие мен  
оқыту мазмұны бөлімі

**Техникалық  
редактор:** «Мектепке дейінгі балалалық  
шақ» Республикалық  
орталығының  
Ақпараттық талдау бөлімі

# ДАНА БАЛА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-АҚПАРАТТЫҚ  
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму министрлігі  
Байланыс ақпараттандыру және ақпарат  
комитетінің мерзімді баспасөз  
Басылымын және ақпараттық агенттікті  
есепке қою туралы №14553-Ж  
куәлігімен есепке қойылды (15.09.2014ж)



## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Құрметті балалар, достар, ата-аналар! Халықаралық 1-маусым балаларды қорғау күнімен барлық бүлдіршіндерді мерекелерімен құттықтаймын! Еліміздегі жас өскелең ұрпақ аман болсын! Жас ұрпақ, жас буын, жас өспірімдеріміз елдің ертеңгі болашағымыз! Әр уақытта аспандарын ашық, дендері сау болып, Отанымыздың мақтанышы болуларына тілектеспін! Жүздерінен күлкі кетпесін! Жұртымыз, еліміз тыныш, деніміз сау, басымыз аман, жұмысымызға шығармашылық табыс тілеймін!

*Ізгі тілекпен,  
«Мектепке дейінгі балалалық шақ»  
Республикалық орталығының директоры  
Роза Жолаушиевна Базарбаева*

# МАЗМҰНЫ

## Содержание



## ДАНА БАЛА

### Негізгі тақырыптық бағыты

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласы бойынша озық идеялар мен тәжірибелерді тарату, педагогтар мен ата-ана қауымына ақпарат түрінде әдістемелік көмек көрсету

### Основная тематическая направленность

Распространение передовых идей и опыта в области дошкольного воспитания и обучения, оказание методической помощи педагогической и родительской общественности в виде информационного материала

### УАҚЫТ ТАЛАБЫ ПРОБЛЕМЫ ВРЕМЕНИ

Карантин және карантиннен кейінгі кезеңде Мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын қайта бастау тәртібі ..... 6  
Мектепке дейінгі білім берудің заманауи үлгілері ..... 8  
Білім берудің табиғи жолы ..... 10

### БІЗДІҢ БАЛАБАҚША НАШ ДЕТСКИЙ САД

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы ..... 13  
Балабақшада денсаулық сақтау жұмыстарын жүргізудің ерекшелігі ..... 16  
Тәрбиенің діңгегі, болашақтың баспалдағы - балабақшадан басталады ..... 18  
Балабақша – бақытты балалық ордасы ..... 21

### ИННОВАЦИЯЛАР ИННОВАЦИЯ

Жылыжай – мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық жоба ..... 20  
Интеллект – карта арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру ..... 26  
Мектеп жасына дейінгі балалар жұмысында Гаджет құралдарын қолдану ..... 29  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында жаңа технологияларды қолдану ..... 32  
Мектепке дейінгі ұйымдарда Н.А. Зайцевтің әдістемесін қолдану ..... 35  
Ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға ағылшын тілін үйретуде заманауи технологияларды қолдану ..... 38  
Лэпбукті қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру ..... 40  
Мектепке дейінгі ұйымдарда steam заманауи инновациялық технологияларды оқыту әдісі ..... 43  
М.Монтессори технологиясын мектепке дейінгі ұйымдар тәжірибесіне енгізу жолдары ..... 45  
Халық ауыз әдебиеті үлгілерін балабақшада қолданудың маңыздылығы ..... 49

### ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ

Ұлттық мұраның қазынасы – ұлттық ойындар ..... 52  
Елтану материалдары негізінде балалардың этникалық мәдениетін қалыптастыру жолдары ..... 54  
Қазақтың ұлттық ойыны «ханталапай» ..... 56  
Воспитание патриотизма у будущего поколения ..... 59

### ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОРЖЫН МЕТОДИЧЕСКАЯ КОПИЛКА

Балаларға Т.С. Комарова әдістері арқылы бейнелеу өнерін үйрету ..... 62  
Бала бойындағы қорқыныштар ..... 64

### АТА-АНАЛАРҒА ДЛЯ РОДИТЕЛЕЙ

Отбасы мен бөбекжай арасындағы сабақтастық ..... 66  
Дарынды балалардың ата-аналарымен жұмыс жасау ерекшеліктері ..... 68

### ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ ЛУЧШИЙ ОПЫТ

Мектеп жасына дейінгі балаларда тілдің дыбысталу мәдениетін арттыру ..... 70  
Балабақшада мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізудің ерекшеліктері ..... 72

### ТӘЖІРИБЕМЕН БӨЛІСУ ДЕЛИМСЯ ОПЫТОМ

Жақсы бала тәрбиелесең-көзіңнің қуанышы, көңіліңнің жұбанышы ..... 75  
«Айгөлек» балалар фестивалі (Жазғы сауықтыру жұмыс түрі ..... 77  
Бейнелеу өнері арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту ..... 81  
Дидактикалық ойындар – мектеп жасына дейінгі балаларды интеллектуалды дамыту құралы ..... 83  
Театрланған қойылымдар арқылы балалардың тілін дамыту ..... 87  
Сценарий праздничного утренника в старшей группе

«Праздник царицы осени» ..... 89  
Йога жаттығуы ..... 93  
Балабақшада дене шынықтыру және сауықтыру шараларын дұрыс ұйымдастырудың маңызы ..... 95  
Квиллинг театрын қолдану арқылы Мектепке дейінгі балалардың креативтілігін қалыптастыру ..... 99  
Сенсорика және қарапайым математикалық теорияларды Қалыптастыру оқу қызметінде дидактикалық ойындарды ..... 101  
Ойын арқылы баланың тілін дамыту ..... 105  
Мастер класс для воспитателей «Игры и творческие задания, направленные на развитие умственных способностей и создание творческого продукта в речевой деятельности» ..... 107  
Музыкалық аспаптар арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту .. 109  
Үй жануарлары мен төлдері ..... 112  
Йога ..... 114  
Мектеп жасына дейінгі балаларды бейнелеу өнері жанрларын мультимедиа – технология арқылы оқытудағы заманауи тәсілдер ..... 116  
Мектепке дейінгі балалардың вокалдық қабілетін дамыту ..... 119  
Балабақшада мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір салты дағдыларына тәрбиелеу ..... 122  
Ойын технологиясы негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін қалыптастыру ..... 124  
Резеңкемен жаттығудың дәстүрден тыс әдісі ..... 127  
Ағылшын тілі әдістемесін жетілдірудегітіл маманының авторлық технологиясы ..... 128  
«Төтенше жағдай – телефондары» ойын-сауық ..... 131  
Дарынды балаларды дамытудағы «ертегі терапиясының» маңызы ..... 133  
Мектеп жасына дейінгі балалардың lego-құрылымдар арқылы stem-құзіреттіліктер мен дағдыларды қалыптастыру ..... 135



**Роза Жолаушиевна Базарбаева**

Нұр-сұлтан қаласы  
«Мектепке дейінгі балалық шақ»  
республикалық орталығы директоры

## КАРАНТИН ЖӘНЕ КАРАНТИННЕН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ҚАЙТА БАСТАУ ТӘРТІБІ

Қазіргі кезде COVID-19 корновирустық инфекциясы пандемиясына байланысты жарияланған карантин жағдайларында өңірлерде жергілікті атқарушы орган жанындағы ТЖ жөніндегі штабтың және өңірдің бас санитарлық дәрігерінің шешімі бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда кезекші топтардың жұмысы қамтамасыз етілді.

Осы орайда МДҰ кезекші топтарға арналған жұмыс істеу алгоритмін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі әзірлеп мамыр айында өңірлерге жіберілді. Мектепке дейінгі ұйымдарға көбінесе ана-аналары жұмыс істейтін және оларды қалдыруға мүмкіндігі жоқ ата-аналар балаларын апарды.

Сонымен қатар МДҰ дарға жазғы сауықтыру мерзіміне арналған ұсынылып отырған екінші алгоритм әзірленді.

Республика аумағында карантин және карантиннен кейінгі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын бастауға ұсынымдар.

МДҰ-да балалар мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына, оларға қауіпсіз жағдайлар жасау үшін жауапкершілік МДҰ басшысына жүктеледі.

МДҰ-ды ашу үшін білім басқармаларына, білім бөлімдеріне, мектепке дейінгі ұйымдарға ұсынылады:

- меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан МДҰ қызметінің басталуы туралы Басқарма, білім бөлімі басшысының бұйрығын шығару;

- МДҰ бару мәселесі бойынша ата-аналар-

мен түсіндіру жұмыстарын жүргізу (жұмыс тәртібі, жас топтары, денсаулық жағдайы, тиісті киім, күн тәртібін сақтау және т.б., баланы алдын ала әкелу, себебі балаларды қабылдау белгілі бір уақыт алуы мүмкін.);

- күн тәртібін бекіту;

- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жазғы-сауықтыру кезеңіне МДҰ-ның жұмыс жоспарын бекіту.

Жазғы-сауықтыру кезеңіндегі жұмыс балалардың сауығыуына, шынығыуына, физикалық дамуына және өткен бағдарламалық материалдарды бекітуге бағытталған.

Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жүйесі:

- дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары (спорттық және қимылды ойындар, ертеңгілік жаттығу, дене шынықтыру-ырғақты қимылдар, өздігінен қимыл әрекеттері, ұсақ моториканы дамыту бойынша ойындар, тыныс алу жаттығулары, көзге арналған гимнастика және т. б.), оны таза ауада ауа райына байланысты өткізу ұсынылады (серуендеу ұзақтығы өңірдің ауа райы жағдайы мен климаттық ерекшеліктерін ескере отырып ұлғаяды);

- тиімді тамақтануды ұйымдастыру;

- шынығу (күнде болу, жорықтар, серуендеу, жарыстар және т. б.);

- ауыз су режимін сақтау (бір рет қолданылатын стакандар).

- жазғы-сауықтыру кезеңіне перспективалық жоспар мен циклограмма құру.

Педогогтер ескеруі қажет:

- топта және учаскеде (беседка) болғанда

қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында балаларды үнемі бақылау;

- үй-жайда да, учаскеде (беседка) балалар әрекетінің түрлерін ұйымдастыруда, режимдік сәттерді өткізу кезінде арақашықтықты сақтау;

- балалар әрекетінің түрлерін өткізуде басқа педагогтер мен тәрбиешінің көмекшісін тарту;

Музыка, дене шынықтыру залында бұқаралық іс-шаралар, экскурсиялар және т. б. өткізуге тыйым салынады.

Ата-аналар ескеруі қажет:

- кез келген аурудың белгілері байқалғанда баланы МДҰ-ға апармау;

- МДҰ-ға баланың келмеуінің себебі туралы әкімшілікке, тәрбиешіге алдын ала хабарлауы қажеттігін;

- ойыншықтарды және басқа да заттарды үйден балабақшаға әкелмеуін;

- шкафты өңдеу үшін бос қалдыруды;

- балабақшадағы шкафта баланың тек 1 күн киетін киімі болуы керектігін білуі тиіс.

### Мектепке дейінгі білім беру объектілерінде санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтау алгоритмі

1. Балабақшаның барлық қызметкерлерін медицина қызметкерлері күнделікті таңертеңгілік фильтрден өткізу. Медицина қызметкерлері мен балабақша қызметкерлері балаларды қабылдау кезінде күнделікті таңертеңгілік фильтрден өткізу.

3. Мектепке дейінгі ұйымдарына мынадай санаттағы адамдарға балаларды апаруға болмайды:

- COVID-19 жағдайлары расталған адамдармен байланыста болғандарға;

- соңғы 14 күнде жағдайлар тіркелген шет елден немесе өңірлерден келгендерге;

- 65 жастан асқан адамдарға;

- жедел респираторлық ауру белгілері бар адамдарға.

4. Объектіде қызметкерлер мен келушілердің қолдарын өңдеу үшін қолжетімді орындарға тері антисептиктерімен санитайзерлер орналастырылады.

5. Балалардың қолдарын әрбір тамақтану алдында, көшеде серуендеуден кейін, санитарлық торапқа және басқа да ластанған жағдайларда (сұйық сабынды қолданып қолдарды жуу) жуу тәрбиешілердің жеке жауапкершілігіне жүктеледі.

6. Кейіннен желдетумен балалар болмағанда топ бөлмелерін зарарсыздандыруды (кварцтауды) қамтамасыз ету. Желдету режимін сақтау: балалар топта болған жағдайда бір сағат сайын 15 минуттан кем емес топты желдету, балалар болмаған кезде топты өтпелі желдету. Желдету балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, тәрбиешінің бақылауымен жүзеге асырылады.

7. Есік тұтқаларын, баспалдақ таяныштарын, терезе алдын, түбектерді, топтағы сантехжабдықтарды дезинфекциялау құралдарын қолданып (топ бөлмелерінде балалар болмаған кезде ғана дезқұралдарды қолдану) екі мәрте өңдеу.

8. Дезинфекциялау және жуу құралдарының, антисептиктердің, жеткілікті болуы.

9. Асхана ыдыстарын дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып жуу. Ерітіндінің қолданылатын концентрациясы қоса беріліп отырған нұсқауға сәйкес (вирустық инфекцияларда) қолдану.

10. Ас блогында ас үй ыдыстарын, үй-жайларды, жабдықтарды дезинфекциялық концентрациясы бар (вирустық инфекцияларда) ертіндімен күнделікті режим бойынша өңдеу.

12. МДҰ медицина қызметкерлері үшін маскалар мен сырт қорғаныш киімнің болуы.



**Гульжахан Шахмурадовна Мухажанова**

Нұр-Сұлтан қаласы

№69 «Еркем-ай» балабақшасының әдіскері

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ҮЛГІЛЕРІ

**Аңдатпа:** Мақалада мектепке дейінгі білім беру жүйесінің заманауи үлгілері берілген. Білім берудің жаңа тенденциялары мен парадигмаларына салыстырмалы репродуктивті талдау жасалынған.

**Түйін сөздер:** мектепке дейінгі білім беру, заманауи модель, білім беру индустриясы, білім беру стандарты, жаңа тенденциялар, білім парадигмасы және т.б.

Өркениеттің жаңа кезеңіне көшу еліміздің экономика, әлеуметтік, саяси, мәдени және білім беру саласын өзгертті. Цифрлы технологиялардың қарқынды дамуы нәтижесінде ақпарат индустриясының мүмкіндіктері артты. Бұл жалпы әлемдік жаңару, жаһандық тренд. Әлемде болып жатқан заманауи үрдістерден қалмау үшін, еліміз барлық жаңалықтарды игеруде.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», деп көрсетті. Бұл үздіксіз білім беру жүйесіне үлкен талаптар жүктейді. Себебі, білім қоғам мен мемлекеттің стратегиялық ресурстарының

бірі болып табылады. Білім саласында жүргізіліп жатқан реформалар, оның өзгеруіне, жаңаруына, интеграциялануына жол ашады. Сондықтан да мектепке дейінгі білім беру жүйесінде заманауи модель жасау өзекті мәселелердің біріне айналуға. Қазақстан Республикамыздың 30 елдің қатарына кіруінің маңызды ресурстарының бірі – әлемдік үрдістерге бағдарланған білім берудің заманауи үлгісін құру.

Мектепке дейінгі білім беру – бұл жалпы мәдени, ұлттық құндылықтар негізінде балалардың үйлесімді дамуы, баланы жалпы орта білім берудің бастауыш сатысына дайындау, қоғамдық өмірге белсенді қатысу үшін қажетті жағдайлар жасау, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрылатын білім беру ұйымы. Мектепке дейінгі білім берудің мақсаты – баланың іс-әрекеті үшін кеңістік құру және оның жеке дамуын, қолайлы әлеуметтенін қамтамасыз ету. Әдебиеттерге жасалған тарихи шолу білім берудің әртүрлі модельдері философиялық бағыттардың алуан түрлілігімен байланысты екенін көрсетті. В. Я. Пи-липовский әлемдік білім беру үрдісінің ауқымында үш негізгі парадигмалды модельді атап өтті: дәстүрлі, рационалистік, гуманистік (феноменологиялық).

Мектепке дейінгі білім берудің заманауи моделі экономиканың инновациялық даму міндеттерін шешуге негізделген.

Мектепке дейінгі білім берудің заманауи моделі:

- Қызметтердің икемділігі мен алуан түрлілігі;

- Отбасының білім беру әлеуетін қолдау және толық пайдалану;

- Ерте дамудың алуан түрлі бағдарламаларын қолдау;

- Отбасылық тәрбиені педагогикалық қолдау, арнайы қызметтер мен нысаналы бағдарламаларды құру, тәуекел тобындағы отбасындағы балаларды сүйемелдеу

- Жаңа инновациялық технологияларды жетілдіру

Нәтижеге бағытталған білім беруді ұйымдастыратын жаңа мектепке дейінгі білім беру ұйымында:

- Денсаулық сақтау ортасын құру;

- Ұлттық мәдени құндылықтарды қалыптастыратын орта құру;

- Сапалы тәрбие беру;

- Тәрбиеші-бала-ата-ана үштігін құру.

Еліміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама болды. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Білім беру парадигмасының ауысуы, оның тұжырымдамалық негіздерін қайта бағалау, білім беру мақсаттарын, міндеттерін, мазмұнын қайта пайымдау жалпы білім беру жүйесінде және оның мектепке дейінгі буынында, атап айтқанда, күрделі өзгерістерге алып келді. Педагогикалық қауымдастық гуманистік педагогика принциптерін негізге ала отырып, балалармен жеке тұлғаға бағытталған қарым-қатынас стилін, тәрбиенің табиғатпен сәйкестілік заңдылықтарын негізге ала бастады. Мектепке дейінгі білім беру жүйесі бүгінгі күні қоғам мен отбасының қажеттіліктеріне бағдарланған және

баланың жас және жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қызметтерінің әртүрлі спектрін көрсететін, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің көпфункционалды вариативтік желісі болып табылады. Педагогикалық процесс баланың дамуының барлық негізгі бағыттарын қамтиды (дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, көркем-эстетикалық және т. б.). Сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру мазмұнында жаңа, дәстүрлі емес жұмыс түрлері де пайда болды: хореография және ритмика, шет тілін оқыту, бейнелеу шығармашылығының жаңа технологиялары, компьютерлік оқыту, ұлттық мәдениетке баулу, балалардың өз бетінше эксперимент жасауы. Елімізде отандық тәрбиемен қатар шетелдік тәрбие жүйесі де қолданылады: Монтессори әдістемесі бала-бақшаның педагогикалық процесінің маңызды бөлігіне айналды.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасында дамудың қазіргі кезеңінде мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңа тәсілдерді және оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа тиімді нысандарын іздестіруді талап ететін әлеуметтік-экономикалық өзгерістер орын алуда. Қазақстан қоғамындағы заманауи жаңалықтар мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі елеулі өзгерістерге алып келді. Мектепке дейінгі кезеңде білім берудің мазмұнын жаңарту – бұл ең алдымен «құзыретті тұлға» ұғымының басты мағынасын ашу, білім беру үдерістерін дұрыс талдау, білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін жаңа педагогикалық технологияларды қолдана білу. ТМД-ның барлық елдеріндегі сияқты республиканың мектепке дейінгі білім беру жүйесі білім беру процесінің мазмұнын жаңартудың және қолданыстағы жаңалықтарды іске асырудың өте күрделі кезеңдерінен өтуде. Педагогикалық үдерісті құрудың жаңа тәсілі балалардың қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Ойын қызметіндегі міндеттердің біртіндеп күрделенуі балаға алға жылжуға және өздігінен жетілуге мүмкіндік береді,

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Ә. Назарбаев: «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» Мақаласы. -2017, 12 сәуір
2. Р.И.Крымова Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру жолдары //Білім беру айнасы Нұр-Сұлтан, -2017
3. И.В.Нордман Полипарадигмальный подход как способ повышения качества образования //Педагогические науки Москва, - 2017.
4. Анализ современной системы дошкольных организаций в Республике Казахстан <https://articlekz.com/article/5782>



**Галия Актанова**

Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Бауыржан Момышұлы ауылы №1 бөбекжай-балабақшасы тәрбиеші

**БІЛІМ БЕРУДІҢ ТАБИҒИ ЖОЛЫ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада табиғи жолмен оқытудың маңызы қарастырылады. Баланың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып оқытудың тиімділігі көрсетілген.

**Түйін сөздер:** Білім берудің табиғи жолы, жобалық іс-әрекет, мектепке дейінгі ұйым, тәжірибе, әдіс.

Джон Дьюи (1859-1952) және оның жұбайы Эвелин Дьюидің «Болашақ мектебі» атты еңбектері Америкада оқыту жүйесінде үлкен талаптар қойылып, мектеп ісінің түбегейлі реформасын талап еткен кезде жазылған. XIX-XX ғасырларда американдықтар әлемде бірінші болып жалпы орта білім беруге көшуді бастаған шақ. Алты, сегіз жылдан кейін білімді барлық балалар бірдей игере бастады. Бұрын тек қана ерекше қабілетке ие балалар ғана жоғары жетістікке жететін еді. Ата-аналар мен педагогтар және билік өкілдері біріңғай стандартпен барлық балаларды бірдей оқыту мүмкін емес екенін түсінді.

Оқытудың тиімді жүйесін іздестіруге барлық бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіле бастады, дегенмен американдықтар табиғи жолды таңдады. 1641 жылы Лондонға арнайы шақырған Ян Амос Коменскийдің жазбаларында Американдықтардың Киелі кітаптарының жанында – «Ұлы дидактика» пайда болғанын айтады.

Джон Дьюидің айтуы бойынша «Балалық шақ – ол өсу мен даму уақыты. Баланы күштеп оқыту, педагогтардың жылдам жетістікке жету жолындағы іс-әрекеті. Ол баланы балалық шағынан айырумен тең. «Балалық шаққа мүмкіндігімізше түсіністікпен қарауға тырысайық, балалық шақтағы баланың іс-әрекетін оң немесе теріс деп бағалауға асықпайық. Табиғатқа өз жұмысын асықпай жасауға уақыт берейік оның жұмысын өз мойыныңызға алып, наразылық танытпай. Табиғатқа кедергі келтіруден именейік. Уақыт құнды оны дұрыс пайдаланам деп, текке жұмсап алмайық» - деген.

Коменскийдің салған ізімен Э. Коллингс Оклахома штатындағы университеттің педагогика ғылымдарының профессоры жүріп өтті. Ол «Жоба тәсілі бойынша американдық мектептің жұмыс тәжірибесі» атты өзінің басты кітабында жұмысын қалай бастағанын баяндайды. Шағын ауыл мектебінде оқып жүрген жас Коллингс, аңызға айналған Гекльберри Финн сияқты,

кенеттен «Білім алу – мүлдем пайдасыз іс» деп түсінеді. Ол ата-анасының қарсылығына қарамастан мектептің қалам, дәптерін тастап, әкесінің фермасына жұмыс істеуге аттанады. Қи қазып, сиырларды күту оған партада отырғаннан гөрі көбірек ұнаған.

Бір уақытта ата-аналар тарапынан мектеп басшылығы балаларға күштеп білім беріп жатыр деген алаңдаушылық танытып, мектепте балалар азайып кетеді. Мектеп басшылығы аталған кемшілікті жою үшін жаңа мұғалімдерді шақыра бастады. Сол кезде жас Коллингс өз ақшасына әртүрлі ауыл шаруашылық құрал-жабдықтарын ағаштан, металдан және т. б. көптеген пайдалы заттарды жасап мектепке мұғалім болып қабылданады. Жаңа өзгерістерге куә болған ата-аналар балаларын қайтадан мектепке бере бастайды. Табиғи жолмен өмірлік тәжірибе арқылы білім алған балалар мектепті еш қиындықсыз тәмамдап, екеуі сол мектепте мұғалім болып, бірі дәрігер, ал кейбіреулерінің жеке шаруашылық фермалары болады. (Коллингс Э. А. «Жоба тәсілі бойынша американдық мектептің жұмыс тәжірибесі» М. 1926. С. 33)

Коллингс көп жылдық мұғалім және мектеп инспекторы болып жұмыс істеген соң, ол былай деп ойын түйіндеп жазады: Мектептің белгілі бір мақсатты көздеген бағдарламаларын балалар еріксіз мәжбүрлі түрде игеріп, мұғалімдер бағдарламаны орындап, уақыттарын өткізген мектептен гөрі шынайы өмірге бағытталған әрбір баланың өзіне ыңғайлы, өз мүмкіндігінің шеңберінде оқыту бағдарламасы болуы керек деген ойға келеді.

Профессор Мериямның айтуынша. Балалар өздерінің қалай сөйлеп кеткендерін білді ме? Жоқ әрине. Көп жағдайда балалар да, үлкендер де оқу мен жазуды үйренгенде қандай тер төккендерін жақсы біледі. Біз анамыздан су ішу керек болғанда «Ана су берші» деп сұрадық. Бұл сөзді айту үшін күнделікті таңертеңнен кешке дейін жаттыққан жоқпыз. Профессордың оқыту жүйесінде балалар дәл осылай оқуды, жазуды және сурет салуды оларға тек керек кезінде айналысты – деп айтқан.

Профессор Мериямның сөздеріне

тоқтала кетсек. Оқу мен жазуды меңгеру қалай қиын болса жаңадан дүниені танып біліп келе жатқан бала үшін керегін сұрап жеу де сондай қиын. Бірін тез меңгерсе, келесі бірін көп еңбектің арқасында әрең меңгереді. Оның себебі неде? Деген сауал көп жылдар бойы көкейімде жүрген болатын.

Адамның психологиясы бойынша балаға үлкендердің үйреткенінен емес жасағанынан қайталағаны табиғатына жақын. Ұстаз баланың айнасы деп бекер айтылмаған.

Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымда балаға белгілі бір символды үйрету үшін ол туралы білікті ауызша, тәжірибе жүзінде үйретудің маңызы зор. Оған мысал келтіре кететін болсам. Әріпті балабақшада 5-6 жаста сауат ашу оқу қызметінде біртіндеп үйрете бастаймыз. Жұмыс барысында баланың жылдам қабылдап, тез ұмытатынын да байқаймыз. Себебі 5-6 жасқа дейін бала әріппен таныспаған. Балаға үй жағдайында қасық ұстай алмайтын уақытта біз баланың көз алдында қасықты қолдандық, Оның атын атадық. Сол әрекеттерді жасағанда оны бала ешқандай мәжбүрлеусіз үйренді. Балабақшада әріп пен сандарды үйретуде осындай әдісті қолданудың жемісі мол болар деген ойдамын. Кіші топтарда 2-3 әріпті безендіріп қойып, кез-келген уақытта режидік сәттерде балаларға жай ғана қолымызбен көрсетіп «А» - ханшайым. «Б» мырза деп таныстырып, кейіпкер ретінде сол таңбаларды пайдалансақ ол таңбалар балаға біртіндеп таныс бола бастайды.



Мектепалды даярлық жаста әріпті әріп ретінде, санды сан ретінде танып қолданады.

Шет елдің Интерлакенский мектебінің ұраны «Балаларды өмір сүруге үйрету» және жоба арқылы білім беруді қолдаған. Бұл жерде мектептің ішіндегі керек құрал-жабдықтардың барлығын балалар өз қолымен жасайды. Мектептің жанында кішігірім мал шаруашылық фермасы бар онда үлкенірек ер балалар жұмыс жасайды. Мектептегі барлық іс-әрекеттер

тәжірибе жүзінде жүргізіледі. Балалар жануарларды баға жүріп, олардың бойында жанашырлық, қамқорлық, мейірімділік қасиеттері қалыптасады. Сонымен қатар егін шаруашылығымен айналысады. Жұмыс барысында кездескен қиындықтарды өз беттерімен шешуге тырысады. Шыдамдылық, ептілік сияқты қабілеттері қалыптасады. Мектеп өзен жанында орналасқан онда балалар жүзуге үйренеді. Мектепте апта сайын балалардың еңбектері мен жаңалықтарына арналған газет шығарылып тұрады.

Шет елде білім беру жүйесі жобалық іс-әрекетке көшіп, балаларды табиғи жолмен оқыту қолға алынып жатқан шақта біздің қазақстанда білім жүйесі қандай болды?

Қазақстанда балаларды білімге үйрету ғылыми түрде жобалық іс-әрекет деп аты әйгілі болмаса да қазақ қыз балалары мен ұл балалары өз заманында осындай жұмыстарды шет елден кем жасаған жоқ. Қыз балалар ана-әжелерінің жанында жүріп сиыр сауып, оның сүтінен түрлі құрт, айран, май, ірімшік сияқты өнімдердің қалай

жасалатынын білген. Қымыз сусынының жасалу технологиясы шет мемлекеттерді талай таңқалдырғанын өзіміз де білеміз. Сонымен қатар қыз балалар ою-өрнек жасау, киіз басу, кілем тоқу, құрақ құрау және тамақ өнімдерін тоңазытқышсыз бүлдірмей сақтай білу технологияларын 7-8 жасынан өте жақсы меңгерді. Ал, ұл балаларға келсек олар мал шаруашылығы, ұсталық, зергерлік кәсіппен айналысқан. Мал баға жүріп, әр малдың өзіндік ерекшелігін және оларға ерекше күтім жасау керектігін қаршадайынан меңгерген. Мысалы, қазақтың аңыз-ертегілерінде жылқы малының шөптің ең құнарлысымен қоректеніп, судың тазасынан ішкені көп айтылады.

Мақаламды қорытындылай келе сөзімнің тобықтай түйіні. Балалардың жас ерекшелігіне сай жобалық іс-әрекетті пайдаланып, баланы қызықтырған кәсіп шеңберінде табиғи жолмен тәжірибе жүзінде білім беруді кеңінен пайдалансақ, болашақта үлкен жетістіктерге жететініміз анық.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Джон Дьюи, Эвелина Дьюи «ШКОЛЫ БУДУЩЕГО»
2. Валентин Кумари педагогика ғылымдарының докторы, профессор «Әркімге өз қабілеттері мен қажеттіліктеріне қарай немесе американдық мектеп табиғи жолмен оқытылып, барлығынан озды»
3. Қазақстан Республикасының этностық-мәдени білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. – № 4.



**Куатова Саулет Кадыровна**

Атырау қаласы  
№14 «Нұрай» бөбекжай бақшасының  
I санатты тәрбиешісі

## БАЛАБАҚША – БАРЛЫҚ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМНІҢ ЕҢ АЛҒАШҚЫ БАСПАЛДАҒЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада балаға тәрбие мен білім негізі ең алдымен отбасынан, содан соң балабақшадан басталатыны айтылады. Сондай-ақ, мектепке дейінгі білім беру саласында бүлдіршіндерді барынша креативті ойлай алатын, қоғамның белсенді мүшесі етіп тәрбиелеуге көңіл бөлу керектігі баяндалады.

**Түйін сөздер:** Отбасы- алтын бесік. «Жаста берген тәрбие жас қайыңды игендей»; «Бала – біздің болашағымыз»; Болашағына немқұрайлы қараған халықтан ештеңе күтуге болмас»; Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы.

Қазақ халқында: «Балаңды бес жасқа дейін патшаңдай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса, он бес жас-тан асқасын досыңдай сырлас» – деген тамаша сөз бар. Бұл – мағынасы терең философиялық өмір шындығы. Шынында да, тәрбие сәби дүниеге шыр етіп келген алғашқы сәттен басталуы керек. Әрине, баланың тәрбиесі отбасынан басталады. Отбасы – бұл баланың өмір сүру ортасы, қамқорлықтың тұрақты көзі, тәрбиелеу мен шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орны. Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын, ойшылдары мен зиялыларын толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске түсіргені күмән туғызбайды. Шығыстың ғұлама ғалымы Әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін, - десе, тәрбие дегенге М.Жұмабаев: «Тәрбие - адам баласын кәміл жасқа толып, өзіне - өзі қожа болғанша тиісті азық беріп өсіру»- деген екен. Сонда бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, ата-ананың ықпалы арқылы қалыптасатын күрделі іс. Бала қамын ойлаған

бабаларымыздың айтқандарынан түйгеніміз, қай қоғамның болсын көтерген мәселесі – бала жанына ізгілік дәнін егу. Себебі бала - өмірдің жалғасы, мәні мен сәні. Сондықтан да халық баланы көңілдің гүлі, көздің нұры деп ұққан. Кезінде ұрпақ тәрбиесі, ел тағдыры жөнінде елеулі еңбектер жазып, аталық ақыл айтқан ғалым - профессор Б.Кенжебаев: «Бала – біздің болашағымыз. Болашағына немқұрайлы қараған халықтан ештеңе күтуге болмас»- деген еді. Қазақта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» - деген мәтел бар. Бала тәрбиесінде ата-ананың өнегесі үлкен маңызға ие болғандықтан, ата-бабаларымыз өз ұрпағын абыройлы азамат ретінде өсіруді мақсат еткен. Отбасы бала үшін - алтын бесік. Бала тәрбиесі мен барлық адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы негізінен отбасында жүзеге асады. Олай болса балаға өз шаңырағында, өз табалдырығында дұрыс тәрбие берілуі - тәрбиенің ең басты шарты. Бала жанұя аясында түлеп өседі, оң - солын таниды. Ол алғашқы адамгершілік қасиеттерді де, еңбек әліппесінің алғашқы беттерін де өз үйінде ашады. Ұлттық педагогикада да «Тәрбие



отбасынан басталады»деп тегін айтылмаған. Баланың тәлім – тәрбиесіне ерекше мән берген халқымыз «баланы жастан»деп мәтелдеген. Өмірдің базарын бала деп білген халқымыз «Жаста берген тәрбие жас қайыңды игендей.»- демей ме? Иә, қазақ халқында сонау ежелгі заманнан бері өзіндік тәрбие мектебі, қалыптасқан дәстүрі болған. Ал сол дәстүр отбасында басталып, балабақшада берілетін тәрбиемен қалай қабысады, енді соған келейік.

Алтын бесік - отбасы болса, алтын ұя – балабақша. Екеуі де қасиетті, әрі қастерлі. Өйткені отбасы сәбиді дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жатса, балабақша ақылы мен білімі толысқан, жан – жақты жетілген, өз бетімен өмір сүруге бейім, толыққанды адам етіп тәрбиелеп шығарады. Бұл екі ортаның да мақсат - мүддесі ортақ, міндеті - біреу.

«Мәңгілік ел» идеясында өскелең ұрпақ тәрбиесіне баса мән берілген. Осы тұғырлы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетілген. Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ең алдымен ұлттық құндылықтарға негізделіп жүргізілген абзал. Оның ішіне рухани-адамгершілік қасиеттері мен отаншылдық сезімнің ұдайы дамып отыру бағытындағы іс-әрекеттер кіріктірілуі тиіс. Балабақша қабырғасынан бастап, отан, ел, жер ұғымының киелілігін білу, ұлттық құндылықтардың, оның ішінде салт-дәстүр, менталитет, тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру- ең басты қағидат болуы қажет. Мектепкедейінгі мекемебалаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру, келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін- балабақша мен тәрбиешілері. «Тәрбиеші әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» – деген ұлтымыздың ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынов. Демек ең алдымен тәрбиеші жоғары деңгейде білікті және тәжірибелі маман болуы қажет. Педагогикалық іс – өте нәзік, қасиетті іс. Ол тәрбиешіден өте сезімталдықты, балаға деген шексіз сүйіспеншілікті талап етеді.

Тұңғыш ағартушы педагог Ы. Алтынсарин «Күнәнің ең үлкені - бала жанының нәзік пернелерін дұрыс сезе алмайтындарда» деп, бала тәрбиесіндегі басты тұлға ұстаздарды өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауға шақырған. Балаға тән азығы– тамақ қандай қажет болса, жан азығы- жылулық, сүйіспеншілік сондай қажет. Ал, оның қажетін қанағаттандырмай түпкі мақсат ешқашан орындалмайды. Қазақта «Ана мейірі мен ұстаз мейірі егіз» деген тамаша мәтел бар. Халық айтса қалт айтпайды. Мейірімін ана мейірімен теңестірген ұстаздың бойында қандай қасиеттер болу керек? Біріншіден, біз мейірбан боп, балаларды қаз - қалпында сүюге тиіспіз, шолжаңды да, тіл алғышты да, ақылдыны да, жалқауды да бірдей жақсы көруіміз қажет. Өзіміздің жан - шуағымызды балаларға алаламай тең үлестіруіміз керек. Балаға деген мейірімділігіміз бен махаббатымыз педагогикалық қызметіміздің ең басты дәлелі болуы тиіс. Балаларға деген сүйіспеншілік пен мейірім олармен дөрекі сөйлесуге, олардың жеке басымен намысына тиюге, ұрысуға, қорқытуға жол бермейді. Екіншіден, біз баланы түсіне білуіміз керек. Балалар өздеріне әрдайым көмекке келетін, табыстарына қуанатын, сәтсіздікке ұшыраған сәтте көңілдерін көтеретін тәрбиешімен қарым-қатынас жасау соншалықты қызықты екенін сезінуі тиіс. Үшіншіден, біз өзіміздің педагогикамызға, тәрбиенің жасампаздық күшіне сенуіміз керек. Төртіншіден, біз ұлт болашағын, еліміздің келешегі - жас ұрпақты тәрбиелеп отырғанымызды әсте ұмытпағанымыз жөн. Тәрбиеші – жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын сенімді өкілі. Біз сол сенімді ақтай отырып, зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және азаматтық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеуіміз қажет. Себебі бала - еліміздің ертеңі, тірегі мен тілегі, еліміздің – ажары мен базары. Әр кәсіптің өз жемісі бар. Біздің жемісіміз – алдымыздағы тәрбиеленушілеріміз. Олар – біздің бүкіл өміріміздің гүлі, мәні мен сәні десек артық айтпағандық болар.

Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалып-

тастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың жаңа технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте жоғары. Осы уақытқа дейін тәрбиеші ретінде балаларға үздіксіз тәрбие мен білім беруде озық педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға тырысамын. Себебі, қазіргі таңда елімізде білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты- ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейдегі, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Балабақша табалдырығын аттаған, біз тәрбиелеген ұрпақ, бізден мектепке жолдама алатын бала тәрбиелі де тәртіпті, ақылды да өнегелі, рухани адамгершілігі мол Қазақстанның беделді азаматы болады деп сенемін.



#### Әдебиеттер тізімі:

1. С.Д.Андабекова «Мектепке дейінгі педагогика» Алматы, «Адам және қоғам», 2012
2. Меңжанова А.К «Мектепке дейінгі педагогика», Алматы, 1992ж.
3. «Отбасы және балабақша» журналының 2019ж. сандары
4. <http://old.baq.kz>, <https://balabaksha.kz/>



**Рсалиева Сая**

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кенті  
КМҚК «Жауқазын» балабақшасының тәрбиешісі

## БАЛАБАҚШАДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Аңдатпа:** Аталған мақала мектепке дейінгі ұйымдардағы бала денсаулығын нығайтудағы өзекті мәселелерге арналған. Денсаулық сақтау технологиясының маңызы, денсаулықты сақтау және арттыруға байланысты балабақшада жүргізілетін іс-шаралар қарастырылған.

Тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің халқына жолдауында рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттілігін айтқанындай, жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті, салауатты өмір құндылықтарын енгізу – біздің міндетіміз. Сондықтан бала денсаулығын нығайтып, психологиялық сақтандыруды жүзеге асыру және оның насихаттау шараларын белсендірек жүргізу мектепке дейінгі ұйымдар мен отбасынан басталғаны жөн.

Оқу-тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. «Дені саудың жаны сау», демекші баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене жаттығуларын жасауға қызығушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсарту балабақша қызметкерлерінің алдында тұрған үлкен міндет.

Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажеттігін анықтадым. Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез-келген ауруға қарсы тұруына маңызды. Себебі ағзада барлық өмірлік әрекеттер белгілі бір тәртіппен жүріп отырады. Баланың жүрегі ырғақты жұмыс жасайды, жиырылуы-

босауы, тыныс алу, тыныс алумен-тыныс шығару кезектеседі, асқазандағы аста белгілі уақытта қорытылып отырады. Жалпы табиғатта барлық жағдайлар белгілі реттілікпен жүреді: жыл мезгілдерінің, күн мен түн ауысуы. Міне, сондықтан балабақшадағы күн тәртібінің сақталуына қатаң көңіл бөлінеді. Шынықтыру-сауықтырудың тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады.

Мектепке дейінгі кезең-бала ағзасының өте қарқынды дамиды кезеңі. Яғни осы жас шамадағы баланың ағзасының барлық жүйке жүйелері мен дене мүшелерінің, жүйкелік психикалық дамуы қалыптаса түскен кезі.

«Денсаулық - зор байлық» демекші балдырған балаларымыздың денсаулығы зор, дене бұлшықеттері қалыптасқан, батыл болып өсуіне ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс жүргізілсе ғана нәтиже бермек. Осыған орай балабақшада:

- эстафеталық ойындар, жарыстар;
  - әр түрлі кеңестер (сауықтыруға байланысты);
  - дамытушы жаттығулар мен қимыл-қозғалысқа бай ойындар;
  - тыныс алу жаттығулары.
  - серуен – динамикалық сағат.
- Балабақшада емдік – сауықтыру жұмыстары да жолға қойылған:
- фитотерапия
  - кислород коктейлдер

- нүкте массажы

- хатка иога.

- табиғи факторлармен шынықтыру. Балабақшада кез-келген іс-шаралар ата-аналардың қатысуымен жүзеге асады. Мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің іс-әрекеттеріне ата-аналарының қатысқанын ұнатады. Ойын – баланың еңбегі, сондықтан өз еңбегінің жемісіне ата-аналарының қатысып, бірге бөліскені бала үшін үлкен қуаныш. Сонымен қатар жазғы сауықтыру кезеңдегі ұйымдастырылған серуен, саяхаттарға бірге барып, өз көмектерін береді.

Әрбір ата-ана өз баласының денсаулығы мықты, қайратты азамат болып өсуін қалайды. Сондықтан мектеп жасына дейінгі бала денсаулықтарын нығайтып, психологиялық сақтандыруды жүзеге асыруда балабақша мен отбасы бірлесіп жұмыстану қажет.

Балабақшада баланың денсаулығын нығайтуда педагогтар мен аяжандар қолынан келгеннің барлығын жасауда. Қазіргі таңда педагогтар денсаулық сақтау технологияларын жете меңгере отырып, түрлі тәсілдері мен әдістерді өз тәжірибелеріне енгізу үстінде. «10 жылдығын ойлаған тал өсіреді, 100 жылдығын ойлаған бала өсіреді»- деп, ертеде шығыс ғұламалары айтқандай, осындай жұмыстардың жүйелі жүргізілуінің барысында жасөспірімдердің денсаулығы жан-жақты дамыған, салауатты өмірді насихаттаушы, ән ұранымызды шырқатып, көк байрақты желбірететін салауатты өмір салтына лайық, талабы мен жүрегінде оты бар балалардың үмітіне дәнекер болып жатсақ қана, Егеменді еліміздің ертеңі болар жас ұрпақ тәрбиелей аламыз

Жеке тұлғаның дамуы үшін мектепке дейінгі кезең ең қолайлы кезеңі болып саналады, себебі оқу-тәрбие үрдісін салауаттандыру мақсатын жүзеге асыруда, балалардың жеке психологиялық, физиологиялық денсаулықтарын сақтауды ескеру аса маңызды. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс

қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтеді.

Дені сау бала тіпті қарап отыра алмайды. Бірақ, бала не істеуді, қалай істеуді білмейді. Сондықтан ол ересек адамдардан өнеге алады. Баланы өз күшіне сендіріп үйрету керек. «Қолыңнан түк келмейді» дей берсең, бала жасқаншақ, жасық болып қалады. Бала еш уақытта іссіз отыра алмайтын болғандықтан оған ылғи пайдалы іс беріп отыру керек. Пайдалы іспен айналысқан бала өз бетімен жат қылықтарға әдеттенбейді. Қимыл-қозғалысын дамытып, қозғалмалы ойындар ойнатып, күн тәртібінде көрсетілген серуен, ойын, тамақ, оқу іс-әрекет, ұйқы кезеңдерін мүлтіксіз орындау керек. Сонымен қатар бала тамағының жақсы болуы, құндылығының артуы міндеттердің бірі болып есептеледі.

Бала ағзасының таза әрі денсаулығының жақсы болуы тамақтануға, күнделікті қолданатын тамақ құрамында қажетті дәрумендердің көп болуына, тамақ түрлеріне байланысты. Бала ағзасы өскен сайын өз қажетінше дәрумендер алуы қажет.

Балаларымыздың дені сау болып өссін десек, біз бала тәрбиесінде серуенге аса мән беруіміз керек. Таза ауадағы серуен баланың денсаулығын жақсартып, денесін шынықтырады. Даладағы серуен баланың ширақ қимылдап, жан-жақты дамуына көмектеседі. Жаз айларында барлық сауықтыру шараларын далада таза ауада өткізген жөн. Баланы жылдың қандай ауа райы болсын серуенге шығарған абзал. Дені сау ішкі жан дүниесі сау адам – бақытты адам, ол өзін өте жақсы сезінеді, өзін-өзі одан әрі жетілдіруге, дамыта түсуге тырысады, жан дүниесінің сұлулығын аша біледі. Сондықтан бала денсаулығын нығайтып, психологиялық сақтандыруды жүзеге асыру және оның насихаттау шараларын белсендірек жүргізу балабақшадан басталғаны абзал.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Ф.Н. Жұмабекова. «Мектепке дейінгі педагогика» 2012 ж
2. Білім айнасы. 18.09.2017ж. Мақала. Балабақшада бала денсаулығын нығайтудың маңызы. И.М.Рахманова



### Мәлікқызы Базаркүл Сүлейменова

Жалағаш ауданы, Аққұм ауылы  
№7 «Шұғыла» бөбекжай балабақшасы «Балдырған» тобының  
II санатты тәрбиешісі

## ТӘРБИЕНІҢ ДІҢГЕГІ, БОЛАШАҚТЫҢ БАСПАЛДАҒЫ - БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛАДЫ

Адам бала кезінен қалыптасады. Баланың болашақ тұлға, өз елінің патриот азаматы ретіндегі қасиеті, негізі мектепке дейін-ақ қаланады. Сондықтан балабақша тәрбиешісінің алдында тұрған басты мақсаттың бірі – сәби бойына Отанға, туған еліне, жеріне, халқына деген сүйіспеншілікті сіңіру. Ғасыр қазанын қайнататын – біз, сорпасын ішетін – біздің ұрпағымыз. Сол себепті алдымен мықты қазан, өшпейтін отын, таусылмас су көзі керек. Мұндағы қазан – тәуелсіз жеріміз, өшпейтін отын дегеніміз – санадағы ақыл, білім, ал таусылмас су көзі дегеніміз – қажырлы төзім. Ол қасиет мектепке дейінгі балабақшадағы бүлдіршіннен бастау алады.

Адам өміріндегі ең үлкен бақыт - бала өсіріп, оны тәрбиелеу. Бүгінгі бала еліміздің ертеңі, болашағы, ұлтымыздың жалғасы. Ал, балабақша тәрбиешісі жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, жас өреннің ішкі дүниесі мен қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызады.

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді», деп халқымыз бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата-анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт-дәстүр, мақал-мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, өлеңдер, көркем сөз арқылы сіңіру - ата-ана мен

тәрбиешілердің басты міндеті.

Әр баланың өзінің бойына біткен ерекше таланты болады. Соның бірі - өнер. Әсем әуенмен ән айту, тал шыбықтай мың бұралып би билеу немесе көркем сөз сөз шеберлігі кез-келген жанға бұйыра бермейді. Мәселен, көркем сөз оқудың өзіндік тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды.

Жалағаш ауданы Аққұм ауылындағы №7 «Шұғыла» бөбекжай балабақшасының бүлдіршіндерінің дені өнерге жақын десек қателеспейміз. Бөбекжай бүлдіршіндерінің ішінде соңғы уақытта республикалық және облыстық байқаулардың бірінші орын иегері, кішкентайынан өнерге жаны құштар «Балдырған» тобының бүлдіршіні Ерболат Гүлбану Әділетқызын айтсақ болады. Ол Алматыда өткен республикалық «Ұлы дала мұрасы» атты балалар мен жасөспірімдер арасындағы өнер байқауының «Көркем сөз» номинациясы бойынша Абай Құнанбаевтың «Құлақтан кіріп бойды алар...» өлеңімен елді сүйсіндіріп бірінші орынды иеленсе, онлайн байқау арқылы дана Абайдың «Қыс» өлеңімен бас жүлдені алды. Сонымен қатар, Қызылорда облысының білім басқармасы, «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының «Бала тілі - бал» атты қашықтықтан өткен бейнеролик байқауында топ жарып, жүлделі бірінші орынды иеленді. Гүлбанудың өнердегі жеңісі «Тілдер күні» мерекесіне орай өткізілген бақшааралық сайыстарда мәнерлеп

өлең айтудан, «Тұңғыш Президент» күніне орай ұйымдастырылған шарада «Отан» туралы өлеңімен, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай өткен бақшаішілік сайыста «Зере әженің ізімен» тақырыбында нағашы әжесі Базаркүлмен, аудандық «Тәуелсіздік ел тұғыры» атты мәнерлеп оқудан жүлделі орындарға қол жеткізіп, Диплом, Құрмет грамоталарымен марапатталды. Гүлбану Әділетқызы «Шұғыла» бөбекжайының мақтанышы. Бүлдіршіндеріміздің талантын шыңдауда аянбай еңбек етіп келе жатқан білікті педагог, өз ісінің шебері, балабақша меңгерушісі Гауһар Нурсейтоваға осындай атаулы шараларға қатысуға жағдай жасап, бүлдіршіндерге рухани көңіл-күй сыйлағаны үшін айтар алғысымыз шексіз. Балабақшамыздың осындай жетістіктерге жету жолында ата-аналарымыздың еңбектері де зор. Ұжым атынан барша белсенді ата-аналарымызға алғысымызды білдіреміз. Біздің бүлдіршіндеріміз - біздің болашағымыз. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі, яғни үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. №7 «Шұғыла» бөбекжай балабақшасында тәрбиеленген ұрпақтардың тәрбиелі де ақылды, өнерлі да өнегелі, рухани адамгершілігі мол ұлы тұлға болатынына зор сенімдемін. Өйткені, балабақша ұжымы әрбір балдырғанның тәрбиесіне аса назар аударып, қабілетін ашуға, өнерін, білімін шыңдауға жұмыс жасауда. Шұғылалық тәрбиешілердің бала тәрбиесіндегі негізгі методикасы баланың жан-жақтылығын ашып, белгілі бір өнерге баулу. Біріне ән айтқызса, келесісіне би билетеді. Және балалардың өнерін балабақшаның табалдырығында ғана шектеп қоймай, облыстық, республикалық байқауларда бақ сынасуға жетелейді.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Кішкентай бүлдіршіндеріміздің бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттерін сіңіріп, өз-өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады. Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу

күнделікті балабақша өмірінде, тәрбиешінің жұмыс күнін ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде қамтылады. Тәрбиешінің тәртібі, іс-қимылы, балалармен қарым-қатынасы кішкентай сәбилер үшін үлгі болып, олардың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын бүлдіршіндердің адамгершілік құнды қасиеттері де арта түспек. Осыдан келіп, бүлдіршіндерде жақсы қылықтар, ұжымдық қарым-қатынас, адамгершілік сезімдері, еңбексүйгіштік, еңбекке құрмет, жауапкершілік, патриоттық сезімдер туралы түсініктер қалыптасады. Кішкентай бөбектер адамгершілік қасиеттерді ата-анасынан, тәрбиешілерден насихаттау арқылы емес, тек шынайы көру, сезіну қарым-қатынасында алады. Отбасында еркелеп, өз дегенін, өз қалауын орындатып қоятын ерке балалар да жоқ емес. Балалардың барлығы бірыңғай тәртіпті болып туылады, тәртіпті болып тәрбиеленеді, деген қатып қалған аксиома да жоқ. Бірақ, балаларға бірдей тәрбие беріп, бірыңғай тәртіпке жетелейтін балабақша тәрбиешілері өздерінің алға қойған мақсаттарын жүзеге асыра отырып, егемен еліміздің ертеңі тәрбиелеуде үлкен жауапкершілікті мойындарына жүктеген. Сондықтан, баланы жастайынан имандылыққа жетелейтін, еңбекке үйрететін, білімдар болуға ұмтылдыратын, тәлімді тәрбие алуға баулитын қазақтың қағидасының ұлт болашағына ықпалы зор екеніне ешкімнің дауы жоқ. Бұл ұстаным бүгінгі күні мемлекет саясатымен сабақтасып, ұрпақ тәрбиесі жолында үлкен қызмет атқарып келеді. Осы балабақшада білгенім, ойға түйгенім, алған тәжірибем өте мол. Ата-аналармен тығыз байланыстамыз. Бәрі ризашылықтарын айтып, балғындарға ықыласпен қарайтын ұжымдастарға алғыстарын білдіріп келеді. Сондықтан өмірінің алғашқы баспалдағы басталатын тұста балаларға шынайы тағылымды тәрбие беру үшін біз - тәрбиеші ұстаздар барымызды бала болашағының сарабдал болуына атсалысамыз.



**Игисинова Динара Сартаевна**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
МКҚК № 40 «Құлпынай» балабақшасының тәрбиешісі

### БАЛАБАҚША – БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ОРДАСЫ

Көптеген балалар балабақшаға екі, үш-бес жастан бастап бара бастайды. Кейбіреулері үшін үй жағдайынан басқа ортаға ауысу қиындық тудырмай таныс адамдарымен, ойыншығымен оңай ажырап келесі бір ортаға тез үйренісіп жатса, ал кейбіреулері үшін үлкен күйзеліс тудырады. Мұндай күйзелістер олардың мінез – құлығындағы өзгерістерге, көңіл күйінің болмауына, одан әрі күйбеленушілікке, жүйке жүйесінің бұзылуына әкеліп соғады. Кез келген балаға алғаш рет балабақшаға бару – үлкен күйзеліс. Бұған дайын деген баланың өзі жаңа ортаға үйрену барысында дағдарысқа ұшырайды. Әрине қасында өзі үйренген жақындарының болмауы, әрқашан қолдайтын ата-анасының жанынан табылмауы, мүлдем бұрын көрмеген балалардың болуы, танымайтын ересектерді көруі және оларды тыңдау, өздеріне жат ыдыстан тамақтануы, үйренбеген төсекке жатуы – осының бәрі оған мүлдем жат. Екі-үш жастағы нәресте ойыншықпен ойнауға, басқа баламен тіл табысуға немесе түсінуге, қалағанын сұрауға, ойын жеткізуге, сезімін білдіруге қауқарсыз. Тәрбиешілер үшін де топқа жаңа балалардың келуі – үлкен сын. Осы кезде балалардың арасында дұрыс көзқарас, достыққа негізделген берік орта қалыптастыру керек. Одан кейінгі талаптар, оқу үрдісі, жеке басына қызмет көрсету тағы басқасы толықтырырылып отыратындықтан бала ортаға тез бейімделеді.

Ата-анамен жұмыс баласын балабақшаға әкелместен бұрын басталуы қажет. Баласын тіркеу барысында ата-ана балабақшаға тәртібімен, баласына сол ортаға үйренуін

қандай көмек көрсету керектігін хабардар болуы қажет. Кейбір балабақшаларда психолог, тәрбиеші ата-аналармен әңгіме жүргізеді, кейбір кезде медбике, дәрігер немесе сол топтың тәрбиешісі сол іспен айналысады. Ал кейбір жерде қабырға газеттеріндегі ақпаратпен шектеледі, әрине ол жеткіліксіз. Ата-аналар мен тәрбиешілер бейімделу кезеңінің ұзақтығы мен әсерін, әр түрлі жағдайлармен алдын ала танысулары керек. Ата-аналар да өз тараптарынан балаларының жаңа өзгерістерге икемделуіне жағдай туғызып, ортада өзін ұстау ерекшеліктерін айтуы қажет. Егер баланы ерте бастан күн тәртібіне үйреткен болса, өздігінен әжетханаға сұрана алатын болса, ұнтақталмаған немесе әртекті тағамға дайын болса, ойыншықтарымен ойнай алатын болса, басқа балалармен тіл табыса алатын болса, тәрбиешіге сенімді болса, онда бейімделу кезеңінен жеңіл өтетіні анық. Ал егер керісінше бала бұл жағдайларға дайындалмаған болса, кейбір жағдайда жүйке жүйесінде олқылықтар болған болса, онда өкінішке орай, ондай баланың жаңа ортаға бейімделу үрдісі қиындай түседі.

Топ тәрбиешісі біріншіден, балабақшаға келе бастаған балалардың психикалық дамуымен және физикалық деңгейі жағынан өздерінің қабілеті бойынша, әр түрлі болатынын кездестіре бастайды. Кейбір балалар екі жас шамасында келеді және өздігінен жүре алмайды, өздігінен тамақтана алмайды және ойнауды білмейді, балаларды жатырқайды, сонымен қатар анасын үнемі сағынады. Енді біреуі үш жаста келеді және не нәрсеге болсын икемді, бірақ балалар

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» даму стратегиясы.
2. Алты жастағы балаларды оқыту мәселелері / редакциясын басқарған Баймұратова Б. – Алматы.,1986.С-26-32.
3. Қазақстан Республикасының 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана. 2003.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана. 2011.
5. Меңжанова А.Н. Мектеп жасына дейінгі педагогика Алматы 1992

ортасына қалыптаспаған, итеріп және ұрып жіберуі де мүмкін.

Осыған байланысты белгілі бір қысқа мерзімде барлығын, не болып жатқанын және олардан не талап етілетінін ұғатын бір деңгейдегі топты жинақтау қажет. Белгілі болып отырғандай біріншіден, өз құрбыластарымен және қарым-қатынасқа еркін түсе алатын, өз бетімен және басқа балалармен ойнай алатын балалар тез бейімделеді. Баланың бірінші күннен балабақшаға келгенінен бастап, тәрбиеші ең бірінші балалар үшін психикалық және физикалық жағдайын жасауға, үйренген ортасынан (әрқайсында әртүрлі) қоғамдық ортаға (барлығына бірдей) қалыптасу кезіндегі қиындықтарды жеңілдетуге тиісті. Бұл іс-әрекеттер алғашқы айда балалардың жаңа ортаға бейімделуіндегі туғызатын мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Балабақшаға енді бара бастаған, ерте жастан және мектеп жасына дейінгі балаларға бір жағынан, әрқайсысын жеке атымен атап: «Балжан, қолымызды жуайық», екіншіден – баланың топта жүргенін есіне сала отырып, «Балалар, енді барлығымыз дастарқанға жайғасайық! Балжан, сен де отыр. Досжан, сен мында отыр» деп қарата айта отырып, олардың назарын аудару қажет. Балаларға үйреншікті емес іс-әрекеттерді айтып түсіндіру керек, бірнеше рет қайталай отырып: «Барлығымыз қазір киінеміз, өз сөремізге барамыз. Бұл бізде Арсеннің сөресі, ал мынау – Асқардың сөресі, ал мынау сенікі. Ал, сен Айгүл, жарайсың, өз сөреңді тауып алдың. Егер балалар тәрбиешіні түсіне алатын болса – оларды үйде үйретпеген немесе олар жасап үйренбеген іс-әрекеттерге баулу жеңілдік туғызады. Әрине, біріншіден, басты маңыздылықты әрқайсысына жекелей назар аудару керектігін, кім неге қабілетті, кімде қандай қиындықтар барын есте сақтау қажет. Бір мезгілде тәрбиеші балалардың бір-біріне назар аударып, есімдерін есте сақтап қалуына, мүмкіндігінше аттарын атай алуына және тәрбиешіге де солай айтқызуына жеткізу қажет. Бұл үшін танысуға бағытталған, есімдерін жаттауға арналған, сол сияқты әр баламен амандасу және

сәлемдесу рәсімдеріне арналған ойындар бар. Мысалы, «Міне балалар, Айым келді. Сәлеметсің бе Айым! Ал енді барлығымыз онымен амандасайық!», «Асхат үйіне кетті. Онымен қоштасайық: Саубол, Асхат!! Ертеңге дейін!» Тағы бір ойынның түрі паровоз, балалар – вагондар және әрқайсысының есімі бар. «Бірінші вагон – Асан, оған екінші болып Аида тіркеледі, үшінші болып Мақсат, ал бүгін паровоздың өзі Айжан болады. Үнемі қайталау барысында физикалық қарым-қатынасқа түседі. Үлкен назар балалар ойынымен жетекшілік етуге бөліну керек, қарапайым ойыншықтармен әр түрлі сюжеттерді көрсете білу қажет. Қайталау барысында балалар оны толықтырып, өзгерістер енгізу нәтижесінде ойын қалыптаса бастайды. Ал ойыншықтармен ойнай алатын бала әрқашан үнемі жақсы көңіл күйде болады, басқа балалармен жақсы оңай қарым-қатынасқа түсе береді, ең алдымен олардан әр түрлі іс-әрекеттерді қайталау барысында, ал кейін басқа ойынсыз-ақ тілдесе алады. Көптеген балабақшаларда ата-аналар бірінші аптасында толық емес күнде балаларын әкеледі, шамалы уақытқа (әдетте түске дейін) тек қалдыру мақсатында. Осындай қысқа кездесулерден кейін бала ата-анасыз қалуға, шамалы уақытқа, одан кейін уақыт созыла келе өз еркімен қалдыруға болады. Көрсеткендей, оныншы күннен бастап, бала қалыптасады.

Жоғарыда айтылғандай, осындай қысқа кездесулер тек таңғы қыдырыста емес, кешке де болғаны дұрыс. Өйткені бала көбін танып, басқа топ балаларын қарап үлгереді және ең бастысы – барлығының ата-анасы оларды алып кететініне көз жеткізеді. Бала психологиялық тұрғыдан, ешкім балабақшада қалмайтынын, оларды ата-аналарының алып қайтатынын түсінуі керек. Кейбір балалар үйренбеген ортада тамақтанып, ұйықтай алмайды. Баланың топты ортада анасыз қалуы үшін санаулы күндер өтуі қажет. Мұндайда баланың өз ойыншығын алып жүруін қадағалаған жөн. Балаға төсек орнын алдын ала көрсетіп, басқалар да солай жататынын айту керек. Алғашқы кездерде тәрбиеші баланы ата-анасынан балаға қол орамал, майлықтарын

алып жүруді талап ету керек. Қосымша ауыстыратын ішкі киімдерімен, керек жағдайда астарларын да дайындаған жөн.

Тәрбиеші мен тәрбиеші көмекшісіне балалардың алғашқы бейімделу кезеңіндегі әр түрлі жас ерекшеліктерімен, жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып, ұйықтау кезіндегі, тамақтану барысындағы, гигиеналық тазалыққа үйрету кезінде қиындықтарды есепке алу керек. Егер бала нашар тамақтанса, оны күшпен тамақтандыра алмайсың, тіпті өз тамағын толық жеуге күштеу, осы жаста оның

ашуан жиілетеді. Егер ұйықтамаса, онда оған ойыншық беріп, онымен отырып, тыныштандырап, ұйықтамауға рұқсат етіп, бірақ көзін жұмып жатуын қалыптастыру қажет. Балалардың кейбіреуін дәретке барып отыруын қадағалаған да жөн. Бұл жағдайларды оларға далада да естеріне түсіріп отырған дұрыс. Мұндай ескертулер бір ай бойы жалғасуы мүмкін және ұзақ мерзімде балабақшада болмаған жағдайда (мысалы ауырып қалуына байланысты), қайтадан ескертіп отырған жөн.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Бала мен балабақша» журналы, №3, 2016ж.
2. Қазақстан Республикасының президентінің «Қазақстан 2030» жылдарға арналған жолдауы
3. «Мақал - мәтелдер» жинағы
4. «Тәрбиеші ұсталығы» журналы, №4, 2016ж.

**Кошкинова Гулаем Мухтаровна**

№27 «Ақбота бөбекжай бақшасы тәрбиеші

**ЖЫЛЫЖАЙ – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБА****Аңдатпа.** 1. Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениеті

2. «Жылыжай – мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық жоба» зерттеуінің көкей-кестілігі

3. Экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы инновациялық жобалар әдісі

Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениеті олардың жалпы дамуы мен қоршаған әлемді тануында маңызды роль ойнайды. Бұл нақты білімдер көлемі ғана емес, сондай-ақ табиғаттың экологиялық құндылығын ұғынуын бағалау болып та табылады. Табиғат – қызықты да тамаша әлем .... Ол баланы көптеген дыбыстарымен, алуан-түрлі хош иістерімен, жүздеген сыры мен жұмбақтарымен қарсы алып, қоршаған ортасына зейінмен қаратады, тыңдатады және ойландырады. Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесі маңызды да қызықты және де көкейтесті сұрақ болып тұр. Балаға ерте жастан табиғатты сүю – ол жақсылық жасау деген сөз екенін, біздің ортақ үйіміздің бұрынғысынан да әдемі және бай болуына біздер не істеу керек екеніміз туралы ойландырып, сезім туғызу қажет деп кәміл сенемін. Балаларды табиғатпен таныстыруда алдымызда мынандай мақсат тұрады: балалардың табиғатқа деген көзқарасын дамыту, өлі және тірі табиғатпен таныстыру, ол туралы өз ой-пікірін айтуға үйрету. Өз өлкеміздің аң-құстарын, өсімдіктерін таныту, қорғауға, әсемдігін көруге, сезінуге, пайдасын түсінуге тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық мәдениет тәрбиесінің бір маңызды шарты ол дамытушы-заттық ортаны

дұрыс ұйымдастыру және экологияландыру болып табылады. Ондай ортаны құрудың негізгі мақсатының мынадай шарттары бар:

- балада экологиялық мәдениеттің қалыптасуына жағдай жасау;

- табиғат аясында экологиялық дұрыс тәртіп орнату, өзіне және қоршаған ортаға қауіпсіз жағдай орнату;

- баланың табиғатпен жанасуына және қарым-қатынасына жағдай туғызу.

Сонымен, «Мектеп жасына дейінгі балалардың алғашқы экологиялық мәдениеті – табиғат құндылығын түсінуі және қарапайым экологиялық білім мен біліктілігін күнделікті өмірде қолдана білуге бағытталған әрекеті, алғашқы экологиялық мінез – құлқымен сипатталады»- деп өз анықтамамызды ұсынамыз. Мектеп жасына дейінгі балалар табиғаттың құндылығын экологиялық жағына да бағалай білуі тиіс. Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық санасын дамыту үшін экологиялық мәдениетін қалыптастыру қажеттігін тұжырымдаймыз. Ол үшін тірі табиғатты бағалай білу; экология негіздері, табиғатты қорғау туралы қарапайым білімді меңгеру және т.б. Осы талданған салалардағы білім, іскерлік және табиғи заңдылықтар мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатқа жанашыр сезімін, экологиялық санасын, ойлауын, мінез-

құлқын, тәрбиесін және іс-әрекетінің қалыптастыруға бағытталады. Экологиялық мәдениет адам бойына балалық шақтан-ақ бастап сіңіріледі. Сондықтан жас ұрпаққа экологиялық тәрбие мен білім балабақшадан бастап берілуі өте орынды. Олай болса, қоршаған ортаға немқұрайлы қарауды болдырмаудың жолы - мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап балада, болашақ қоғам мүшесінде экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру, табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу қажеттігі туындайды.

Экологиялық шағын-жобаларды қолдану және олардың мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етуі – бүгінгі күнде жаңа, әрі терең зерттеуді қажет ететін мәселе. Біз балабақшамызда инновациялық жоба ретінде жылыжай ұйымдастыру тәжіибесін қолға алып отырмыз. Жылыжай қызметі мектепке дейінгі білім беру ұйымында танымдық-зерттеу қызметін ұйымдастыру мақсатында құрылады және жұмыс барысы үлгілік бағдарлама мазмұны негізінде жүргізіледі. Жылыжайда мектеп жасына дейінгі балалармен бірге өсімдіктерді, көкөністер мен гүлдерді отырғызу, өсіру және оларды күтіп-баптауға қатысты еңбек әрекетін енгізуді тәжірибелік, зерттеушілік жұмыстары жүргізетін болады. Біз балабақшамызда жылыжай жобасын ашып отырмыз. Бұл балаларды өсімдіктердің өсіп-өну жағдайымен таныстыруға қажетті таптырмайтын мүмкіндік, сондай-ақ балалардың байқампаздығын дамытады, шаруашылық еңбекке деген қызығушылығын және осы саламен айналысқан адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелейді. Началы формасы Мақсаты: әлеумет, таным бағыты бойынша білім мазмұнын кеңейтіп, балалардың танымдық қызығушылығын дамыту, алған білімдерін тәжірибемен жүзеге асыру. Көкөністер мен декоративтік өсімдіктерді өсіру жөнінде зерттеушілік іс-әрекетті ұйымдастыру.

Міндеттері: Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін, шаруашылықты дұрыс жүргізу, балабақша аумағын кешенді көгалдандыру негіздерін қалыптастыру. еңбексүйгіштікке тәрбиелеу,

еңбек дағдыларына баулу.

Балалар білуі тиіс: жылыжай жағдайындағы жасанды климат өлшемдерін; көкөніс отырғызу шаруашылығының негізгі түсініктерін; көкөніс дақылдарын отырғызудың экологиялық аспектілерін; жылыжай жағдайындағы қауіпсіздік ережелерін.

Балалар меңгеруі тиіс: ол еңбегі құралдарымен жұмыс жасауды; өз іс-әрекетін жоспарлауды және ұйымдастыруды; Жылыжайда жұмыс жасағанда қауіпсіздік ережелерін сақтауды; құнарлы, қорғалған топыраққа көкөніс тұғымын отырғызуды және баптауды.

Жылыжай шаруашылығының негізгі бағыттары:

1. Білім берушілік
2. Тәжірибелік-зерттеушілік
3. Табиғат қорғау және насихаттау ісі.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жобалардың түрлері мектеп жасындағы балалардың жобаларынан ерекшеленбейді. Конеч формасы.

Десек те балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, олар зерттеушілік, ертегі және ойын түрінде беріледі. Жобалар әдісін қолдану тәжірибесі көрсеткендей, оны қолдану негізінде балалардың, тіпті ересектердің де экологиялық білімнің тиімділігі күннен күнге дәлелденіп келеді. Ол дамытушы, тұлғалық-бағдарлы оқытумен байланысты және мектепке дейінгі ұйымның кез келген тобында қолданыс табуы мүмкін. Жоба бір проблеманы шешу және оны тәжірибеде қолдану аясында түрлі саладағы деректерді интеграциялауға, яғни кіріктіруге мүмкіндік береді. Жабалау әдісімен жұмыс жасай отырып, тәрбиеші баланың әлемді тану, меңгеру әрекетіне педагогикалық қолдау көрсетеді. Мектепке дейінгі ұйымда жобалау әдісі біртіндеп жүзеге асады. Ең алдымен топтық деңгейде ұйымдастырылады: табиғатпен таныстыру оқу қызметінен бастап проблемалық жағдайларды енгізу, жоба (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді, топтық, жеке) түрінде тәрбиеші мен балалардың ортақ іс-әрекетін ұйымдастыруды эксперименттеу. Экологиялық жобалар арқылы балалардың

танымдық қызығушылығын оятып, табиғатқа деген ізгілікті қарым-қатынасын тәрбиелеуге, нәтижесінде экологиялық мәдениетін қалыптастыруға болады. Қорыта келгенде,

жұмысымыздың мақсатымен болжамына сай алынған міндеттерді орындап, белгілі нәтижеге жеттік деп ойлаймыз.

#### Әдебиеттер тізімі:

Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі тұжырым-дамасы 1996 ж; Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңы. 1999ж; «Қазақстан Республикасы стратегиялық тұрақты даму жолына арналған 2030 бағдарламасы» 1998ж; Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің мемлекеттік стандарты.-Астана, 2016.

«Қазақстан Республикасы экологиялық білім мен тәрбие берудің ұлттық стратегиясы» (1998); Авдейчук, О. О методах экологических проектов / О. Авдейчук // Пралеска. – 2009. – №10. – С. 28-32.; Масленникова, О.М. Экологические проекты в детском саду / О.М. Масленникова, А.А. Филиппенко. – Волгоград: Учитель, 2010. – 232 с.



#### Шалтаева Эльмира Жумажановна

Атырау қаласы, «Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім Қоры» қоғамдық қорының филиалы «Мирас» бөбекжай-бақшасының жоғары санатты тәрбиешісі

### ИНТЕЛЛЕКТ – КАРТА АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аннотация:** Инновациялық технологиялардың педагогикалық мәні - баланың танымдық қызметін нығайту, негізгі жеке қасиеттерін қалыптастыру, дербестігін көтермелеу. Сондықтан, педагогтар заманауи инновациялық құралдарды пайдалануды біліп қана қоймай, өзінің білім беру ресурстарын құруы, оларды педагогикалық қызметінде кеңінен қолдануы тиіс. Осыған орай «Интеллект-карта арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру» тақырыбындағы шығармашылық жұмыстың өзектілігі айқындалады.

Интеллект-карта әдісі - мектеп жасына дейінгі балалармен оқу қызметін ұйымдастырудың жаңашыл тәсілі. Білім беру үдерісінде интеллект-картаны қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін, байланыстырып сөйлеуін және көркем-эстетикалық даму деңгейін арттыруға жол ашады. Шығармашылық жұмыстың ерекшелігі: мектеп жасына дейінгі балалардың

ізденімпаздық, дербестік және үлкен көлемді берілген ақпаратты түсіну, жүйелеу, саралау, есте сақтау дағдыларын дамытуда интеллект-карта әдісін білім беру процесінде тиімді қолданылуы болып табылады. Қазіргі уақытта білім беру ұйымдарының педагогтары өз жұмыстарына инновациялық технологияларды қарқынды енгізуде. Соның ішінде, мектепке дейінгі ұйым педагогтары балалармен жұмысты ұйымдастыруда жаңа

әдістер мен тәсілдерді, инновациялық педагогикалық технологияларды қолданып келеді. Оқу үрдісінде интеллект- картаны пайдалану- оқытудың жаңа әдісі болып табылады. Интеллект-карта әдісінің авторы Тони Бьюзен - британ психологы. Ағылшын атауы «mind - maps», аудармасы «ақыл картасы», «есте сақтау картасы», «ақыл – ой картасы», «менталды карта» немесе «ойлау картасы». Бірақ, көбінесе аудармада «интеллект -карта» термині қолданылады. Интеллект-карта – бұл қағаз бетіндегі ойдың кескіні, шығармашылық тапсырмаларды орындау, есте сақтау, еске түсірудің тиімді тәсілі, сондай-ақ, ақпаратты өңдеп таныстыруға және оны толықтыруға мүмкіндік береді. Интеллект-картаны әртүрлі бағыттарда және кез келген жастан бастап қолдануға болады. Интеллект -карта әдісі – адамның жинақтаған білімі мен қоршаған ортаны тануының әмбебап тәсілі. Интеллект-картаны құруда ескерілетін ереже: Негізгі тақырып таңдалуы керек; Қағаздың ортасына графикалық түрде ерекше назар аударылатын негізгі тақырып орналастырылады. (жаңа тақырыпқа байланысты заттық суреттер); Негізгі тақырып әртүрлі тармақтармен толықтырылады. Барлық тармақтар негізгі тақырыптың мәніне, мағынасына сәйкес болғаны жөн. Әрбір басты тармаққа өзіндік түс таңдалады, себебі бұл интеллект-картаны қызықты етіп, жандандыра түседі. (8 түстен артық болмау); Басты тармаққа байланысты суреттер, символдар және басқа графиктер қолданылуы керек. Басты тармақтан шығатын ұсақ тармақтарға қажетті суреттер таңдалып, олардың саны 5-7-ден көп болмау керек. Егер көп болып жатса, суреттер өзара топқа бөлінеді. Балалардың ойын жинақылау үшін интеллект-картада тармақтар оңнан солға орналастырылады. Бұл қозғалыс жалпыдан жекеге ауысу болып саналады.

Интеллект-картаның ерекшелігі: тартымдылық: жақсы интеллект - картаның өзіндік эстетикасы болады, оны қараудың өзі қызық және көңілді көтеріп сүйсіндіреді; көрнекілік: баланың интеллект-картаны бір рет қарап, белгіленген тақырыптың

жан-жақтылығын, толып жатқан қырларын байқауы (заттар түрінде, нысандар, суреттер және онымен іс- әрекеттің реттілігі интеллект- картада барынша берілген), есте сақтау (бас миының екі жартышарының жұмысының нәтижесінде, бейнелер мен түстерді пайдалана отырып, интеллект – карта жеңіл есте сақталады), шығармашылық (интеллект-карта шығармашылықты ынталандырады, мәселені шешудің ерекше жолдарын табуға көмектеседі), қайта қарау мүмкіндігі (біраз уақыттан соң қайта қарау арқылы картаны жалпы меңгеруге, ақпаратты тағы да жақсырақ есте сақтауға, оны жаңа идеялармен толықтыруға көмектеседі)

«Жемістер» өтпелі тақырыбы бойынша балалар жемістерді сипаттау, ұқсастығы бойынша қоршаған ортадан заттарды тауып айтуда, талдау және ортақ белгілерін таңбаларын белгілеуде интеллект-картаны қолданады.

Интеллект-карта «Алма»

1. тапсырма: алма қандай? (бала сын есімдерді атайды: дөңгелек, қызыл, тегіс және т.б.);

2. тапсырма: алма сияқты не дөңгелек? (бала зат есімдерді атайды: доп, дөңгелек, тиын);

3. тапсырма: алма сияқты не қызыл? (қызанақ, шар, от, алма, жалау қызыл.);

4. тапсырма: алмадан не дайындайды? (шырын, салат, тосап, компот, алма бәліші);

5. тапсырма: алма қайда өседі? (бақта, ағашта);

6. тапсырма алма қайтеді? (бала етістіктерді атайды: піседі, қызарады, түседі, бұзылады және т.б).



«Қыс» өтпелі тақырыбы бойынша балалар қыс мезгілінде адам өмірінде және табиғатта болатын өзгерістерді баяндау әңгімелері түрінде айтуға, ой жүйесін анық, түсінікті жеткізуге, байланыстырып айту дағдысын қалыптастыруда интеллект-картаны қолданады.

Интеллект-карта «Қыс»

1. тапсырма: қыс мезгілінің белгілерін ата (қыста ақ қар жауады, күн суық болады, боран соғады. және т.б.);

2. тапсырма: қыста қандай ойындар ойнаймыз? (қыста қардан аққала жасаймыз, мұз үстінде конькимен сырғанаймыз және т.б.);

3. тапсырма: адамның қысқы еңбегін ата (адамдар ауладағы қарды күреді, үйдің шатырын қалың қардан тазалайды және т.б.);

4. тапсырма: қыс мезгілінде қандай мерекелер бар? (желтоқсан айында «Тұңғыш Президент күні», «Тәуелсіздік күні», «Жаңа Жыл» мерекелері бар);

5. тапсырма: қыс мезгілінде қандай жануар ұйқыға кетеді? (қыста аю ұйқыға кетеді және т.б.).

Оқыту ментәрибелеуүрдісінде интеллект-карта әдісін қолданудың тиімділігі:

Педагогтар үшін: ұйымдастырылған оқу қызметін шығармашылықпен, жаңашылдықпен жоспарлайды; балалардың өтпелі тақырыпқа деген жеке қызығушылығын оятады; балалардың танымдық белсенділігін және дербестігін

дамытуға арналған жағдайларды құрайды; уақытты үнемдейді; балаларға үлкен көлемді ақпаратты көрнекі түрде меңгертеді; тәрбиеленушілермен жүргізілетін диалогтық әрекеттестіктің жаңа түріне дайындайды; тапсырмалар жүйесін жетілдіреді және жинақтайды; оқу қызметінен тыс уақытты тиімді ұйымдастырады.

Балалар үшін: берілген ақпаратты тез меңгереді және ұзақ уақыт есте сақтайды; оқиғалардың логикалық тізбегін есте сақтап, мазмұндай алады; ақпаратты әр түрлі тәсілдермен зерттейді; өз ойларын анық айтады; құрбы-құрдастары алдында және басқа да ортада еркін сөйлеуді қалыптастырады; бастамашылдығы, дербестігі қалыптасады; өз қызметін бағалай және талдай алады.

Білім беру процесінде интеллект-карта әдісін тиімді қолдану арқылы педагог әр баланың даралығын түсінуге, қабылдау деңгейін анықтауға, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға, қызығушылықтарын ескере отырып, эмоциялық ахуал құруға мүмкіндік алады. Осылайша, жаңа әдісті қолданып, педагог қазіргі заманға сай, өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге дайын, білімі мен машықтарын көрсете алатын, шығармашылығы мол, ақыл-ой өрісі дамыған, өз ойын сауатты жеткізе алатын, бәсекеге қабілетті тұлғаны өсіруге жетелейді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Акименко В.М. *Применение интеллектуальных карт в процессе обучения дошкольников* / Журнал Начальная школа, вып. 7/12

2. Бьюзен, Т. *Супермышление / Тони и Барри Бьюзен. – Минск, 2008.*

3. Бьюзен, Тони. *Карты памяти: уникальная методика запоминания информации [Текст] / Тони Бьюзен, Джо Годфри Вуд; [пер. с англ. О.Ю. Пановой] - М: «Росмэн», 2007. - 326 с.*

4. Колчина Н.И. *Использование ментальных карт в образовательном процессе в детском саду / Н.И. Колчина // Дошкольная педагогика. – 2016. - №10.*



#### Шахманова Назгүл Кабдрашевна

Атырау қаласы «Нұрсұлтан Назарбаев Білім Қоры» қоғамдық қорының филиалы «Мирас» бөбекжай-бақшасының жоғары санатты тәрбиешісі

### МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР ЖҰМЫСЫНДА ГАДЖЕТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Аннотация: Қазіргі кезде әрбір мектеп жасына дейінгі бүлдіршін портативтік құрылғыларды: планшет, смартфон, сандық диктофон, плеерларды ата –аналары мен педгогтардан қарағанда еркін меңгерген. Әдетте педагогтар балаларға гаджеттерді пайдалануға тыйым салады. Егер біздер «Бізге не кедергі болса, онда ол бізге көмектеседі» қағидасын ұстана отырып, гаджеттерге тыйым салудың орнына керісінше оқу қызметінің барысында пайдалануға рұқсат етсек, балалардың тәуелсіз ойлануына, оқу әрекетіне деген ынтасын оятуға, еркін білім алуына мүмкіндік жасаймыз.

Қазір іс жүзінде әрбір гаджетті білім беру үрдісінде пайдалануға мүмкіндік бар. Олай болса тәрбиеленушілерге гаджеттермен жұмыс жасау бағытын көрсетіп үйретуді талап етіледі. Бұл тек балалардың оқу қызметіне деген қызығушылығын белсендіріп қана қоймай, тәрбиешінің жұмысын жеңілдетеді, уақытын үнемдейді және оқу үрдісін технологиялық, замануи қылады.

Білім алу мен білім беру - үздіксіз процес. Бүгінде еліміз дамыған елдердің қатарына ену үшін, ұрпағымыз бәсекеге қабілетті және жан-жақты дамыған болуымен қатар, технологияны жетік меңгерген, өздігінен білім алып, білімін керек кезінде қолдана алатын жағдайға жетуі керектігі мәлім. Бұл орайда мемлекеттік білім беру стандартын сапалы жүзеге асыру, білім беру жүйесін жетілдіру, жаңа технологияларды оқу үдерісіне енгізу жолдары қарастырылуда. Соның бірі гаджет құралдарын білім беру

үрдісіне енгізу болып табылады. Гаджет (ағыл. gadget – құрылғы, құрал) – арнайы, әрі шектеулі тапсырмалар орындайтын және кішігірім өлшемдермен ерекшеленетін құрылғы бұйым. Гаджет ыңғайлы және ақылды дизайнымен, функционалдығымен қолданысты жеңілдететін, әлемдік қауымдастықта қолжетімді, ең тиімді байланыс құралы болып отырғанын байқаймыз. Бұл құрылғылардың мүмкіндіктері күннен күнге жетіліп келеді. Бұл құрылғылар заманауи білім берудің сұранысын қанағаттандыруға мейлінше дайын болуды көздейді.

Күнделікті қолданылатын гаджет құрылғыларын бала денсаулығына тигізетін әсері жоқ деп айтуға болмайды. Егер гаджеттер дұрыс пайдаланылған болса, баланың алар білімі де жарқын болар еді. Ал егер рұқсат етілген нәрсенің шекарасынан асып кетсек, жамандыққа тап болуымыз мүмкін. Сондықтан «Барлығы қалыпты жағдайда жақсы». Олай болса, ересектер балаларға гаджеттерді танымдылық бағытта пайдалану керектігін түсіндіріп үйрету керек. Күнделікті оқу қызметінде қоршаған әлемнің қайталанатын құбылыстарының ғажайып тұстарын мектеп жасына дейінгі балаларға гаджет құралдары: планшеттер, фотоаппарат, смартфондар, ноутбук, диктофон, mp3 плеерлер арқылы ұғындыруға болады. Мысалы: жыл мезгіліне сай өсімдіктердің өсу үрдісін, жыл мен маусымдардың және күн мен түннің ауысуын, айдың жаңалануын, қыста жауған қардың қалыңдығы мен қасиетін зерттеуге



мүмкіндік береді.

Өзінің қайталанғыштығымен балаға әдеттегідей болып көрінетін өмірдегі барлық маңызы бар құбылыстар оған күтпеген жерден жаңа, толық мағынасында, басқаша қырынан көрінуі мүмкін және солай болуы тиіс. Бұл міндетті түрде мектепжасына дейінгі баланың тануға деген қызығушылығын ынталандырады. Міне, сондықтан гаджет құралдарын пайдаланудың ең маңызды мақсаты тәрбиеші мен баланың арасындағы бірлескен танымдық қызмет нәтижесіне қол жеткізу болып табылады. Сонымен қатар, білім беру қызметінің барысында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және қауіпсіз эмоциялық фон құруға, білім беруді дамытуға ықпал ететін тәсілдердің бірі болып табылады. Гаджет құралдарының білім беру үрдісіндегі педагогикалық мәні – тәрбиеленушілердің өз бетінше білім алуға мүмкіндіктерін жетілдіру арқылы өзін-өзі бағалауға, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік бере отырып, баланың негізгі жеке қасиеттерін қалыптастыруға жағдай жасайды.

Білім беру процесінде ноутбук пен планшетті қолдану мақсаты - ақпаратпен жұмыс жасау мен зерттеу қабілетін қалыптастыру, танымдық қабілеттіліктерді дамыту, «ақпараттық қоғам» тұлғасын дайындау. Олардың мүмкіндіктері баланың қабілеттілігін дамытуды барынша толық және табысты іске асыруға мүмкіндік береді. Тәжірибе көрсеткендей, балалардың танымдылық деңгейі артады және оқу қызметіне деген қызығушылығы едәуір өседі. Мектепке дейінгі мекемеде ноутбук пен планшетті пайдалану тәсілдері өте көп. Солардың бірі - «OSMO» бағдарламасы. Планшетке бағдарламаны енгізе отырып, балаларға түрлі танграмм ойынын ойнату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, есептер шығарту арқылы жылдам есептеуге, ағылшын тіліндегі әріптерді танытып, сөздерді оқытып үйретуге болады. Ноутбукпен интернет жүйесінде жұмыстану практикасы (суреттерді, видео материалдарды, әзір презентациялар тауып

алу), қажетті материалды жинақтауға және сақтауға қол жеткізеді.

Гаджеттерді пайдалануда сандық микроскоптардың да алатын орны ерекше. Балаларға арналған сандық микроскоптар пайдалануға өте оңай, эксперимент жасауға, бақылауға және білімге ұмтылуға үйретеді. Сонымен бірге, сандық микроскоп өте ыңғайлы: микроскоптың сандық фотокамерасы әртүрлі объектілердің үлкейтілген суретін кеңейтілген компьютер мониторы арқылы анық көруге мүмкіндік береді. Тағы бір артықшылығы, зерттеліп отырған заттың үлкейтілген кескінінің суреттерін алу үшін қолдануға, содан кейін шағын зерттеушінің толық альбомын жасауға болады. Міне, осының өзі баланы тәжірибе жасауға, бақылауға, білімге ұмтылуға үйретеді. Мектеп жасына дейінгі балалармен фотоаппаратпен жұмыс жасау бағытын 3 кезеңге бөлуге болады.

1 кезең. Педагог балалар жасаған фоторепортаждың сипатын салыстырады, тәрбиеленушілердің жалпы бағытын анықтайды және қызығушылығы бойынша тақырыптарға бөледі: «Жануарлар әлемі», «Өлі табиғат әлемі», «Адам қолымен жасалған әлем», «Әлеуметтік әлем» және т.б.

2 кезең. Фотоаппарат арқылы бала ұзақ мерзімді немесе қысқа бақылау жүргізеді. Мысалы, күз мезгілінде балабақша ауласындағы ағаш жапырақтарының өзгерісін күнделікті фотосуретке түсіре отырып, оларды салыстыруға мүмкіндік алады. Ағаш жапырақтарының күздің басындағы, ортасындағы, аяғындағы өзгерістерін анықтап салыстырады.

3 кезең. Педагогтың фотосуреттер бойынша балалармен танымдық әңгіме жүргізуі: «Сен нені суретке түсірдің?», «Неге тек оны суретке түсірдің?», «Бұл фотосурет сенде қалай болып шықты?», «Бұл құбылыс туралы сен тағы да не айта аласың?». Мұндай әңгімелесу балалардың танымдығын, іздемпаздығын, сұрақтарды терең талдау қабілеттерін, өз ойларын еркін айтуды, шығармашылық ой-өрісін дамытады.

Балаларды суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, қысқаша ертегінің мазмұнын сипаттауға үйретуде диктофонның да алар

орны ерекше. Бұл құрылғы ересек топ тәрбиеленушілерінің байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға тиімді мүмкіндік береді. Мысалы, ертегіні әңгімелеу барысында мен баланың даусын диктофонға жазып аламын. Кейін оны тыңдату арқылы бала өзінің жіберген қателіктерін естіп, өз ойын жинақтап, оны дұрыстауға тырысады және өзін-өзі адекватты бағалауға үйренеді. Сонымен қатар, бала диктофон арқылы құрдастарына, педагогқа, ата – аналарына сұрақтар қойып, сұхбатшының рөлінде ойнайды. Басқа да ойындық жағдаятта ол өзі сұрақтарға жауап береді. Бұндай тілдесім барысында балалар бірін-бірі тыңдауға, қойылған сұрақтарға толық, кең көлемді жауап беруге үйренеді.

Балалар серуен кезінде табиғи нысандардың дыбысын (судың қалай сылдырауын, жапырақтың сыбдырын, құстардың ән салуын және т.б.) диктофон көмегімен зерттей алады. Өздерінің жасаған аудиожазбаларымен оқу қызметінде бөліседі. Мұндай үрдіс педагогтарға балалардың креативтік ойлауына, меңгерген білімдерін тереңдетуіне, коммуникативтік дағдыларын дамытуына мүмкіндік береді. Гаджет құралдарын қолданудың тиімділігі: бала гаджеттерді өз бетінше қажетті ақпаратты іздеуге, бақылаулар мен тәжірибелердің нәтижелерін белгілеуге пайдалана алады. Балаланың коммуникативтік дағдысын жетілдіреді. Қол моторикасы мен ой қиялын дамытуға таптырмас құрал. Бала гаджеттерді пайдалана отырып, іс – әрекетінің үдерісінде өзіне сенімділікке қол жеткізеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогикалық технологияларды қолдану» Педагогика, психология кафедрасының оқытушысы Калмурзина Р.С.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ақпараттандыру инфрақұрылымын дамыту саласындағы шетел тәжірибесін сараптамалық шолу» – Алматы: «ҰАО» АО, 2012.
3. Беляков В.А. Дети и гаджеты // Официальный сайт МАОУ Ветлужская основная школа [р.п. Ветлужский, 2017]. URL: [http://wosh.moy.su/index/deti\\_i\\_gadzhety/0-96](http://wosh.moy.su/index/deti_i_gadzhety/0-96) (дата обращения: 16.05.2017).
4. Абдраманова Г.Б., Байзулдаева Г.О. Инновациялық технологиялардың білім берудегі рөлі // Молодой ученый. - 2015. №7.1. -4-6-б.
5. Алипкалиева Г.Б. Инновациялық технологияларды енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру, <http://www.zkoipk.kz/kz/2016smart1/2319-conf.html>
6. Могут ли помочь мобильные телефоны образованию? // Дидактор – сайт и блог учителя и педагога-практика Аствацатурова Г.А. [04.12.2013]. URL: <http://didaktor.ru/mogut-li-pomoch-mobilnye-telefonyobrazovaniyu> (дата обращения: 16.05.2017).
7. Дети и гаджеты: советы педиатров. // Сайт Доктора Комаровского /ООО «Клиником» [Харьков, 2006]. URL: <http://lib.komarovskiy.net/deti-igadzhety-sovety-pediatrov.html> (дата обращения: 27.03.2016).



**Кизатова Гульнур Болатовна**

Атырау облысы, Махамбет ауданы, Талдықөл ауылы  
«Айналайын» бөбекжай-бақшасы тәрбиешісі

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚИТУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

*«Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн. Және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет. Әрбір балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым - қатынасы нақ осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз керек»*

*Н. Ә. Назарбаев*

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін реформалау мемлекеттің ішкі саясатының бастапқы бағыттарының бірі болып табылады. Бала өмірінің алғашқы жылдарында ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беруді қамтамасыз ету керектігін әрбір педагог, ата-ана білуі қажет. Себебі ерте даму жағдайында негізгі қызмет мүшелері жетіледі. Баланың тәрбиелеу мен оқытудың қолайлы кезеңі болып табылады. Балаларды ерте дамуы бойынша заманауи педагогикалық технологиялар мен әдістемелерді мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қолданудың мүмкіншіліктері анықталып, жұмыс жасаудың тиімді әдіс-тәсілдерін белгіленеді. Бала өмірінің алғашқы жылдары дене, ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық тәрбие беруді қамтамасыз ету керектігін әрбір педагог және ата-ана білуі керек, баланы тәрбиелеу оқытудың қолайлы кезеңі болып табылады. Балалардың ерте дамуы бойынша жаңа педагогикалық технологиялардың кәзіргі уақытта көп түрлері болғандықтан мен үшін тиімді технологиялардың бірі «Тәй-тәй» болды.

«Тәй-тәй» технологиясы 1994 жылы пайда болды, Джордж Сорос қоры және «Халықаралық балалар ресурстары» компаниясының бастамасымен құрылған «Step by step» бағдарламасымен негізделген. [1.4-бет]

Халықаралық жаңа бағдарлама «Тәй-тәй» бағдарламасының білім беру саласында пайдалану мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие процесін жаңарту және оның тиімділігін арттыру, сапалы байытуға айтарлықтай мүмкіндік беретініне көзім жетті.

Жаңа бағдарламаның мен үшін тиімділігі, бұл ата-ананың оқу -тәрбие процесінде маңызды рөл атқарып әр баланың жеке қабілетін анықтауда, балаға бағытталған оқу ортасын құру болды.

Әртүрлі топтарда орталықтар жиынтығы әртүрлі болуы мүмкін, алайда тізімі төменде келтірілген негізгі орталықтардың болуы барлық жерде талап етіледі. Оларға жатады: Өнер, Құрылыс, Аспаздық, Драматизация, Оқу және жазу, Құм және су, Математика/ үстел ойындары, Музыка, Ашық ойын алаңы, Жаратылыстану.

Жаңа технологияның тиімділігін ата-анаға түсіндіру мақсатында, дөңгелек үстел ұйымдастырып, дөңгелек үстел барысында «Тәй-тәй» технологиясының тиімділігі түсіндірілді, ата-аналар тарапынан қолдау тауып, аз уақыт ішінде ата-анамен бірлесіп атқарған жұмыстарымыз жетерлік болды. Бастапқы жаңа технологиямен жұмыс жасауда менің әзірге құрған белсенді орталығым - «Математика, Құрылыс» және «Өнер» орталықтары. Белсенді орталықтарды құруда ата-аналармен ақылдаса отырып бір шешімге келдік, бала үшін тиімді белсенді орталықты анықтап жоспар құрдық.

Ата-ананың көмегімен жоспарды түрде ұйымдастырылған оқу қызметімізде іске асырып келеміз. «Алтын күз» апталығына орай ұйымдастырылған «Ертегі айтып берейін» атты тәрбиелік шарада ата-ана балаларға ертегісін айтып қуантты. «Спорт-біздің досымыз» апталық тәрбиелік шарада ата-ана мен бала, тәрбиеші болып әр түрлі қызықты сайыстар ұйымдастырылып өтті. «Тәй-тәй» бағдарламасы ата-аналарды балабақшаның тыныс-тіршілігіне тартудың ең бір тиімді жолдарын ашады. Аталған бағдарлама негізінде отбасымен қарым-қатынас жасаудың төмендегідей түрлерін іске асырады.

- отбасының топқа келуі;
- үйге бару;
- бірлескен саяхаттар;
- әкелерді балабақшаға тарту;
- қызықты отбасылық кештер;
- отбасылар арасында өзара достықты орнату.

«Тәй-тәй» технологиясының философиясы мынадай принциптер негізінде құрылған:

- отбасының оқу-тәрбие жұмысына тікелей қатысуы;
- оқу-тәрбие жұмысын жекешелендіру негізінде балаға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып құру;
- топта таңдау мүмкіншілігін жүзеге асыру мақсатында оқу орталықтарын құру;
- педагогтарға үнемі әдістемелік, техникалық тұрғыдан көмек көрсету.

Бағдарламаның ең басты ерекшелігі әр балаға деген жеке дара көзқарас. Ал

ұйымдастырылған оқу қызметі белсенділік орталықтарында ұйымдастырылады. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің осылай ұйымдастырылуы жаңа стандарттың талаптарын орындауға өте ыңғайлы. Демократиялық үрдістердің, нарықтық қатынастық өмірімізге енуі, білім жүйесіндегі реформалар балабақша мен ата-ана арасындағы қатынастарға жаңаша көзқарастардың енуін талап етіп отыр. Негізгі тәрбие бала үшін қашанда отбасынан басталады, сондықтан балабақша мен отбасы арасындағы қатынастың жүйелі ұйымдастырылуы өз нәтижесін берері анық. Бағдарлама әр баланың нақты білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және әр түрлі мәдени дәстүрлерге құрметпен қарауды көздейді. «Тәй-тәй» бағдарламасы іске асырылатын кез келген топта белсенділік орталықтарын ұйымдастыру арқылы да таңдауға мүмкіндік беру. «Тәй-тәй» технологиясын қолдану үшін міндетті түрде курсқа қатысып, сертификат алу керек, 2018 -жылдың қыркүйек айында курстан өтіп осындай тақырыпта «Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жалпы білім берудің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жобалау» халықаралық деңгейде жарамды сертификат берілді, содан бері жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін қолданып келеміз. «Тәй-тәй» технологиясы негізінде жүргізілген жұмыстар балалар үшін де, ата-аналар үшін де және педагогтар үшін де тиімді. Себебі әрбір орталықтарда ұйымдастырылған оқу қызметтері әр балаға жеке көңіл бөле отырып, оның өзіндік жеке дара қасиеттерінің барынша ашылуына жағдай жасалады. Жалпы топпен жұмыс істеген кезде бұл мүмкіндік жиі бола бермейді. Балалардың шағын тобында оқу қызметін ұйымдастырғанда әр бала өзіне деген педагогтың көзқарасын сезіне отырып, өзін әр қырынан көрсетуге тырысады. Өйткені ол өз ойының басқаларға өте қызықты екендігін сезінеді. Балалармен жеке жұмыс жүргізген уақытта алдыменен тәрбиешіге керек қасиет жылулық, сүйіспеншілік, салмақты да төзімді мінез қажет. Менің баламен жеке жұмыс жүргізу барысында қолданған әдісім дидактикалық

ойын-баланың ақыл- ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі. Балалармен жеке, жұптық, топтық жүргізген жұмыстарымда алған нәтиже:

- Өзгерістерді қабылдау және жүзеге асыру

- Сыни тұрғыдан ойлау
- Таңдауды жүзеге асыру
- Шығармашылық қиял
- Мәселелерді қою және шешу
- Бір-біріне деген құрмет
- Қоршаған ортаға қамқорлық жасау

«Тәй-тәй», бұл үш жастан алты жасқа дейінгі балалар мен олардың ата-аналарына арналған ерекше бағдарлама. Ол әрбір баланың өмір сүру жағдайларын дараландыру мақсатында отбасылармен және қауымдастықтармен өзара іс-қимыл жасауға нақты орнатумен ғылыми негізделген және іс жүзінде өзін жақсы көрсеткен әдістерді үйлестіруге негізделген бағдарлама.

Бағдарлама әр баланың нақты білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және әр түрлі мәдени дәстүрлерге құрметпен қарауды көздейді.

«Тәй-тәй» бағдарламасы іске асырылатын кез келген топта мынадай сәттерге назар аудару қажет.

- Әр бала үшін оқыту шарттарын дараландыру;

- Балаға тиісті оқу қызметтерін жоспарлау арқылы да, белсенділік орталықтарын ұйымдастыру арқылы да таңдау мүмкіндігін беру;

Тақырыптың өзектілігі: Қазіргі кезде толғандыратын өзекті мәселелердің ең негізгісі – еліміздің болашағы. Заман ағымының өзгеруіне байланысты мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне жаңа талап - міндеттер қойылуда. Балабақшадағы балалардың жан-жақты, рухани бай, жоғары мәдениетті болып қалыптасуына ықпал ететін жаңа технологиялардың

бірі – «Тәй-тәй» технологиясы. «Тәй-тәй» технологиясының ең басты ерекшелігі-әр балаға деген жеке-дара көзқарас. Ал ұйымдастырылған іс-әрекеттер белсенділік орталықтарда жүргізіледі. Бұл жаңа стандарттың талаптарын орындауға өте ыңғайлы.

Мақсаты: «Тәй-тәй» технологиясының мақсаты: балалардың бірегей қабілеттерін дамытуға бағытталған айрықша әдістерді пайдалану арқылы балаларды тәрбиелеу мен білім беру істерін қолдау әрі дамыту, балаларды құбылмалы әлемдегі өмірге бейімдеу, олардың өз бетінше оқып үйренуге үнемі талпынысын қалыптастыру.

Міндеттер:Тәрбиелеу мен білім беру ісіне отбасын тарту, ата-аналарды педагогикалық үрдістерді жоспарлау мен ұйымдастыруға қатыстыру.Мектепке дейінгі ұйымдарда «Тәй-тәй» технологиясының маңыздылығын қарастыру. Жаңа технология үрдісінің талабы – балаға білім беруде мақсатқа жету,іс- әрекеттері арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттыра отырып, баланың жан-жақты дамуына, жаңалықты тез қабылдауына әсер ету.

Технологияның ерекшелігі:

Орталықтарға бөлініп, шағын топпен жұмыс атқаруға болады. Яғни,балаларды бірін-бірі сыйлауға,бір-бірінің сөзін тыңдауға, ынтымақта болуға дағдыландырады. Кіріктірілген сабақтар мен оқыту барысында балалар зерттеу жұмыстарын жүргізуге үйренеді. Заман талабына сай оқыту мен тәрбиелену саласына енгізілген жаңа технологияларды тәрбиеші меңгеріп қана қоймай, оны өз тәжірибесінде шеберлікпен қолдана отырып, білімін, іскерлігін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Ұлы ғұлама Баласағұнның ; Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, Білікті адам жетер тілек, бағына,- деген сөздерін негізге ала отырып, өзімнің іс-тәжірибемде жетілдіріп және іздену мақсатым.



**Капарова Эльвира Хамитовна**

Атырау облысы, Атырау қаласы  
№3 «Жұмбақ» бөбекжай-бақша  
Әдіскер-инноватор

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА Н.А ЗАЙЦЕВТИҢ ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУ

*Үйренген сөзін баланың қолдана білуіне жағдай туғызу керек, сол сөзін сөйлеу тілінде, өзінің ауызекі сөйлеу тілінде бір рет қолдана білсе, ол сөз сонда ғана өзінің меншігіне айналады*

*Л.Н.Толстой.*

Бірнеше ондаған жылдар бойына көптеген педагогтар мен ата-ананы мынадай мәселе толғандырып келеді: мектепке дейінгі жастағы балалардың сауатын ашу қажет пе жоқ па? Қазіргі заманның шындығы мынау: мектепке дейінгі балалардың сауатын ашу мүмкін ғана емес, ол қажетті нәрсе. Тек мұны дұрыс жүргізген жөн. Біріншіден, балаларды бұл процеске дұрыс дайындау, олардың көру және есту қабілетін, ойлауын, есте сақтауын, ауызша сөйлеуін, саусақ моторикасын дамыту маңызды. Екіншіден, оқытуды тек ойын түрінде ғана жүргізу қажет, өйткені мектепке дейінгі жастағы балалардың қызметінің негізгі түрі ойын ғана болып табылады, тек ойын ойнағанда олардың ең жоғары қажеттіліктері неғұрлым толық қанағаттандырылады. Тек ойында ғана «оқыту мен жазуға үйретуге жол-жөнекей қол жеткізуге» болады, бұл туралы К.Д.Ушинский жазған болатын.

Зайцевтің текшелері туралы ешқашан естімеген педагог немесе ата-ана табыла қоймас. Олардың танымалдылығының құпиясы өте қарапайым – авторы психомоторлық даму мен денсаулыққа теріс әсер ететін технология ретінде кітап оқуды меңгерудің дәстүрлі қағидатынан бас тартуды баса ұсынатын және берілген әдістеме бойынша оқитын балалардың

қысқа уақытта кітап оқуды меңгеретіндігін айтатын, Санкт-Петербургтан шыққан көрнекі жаңашыл педагог Зайцев Николай Александрович (1939 ж.т.). Бұл ретте, балалардың оқыту процесінде жұмыс жасайтын материалы қарапайым және барлығына кішкентай кезінен таныс – бұл текшелер. Олар кез келген баланың ойынға деген табиғи қажеттілігіне негізделген, ол балалардың денсаулығына оң әсер етеді, оған тек қана қуаныш сыйлайды, және материалдың жүйелі берілуіне оң әсерін тигізеді. Бүкіл материал тек ойын түрінде беріледі, балалар бұл құралдармен кейде топ болып, кейде бір-бірлеп, қуана ойнайды.

Зайцев тіл құрылымы бірлігін буыннан емес, құраудан көреді. Құрау – бұл дауыссыз бен дауыстыдан тұратын немесе дауыссыз бен жуандық белгісінен не жіңішкелік белгісінен тұратын жұп, не болмаса бір ғана әріп. Осы құрауларды пайдалана отырып (әрбір құрау текшенің бөлек қырында орналасады), балалар сөздерді құрастыра бастайды. Міне осы құрауларды Зайцев текшелердің қырларына жазып қойды.

Текшелерді ол түсі, мөлшері және олардың шығаратын дыбысы бойынша түрлі етіп жасады. Бұл балаларға дауыстылар мен дауыссыздардың арасындағы, үнділер мен ұяңдардың арасындағы айырмашылықты

### **Әдебиеттер тізімі:**

*Балалар мен ата-аналарына арналған Step by Step бағдарламасын қолдану жолдары Ноғайбекова Б.С.; Бала мен балабақша №12, 2015ж.; Бала мен балабақша №5, 2017ж.; « Дошкольный мир Республикалық журнал» №2.; IV Республикалық ғылыми-практикалық конференция [ 3]; Шымкент 16-17 қараша 2018ж. [38,40]*

сезінуге көмектеседі. Бұл текшелер балаларға (3,5-4 жас) бірінші сабақтан бастап үйренуге көмектеседі.

Зайцев текшелері бойынша кітап оқуға үйрету әдістемесінің уақыт сынынан өткені сөзсіз, өйткені 20 жылдан астам уақыт бойына ол ата-аналардың, мектепке дейінгі мекемелердің педагогтарының да арасында үлкен танымалдылыққа ие. Оның құпиясы неде болғаны?

Сонымен, балаларды Зайцев текшелері бойынша кітап оқуға үйрету әдістемесінің негізінде бұрыннан белгілі кітап оқуға буындар бойынша емес құраулар бойынша үйретудің қағидаты жатыр (Бұл қағидатты Ясная Полянадағы өз мектебінде балаларды оқытқан Л.Н.Толстой басшылыққа алған болатын).

Текшенің әрбір қырында құраулардың біреуі жазылады, оның үстіне әрбір құраудың өзінің түсі болады. Балалар жекелеген әріптің жазылуын үйренбейді, олар бірден әртүрлі құраулардың жазылуын меңгереді. Содан соң бұл құраулар сөздерге оңай құрастырылады. Зайцевтің ойынша, құраулар бойынша оқу әріптерге үйретуден гөрі балалардың қабылдауы үшін жеңілрек, содан соң олардан буындар мен сөздерді құрауы жеңіл жүреді, өйткені баланың өзі сөйлеуді бастағанда құраулардан бастайды (а-гу-а-гу-а-гу және т.с.с.) Алғашқы сөздерді айтуға әрекеттенетін сәби ешқашанда бөлек-бөлек әріптерді айтып алып, кейін оларды буындарға біріктірмейді. Тіпті одан бұрын былдырлағанда да, әріпті естімейміз, тек қана буындар естіледі.

Н.А. Зайцевтің әдістемесінің негізіне, автордың айтуынша, оқытудың мынадай қағидаттарын сақтау жатады:

\* жалпыдан жекеге және жекеден жалпыға;

\* көрнекі-әрекетті арқылы нақты бейнеліден сөздік-логикалыққа;

\* қабылдаудың түрлі арналарын пайдалана отырып, көрнекілікті қамтамасыз ету;

\* материалды жүйелі беру;

\* оқу әрекеттерін алгоритмдеу;

\* балалардың қабылдау физиологиясын есепке алу;

\* балалардың денсаулығын қорғау.

Зайцев әдістемесі бойынша балаларды оқыту қағидаттарының әрбір тармағына неғұрлым толығырақ тоқталып көрейік.

Сонымен, құрау-текшелерден сөздерді құрастыру, сондай-ақ тұтас сөзді құрауларға бөлу «жалпыдан жекеге және жекеден жалпыға» қағидатының көрнекі мысалы болып табылады. Оқуды меңгерудің бүкіл процесі бойына балаларды Зайцев текшелерімен жұмыс жасауы «көрнекі-әрекетті арқылы нақты бейнеліден сөздік-логикалыққа» қағидатын көрсетеді. Алдымен балалар текшелерді жай ғана қарайды, олармен ойнайды – бұл жерде ойлаудың нақты-бейнелі тәсілі көрінеді. Одан әрі педагог балаларды текшелерде бейнеленген түрлі құраулардың дыбысталуымен таныстырады (құрауларды айтпай, балалармен бірге әуенге салып айтқан дұрыс болады), содан соң бұл текшелерден сөздерді құрастыруға болатынын көрсетеді. Осылайша, олар оқуды және сөз құрауды меңгереді, бұл тұста – ойлаудың көрнекі-әрекетті тәсілі жұмыс жасайды.

Одан соң, соңғы кезеңде оқу жүрдек оқуға айналады, ал ойлау жаңа кезеңге өтіп – сөздік-логикалыққа айналады. Зайцев әдістемесіндегі зерттелетін материалдың көрнекілігі мен оны жүйелеудің мысалы болып кесте-тренажерлар табылады, олар текшелі оқу жиынтықтарына кіреді. Олардың көмегімен мектеп жасына дейінгі балалар өткен материалды ой елегінен өткізеді, бекітеді және қайталайды.

Зайцев текшелерімен өткізілетін сабақтар ойын түрінде, қозғалыста өткізіледі, оқыту процесінде балалар көп ән айтады, бұл «балалардың қабылдау физиологиясын есепке алу» қағидатының көрнекі көрінісі болып табылады.

Оқу құралы барлық балаларға – жәй және шапшаң, әлсіз және күшті – өте жақсы үйлеседі.

Ойын әдістемесін пайдаланудың артықшылықтары

• бала ойын түрінде бірден құрауды, әріптердің үйлесімін есінде сақтап қалады;

• Зайцев текшелерінде тек қағидатты түрде орыс тілінде болатын әріптердің

үйлесімі берілген; оның жүйесінде ШЫ немесе ЖЫ деген үйлесімдер жоқ, демек бала сауатты сөйлейтін болады және ешқашанда «шышка» немесе «жыр» деп жазбайды;

• Зайцев текшелері баланы жарты жасынан бастап оқуға үйретуге мүмкіндік береді, бірақ бес жастағы балаларға да оқуды үйретуге кеш емес, өйткені әдістеме нақты жасқа байланбаған;

• Зайцев әдістемесі бойынша сабақтар денсаулықты нығайтады, сезу органдарын дамытады, өйткені текшелер көптеген сезім органдарына әсер етеді;

• текшелермен және кестемен ойнаған кезде көз бұлшық еттері жаттығады;

• әдістемеге сәйкес педагогтар текшелерді бірнеше рет дыбыстайды, бұл балалардың әуенді есту қабілетін, ырғақты сезуін, музыкалық есте сақтау қабілетін дамытады;

• түрлі мөлшердегі текшелер қолдардың ұсақ моторикасына әсер етеді, бұл өздігінен зияткерліктің дамуына өте күшті әсер етеді;

• сауатты орналастырылған кестелер (бүкіл орынжай бойынша қабырға бойына және көз деңгейінен жоғары) сколиоздың әлеуетті қатері туралы мүлдем ұмытуға көмектеседі.

Бірақ Николай Зайцев әдістемесінің басты ұтымы мынада, текшелер мен кестелер балалардың өмірінің бір бөлшегіне

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Зайцев текшелері». Ата-аналар мен педагогтерге арналған әдістеме. Н.А.Зайцев – С-Петербург, 2007ж.

2. «Жазу. Оқу. Сан» Мұғалімдерге, тәбиешілерге, ата-аналарға арналған жаңа типті оқулық. Н.А.Зайцев – С-Петербург, «Лань» баспасы, 1998ж.

3. «Обучение с пеленок» Кубики Зайцева в семье. Данилова Л. – С-Петербург, «Нева» баспасы, Москва «ОЛМА – ПРЕСС», 2003ж.

4. «Игротека письма и чтения Н.А.Зайцева» А.Г.Афанасова – Москва 2000ж.

айналатын болса, нәтиже де көп күттірмейді. Текшелер мен кестелердегі әріптер балаларға он метрден жақсы көрінетіндей мөлшерде, ең басынан бастап балалардың көзіне ешқандай салмақ түспеуі маңызды. Кесте қабырғада орналасады, оның төменгі шеті еденнен 165-170 см биікте, бұл баланың денесін тік ұстауы үшін оның тұрып тұрып, басын көтеріп қарауына арналған. Кестелердің астында үш тақта бар, оларға балалар текшелерді қойып, сөйлемдер құрастырады. Текшелер түсі (алтын, темір, ағаш, ақ, жасыл тыныс белгілері қойылған), көлемі (үлкен, кішкентай, қосарлы), салмағы (жиынтығында болатын теміршелер мен ағаштармен толтырылады) бойынша, оларды сілкігенде берілетін толтырғыштың дыбыстауына қарай ажыратылады. Мақсаты – мәжбүрлі, шапшаң, сенімді есте сақтауды қамтамасыз ету. Кестелердің торлары бойынша сілтеу ағашымен (указка) жазу дененің жадын да іске қосады: жоғарыдан, төменнен, сол жақтан, ортадан және оң жақтан керек әріптер орналасқан ба? Аудиожазда кестелердің бағандары мен жолдары, әліппе, баян мен балалайканың қостауымен 35 түрлі, негізінен халықтық, әуендермен айтылады. Ырғақпен айту, ал одан да жақсысы музыкалық сүйемелдеу арқылы айту – есте сақтауға әсер ететін күшті құрал.

**Темирова Зинура Жанбырбаевна**

Атырау облысы, Махамбет ауданы,  
«Алтын-Ай» бөбекжай-бақшасы ағылшын тілі маманы

## ОЙЫН АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

«Балаңыз ақылды әрі парасатты болсын десеңіз, оны мықты әрі дені сау қылып өсіріңіз:  
Ол басқалармен аралассын, ойнасын, жүгірсін, айқайласын, үнемі қозғалыста болсын!»

Жан-Жак Руссо

Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Еліміздің шет елдермен қарым – қатынасымыз күшейіп отырған кезде балалардың шет тіліне қызығуын, білімге құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру әрбір шетел тілі мұғалімінің міндеті. Демек, балаларымыздың ағылшын тілін білуі уақыт талабы. Біздің бүгінгі балалар – бұл еліміздің болашақ иелері. Сондықтан да бүгіннен бастап Қазақстан Республикасының кішкентай азаматтарын тәрбиелеуге қамқорлық қажет.

Еліміздің Президенті тілдерді үйрету мәселесін былай белгіледі: «Қазір біз балаларымыздың қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеруі үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үш тілдік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуын керек. Біз ағылшын тілін игеруге серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады»-деп Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы өз жолдауында айтқан болатын. Міне, сондықтан да бүгінгі күні инновациялық әдістермен оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану арқылы баланың ойлау қабілетін дамытып, оқу іс – әрекетіне деген қызығушылығын арттыру басты мақсат болып табылады.

Қазіргі заманауи технологияларды мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс істеу практикасында пайдалану мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік туғызады. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан, адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Осы мақсатты жүзеге асыруда заманауи технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. «Оқу үрдісінде заманауи технологияларды білім беру сапасын жақсартудағы қолданыс аясын кеңейту керек» деген Елбасының сөзін басшылыққа ала отырып, оқу іс – әрекетінде жаңа жолдардың біріне жататын ақпараттық оқыту жүйесіндегі ағылшын тілін үйретуде интерактивті тәсілді жиі қолданамын.

Интерактивті тақта арқылы әр түрлі бейнежазбаларды, суреттерді көрсете отырып, баланың ағылшын тілін меңгеруге деген құлшыныстарын арттырамын. Оқу іс – әрекеті қызықты өту үшін интерактивті тақтадан түрлі дидактикалық ойын түрлерін жасақтап, балалармен бірге ойнау арқылы олардың ойлау қабілетін дамытамын. Сонымен қатар түрлі заманауи бейнежазбаларды да сергіту сәтінде қолданамын. Интерактивті тақта арқылы күнделікті жаттап жүрген тақпақтарды да мнемокесте арқылы оқытамын. «Интерактивтік» деген сөз энциклопедия

### Интерактивті тақтаны қолдану



мен ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей, интеракция деген ұғымнан келіп шығады, ол екі жақты біріккен әрекет болып табылады. Ол үйрету кезінде балаларды бірігіп белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой – өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл әдіс балаларды жұп болып, бірігіп жұмыс жасауға, ойнап отырып жұмыс жасауға, жұмыс жасай отырып, өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді. Балалардың шет тіліне қызығушылығын оятқан кезде ғана кез келген жетістіктерге жетуге болады, яғни оқытудың ең бастысы әр түрлі заманауи дидактикалық ойын арқылы балалардың тілге деген құштарлығын ояту, танымдық белсенділігін арттыру. Бұл дегеніміз қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Тіл мәдениетін игеру – әр баланың сәби шағынан басталып, ары қарай біртіндеп жетіліп отыратын үрдіс. Сондықтан да бүгінгі өскелең уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі толассыз, үздіксіз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілген барлық білімнің бастамасы әрі жан – жақты дамыту түпкі негізінен қалайтын орын. Сондықтан да, балалардың ой өрісін үздіксіз дамыту үшін оқу іс – әрекетін қызықты заманауи ойын арқылы өткізудің маңызы зор. Үш тілді болу – қазіргі заман талабы. Өркениет көшінен қалмай, соған сәйкес қадам жасауға, толыққанды білім алуға

### Әдебиеттер тізімі:

Қазақстан мектебі – 2001ж; №7. Бастауыш мектебі - №7-8 2008ж; Мектептегі шет тілі- №1.2009ж; Бастауыш мектебі №1 2006ж; Психология астана – 2006 ж; Бастауыш мектебі - №5 2005ж.

### Заманауи технологиямен жұмыс



### Бейнежазбаларға қарап қайталау



### Еркін жүріп, затты табу



қол жеткізуге үлесімізді қосуымыз керек. Жаңа егемен еліміздің ұрпағын жаңа білім нәрімен сусындатып, саналы тәрбие, сапалы білім беретін білімді, білікті маман болайық. Нәтиже:

1. Балалардың ағылшын тілін меңгеруге деген құлшыныстары артады;
2. Балалардың ойлау қабілеті дамиды,
3. Жылдам жұмыс істеуге дағдыланады;
4. Балалардың жеке қабілеті анықталады;
5. Балалар топ жаруға ұмтылады;
6. Әр бала өз деңгейімен бағаланады.



### Изгалиева Мереке Адилбековна

Атырау қаласы, «Нұрсұлтан Назарбаев Білім Беру Қоры»  
Қоғамдық Қорының Филиалы «Мирас» бөбекжай-бақшасының  
жоғары санатты тәрбиешісі

## ЛЭПБУКТИ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аннотация.** Қазір әрбір педагог өз педагогикалық іс-әрекетінде мектеп жасына дейінгі балаларға қызықты және олардың жасына сай болатын әрі педагогикалық білім беру және тәрбиелеу міндеттерін мейлінше тиімді шеше алатын жаңа амалдар, идеялар, әдістер мен формаларды іздейді.

Танымдық белсенділікті жетілдіру үшін дидактикалық материал «лэпбуктің» манызы зор.

Лэпбук- мектеп жасына дейінгі балаға білім беру жүйесінің ең жаңашыл тәсілі.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жаңа реформалар енгізіліп жатыр. Осы орайда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында болашақ ұрпақты өздігінен оқып үйренуге, өзіне мақсат пен міндеттерді қоя білуге, оларды шешу жолында дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны пайдалану қажеттілігі туып отыр.

Лэпбук - мектеп жасына дейінгі балалармен оқу қызметін ұйымдастырудың жаңашыл тәсілі. Лэпбук - балалармен нақты тақырыпты бекітудің, кітаптың мазмұнын ұғынудың, зерттеу жұмысын жүргізудің керемет тәсілі. Бұл оқу құралы жаңа ақпараттарды жылдам және тиімді меңгеруге, қызықты ойын формада өтілген материалды бекітуге көмектеседі.

Лэпбук мектепке дейінгі білімнің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартының кеңістік заттық-дамытушы ортаға қойылатын талаптарына жауап береді:

- ақпаратты (бір папкаға нақты тақырып бойынша айтарлықтай көп ақпараттарды

орналастыруға болады, демек, саналуан дидактикалық материалды жан-жақтан іздеп, іріктемейсің)

- полифункционалды: шығармашылықты, қиялды дамытуға ықпал етеді, оны топпен, шағын топпен, сондай-ақ жеке баламен жұмыс жасағанда қолдануға болады. Дидактикалық қасиеттерге ие, баланың зияткерлік-шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал етеді.

- вариативті (оның әрбір бөлігін пайдаланудың бірнеше нұсқасы бар); оның құрылымы мен мазмұны мектеп жасына дейінгі балаларға қолжетімді, барлық тәрбиеленушілердің ойын, танымдық, зерттеушілік және шығармашылық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Лэпбук оқу құралы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламасы барлық білім беру салаларының интеграциясын, яғни кіріктірілуін көздейді, сондықтан лэпбуктің мазмұны барлық бес бағытқа қатысты материалдардан құралады. Өз педагогикалық тәжірибиемде лэпбук оқу құралын қолдану мақсатым әр тәрбиеленушінің

танымдық қызығушылықтарын біртіндеп дамытуға бағытталды. Балалардың даралық ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейіне қарай тақырыптар ұсынамын, белсенділік танытпаған балаларды ақпараттармен қызықтырамын.

Лэпбукті жасақтау үшін оның тақырыбын анықтау қажет. Тақырыпты таңдап болған соң, жоспар құру керек, себебі, лэпбук - бұл оқу құралы. Таңдалған тақырыпты толық ашу үшін ол неден тұратынын, қандай бөлімдері болатынын ойластыру қажет.

Келесі кезең - бұл макет дайындау. Бұл педагог пен балалардың бірлескен ақпараттық тақырыпты жүзеге асыру қызмет түрі болып табылады. Бұл жерде шектеу болмайды, барлығы педагог пен балалардың шығармашылығына байланысты. Лэпбукты дайындау үрдісте балалар ақпаратты іздеуге, талдауға және сұрыптауға қатысады.

Лэпбук балалармен белгілі бір тақырыпты бекітуге, кітаптың мазмұнын ұғынуға, зерттеу жұмысын өткізуге ықпал етеді: ұйымдастыру барысында бала ізденеді, ақпаратты талдайды және сұрыптайды. Лэпбук жаңа ақпаратты жылдам және тиімді меңгеруге жаттанды материалды ойын түрімен бекітуге көмектеседі. Бұл тақырыптық құралдар ашық және айқын безендірілген және нақты құрылымдары бар. Лэпбук пен жұмыстың негізгі бағыты үлкендер мен балалардың серіктестік қызметіне жауап береді, тәрбиешінің қатысуы балалармен бірдей, балалардың қызметке өз еркімен қосылуы, балалардың еркін тілдесуі, қызмет уақытында орын ауыстыруы, уақытша еркін қызметтің біткенінше (әркім өзінің қарқынымен жұмыс жасайды). Лэпбук мазмұны білім беру бағдарламасының сол немесе басқа тақырып бойынша қандай міндеттерді жүзеге асыратынын болжамдауына байланысты болады. Белгілі бір лексикалық тақырыпқа байланысты жұмыс жасау барысында барлық білім бағыттарын қозғау керек сол үшін лэпбуктың мазмұны барлық бес бағытқа байланысты болуы мүмкін. Лэпбуктың топтасуы әртүрлі болуы мүмкін, бұл балалардың жасы мен есебіне, педагог пен бағдарламаның қойылуына байланысты.

Осы жұмыстың нәтижесінде балаларда жан-жақты іскерлік қасиеттері дамиды: алда тұрған іс-әрекеттің жоспарлай білуі; құрдастарымен келісімге келуі; міндеттерін бөлісуі; қажетті ақпараттарды іздеуі, оны жинақтау, жүйеге келтіруі; туындаған сұрақтарға өз бетінше түсінік беруі.

Қазіргі кезеңде ата-аналармен жұмыста мынадай ұғым пайда болды «ата-аналарды тарту» мектепке дейінгі білім мекемесіне, ата-аналардың балабақшадағы жұмысқа белсене қатысуы, ол оның жұмыс істеуі мен жетілуіне әсер етеді. Ата-аналармен жұмыс түрі әрқашан өзгеріп тұрады. Дәртүрлі сабақ беру түрінде мән берілген хабарлама, баяндама өзінің тиімсіздігінен, кері байланыстың жеткіліксіздігінен мағынасын жоғалтты. Күнге күнге балаларды дамытуға және танымдылығын арттыруға, ата-аналарды оқу үдерісіне еліктіруге жаңа және белсенді жұмыс түрлері қолданылуда.

Лэпбук ата-аналарды ынтымақтастықпен қатыстыратын құрал.

Ата-аналар қолдау көрсетеді: техникалық (сурет, бейне) ақпараттылық (лэпбукқа ақпаратты жинау) уәждемелік (қызығушылықты қолдау, табысқа сенімділік)

Лэпбук жәй ғана қолдан жасалған бұйым емес. Осы папканы толтыру үшін, балаға белгілі бір тапсырмаларды, бақылау жасау, ұсынылған материалды үйрену керек. Бұл қызықты үрдіске ата-аналар қатыстырылады. Лэпбук ата-аналар мен балаларды біріктіруге көмектеседі, айқын бір жобаны бірігіп дайындап жасайды. Мектепке дейінгі балалармен оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде лэпбук оқу құралымен жұмыс жасау формасының тиімділігі: Лэпбук балаға өз қалауымен оны қызықтырған тақырыптар бойынша ақпараттармен жұмыс жасауға, материалды жақсы түсініп еске сақтауға көмектеседі. Бұл өтілген материалдарды қайталауға арналған керемет тәсіл. Кез келген ыңғайлы уақытта бала лэпбукты жай аша салады да, өз қолымен дайындалған кітапшаны қарай отырып, өткен материалды қуана-қуана қайталайды. Бала өз бетімен ақпараттарды жинайды және қолданады.

Тапсырмаларды әркімнің жағдайына қарап алуға болады (мысалы, сәбилер үшін

– карточкалы не жануарлардың пішіні берілген қалташалар, ал ересек балаларға жазуға жаттықтыратын тапсырмалар және т.б.)

Лэпбук балалардың дамуына кешенді ықпал ететін құрал болып табылады, оның

көмегімен ақыл - ой және ерік-жігердің дамуы жүзеге асады. Білім беру процесінде лэпбукті қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік, танымдық және көркем-эстетикалық даму деңгейін арттырады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Абдрашитов, Б. М. *Учитесь мыслить нестандартно [Текст] / Б. М. Абдрашитов, В. Н. Шмехунов. - М.: Академия, 2004.*

2. Короткова, Н. А. *Познавательная-исследовательская деятельность старших дошкольников [Текст] // Ребенок в детском саду. - 2003. - №3. - С. 4-12.*

3. Тихомирова, Л. Ф. *Я открываю мир: Развитие познавательных способностей детей [Текст] / Л. Ф. Тихомирова. - Екатеринбург: У Фактория, 2006. - 240 с.*

4. Интернет-ресурсы: <https://videouroki.net/razrabotki/lepbuk-miektiepkie-dieinghi-z-hastag-y-balalarmien-tanyndyk-ziertieu-zhu-mysyny.html>, <http://io.nios.ru/articles2/87/10/lepbuk-kak-sovremennoe-sredstvo-obucheniya-i-vozpitaniya-detey>, <https://multiurok.ru/files/ispol-zovaniie-lepbuka-dlia-razvitiia-doshkol-niko.html>



#### Қамиева Ақмарал Бағытжанқызы

Атырау қаласы

КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының жоғары санатты әдіскері

### МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА STEAM ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУ ӘДІСІ

Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту үшін табиғат пен адамзат арасындағы байланыс туралы түсініктерді, қоршаған ортамен өзара іс-қимыл тәсілдерін меңгеруі ерекше маңызға ие. Бұл балада білім мен танымдық әрекеттің, сананың қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Бүгінгі қарқынды өзгеріп отырған әлемде адам өмірінің барлық салаларына жаңа технологиялар енгізілуде. Зерттеушілердің пайымдауынша мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленіп отырған балалардың басым бөлігі болашақта бүгінгі таңда жоқ мамандықтарды игереді екен. Келешекте жас мамандарға жаратылыстану ғылымдары мен инженерлік түрлі технологиялар салаларынан дағдылар мен іскерліктер талап етіледі.

«Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленіп отырған бүлдіршіндерімізді не қызықтыруы мүмкін?» деген сауалға STEAM-технологиялар, - деп айта аламыз. Өйткені, бұл технологиялар педагогтарға болашақ еліміздің білімді де білікті зерттеуші, өнертапқыш, ғалым, технолог, суретші және математик мамандарын тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

STEAM-әлемдік негізгі білім беру үлгілерінің бірі. Ол пәнаралық және қолданбалы тәсілдерді пайдалану негізінде, сондай-ақ барлық бес бағытты дамытудың бірыңғай үлгісін біріктіреді. STEAM мектеп жасына дейінгі балаларға өмірде ғылым мен өнерді қалай қолдану керектігін көрсетеді.

STEAM -сөзіне нақтырақ тоқталатын болсақ: S-science, T – technology, E – engineering, A – art, M-mathematics (жаратылыстану ғылымдары, технология,

инженерлік өнер, шығармашылық, математика) дегенді білдіреді.

Қазіргі уақытта техникалық бағытқа басымдық көбірек бөлінуде. Балаларға қосымша білім беру үлгілері де өзгеру үстінде. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленіп отырған балалар мектеп инновациясына дайын болуы керек. Сондықтан мектепке дейінгі білім беруді дамыту STEAM-білім беру әлеуетімен сәйкес келеді.

STEAM білім беруді мектепке дейінгі ұйымда ұйымдастырудың тиімді түрі бұл-жобалау және эксперименттік-зерттеу қызметтері болып табылады. Осы бағытта табысқа жету үшін мақсатқа көзделген пәндік-кеңістіктік орта құру өте маңызды. Бұл ретте мектеп жасына дейінгі балалардың әр түрлі іс-әрекетінің мазмұнын ықпалдастыру, ойын құралдары мен материалдардың түрлерін қолдану, дербес іс-әрекет үшін жабдықтардың қолжетімділігі, нәтижелерді көрсету мүмкіндігі маңызды бола алады.

Жаңартылған бағдарлама бойынша білім беру жағдайына көшу мақсатында бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету, мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын дамыту, мектепке дейінгі мамандардың біліктілігін арттыру мәселесі маңызды екенін атап өту қажет.

STEAM-білім беру ортасын құрастыру қызметінен бастауға болады. Тәрбиеленушілер әртүрлі материалдардан (ағаш, қағаз, темір, пластик) жасалған элементтерді пайдалана отырып, қарапайым техникалық дағдылар мен біліктерге ие болып, инженерлік үрдіспен танысады. Әр түрлі конструкторлар педагогтарға балалардың креативтілігін және ойлау кеңістігін дамытуға көмектеседі.

Конструкторлар желісі математиканы, қарапайым құрастыру жобаларын зерттеуге арналған арнайы жиынтықтарды қамтуы тиіс.

STEAM-білім беру міндеттерін шешу үшін ойын жиынтықтарынан құралған конструкторлардың да пайдасы зор. Балалар 3 жастан бастап оқу қызметтері барысында сұрақтар қойып, құрастыру құралдарын қолдану арқылы үрдісті зерттей, болжай алады, түрлі әдістердің көмегімен есептерді шеше алады; қолөнер бұйымдарын жасақтауда өлшемін алу, қашықтықты өлшеу, салыстыруды үйренеді.

Білім беру қызметін балалармен жұптық немесе топтық түрде ұйымдастырған маңызды болып табылады. Дәл осындай қарым-қатынас барысында оларға өз ойларын жинақтау және ойлану оңай әрі қызықты болады.

STEAM-тәсілінің көмегімен мектеп жасына дейінгі балалар болып жатқан құбылыстың қисынын, олардың өзара байланысын түсіне алады, әлемді жүйелі түрде зерделеп, сол арқылы өздеріне білім алу, инженерлік ойлау дағдылары қалыптасып, қисынды жағдайлардан шыға білуді меңгере алады. Балалар өз кезегінде даму деңгейінің жаңа сатысын қамтамасыз ететін өзін-өзі таныстыру негіздерін меңгереді.

STEAM-дағдыларын ата-аналардың балаларға ерте жастан бастап үй жағдайында ойындарды ұйымдастыруы барысында қолдана отырып қалыптастыруына болады. Мысалы: ермексаздан жасалған ойыншықтардан бала алғаш рет көлеміне қарай заттардың биіктігі мен ені, ұзындығының әр түрлі болатынымен танысады. Ермексаздан жасалған мүсін үлгілерінің қалай қосылатынын көрсетеді. Картоннан жасалған конструктор балаға түрлі сенсорлық эталондарды білуге, сонымен қатар құрастыруға көмектеседі. Мұның барлығы балалардың шығармашылық қиялын дамытады және кеңістікті жақсы бағдарлауына көмектеседі. Құрастыру ойындары балаларға бір элементтен мүлдем

әр түрлі құрылымдар жасауға болатынымен қызықты. Ал лево-құрастыруды және зерттеу жүргізуді үйлестіретін болса-STEAM-білім беруде нағыз назар аударатын жоба шығады. Мұның барлығы болашақта балаларды робототехника жиынтығын, озық технологияларды пайдалана отырып шығармашылыққа тартуға көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі балалардың техникалық бағыттағы шығармашылық мүмкіндіктерін мектепке дейінгі ұйымдарда робототехника негіздері арқылы білім беру ортасында оқыту мен дамытуды қамтамасыз етуге болады. Робототехника әдісімен білім берудің негізі балалардың сүйікті қызмет түрлерінің бірі құрастыру арқылы ұйымдастырылады. Бұл біріншіден, білім беру салаларын интеграциялауды қамтамасыз ететін мектепке дейінгі балалардың зияткерлік дамуы үшін тамаша құрал болып табылады; екіншіден, педагогке ойын арқылы мектепке дейінгі балалардың білімін, тәрбиесін және дамуын үйлестіруге мүмкіндік береді; үшіншіден, балалардың танымдық белсенділігін қалыптастырады, әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеуге ықпал етеді, қарым-қатынас және шығармашылық дағдыларын қалыптастырады; төртіншіден, ойынды зерттеу және тәжірибе жасау қызметімен біріктіреді, балаға зерттеу алаңында өзінің жеке әлемін құруға мүмкіндік береді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың түрлі бағытта білім алуы, соның ішінде зерттеу әдістерін меңгеруі белсенді, дербес, шығармашылық тұлғаны дамытуға ықпал етеді. Оның даму деңгейін анықтайтын білім беру процесінің жаңа сапасының көрсеткіштері: мектепке дейінгі балалардың негізгі дағдыларын қалыптастыру (зерттеу, әлеуметтік, коммуникативтік, ақпараттық және денсаулық сақтау); тұлғалық даму деңгейін арттыру, өзіне деген сенімділігін дамыту; әр тәрбиеленушінің қабілеттерін ашу, оның өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау болып табылады.



**Жусанбаева Гүлшат Бейсеновна**

Жамбыл облысы, Т. Рысқұлов ауданы

«Ақбота» бөбекжай-бақшасының әдіскері

## М.МОНТЕССОРИ ТЕХНОЛОГИЯСЫН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАР ТӘЖІРИБЕСІНЕ ЕНГІЗУ ЖОЛДАРЫ

**Аннотация:** Бұл мақалада М.Монтессори әдісі- баланы өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі оқытуға, өзін-өзі дамытуға ынталандыруға түсінік берілді. Әрбір балаға деген ерекше көзқараспен құралған жоспарлар және бақылау арқылы жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде, балалар еңбексүйгіштік, жауапкершілігі мол, толығымен назар салу, зейін аудару, таңдау жасау сияқты қасиеттерге ие болады.

**Түйін сөздер:** Биологиялық, әлеуметтік, эксперименттік, сенситивтік, көмек.

Итальяндық дәрігер және педагог М.Монтессори (1870-1952) алғаш рет өзінің жүйесін ақылы кеміс мектепке дейінгі жастағы балаларға қолдануды 1907 жылы бастады. Ол қиындығы бар кішкентай балаларға еңбек сіңірмей-ақ білім мен дағдыларды сондай жоғары деңгейде меңгеретіні соншалықты, олар, тіпті дені сау құрдастарымен теңесіп, кейде асып түсетін ерекше дамытатын ортаны жасай алды. Қазір М.Монтессоридің педагогикалық жүйесі- әлемнің көптеген елдерінде ең танымал жүйелердің бірі. Бұл жүйемен көптеген балабақшалар, дамыту орталықтары, тіпті, мектептер жұмыс атқарса, солардың қатарында Қазақстан Республикасы да бар. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ақпарат алу қажеттілік болып табылады. Бұған, дәстүрлі педагогикадан біраз ерекшеленетін және ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына қайшы келмейтін М.Монтессоридің педагогикалық жүйесі едәуір көмегін тигізеді.

Балаларды М.Монтессори бойынша тәрбиелеуде тәрбиешінің алдына екі мақсат қойылады: биологиялық және әлеуметтік. Биологиялық мақсат баланың жеке тұлға табиғи дамуын жеңілдетеді және

психофизикалық дамуына ықпал етеді. Әлеуметтік мақсат-келесі жас кезеңіне баланы жеке тұлғаретінде дайындау, баланың күш рухын, тәуелсіздігін және еркін ой қасиеттерін тәрбиелейді. Яғни, мықты, тәуелсіз азат адам тәрбиелеу.

Монтессори жүйесінің негізгі міндеті - балаларды ынталандыру және қабілетін өз еркімен айналадағы дүниені тануға жағдай жасаудан құрылады. Мектеп жасына дейінгі балалар дамуының сенситивтік кезеңдерін, қажеттіліктерін, дамудың дербес қарқынын ескеретін арнайы дайындалған орта балаларды өзін-өзі тәрбиелеу идеясы-осының барлығы замануи педагогтар мен ата-аналарды өзіне тартады.

Қателерді өздігінен бақылауды көздейтін дамытушы Монтессори материалдарынан айналыса отырып, балалар іс-қимылды, оның орнымен жұмысұзақтығын таңдау еркіндігіне ие болады. Оқу үрдісіндегі белсенділік ортасының педагогтан балаға ауысуы, оның ерекшелігінің бірі болып табылады. Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиешінің түсіндіргенін енжар қабылдайтын тыңдаушысы емес, керісінше өздік «эксперименттік» іс-әрекеттер барысында жеке базистік қажеттіліктерге сәйкес оқып

### Әдебиеттер тізімі:

1. Интернет ресурстар;
2. Мектепке дейінгі ұйымдарда STEAM заманауи инновациялық технологияларды оқыту әдісі тақырыбында курс.



үйренеді. Монтессори-педагогтың рөлі тәрбиеленушілерге материал беруден, оны қалай пайдалануды және онымен қалай жұмыс істеуді көрсетуден тұрады. Тәрбиеші үнемі жұмыстың оңтайлы тәсілін көрсетеді, қасиеттер мен қарым-қатынастарды ашуға арналған әрекеттердің үлгісін береді. «Көмек» түсінігі бұл арада өзекті болып табылады. Тәрбиеші үнемі баланың қасында жүреді, қажет болған жағдайда көмектеседі, алайда бұл ретте тәрбиеленушіге өзінің дербес іс-әрекетін толық іске асыруға мүмкіндік береді. Әр бала, осылайша оған қажетті жылдам және жедел көмекті ала отырып, өзінің «білім алу бағытымен» өзі үшін қолайлы жылдамдықпен қозғалады. Осылайша балабақшадағы оқу-тәрбие үдерісін бүгінгі талаптарды ескере отырып ұйымдастыруға мүмкіндік береді. М.Монтессори үшін адамның рухани дамуы оның психофизикалық дамуымен тығыз байланысты. Монтессори үнемі интеллект, ойлаушылық қабілеттердің, жалпы дамуы үшін қабылдау және сезім мүшелерінің, қимылдық аумақтық дамуы маңызды рөл атқаратынын көрсетіп отырады. Бұл әдіс әрбір жеке баланың қажеттілігіне, қабілетіне, дарынына негізделеді. М.Монтессори әдісімен тәрбиеленген бала өзі істейтін ісінің мақсатын айқын түсініп, өзі киінуге (түйме, кнопка, сыдырма, жіпшелер, түйрегіштер, баулар, ілмектер, сияқты заттар салынған рамкаларды пайдалана отырып) үйренеді; ұқыпты бір нәрсені құюға, ыдыс жууға, айнасуға, киім-кешек жууға, тіпті аяқ-киім тазалай алады.

Монтессори педагогы – бұл балаға өзінің іс-әрекетін ұйымдастыруға, өзінің әлеуетін барынша жүзеге асыруға көмектесетін мұғалім. Монтессори бойынша тәрбиеші бала мен тәрбиелеуші орта арасын байланыстырушы болып табылады. Соны ортада бала өз бетімен жұмыс жасап, дидактикалық материалдардың көмегімен дамиды. Монтессори – педагог балаға тікелей емес, мұғалім дайындаған бағдарлама бойынша бала жұмыс істейтін дидактикалық материалдардың көмегімен әсер етеді. Дәстүрлі мектептің педагогынан Монтессори – педагогының айырмашылығы, соңғысы

сыныптың орталығы болып есептелмейді. Педагог үстелде отырмайды, баламен кілемде не болмаса үстелшеде отырып, жеке сабақтар өткізеді. Монтессори-педагог өте байқампаз бақылаушы болуы керек және әр баланың жеке даму деңгейі жайлы анық түсінігі болуы тиіс. Ол осы кезде балаға қандай материалдар қажет екенін біліп, шешім қабылдауы керек. Педагог баланың ісіне тек оған көмек керек болған жағдайда ғана араласа алады. Ол тәрбиеленушіге көмек көрсету үшін адекватты әдістер таба алатын жағдайда болуы керек. Нәтижесінде балаларда білім алумен қатар назарын шоғырландыру, есту, есте сақтау қабілеті, тағы да басқа маңызды қасиеттері терең де берік қаланады. Монтессори әдістемесі бойынша педагогикалық үдерісті ұйымдастыру ерекшелігі сол – белсенділік ауырлығының орталығы педагогтан балаға ауысады. Бала тек тыңдаушы, педагогтың айтып жатқанын енжар қабылдап отырушы емес, ол жеке қызығушылығы мен ойларына қарап, өз бетімен жұмыс істеу арқылы белсенді түрде білім, дағды жинақтайды. Ол өзі таңдаған материалмен айналысады. Айналысатын ортаныда өзі таңдап, қанша уақыт керектігін де өзі шешеді. Ең алдымен, Монтессори-педагог баланың дамуына бағытталған заттық-кеңістік орта жасайды, сондай-ақ, ол ортада тәртіп болуын қадағалайды, жаттығулар орындалып, болған соң материалдардың өз орнында жиналып тұрғанына көңіл бөледі. Тәртіпті сақтауға балалар да қатысады, осы арқылы олар ұқыптылыққа қатысысады.

Монтессори әдісінің негізгі қағидасы – «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу. Мұнда бала дидактикалық материалдар мен сабақ уақытының ұзақтығын өзі таңдайтын болғандықтан оқытуда ерекшеліктер бар. Сондай-ақ, олар өз қателіктерін өздері көріп, соны өздері түзеп отырады. Монтессори бөлмесінде «Барлығымен еркін айналыс, бірақ басқаларға кедергі жасама» деген ереже үнемі сақталады, мұнда сыныптық сабақ системасы жоқ, мектеп партасының орнына жеңіл қозғалатын столдар мен

отырғыштар, кілемшелер қолданылады. Монтессори маман баланың өз бетімен жұмыс жасауын қадағалайды. Автор баланың жан-жақты дамуы үшін ең алдымен мыналар қажет деді: 1. Баланың білім алуы мен танып білуіне жағдай жасалған орта. 2. Баланың әрекеттерін сырттай бақылаушы және оған көмекші рөлін атқарушы тәрбиеші. 3. Жеке тұлғаны дамытушы жылы аймақ.

Монтессори педагогикасының негізгі принципі: баланы өз-өзін тәрбиелеуге, оқытуға, дамытуға ынталандыру. «Маған өзім істеуге көмектес». Монтессори топтарында балалар арнайы әзірленген қоршаған орта – Монтессори материалдары көмегімен өздігінен оқиды, онда өзін-өзі бақылау мүмкіндіктері қамтылған, бала өз қателіктерін өзі көріп, өзі соған бейімделеді.

Монтессори әдістемесінің маңыздылығы өте зор, атап айтар болсақ балалардың жас ерекшеліктері әр түрлі, өз қалауларымен жұмыс жасайды, ал бұл – өз кезегінде жастың қабілетін ашуға, үлкеннің кішіге мейірім, қамқорлығын сезінуге мүмкіндік береді. Қай салада жұмыс жасау бала қалауында, еркін жұмыс жасау барысында жетістігін өзі көріп, қатесін де өзі жөндеуі ішкі дүниесін тәртіпке баулып, жеке адамгершілік қасиеттерін дамытады. Пайдаланған заттардың ең басында қалай тұрғанын бақылаған бала жұмыс аяғында тап солай жинастырып, тазартып қояды. Монтессори әдістемесі баланың психологиялық дамуына, саусақ бұлшық еттерінің дамуына жақсы әсер етеді, ал баланың саусақ бұлшықеттері дамыған кезде баланың тілі дамиды. Құрастырмалық ойындар баланың логикалық ойлауын жақсы дамытады, танымдық және шығармашылық қабілеттері дамиды. Балалардың қимыл үйлесімділігіне жақсы әсер ету үшін тұрмыстағы пайдаланатын заттармен жаттықтыру жұмыстары жүргізіледі. Көру, есту, сипап сезу арқылы заттарды бағдарлауға бейімдеу әдісі кеңінен қолданылады. Түйме, шашбау, ілгек, сыдырма сияқты заттарды пайдалану арқылы балаларды өздігінен киінуге тәрбиелейді. Күріш, дәнек, өзге де бұршақ тектес тағамдардың арасынан жасырылған заттарды іздеу арқылы сезімталдық қабілеттері жетіледі.

Жауапкершілікті сезінуге, өздігінен шешім қабылдауына, топта да, жеке де жұмыс жасауына, өз уақытын ұйымдастыра білуіне, өзіне сеніммен қарауына мүмкіндіктер береді. Бұдан шығатын нәтиже – Монтессори әдістемесімен тәрбиеленген баланың оқуға деген ынтасы, жұмыста ықылас көрсету қабілеті артады, балада дербестік пайда болады, қарым-қатынастардың жақсы әдеттерін және ішкі тәртіпті меңгереді, ерік-жігерді жаттықтырады, саналы білім, сапалы тәрбие, ашық жоғары сезім, еңбексүйгіштік және өзін-өзі жетілдіруге, шығармашылық қабілетін дамытуға белсенділігін қалыптастырады.

Монтессори материалдары бала үшін қоршаған ортаның кілті болып табылады, соның арқасында бала әлем туралы білімдерді санасына сіңіреді. Олардың көмегімен бала мәдениет пен заманауи өркениетке қосылады. Өзінің тәжірибесінде табиғатты түсініп, онда бағыт-бағдар алуға үйренеді. Монтессори бойынша жасалған «дайындалған ортада» бала өзінің барлық физикалық және рухани функцияларын жаттықтырады, өзінің жан-дүниесінің тұтастығын жасайды, жан-жақты дамиды.

Монтессори топта сақталатын ережелер мыналар: балалар еркін жүріп-тұрады, қолданған затын ескертусіз жинап орнына қояды, қажет кезде тәрбиешіден көмек сұрау, үлкен балалар жаңа келген балаларды үйретеді, жіберген қателіктерін тауып оларды түзетеді, бастаған жұмысын аяғына дейін жеткізу, басқа балаларға бөгет болмау, тыныштықты сақтайды.

Монтессори өсиеттері – қандай жағдай болмасын, бала өзі көмек сұрағанша оған тиіспе. Ешқашан бала туралы жаман айтпа, баланың көзінше және ол болмағанда баланың жақсы қасиеттерін дамытуға бағытталған, сонда жаман қасиеттер біртіндеп азая түседі. Танымдық ортаны дайындағанда белсенді бол. Әрқашан оны талаптар мен ережеге сай дайында. Баланың бұл орталықта дұрыс іс-әрекет жасауына көмектес. Әр дамыту материалының орнын және оны қалай дұрыс қолдану керектігін көрсет. Сенің көмегіңді қажет ететін балаға көмектесуге және оның сұрақтарына

жауап беруге дайын бол. Қате жіберіп алып оны қазір немесе сәлден соң түзете алатын баланы қадірлей біл. Бірақ баланың іс-әрекеті немесе материалды дұрыс қолданбаған жағдайында өзінің немесе басқа балалардың денсаулығына, дамуына қауіп төндіретін болса жұмысты тоқтат.

Қорыта келгенде М.Монтессори әдісі ұлттық, діни, мәдениеттілік дәстүрлерін жалпы физиологиялық тұжырымдамалық «космостық тәрбиені» жарастыра біріктіретін, сондай-ақ, баланың субъективті позициясын мойындауға және бала табиғатының ересек адам табиғатынан ерекше екенін жариялауға негізделген әдістемелік базасы бар, мәні бойынша тұтас, ұтқыр эволюцияландырушы авторлық жүйе болып табылады. «Монтессори-педагогикасының» әлемдегі көптеген елдерінің білім беру саласындағы бейімделуінің жалпы және жеке заңдылықтары М.Монтессоридің өзінің жүйесінің негізін сақтауды анықтауға мүмкіндік береді, бұл замануи қазақстандық педагогиканың дамуы мен байытылуының перспективаларын қамтамасыз етеді. М.Монтессори әдістемесімен тәрбиеленген баланың оқуға деген ынтасы, жұмыста ықпал

көрсету қабілеті артады, балада дербестік пайда болады, қарым-қатынастардың жақсы әдеттерін және ішкі тәртіпті меңгереді. Әдіс ерік-жігерді жаттықтырады, саналы білім, сапалы тәрбие, ашық жоғары сезім, еңбек сүйгіштік және өзін-өзі жетілдіруге, шығармашылық қабілетін дамытуға белсенділігін қалыптастырады. Баланың назарын дамытуға, шығармашылық және логикалық ойлауға, жадын, сөйлеу қабілетін, қиялын, моториканы қалыптастыруға көмектеседі деген тұжырым жасауға болады. Бұл әдістеде айналадағы адамдармен араласу дағдысын меңгеруге септігін тигізетін ұжымдық ойындар мен тапсырмаларға аса мән беріледі. Сондай-ақ баланың дербестігін дамыту үшін күнделікті өмірдегі әдеттерді меңгеруіне көңіл бөлінеді. Ойыншықтар арқылы баланың ұсақ қол моторикасын дамыту, логикалық ойлау қабілетін дамыту, денсаулығын ерте жастан қолға алу. М.Монтессори жүйесі мектепке дейінгі жастағы балалардың денсаулығын нығайтуға үлкен септігін тигізеді. Атап айтсақ, жүйке жүйесінің, көру мүшелерінің жақсаруын, ұсақ қол моторикасының, сипап-сезу мүшелерінің дамуына т.б жағдай жасалған.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. М.Монтессори «Балалар балалар үйінде балалар тәрбиесінде қолданылатын ғылыми педагогика әдісі». 1993ж;
2. Сокров Д.Г. Даму психологиясы негіздері. 1997ж;
3. М.Монтессори Бастауыш мектептегі өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі оқыту. 1993ж



**Исаева Жанар Ногаевна**

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы  
МКҚК «Балбөбек» балабақшасы тәрбиеші

## ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІН БАЛАБАҚШАДА ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Аңдатпа.** Осы мақалада халық ауыз әдебиеті шығармаларын балабақшада қолданудың маңыздылығы баяндалады. Әр жанрға қысқаша жеке түсінік беріледі.

**Түйін сөздер:** халық ауыз әдебиеті, өлең, жұмбақ, ертегілер, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер.

Халық ауыз әдебиеті үлгілері халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізіліп, бүгінде жазба түрінде ұсынылып жүрген өнер туындысы, асыл мұрасы. Ауыз әдебиетінің қайнар көзі - халық. Сөз өнерін қастерлеген халқымыз «Өнер алды-қызы тіл» деп текке айтпаған. Осыған орай халқымыз келешек ұрпағы үшін баға жетпес өнер туындыларын мирас етті. Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин балаларды оқыту және тәрбиелеу ісінде ауыз әдебиеті шығармаларының маңызды орын алатынын айта келіп: «Өмірге қажетті ауызекі сөйлеу дағдыларына жаттықпайынша, қай-қай тілде болса да еркін, жүйелі сөйлеу мүмкін емес», - дейді. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін мектеп жасына дейінгі балаларға үйретудің маңызы зор. Халық тәрбиесі ұлттық құндылықты қалыптастырудың негізі болып табылады. Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің барлығы дерлік балаға өмір танытарлық қызмет атқарары сөзсіз. Халықтың ауыз әдебиеті шығармашылығының мүмкіндіктерін бала тәрбиесінде пайдалануды тек бүгінгі күннің проблемасы деп қарауға болмайды. Оның өнегелі үлгілерін өскелең ұрпақ тәрбиесінде пайдалану қажеттігін кезінде қазақ даласының ойшылдары (Қорқыт, Әл-Фараби, Баласұн, Қашқари, Ахмет Яссауи), ғұлама

ағартушылар (Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев т.б.) өз еңбектерінде айтып, дәлелдеп берген.

Қазақстан халықтарының фольклорын зерттеуде Ә.Диваевтың еңбегін ерекше атап өтуге болады. Ол қазақтың «Қырық өтірік», «Алдар көсе» секілді ертегі, аңыз-әңгімелерін жариялады. «Балаларға тарту» деген еңбегінде бесік жыры, өтірік өлеңдер, төрт түлік туралы жырлар т.б. ауыз әдебиеті үлгілері көрініс тапты. Балабақшада тіл ширату, көркем сөз оқу, тақпақ айту, ертегіні сахналау секілді жұмыстарды ұйымдастырудың мәні зор. Осыған орай халық ауыз әдебиеті үлгілерінің балабақшада қолданылатын мынадай салалары бар: өлең, жұмбақ, ертегілер, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер.

Өлеңді оқыту. Адамгершілік қасиеттердің алғашқы дағдыларын бөбектер бойына сіңіруде көркем сөздің, өлеңдердің атқаратын қызметі ерекше. Қазақ халқы бала тәрбиесімен арнайы айналысатын қоғамдық орындар (балалар бақшасы, т.б.) ашпаса да өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ тәрізді мәтіндік ұлағаттармен санамақ, жаңылтпаш сияқты ойындар арқылы тәрбиелеп отырған. Көркем сөзді мәнерлеп, өлеңді мәнерлеп оқып, жатқа айтудың, балалардың

шығармашылық түйсігін қалыптастыруда маңызы зор. Өлең сөздің тыңдаушылардың өзіне баурайтын сазды, әуезді өрнек нақышы, эмоциялық бояуы, үні, дыбыс әуені, мәні, табиғаты ауызекі естілгенде ғана ашылмақ. Осындай сиқырлы күшінен де болар, ұлы Абай «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» деген. Өлең сөздің құдіретті қасиетін бала бойына ерте бастан сіңіру, зердесіне жеткізу – оқу- тәрбие ісінде үлкен мәнге ие. Жақсы өлең мәнерлі, дұрыс оқылмаса, оның өңі қашады, мазмұны сүреңсіз, әсерсіз шығады. Өлең сөздің ырғақ, ұйқас, бунақ, тармақ, шумақ кідірістері – қара сөзбен жазылған шығармалардан даралап тұратын белгісі. Осы ерекшеліктер өлеңді ауызша оқығанда, жатқа арнайы ескертіледі. Балаларға арналған өлең-тақпақтар әр алуан болып келеді. Мұндай өлеңдерде түсінікті болуы үшін қайталаулар да жиі кездеседі. Баланы сәби кезінен-ақ көркем сөзге құштар етіп баулу қажет, өйткені олар сол үйренгенімен балабақшадан мектепке барады. Онда көркем әдебиетке, ана тіліне деген ынтасы сүйетін болады. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған өлеңдердің тілі жеңіл, түсінікті, мазмұны - баланың күнделікті өміріне сай, нанымды, жаттап алуға оңай, бала жанына жақын.

Мақал-мәтелдерді оқыту. Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріне қарағанда, мақал-мәтелдердің өзіне тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар. Ол адам өмірінде, тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әртүрлі құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданылады.

Мақал-мәтелдер ойды қысқа да ұтымды жеткізетін, өмір тәжірибесін қолдана айтатын сөздер. Мақалдар, көбінесе өлеңді өрнекпен, сабырлы, салмақты ырғақпен айтылады, қара сөзбен, яғни шешендікпен айтылатын мақалдар да бар. Мақал негізінен екі бөлімнен құралады. Бірінші бөлімде пайымдау, екінші бөлімде ой қорытындысы айтылады. Қазақтың мақал-мәтелдерінің көбірек қамтитын тақырыптары ел, халық, Отан, ерлік, бірлік, білім жайында айтылған өнегелі сөздер өте көп.

Жаңылтпашты оқыту. Халық баланың тілін

ширату үшін оған сөз үйретіп, дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштар ойлап шығарған.

Баланың тілі шығып, балдырған жасында сөздік қоры молая бастаған кезде, кейбір дыбыстарды айта алмай немесе қинала айтады. Сол сәттерде қиналып айтатын дыбыстары бар сөздерді бала неғұрлым жиі- жиі дыбыстап айтып, жаңылмай жаттықса, сөйлегенде де мүдірмей өз ойын толық жеткізетін болады.

Жаңылтпаштарды халық бала психологиясы мен тілінде болатын мүкістерге сәйкес шығарған. Балалар көбінесе «р» дыбысы мен «л», «ш» мен «с» дыбысын шатыстырады. Сондықтан жаңылтпаштарда көбінесе осы дыбыстарды айтуға құрылады:

Бұл қар-  
Сұр қар,  
Сұр қар-  
Кір қар,  
Үстіне аунама,  
Үстіңді былғар.

Балабақшада негізінен 4-5 жастан бастап жеңіл, әрі қысқа жаңылтпаштарды үйретуге болады. Одан ерте жаста үйретсе, тілдің тұтығуына әкеліп соғатынын тәжірибелерден байқауға болады [4].

Жаңылтпаштар – баланың тілін ширатудағы алғашқы сабақтар, сондықтан оны бала тәрбиесіне сөзсіз және міндетті түрде тиімді пайдалана білу қажет.

Жұмбақты оқыту. Қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанрлардың бірі – жұмбақтар.

Жұмбақ – өскелең ұрпаққа білім берерлік, тәрбиелік мәні бар құралдардың бірі. Нақты бір зат туралы тұспалдап, ұқсатып, бейнелеп айту арқылы баланы ойлату, танымдық, білімдік ұғымдар мен түсініктерді ой-қиял елегінен өткізіп, тұжырым жасап, шешімге келуде тапқырлық пен дүниетанымдық дәрежесін байқау үшін, халық ертеден-ақ жұмбақтардың алуан түрлерін шығарған. Мақал адамның логикалық ойын дамытса, жұмбақ, жаңылтпаш жас баланың тілін жетілдіріп, табиғат өмір жағдайындағы түсінігі мен

қиялдау қабілетін дамытады. Жұмбақ ең алдымен жас бөбектерге үйретілген. Оның өзі көбіне ұйқасқан өлең түрінде айтылатын болған. Алдында айтылған мақал-мәтелдер тәрізді жұмбақтар да сәби балаларды ерлікке, отаншылдыққа, патриоттыққа үндейтін маңызды құралдардың бірі.

Санамақты оқыту. Санамақтарды халық негізінен, балаға сан үйрету мақсатында шығарған. Санамақтар әрі сан үйретеді, әрі дүниетанымын кеңейтеді, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады. Санамақтардың түрлері көп: атау ұйқасты санамақ, саусақ санау ойыны, жаңылтпаш, жұмбақ санамақ.

Балабақшада балаларға санамақтардың сан алуан түрлерін үйретеді. Кейбір санамақтарды әнге қосып айтуға болады.

Ертегілерді оқыту. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріндегі мазмұны терең, тілі бай, тақырыбы әр алуан, оқиғасы қызықты шығармалардың бірі - ертегілер. Ол әдеби мұрамыздың ең көне түрі болса да, осы күнге дейін өскелең ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуде маңызын жоймаған жанр [5].

Қазақ ертегілері сан алуан. Оларды: хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, тұрмыс салтқа байланысты ертегілер, батырлық ертегілер, күлдіргі ертегілер деп бірнеше топқа бөлуге болады. Осы аталған ертегілердің ішінде мектепке дейінгі мекемелерде негізінен хайуанаттар туралы ертегілер қолданылады. Хайуанаттар туралы ертегілер көне заманда елдің жеке аңдары, малдың киесі бар деген

сенім қалыптасқан кезде пайда болған. Ол дами келе, тыңдаушыны қуантатын, көңілдендіретін ертегілермен толысты.

Ертегіні оқымай-ақ тәрбиеші оның мазмұнын қызықты етіп айтып береді. Егер әртіскердің орындауындағы фонохрестоматияны пайдаланса, тіпті жақсы. Ертегілер балалардың ой қиялын дамытып, эстетикалық сезімдерін ұштай түсетін бір ден-бір құрал болып табылады.

Балабақша бүлдіршіндері ой-өрістерін кеңейтіп, эстетикалық талғамын арттырып адамгершілікке, патриоттық сезімге баулу ісінде халық ауыз әдебиетінің алатын орны ерекше екенін естен шығармауымыз қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдау, есте сақтау қабілеті мектеп оқушыларынан өзгеше, олар заттың атын ғана емес, ол туралы түсінікті де, көркем шығарманың мазмұнын тез ұғып алады. Оқыған, естіген, өлеңдер мен ертегілердің мазмұнын есінде жақсы сақтайды. Бір оқып, айтқаннан кейін ертегі мазмұнын жақын етіп қайта айтып бере алады. Олар сөздегі ырғақтан, үннің үйлесімінен, дыбыстың қайталануынан, бейнелі де айшықты сөздер мен көркем образдан нәр алып, өзінше сүйсіне алады.

Сонымен, сөз қадірін, сөздің мән-мағынасын ұғынып өскен баланың тілі таза, әсерлі, көркем болары сөзсіз. Ал халық ауыз әдебиеті үлгілерін насихаттау қысқа мерзімді ізденіспен шектелмейді, бұл мәселе әлі де зерттеуді, тәжірибеге кеңінен енгізуді қажет етеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әбдіқадырова Г. *Халықтық педагогиканың мәні зор.* // Қазақстан мектебі. 2003ж., №8.
2. Табылдиев Ә. *«Халық тағылымы».* - Алматы: Қазақ университеті, 1992ж.
3. Төлебекова Р. *«Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика».* – Алматы, 1994ж.
4. Әбуова А. *Жаңылтпаштар – тіл дамыту-құралы* // Бастауыш мектеп. 2003ж.
5. Нұрғанова З. *Ертегілер еліне саяхат.* // Бастауыш мектеп. 2002 ж. №10.



**Қаратабанова Айжамал**

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кенті  
КМҚК «Жауқазын» балабақшасының тәрбиешісі

**ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ – ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР**

**Аңдатпа:** Мақалада қазақ халқының өшпес мұрасы ұлттық ойынның маңызы берілген. Ұлттық ойынның бала өміріндегі психологиялық, педагогикалық және физиологиялық дамуындағы алар орны туралы өзектілігі көрсетілген. С.Торайғыровтың ойын туралы сөз еткен ойының негізінде ұлттық ойынның пайдасы мен ерекшелігі баяндалған.

Болашақ ұрпағымыз еліміздің ертеңі. Еліміздің дамыған елдердің қатарынан орын алуы, көркейіп өсуі ұрпақтың қолында. Олай болса, әлемдік елдердің мәдениетін танытын, сыйлайтын, рухани жан дүниесі сайраған, саналы да сыни ойлайтын, деңгейі жоғары, білімді, білікті болуы қажет.

Міне, осы айтылғандардың барлығын бала бойына қалыптастырып, алғашқы іргетасын қалаушы – ол балабақша. Бала балабақшадан алған білімі, білігі мен дағдысы арқылы үлкен өмірге қадам бастайтыны сөзсіз шындық. Сол себепті балабақшада өз елінің байлығын, қазынасын және дәстүрін дәріптеп, тәрбиелеп отыратын ұлттық ойынды басты назарда ұстаған жөн.

Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Балалықтың қанына ойын азық» деп бекер айтпаған. Ұлттық ойын арқылы баланы адамгершілікке, еңбекті сүйеге, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға, шыдамдылыққа, ептілікке, ұлтын және елін сүйеге тәрбиелейміз. Сондықтан педагогикада бала ойынына ерекше көзқараспен қарайды. Себебі, ойын үстінде қалыптасатын балалық шақтың түйсігі, өшпестей із қалдырады.

Ойын барысында бала бойынан эмоциялық, психологиялық, педагогикалық, танымдық ерекшеліктер байқалады. Осыдан келіп төмендегідей тұжырым шығады:

- Ойын – тәрбие құралы, ақыл-ойды

- дамытып, бала тілін ұстартады;
- Өмірді танытып, сезімді кеңейтеді;
- Ерік және мінез-құлық қасиеттерін бекітеді;
- Рухани адамгершілік нормаларын жетілдіреді;
- Белсенді ортаны қалыптастырып, балалар арасындағы ынтымақтастықты нығайтады;
- Эстетикалық тәрбие беру – қнерді, шығармашылықты,көркемдікті түсіндіру құралы боп табылады;
- Еңбекке баулудың мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді;
- Психологиялық және физиологиялық дамуды жолға қояды.

Ұлттық ойындар өмірлік қажеттіліктен туындаған. Ол атадан балаға жалғасын тауып келеді. Жоғарыда көрсетілген тұжырым оған дәлел. Ойынға жәй ойын деп қарауға болмайды, керісінше, халықтың бай қазынасы, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Ұлттық ойындар көп салалы, көп қырлы құбылыс.

Фольклор танушы Ә.Диваев «Қазақ балаларының ойындары» атты еңбегінде адамның жас ерекшелігін үш топқа бөледі: өмірге келгеннен бастап, жеті жасқа дейінгі бала, жеті жастан он бес жасқа дейінгі бала, он бес пен жиырма жас аралығындағы

жастар...» Осының негізінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, бірінші топқа, сол жастағыларға лайықты: «Санамақ, соқыр теке, қуырмаш, алақан соқпақ, ақ серек, көк серек», ал одан кейінгі топқа: «Тақия тастамақ, ақ сырмақ, бәйге, көкпар, асық, ханталапай, теңге алу, қыз қуу, орамал тастамақ, күрес, ақсүйек» ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді.

Ұлттық ойындарымыз ата-бабамыздан келіп жеткен, өткен мен бүгінді байланыстыратын баға жетпес қазынамыз. Осыған орай балабақшаларда оқу-тәрбие процестерінде ұлттық ойындарымызды жүйелі қолдану қажет. Ұлттық ойынның пайдасын ертеден- ақ ата бабаларымыз білген.

Ойын балалардың көңілін көтеріп, бойын сергіту үшін ғана емес, қоршаған орта мен өмір құбылыстары жайлы таным түсініктерін арттыру үшін тиімді. Халқымыз ойынға тек алдандыру немесе ойнату әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарасының, мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Қазір бізге жеткен ойындар: тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары,аударыспақ, аттың құлағында ойнау, жұмбақ айтыс т.с.б. Балалар жиі ойнайтын «Ақсүйек» байқағыштыққа, қырағылыққа, батылдыққа, ерлікке, шапшаңдыққа баулиды. Яғни баланың физиологиялық тұрғыдан дамып жетілуіне үлкен мүмкіндік беретін ойын. Ал, енді баланың танымдық процестерінің дамуына ықпалын тигізетін ойынның бірі – «Он бір қара жұмбақ». Бұл ойынның басты атап айтар ерекшелігі: есеп сұрақтарын қою арқылы баланың ойлау қабілетін дамытады. Сонымен қатар балаларымыз байланыстырып сөйлеуіне, тіл дыбыстарын анық, нақты айтуына көмегі мол ұлттық ойындардың бірқатары бар екенінде айту қажет. Мысалы: «Санамақ» айтқызу арқылы дұрыс сөйлеп, анық жеткізуге үйретеді. Осы орайда ең бір ғажап ойынды толығымен сөз етсем. Асық ойыны баланы қызығушылыққа, логикалық ойлауға, дәлдікке, нысананы

көздеуге үйретеді. Жалпы асық ойынының әрқайсысы баланың дәлдікпен ойлау қабілетін және жеңу мақсатын алға қоя отырып, басқалардан озам дегенталпынысты оятады.

1. Қатысатын адам саны - 6 адамға дейін.
2. Екі адам бір-бірінің қолынан ұстап бір нүктеден айнала шеңбер сызады.
3. Әр қатысушы 1 немесе 2 асықтан қатысушылар санына байланысты, шеңбердің ортасындағы сызыққа тігеді. (4 адамға дейін – 2 асықтан, 6 адамға дейін 1- асықтан)
4. Асықты иіру арқылы асық ату ретін анықтайды. Сол бойынша кезек пен кезек атады.
5. Шеңбер шетінде арнайы ойын бастайтын сызықша сызылған. Бірінші асық құлағанға дейін сол сызықтан атылады. Асық құлап немесе шеңберден шыққаннан кейін ойын шеңбер бойымен жалғасады.
6. Ойындағы басты міндет өзіңнің сақаңмен көбірек асықты шеңберден шығарып ұту. Егер өз кезегінде асықты ойыншы шеңберден шығарса, ары қарай жалғастырады. Егер асық жылжып шеңберге жақын жатса, ол шеңбер шетінен ойыншының аяқ-табанымен өлшеніп, егер асыққа жетсе шертіп шығарады, жетпесе атады. Ескерту: Атқанда немесе шерткенде троекториясы шеңберден 90 градустан төмен болмауы қажет.
7. Келесі ойынды асықты көп ұтқан адам бастайды. Қалғандары асық иіріп, кезек тәртібін анықтайды. Ойында қорғасын құйылған немесе сақаны ауырлату мақсатында дайындалған асық қолданылмайды.

Қазақ халқында «Баланы ойын өсіреді» деген даналық сөз бар. Балалар ойнап жүріп ойланады, жүйкесі тынығады, көңілі өсіп, ойы сергиді, денесі шымырланады. Ойын арқылы тұрмыс-салт, әдет-ғұрп, ұлттық ерекшелік, дәстүр жайлы танымы, түйсігі қалыптасады.

Заман өзгерген сайын адам баласының басынан өткендері балалардың ойындарында көрініс табады. Ең бастысы, ойын барысында жан-жақты ойлануға, өзгелердің пікірімен санасуға, ортақ тіл табысуға, тез арада шешім қабылдауға тура келетіндіктен, «Ойын» - бала тәрбиесіндегі ұлы құбылыс.

Жалпы, ойынның қай түрін алсақ

та, атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа тәрбиенің қайнар көзі. Бала ойнасында, жеткізіліп отырылады. Демек, ойынның өзі ойлансын! балаларымыз үшін білім мен біліктің, тәлім-

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Нүсіпоқасұлы А. *Тал бесіктен жер бесікке дейін / Алматы. 2014*
2. «Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі- нәтижеге бағытталған білім беру негізі» // *облыстық ғылыми – практикалық конференцияның материалдар жинағы. 2012, 24қазан. 207-211бб*
3. Т. Асқартегі. *Асық – мергендікке тәрбиелейді. // Азия транзит. – 2004.*



**Абдгалиева Райхан Шамилевна**

*Атырау облысы, Атырау қаласы  
№30 «Жұмбақ» бөбекжай-бақшасы  
I санатты тәрбиеші*

**ЕЛТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ  
ЭТНИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

*«Жаратылыстану құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиіс»*

*М.Жұмбаев*

Біздің тарихи, әрі рухани мұрамызды жаңғырту өз тарихымызға, мәдениетімізге, туған өлкемізге құрмет көрсетпейінше жүзеге асуы мүмкін емес. Елтану қоғамның рухани және адамгершілік тұрғыда жаңғыруының негізі болып табылады. Демек, рухани және әлеуметтік – адамгершілік дүниесі бай, шығармашылық ойлау қабілеті мен дүниетанымдық мәдениеті жетілген, парасатты да зерделі елжанды, отаншыл сезімдері дамыған тұлға тәрбиесі мәселесін, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жетілдіру өзекті мәселелердің бірі.

Осы тұрғыдан алғанда жалпы білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі болып табылатын мектепке дейінгі ұйымда елтану материалдары негізінде балалардың этникалық мәдениетін қалыптастыру әлеуметтік сұраныс талаптарына сай көкейкесті мәселе екендігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасында ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыпты зерделеудің тұтастай жүйесін құру шеңберінде қазақ халқының тарихымен, материалдық және рухани мәдениетімен байланысты негізгі ғылыми проблемаларды зерттеу және танымал ету жөніндегі іс-шаралардың іске асырылатыны көрсетілген.

Елтану, яғни өлкетану материалдары негізінде жас ұрпаққа туған қаласының тарихын білу, өз қаласының ардагерлерінің өмірімен танысу қызықты. Осылайша, қаланың өткен өмірімен таныса отырып, бүгінгісіне мәдени, өнеркәсіп орындарына экскурсия жасау арқылы сүйсінеді, келешегіне көз жібереді. Бүгінгі күннің тұрғысынан келетін болсақ, елтану немесе өлкетану мәселесіне туған жердің тауы да тасы да, орман көлі, оны мекен ететін

халқының тіршілігі де кіреді.

Халық педагогикасы - бұл ұлттық қазына. Ұлттық тәрбие беру мәселесі әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридің еңбектерінде көрініс табады. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары түркі халықтарының тәрбиелік ерекшеліктеріне үлкен мән бере отырып, ұлттық тәрбие берудің әдіснамалық негізін жасады. Халқымыздың кемеңгер ағартушылары Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың, М.Дулатовтың, т.б. педагогикалық мұрасында тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы ұлттық тәрбиенің маңыздылығы мен мазмұны ашып көрсетілді.

Тәрбиенің қайнар көзі ретінде халықтық педагогиканың аумағы кеңейе түседі. Олар: ертегілер, «жырлар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар, мазақтамалар, мақал - мәтелдік сөздер, ұлттық салттар мен дәстүрлері, халықтық ойындар мен ойыншықтар.

Ертегілер баланы қызықтырады, сөзді тыңдай білуге үйретеді, оның қиялын дамытып, жан - дүниесін, мінез - құлқын қалыптастырады, дарын нышандарын өрнектейді.

Жаңылытпаштар баланың тілін ширатады.

Жұмбақтар мен жұмбақ айтыстар баланың ойын, қиялын шарықтатып, қисындық пайымдау қабілетін дамытады, оны тапқырлыққа баулиды.

Санамақтар баланың ойлау жүйесін жетілдіріп, оның сюжеті нұсқаларға тапқырлық танытуға құштар етеді, дүниетанымдық мәнде құрылған санамақтар балғын жастың тапқырлық қабілетін дамытуға септігін тигізеді.

Мақал - мәтелдер халықтың жиі қолданатын тәрбие құралы. Қазақ халқының мысалдап, мәтелдеп, мақалдап сөйлейтін ұлттық, ерекшелігіне сәйкес оның мақал -

мәтелдері де мол.

Халықтық ойындар мен ойыншықтар бала тәрбиесінде елеулі орын алады. «Ақсерек пен көксерек», «Алтыбақан» сияқты ойындармен бірге «Көкпар», «Аударыспақ» тәрізді спорттық сайыстар дене тәрбиесінің асыл арқауы.

Ұлттық мерекелер мен тойлардың да тәрбиелік мәні зор. «Шілдеhana тойы», «Тұсау кесер», «Атқа мінгізу», «Наурыз тойы» тағы басқа тойлар мен мерекелер баланы шаттыққа бөлейді. Тойдың болғанынан боладысы қызық деп, халық тойға дайындық кезінде баларды өнерге ынталандырып, еңбекке баулиды, салтанатты салттарды қайта өткізу жолдарын үйретеді.

Халықтық педагогика тәлім - тәрбиелік ой - пікірің бастауы, халықтың рухани мұрасы. Сондықтан қазіргі таңда этнопедагогиканы оқу - тәрбие жұмысына мақсатты түрде енгізіп отыр.

Қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет, драма ұйымдастырылған оқу қызметінде қазақтың көне ертегілері және ертегі кейіпкерлері кеңінен енгізілді. Мәселен, «Қағанақ бас, Қылкеңірдек, Ши бұт» атты көне ертегі кейіпкерлерінің бейнесі балаларды адамгершілікке, татулыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелейді.

Қазақтың ою-өрнектері дәсүрен тыс сурет салу әдістемесінде нәтижелі қолданыс тапты. Балабақша балаларымен және олардың ата-аналарымен ұлттық бұйымдарды насихаттау мақсатында көрмелер ұйымдастырылды.

Музыкалық-шығармашылық әрекетте қазақтың ұлттық аспаптары домбыра, жетіген, дауылпаз іс-тәжірибеге енгізіліп, балабақшада балалар оркестрі ұйымдастырылды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру балабақшада оқу-тәрбие процесін сабақтар мен тәрбие жұмыстарының мазмұнын жетілдіру қажеттігін дәлелдейді.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Ақаддықова Б. «1001 мақал». // *Қазақстан мектебі. 2003ж, №7.*
2. Арғынбаев Х. «Қазақ отбасы». -Алматы: «Қайнар», 1996ж.
3. Асарбаева А. *Ұлттық ойындар – халық педагогикасының құрамдас бөлігі. // Ұлт*

тағылымы. 2002ж. №2.

4. Әбдіқадырова Г. Халықтық педагогиканың мәні зор. //Қазақстан мектебі. 2003ж., №8.

5. Әбілова З., Қалиева Қ. «Этнопедагогика». Алматы, 1999ж.

### Әлиасқарова Гүлнұр Әлиасқарқызы

Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы  
ДК Қосуақова Ж.Қ. «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы»  
жекеменшік мекемесінің тәрбиешісі

## ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ «ХАНТАЛАПАЙ»

**Аңдатпа.** Қазақтың ұлттық ойыны – «Ханталапай» ежелден атадан балаға мирас болып келе жатырған ұлттық құндылығымыздың бірі. «Ханталапай» ойыны балалардың жас ерекшелігіне байланысты логикалық ой жүйесін дамыту, жылдам шешім қабылдауға баулу, ұлттық құндылықтар мен мәдениетті бойына дарыту, салт – дәстүрді ғұрыптау, сондай-ақ ептілікке, жылдамдыққа, қырағылыққа тәрбиелейді.

**Түйін сөздер.** Асық атауларын білу, оның ішінде алшы, тәйке, бүк, шік, омпы, қынжы, қимыл жату, асық иіру, асық атып алу. Атқан асық тек қана нысанаға дәл тиюі; Атқан асық та, нысана да (атылған асық) басқа асыққа тимеуі; Атылған асықты алу кезінде басқа асықты қимылдатпауы;

Ойын барысы: Шаттық шеңберінде балалар тақпақтарын бірге айтады. Армысың алтын күн! Армысың көк аспан! Армысың жер ана! Амансыңдар ма достарым!

Тәрбиеші : Балалар біз ата – баба дәстүрін сақтаған халық емеспіз бе , қанеки көненің көзі – жарапазанды жаңғыртып құдайы қонақ боп ауылдарға қонақтап барып келмедікпе?

Балалар: Ия, барып келейік.

Арсен: -Анау бір қырдың басынан түтін көрінетін секілді, сонда барсақ қайтеді?

Тәрбиеші: Жарайды, онда сонда жол тартайық.

(Ауыл көрінісі. Ауылда киіз үй ішінде әжей қоржын тігіп отырады. Атай қамшы өріп отырады. Немересі қора жайлап жүреді).

Балалар келіп жарапазан айтады:

Үйің, үйің, үй екен,  
Үйдің көркі ши екен  
Саба көркі бие екен,

Сандық көркі түйе екен.

Ақ төбедей көрінген

Қандай байдың үйі екен.

Ассалаумағалейкум!

Тәрбиеші: Сәлеметсізбе ата – әже! Ескіні жаңғыртып, жарапазан айтып келіп қалдық.

Ата: Амансыңдарма, құлындарым. Ия, жөн дұрыс болған екен. Келіндер төрге жайғасындар. Балалар мен тәрбиешілер жайғасады.

Әже: Төрлетіндер құлындарым.

Бақдәулет: Ата қолыңыздағы не ?

Ата: Балам бұны қамшы деп атайды. Қамшы - нағыз ердің көмекшісі. Атқа отырғанда, саятшылыққа шыққанда таптырмас серігің.

Немересі: Ата, сүйінші, сүйінші. Қорадағы буаз қойың егіз қозы тапты.

Әже: Қолғанат балам, аптығыңды басып, қонақтармен амандассаңшы.

Немересі: Ассалаумағалейкум!



Тәрбиеші: Амансыңба, өзің атаң мен әжеңнің қолғанаты екенсің , атыңы затың сай азамат екенсің.

Ата: Әп бәрекелді, өздерің құтты қонақ болдыңдарғой. «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген сөз осы екенғой.

Немересі: Ата қорамды жайладым, енді балалармен асық ойнасам болама?

Ата: Ой тентегім. Өзің бір қонақтардан сұрасаңшы, бәлкім шаршап келген болар.

Немересі: Балалар менімен асыр салып ойнауға қалай қарайсындар?

Балалар: Ия.

Ата: Балаларым сендер өзі асықты білесіңдерме?

Балалар : Ия.

Ата: Асық деген – қазақтың қазақ болғалы, атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық құндылығы. Асықты малдың аяғынан аламыз. Қазақ асықты көзінің қарашығындай сақтап, дәріптеуі тиіс. Балам өзіңе деп жинаған асықтарыңды әкеліп бірге асық ойнаңдар.

Тәрбиеші: Ия. Ата өте дұрыс айттыңыз. Балалар біз қазір «Ханталапай» деп аталатын қазақтың ұлттық ойынын ойнаймыз. Ол үшін бізге көп асық және бір қызыл түске боялған асық керек. Бұл қызыл асықты «хан асығы» деп атаймыз. Балалар сендер асық атауларын білесіңдерме?

Балалар асық атауларын бүк, шік, тәйке, алшы деп атайды.

Тәрбиеші ойын шартымен таныстырады.

Ойын шарты: «Талапай ау талапай, табылды ойын алақай»- деп, қоржындағы асықтарды отырған балалардың алдына шашады. Балалар жарыса «Ханталапай» деп дауыстап, асықтарды таласып, бөліп алады. Жинаған асықтардың ішінен әр бала ойынға бес асықтан тігеді. «Хан асығы» қолына түскен бала алғашқы болып ойынды бастайды. Асықтарды бір – біріне тигізе алмаған жағдайда ойын жүргізушінің сұрақтарына жауап береді. Екінші рет тигізе алмаған жағдайда ойын кезегі келесі балаға беріледі. Ойын осылайша жалғасын табады. Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіріп, ойын алаңына шақырады. Балалар ойын алаңына шығып, шеңбер құрып отырып, ойын ойнайды. Балалар

ойынға қызығушылықпен қатысады. Ойын жеңімпазы анықталып, өзінің ептілігімен, апқырлығымен, білімімен, шапшаңдығымен көзге түскен бала жеңімпаз атанады.

Әже: Балаларым ұзақ жолдан шаршаған боларсыңдар, оның үстіне ойын қызығымен шөлдеген боларсыңдар, сендерге арнап ақ дастарханымды жайдым. Келіңдер дастарханнан дәм татыңдар.

Тәрбиеші: Ата әже сіздерге мың алғыс. Қазақтың дархан көңілі әлі де сол күйінде сақталған, қазақылықтың иісі кетпеген шаңырағыңызда тек той болсын. Қонақжайлығыңыз үшін үлкен рахмет.


Ата: Оқасы жоқ, қызым. Өздеріңе де рахмет. Қазақтың салт – дәстүрін, ойынын, оның ішінде асықты ұмытпай, ескіні жаңғыртып, жарапазанды айтып, құдайы қонақ болуды насихаттап жүргендеріңе. Қолдарыңды жайыңдар ақ көкөлерім:

Сұрасаң бата берейін  
 Үстем болсын мерейің  
 Ықыласпен қол жайсаң  
 Ақ тілекті төгейін  
 Дастарханың мол болсын,  
 Уайым қайғың жоқ болсын.  
 Ақ мол болсын!  
 Қайда жүрсең жол болсын!  
 Әумин!

Ал құлындарым, мына қамшыны бізден естелік ретінде алыңдар.

Тәрбиеші: Рахмет ата! Сіздерден рұқсат болса, біз ары қарай жолымызды жалғастырайық.

Балалар ата берген қамшыны алып, алғысын айтып, ата, әже немересімен қоштасады.



**А.Н. Кажихметова, Г.З. Нурмаганбетова**

Акмолинской области, г. Кокшетау  
 Областной учебно-методический кабинет управления образования

## ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА У БУДУЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

**Аннотация:** Статья посвящена формированию нового казахстанского патриотизма, миролюбия, национальному согласию; углублению и расширению знания и представления о нашей Родине; бережному отношению к традициям своего народа, истории изучения своей семьи, развития нравственных, духовно-эмоциональных чувств, сохраняющих культурные традиции, уважению окружающих их людей, воспитанию чувства гордости за свою страну, свой народ, о принадлежности к единой и великой нации.

Успешность развития казахстанского общества напрямую зависит от воспитания современных школьников, которая в ближайшем будущем станет основой научной, экономической и политической элиты общества. Большую роль в данном процессе имеет формирование ее духовности.

Казахстан – многонациональная страна. Формирование таких качеств, как сознательность, ответственность, уважение к историческому прошлому, воспитание патриотизма, внутренней культуры, чувства собственного достоинства, гордости за свою Родину, гражданином которой является человек – залог гражданского становления личности. В своей статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев отмечает: «Знать и гордиться историей своего края – дело нужное и полезное. Вот только забывать о гораздо большем – о принадлежности к единой и великой нации – нельзя». Вероятно, прежде чем начинать рассуждать о корнях патриотизма, о его сущности и глубине, необходимо выяснить значение этого слова. Все словари дают нам одинаковое определение понятия «патриотизм» – любовь к Родине. То есть патриотизм есть термин многосложный, состоящий как минимум из двух понятий:

любовь и Родина. Но ведь каждый человек вкладывает разное понимание любви и Родины. Поэтому нет ничего странного в том, что мы сегодня вычленим разного толка и уровня развития патриотов. Есть те, которые любят Родину для себя, есть себя для Родины, есть себя и Родину, как единое целое. Но любить свою Родину невозможно без любви к своей семье, к своим детям, к своим друзьям и близким. А посему невероятно, на наш взгляд, постичь природу и глубину патриотизма без понимания природы и глубины человеческих взаимоотношений и отношений. Воспитание патриотизма – важная задача современного казахстанского общества. Патриотизм проявляется в политической культуре граждан и становится источником силы, единства народа и целостности государства. Вероятно, прежде чем начинать рассуждать о корнях патриотизма, о его сущности и глубине, необходимо выяснить значение этого слова. Все словари дают нам одинаковое определение понятия «патриотизм» – любовь к Родине. То есть патриотизм есть термин многосложный, состоящий как минимум из двух понятий: любовь и Родина. В философском энциклопедическом словаре его выводят из древнегреческого patrik – родина,

### Әдебиеттер тізімі:

1. Базарбек Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» Алматы «Қайнар» 1994.
2. Е.Сағындықов «Қазақтың ұлттық спорт ойындары».
3. Ж.Төленова автореферат «Балабақшадағы аралас топ балаларының ұлттық ойындар арқылы адамгершілікке тәрбиелеу» Атырау. 2002.
4. А.Дүкенбаева «Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу»
5. М.Бүркітбаев «Спорттық ұлттық түрлері және оның тәрбиелік мәні» Алматы «Қайнар» 1985 жыл.
6. С.Узақбаева., А.Айтпаева «Казахские народные детские игры» Алматы 2000 жыл «Балбөбек» бағдарламасы Алматы: «Шартарап», 2000 жыл.

отечество: « привязанность к родной земле, языку, традициям с глубокой древности».... В Новейшем словаре иностранных слов и выражений читаем: patriots (греч)- патриот, земля, соотечественник:

- любящий свое отечество, преданный ему, народу, готовый на жертвы ради интересов родины;

- привязанный к месту своего рождения или жительство;

- преданный своему делу, служащий ему.

Таким образом, патриот должен: почитать место своего рождения и проживания, уважать местные традиции уважать своих предков, земляков, проживающих рядом с ним, стремиться помогать людям, работать для улучшения и развития своей Родины ее озеленения, благоустройства, поддерживать земляков и соотечественников, укреплять дружеские отношения с соседями, с сослуживцами, с одноклассниками, выступать против тех, кто разрушает нашу Родину, наносит вред, угнетает сограждан, бороться со сквернословием, с загрязнением окружающей природы, с вредными привычками. Потому, что алкоголизм, наркомания, коррупция, унижение достоинства человека – все это элементы проявления различных форм не патриотизма. Настоящий патриот не тот, кто говорит об этом во всеуслышание, а тот, кто честно живет и работает, ведет здоровый образ жизни, имеет нормальную семью, помнит своих предков, на их примере воспитывает своих детей. В такой семье и может вырасти патриот своей Родины. Это должна быть уникальная личность, готовая внести свой вклад в построение правового государства и гражданского общества. Это глубоко социальное чувство, стержнем которого является любовь к своей Родине, преданность своему народу, гордость за его историческое прошлое и настоящее, забота о его будущем. Это стремление защищать

интересы государства как внутри страны, так и за её пределами. Независимость нашего государства является символом гордости казахстанского патриотизма. Понятие независимости выступает основой единства Казахстана, призванной объединить наш народ. Во многом воспитание патриотизма начинается с государственного языка, который является таким же символом государственности, как гимн, флаг и герб. И для того, чтобы быть патриотом своей страны, нужно начать с себя, учить казахский язык, гордиться и с уважением относиться к государственному языку. Патриотизм начинает формироваться в семье, где в сознании человека закладывается образ Родины и личностное отношение к ней, воспитывается ответственное отношение к своей стране, населяющим ее людям, ее интересам. Понятие «Родина» включает в себя все условия жизни: территорию, климат, природу, организацию общественной жизни, особенности языка и быта, однако к ним не сводится. Невозможно считать патриотом человека, не знающего историю своей страны, не знакомого с культурой своего народа. Познание родной истории напрямую связано с поиском самоопределения. Определение себя как части общества, отождествление своей личности с понятием «гражданин Казахстана» – важный момент в развитии ребенка. Говоря словами Ушинского – воспитание патриотизма – это целенаправленный процесс формирования «человека в человеке», при правильной организации он воздействует не только на ум, но и на душу и сердце.

Чтобы наша Республика стала процветающей, конкурентоспособной страной, мы должны привить подрастающему поколению – уважение к историческим традициям, культуре родной земли, духовной культуре.

3.Ишмухамедов К. Символ гордости и патриотизма //Общенациональная ежедневная газета «Казахстанская правда», 2008 .- № 120.- С.3

4. Бакытова А. С чего начинается Родина // Общенациональная ежедневная газета «Казахстанская правда», 2009 .- № 121-122.- С.4

5. Казахстан - 2030 Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана 1997 года. Режим доступа <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K970002030>

6. Ушинский К.Д. Собрание сочинений. Т. 2. С. 160

#### Список литературы:

1. Назарбаев Н.А. «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». Режим доступа <http://24.kz/ru/news/top-news/item/172320-statya-n-nazarbaeva-vzglyad-v-budush>.

2. Республиканский научно-методический и педагогический журнал, 2008 -С.85





**Аккасынова Гулжайна Кумисбаевна**

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ақбай ауылы  
КМҚК «Қызғалдақ» балабақша әдіскері

## БАЛАЛАРҒА Т.С. КОМАРОВА ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ҮЙРЕТУ

Баланы тәрбиелеу мен дамытуда жақсы нәтижелерге жету үшін оған өзіне ұнайтын іс-әрекеттерді ұсыну қажет. Барлық балалардың жақсы көретін жұмыстарының бірі - сурет салу. Менің мақалама арқау болған профессор, доктор - Тамара Семеновна Комарованың көптеген ойлары мен идеялары һәм әдістерінің пайдалылығы десем артық болмас. «Балаға сурет салуды ұсына отырып, біз оның танымдық қызығушылығын, ақыл-ой дамуын, ұсақ моторикасын, шығармашылық ойлауын оятамыз» деген пікір айтады автор.

Сурет салу бойынша нұсқаулық - бұл баланың туа біткен сурет салу дағдыларын жетілдіре алатын білім беру қызметі. Балаларға қажетті дағдыларды игеруге ата-аналар немесе педагог қызметкерлер көмектесуі керек. Бейнелеу өнерін оқыту әдістері балаларға қарындаш немесе кенеп, қағаз ұстауды үйретіп қана қоймай, сонымен бірге эстетикалық сезімдерді дамытуға, атап айтқанда сұлулықты көруге және оны өзі жасай білуге, өз ойларын ашық көрсетуге, идеяларын шындыққа айналдыруға бағытталған әсем өнер. Балаларға бейнелеу өнерін үйрете бастағанда, олардың жас ерекшеліктерін ескеріп, сурет салудың тиісті түрлерін таңдау керек. Жас балаларда көптеген дағдылар дамыған. Кіші мектеп жасына дейінгі балалар әлі де қолына қарындашты дұрыс ұстай алмайды. Сол себепті параққа алғаш сурет салғанда әсерін, қимылын қадағалай алмайды. Суреттерді қағаз парағына дұрыс орналастыра

алмайды. Осы себептерге байланысты сурет салу сабағын бастағанда қарапайым дағдылар мен әдістерді негізге алған дұрыс.

Жоғарыда аталған мәселеге байланысты Комарова өз еңбегінде бірнеше алғашқы кеңес ұсынады:

- Балаға қарындашты дұрыс ұстауды үйрету;
- Қарапайым сызықтар мен кескіндер, «таяқшалар» мен «жолдар» суреттеуді үйрету;
- Сурет салғанда бояуды шекарадан асырмау дағдыларын қалыптастыру;

Бүлдіршіндер сурет салу шеберлігінің алғашқы арсеналын игерген кезде, ол өзіне деген сенімділікті сезініп, идеяларын қағазға бетіне түсіруге мүмкіндік туады. Сурет салудың екінші кезеңін төртке бөліп қарастырдым:

- «Ауада сурет салу». Сурет салудағы алғашқы сабақтардың бірі - ауада қолмен сызықтар мен геометриялық фигуралардың шартты кескінін салу болып табылады. Мұны сіз балаға саусақпен немесе бүкіл алақанмен салуды көрсетесіз. Мұндай бастапқы сурет салу түрі баланы қағазға бір нәрсені бейнелей бастауға дайындайды. Дәл осындай қозғалыстарды түзу тегіс бетке, мысалы, үстелге де жасауға болады

- Бірлескен сурет. Балаларға сурет салуды үйретудің келесі кезеңі - баланың қолын қағазға қарындашпен алып бару. Бала суреттердің қалай жасалынғанын көреді, ал ересектер не болатынын түсіндіреді. Суреттің бұл түрімен бала қарындашты дұрыс

ұстауға үйренеді, оны қағазға басып, соңында қарапайым сызықтар, пішіндерді тез сала бастайды.

- Суретті аяқтау. Бұл жұмыс бөлігіне негізделген сурет, онда суреттің бір бөлігі (айнадағы сурет сияқты) немесе қосылу нүктесі сызылады. Бала суреттегі жоқ мәліметтерді оң немесе сол жақтағы кескінге қарай отырып ұқсастықпен аяқтауы керек немесе нүкте қосып, сурет алады. Сюжеттік сурет пен ересек адам сюжетке сәйкес қызықты бірдеңе айтса жақсы салынады.

- Мен өзім сурет саламын. Сурет салудың барлық бастапқы түрлерін қолданғаннан кейін, бала өздігінен сурет салуға дайын болады. Ал ересек адам оған сызбаның жобасын көрсетіп, айтып, тапсырма бере отырып, оған көмектесе алады. Егер сіз балабақшадағы балаларға оңай меңгеруге болатын кескіндеме техникаларын көрсетуді жалғастырсаңыз, бұл оның бейнелеу әрекетін едәуір байытады. Осылайша бала бұрын жасай алмайтын нәрсені игереді.

Әрине, жас балалардың суреттері көп жағдайда ретсіз келеді. Өйткені, сурет салу бейімі, дағдысы күрделі әрі қиыны екені даусыз. Сондықтан балабақша педагогы баладан ешқашан салған суреттің дәлдігі мен нақты заттарға барынша ұқсастығын талап етпеуі керек. Егер бала үнемі жаттығулар жасаса, мұның бәрі біртіндеп қалыптасады. Баланың сурет салуға деген қызығушылығын ояту үшін сіз оны әрдайым қолдап, сурет салуға байланысты жағымды жағдайларды жасап отыру керек. Егер ол киімін немесе кілемді бояған болса, балаға ренжімеңіз. Ондай олқылық үлкендерге қате болғанымен, балабақша балалары үшін бейнелеу өнерін меңгерудегі процес екенін, олар оған позитивті қарайтынын ұмытпаған жөн. Енді сіз балаларға сурет салуды үйретудің қарапайым тәсілдерін білесіз. Баланы сурет салуға қызықтырып және оның шығармашылық дамуына жағдай жасап отыру керек. Осылайша сіз баланың позитивті эмоциялармен сурет салуға деген қызығушылығын арттырасыз, ал ол көп ұзамай сізді, ата-анасын өзінің әдемі туындыларымен қуантады

### Әдебиеттер тізімі:

1. Комарова Т. С. Теория и практика обучения изобразительной деятельности в детском саду.

2. Комарова Т. С. Формирование техники рисования у детей дошкольного возраста

**Қазиева Алтынай Қанатқызы**№14 «Нұрай» бөбекжай –бақшасы  
педагог-психолог**БАЛА БОЙЫНДАҒЫ ҚОРҚЫНЫШТАР**

**Андатпа:** Бұл мақалада мектепке дейінгі балалардың бойындағы қорқынышты жеңу арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту.

**Түйін сөздер:** Қорқыныш – өзін-өзі сақтау инстинктіне негізделген, жүйке жүйесінің белгілі бір физиологиялық өзгерістерімен жүретін, қатерлі жағдайда туындайтын эмоция деп ұлы ақын Абай Құнанбаев айтқандай адам бойындағы қорқынышты жеңу үшін үнемі күресте болу керек. Қорқыныштың түрлеріне тоқталсақ.

Жас ерекшелігіне байланысты негізгі қорқыныш түрлері: Жаңа туылған нәресте: жаңа ортадағы қорқыныш, анасынан алыстау қорқынышы, бөтен адамдардан қорқуы, 1 жастан 3 жасқа дейінгі балаларда: қараңғыдан қорқуы түнгі қорқыныштар, жалғыз қалып қою қорқынышы, 3 жастан 5 жасқа дейін: жалғыздық қорқынышы, яғни ешкімнің елемей қараңғылық қорқынышы, тыныш, тұйық ортадан қорқуы қиял-ғажайып кейіпкерлерінен қорқуы 5 жастан 7 жасқа дейін: белгілі бір жағдайға байланысты қорқыныштар, мыс: өрт, тереңдік, апаттар, т.б. ата-аналарының ұрысуынан, ұруынан қорқуы, қорқынышты түстерден ата-анасынан айырылу қорқынышы, кешігіп қалу қорқынышы, өлім қорқынышы, ауруға шалдығып қалу қорқынышы. Осындай қорқыныштардың алдын алу үшін, баланың алаңдаушылығын жою мақсатында балабақша педагогтарына арналған бірнеше кеңестер ұсындым: Балаға көбіне еркіндік беріп, оның достарын шақырып, бірге тиімді уақыт өткізуін қадағалаңыз; баланы жыртқыш аңдармен, полиция қызметкерлерімен, дәрігерлермен қорқытпаңыз, себебі бізге оның мәні болмаса да, балалар оны шын деп қабылдауы мүмкін; көбірек сурет салуға баулу; Баланы

сол қалпында қабылдап, жақсы көру, оны көршінің әдемі қызымен немесе сабақта жақсы оқитын үздік баламен салыстыруға болмайды; әр бала өзіне деген отбасының жылуын сезінуі керек, балаға жақсы дос бола біліңіз. Уақыт өте келе бұл қорқыныштардың барлығы жойылады, себебі бұл белгілі бір уақыт арасында ғана болатын қорқыныш үрейлер. Бірақ, осы қорқынышты уақыт еншісіне қалдырмай, қорқыныш баланың бойында ұзақ уақыт сақталып қалмауы үшін тәрбиешілер өз үлесін қосуы керек. Баланың бойындағы үрейді шығару үшін, оның неден қорқатынын білу үшін әр түрлі әдістерді пайдалануға болады. «Қорқынышымызды қағаз бетіне түсіру». Сурет салу сабағы 30-40 мин ұзақтықта болуы керек. Бұл сабақ ересек топ балаларымен жүргізуге болады. Баламен жақсы қатынас орнатып алып, алдын ала онымен ойнап, көңілін көтеріп, содан кейін жанына отырып әңгімеге көшу керек. Әртүрлі сұрақтардан бастап, мысалы қараңғыдан қорқасың ба? Қасқырдан қорқасың ба? Лифттен қорқасың ба? Мыстан Кемпірден қорқасың ба? Қан көргенде, уколдан қорқасың ба? Осындай сұрақтар арқылы баланың психологиясын дайындап алу керек. Егер бала жоқ деп жауап берсе, қорықпаймын деп алдап

жоққа шығарса, оған тиімдірек жолын пайдалану керек. Ия немесе жоқ деп жауап беретіндей сұрақтар қойылуы керек. Бірден бірнеше сұрақ қоюға болмайды, баланың көңілін аулап, ойнап сұралуы керек. Ол өзінің қорқынышын айтқанда, оған ақ паракқа сол нәрсені салуды сұраңыз, фломастер немесе акварель бояуын бергеніңіз абзал. Бала бірден салуға келіспеуі де мүмкін, кейін жаттығулар арасында, ойын арасында салып беруі мүмкін. Суретін салып болғаннан кейін, онда не салынғанын сұрап, ол туралы басқа не білетінін айтып беруін сұраңыз. Содан кейін баланы міндетті түрде мақтап, мадақтауыңыз қажет, онымен ол жеңіске жететіндей ойын ойнап, көңілін көтеріңіз. Бұл жаттығуға 1-2 апта уақыт кетуі мүмкін. Ол әлі толық қорқыныштан арылмауы мүмкін, сондықтан оған «сенің сол қорқынышты жеңгенің туралы» сурет сал деп өтініуіңізге болады, мысалы бала қасқырдан өзі емес, қасқыр баладан қашып бара жатқаны туралы салуы мүмкін. Осы уақыт ішінде көбірек ойын ойнап, баланың сергек болуын қадағалап, ұрыс-жанжалдан аулақ болғаныңыз жөн. Қорқынышын қағаз бетіне түсіру арқылы өмірде жоқ, бірақ баланың өзіне болатындай қорқыныштан, елестен арылуға мүмкіндік береді.

Бала бойындағы қорқынышты жеңуге сюжетті-рөлдік ойындар ойнау да көп көмегін тигізеді. Баланың білетін ертегісінің кейіпкерлерін ойнап, бала ертегі арқылы өзі жаман да, жақсы да кейіпкерлердің рөлін сомдағаннан кейін, бойындағы ұзақ уақыт арыла алмай жүрген қорқынышын жеңе алады. Күнделікті балалардың ойнайтын «тығылыспақ» ойынын алатын болсақ, бұл ойын арқылы бала қараңғыдан, жалғыз қалып қоядан, тым-тырыс бөлмелерден қорықпайтын болады. Сіз тығылып, бала сізді іздесе, оның жеңіп, ойынды жақсы ойнайтынын айтып, мадақтап қою керек немесе сіз баланы іздеп, ол тығылып қалса,

оны таба алмағаныңызды айтып, жеңіліп, оны жақсы ойнайтынын айтып баланың көңіл күйін көтеріп қою керек. Осылайша баланың қорқынышын жеңуге үйретуге болады. Баланың бойындағы қорқынышты жеңу үшін, ең алдымен оның бастауы қайда екенін білу керек. Ата-ана ретінде, тәрбиеші ретінде алдымен өзіңіздің сөздеріңізді ой-елегінен өткізіңіз. Мысалы: балаңызға ойыншығын жинауды сұрасаңыз, ал ол тыңдамай, еркелеп отырса, сіз оның өз еркімен жинауы үшін: «ойыншығыңды Нұржанға беріп жіберем, ол бәрін алып кетеді» немесе «есік алдына сені шығарып қоямын», «жуынатын бөлмеге, қараңғыға қамап қоямын», «дәрігер апайды шақырып, укол салдырамын» т.б. себептер айтып, баланы қорқыту арқылы өз дегеніңізге жетуіңіз мүмкін. Отбасындағы ұрыс-жанжалдар балаға қатты әсер етеді, бала шошынады, энурез, тұтығып сөйлеу, жалғыздық қорқынышы пайда болуы әбден мүмкін. Сондықтан баланың бойындағы үрейі мен қорқынышынан арылу үшін, ең алдымен үлкендер өз істерін ойлауы керек. Тағы бір айта кететін жағдай, кішкентай бүлдіршін мына өмірде бәрін біліп, көргісі келеді. Ол айналадағы өзіне таныс емес әр нәрсені не екенін сұрап: бұл не? Неге олай? Ол кім? Не үшін? т.б. сұрақтар қояды. Көбіне ата-аналар балаға түсіндіріп айтудың орнына, болмайды, ол жерге барма, ұстама, тиме деп бұйырып сөйлеп баланың тыныш отырғанын қалайды. «Неге болмайды» деп қайталап сұрағанда, «болмайды, демек болмайды!» деп ұрысуы мүмкін. Осыдан баланың ойында сол нәрселерге жаман ойлар қалыптасуы мүмкін. Ата-аналар өздерінің кішкентай кезіндегі қорқынышын айтып, одан қалай арылғанын айтса, балаға ол үлкен септігін тигізеді, өзіне өзі сенімділігі жоғарылайды. Ең алдымен балаға қауіпсіз, тыныш жағдай жасаңыз, баланың позитивті өсуі оның айналадағы жағдайына тікелей байланысты.

**Әдебиеттер тізімі:**

Отбасы және балабақша журналы. 2015-2016ж № 1; Мектепке дейінгі педагогика. А «Мектеп» 1982 ж.

Жалпы психология: Қадіржан Сейталиев; Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленушілермен жұмыстың психологиялық ерекшеліктері. Елшібаева Күләш.



### Тулегенова Болган Саменовна

Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы  
КМҚК «Жауқазын» бөбекжай-бақшасының педагог-психологі

## ОТБАСЫ МЕН БӨБЕКЖАЙ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

«Адамның адамшылығы - ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады»

Абай

Бала тәрбиесі әр уақытта үлкен мәселе болып саналады. Әрбір қоғамның дамуына байланысты бұл мәселе әрқалай шешіліп отырған.

Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесінде адам факторы және жандандыру, ел өмірінің барлық жағын жаңарту бала тәрбиесінің мәні мен оның проблемаларын күрделендіріп отыр. Осыған байланысты тәрбие берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың негізгі бағыты-барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып-біліп, жан-жақты қалыптастыру. Ата-ана тілегі баласының жақсы адам болуы, еңбексүйгіштігі, кішіпейіл, мейірімді болуы. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз».

Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзі сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Тәрбие отбасы мен бөбекжай қатынастарына тікелей байланысты. Отбасы айтқанына көндіріп тәрбиелейді, ал бөбекжайда оңтайлы қылық, дұрыс көзқарас қалыптастыруға ұмтылады. Бала осы аталған ұйымдардың өз өмірінде қайсысы басым болса сонысын таңдайды, соның ықпалында болады. Осыдан тәрбие тұлғаға ықпал жасашушы құрылымдардың өзара қатынастарымен бірлікте қарастырылады.

Ата-ана балаға отбасылық өмірдің алуан  
66 ДАНА БАЛА № 2 (22) 2020

түрлі қыры мен сырын, дүние жұмбақтарын танытып, тағылым, талғамға, әдептілікке баулуға тиіс. Ата-ананың күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбегі, адамның бейнелері, жақсы мінез-құлқы, дұрыс қарым-қатынасы балаға үлгі. Баланың алдында барынша сабырлы әрі ұстамды болуға тырысу керек, ата-ана өзі үлгі бола отырып баласын сабырлы болуға тәрбиелейді. Әрбір ата-ана өз баласы үшін басты тұлға. Сондықтан да кез-келген бала алдымен үлгіні ата-анасынан алады.

Рухани тәрбиедегі басты нысана-баланы құрметтеу. Баланың қуат қоры мол болғандықтан оның өмірді танып-білуге ұмтылысы зор екенін мойындап, соған орай баланың сезімін, сұлулықты сезінуге, көңіл-күйін реттей білуге тәрбиелеуге үйретеміз. Осы қасиеттерді болашақ ұрпақтың бойына рухани адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптер мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген.

Отбасы мен бөбекжай арасындағы байланысты нығайту мақсатында ата-аналармен «Жақсы көңіл-күй жан азығы» тренингі, «Бала тәрбиесі - баршаға ортақ» дөңгелек үстелі, «Ата-аналарға ұсақ моториканы дамыту ойындарының маңыздылығын ұғындыру» тақырыбында семинар тренингтер өткіздім. Бұл шара ата-аналарға ұсақ моториканы дамыту

ойындарының маңыздылығын ұғындыру мақсатын көздеді. Ең алдымен шаттық шеңберінде өз бойларындағы жақсы қасиеттерін айтса, «Жұдырық» ойынын қызыға ойнады.

Бақытты балалық шақ мекеніне саяхаттап, бала кейпіне еніп, бір уақыт өзімізді бала орнына қойып, ұсақ қол моторикасын жетілдіретін саусақ жаттығуларымен ойындар ойналды. Балаларды ойын арқылы ұсақ моториканы қалай меңгеретіні жөнінде түсінік бердім. Ата-аналарға күннің, бұлттың, жаңбырдың, жасыл шөптің суреті бейнеленген парақтар таратылып, сол суреттердің бірін таңдап семинар тренингтен алған әсерлерін жазды. Осы орайда ата-аналар өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, алғыстарын айтты. Сонымен қатар әртүрлі тақырыптағы кеңестерге, сауалнамаларға, тесттерге, топшілік жиналыстарға, ашық есік күндеріне, отбасылық жарыстарға қатысып белсенділік танытып отырады.

Қазіргі ұрпақ тәрбиесіндегі басты мәселе - тұлғаны рухани адамгершілік тұрғысынан дамыту. Жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы - руханилық. Өзін-өзі жетілдіретін тұлға үнемі ізгілік ұстанымдарын өз бойына шыңдап, жетілдіруге ұмтылады.

Балабақшадағы тәрбие - барлық тәрбиенің бастамасы. Мектепке дейінгі шақ-бала бойына рухани-адамгершіліктің негізін қалайтын кез.

Сондықтан да бала бойына жас кезінен бастап жоғары руханилық құндылықтарды: мейірімділік, инабаттылық, сұлулық, жақсылық, еркіндік, өмір мәні, т.б қалыптастыру бағытында баланы тәрбиелеуде ата-ананың да, тәрбиеші ұстаздың да атқаратын рөлі зор. Жас күнінде бала қандай тәрбие алса, сол ізбен алға қарай өседі.

Ата-ана баласына өз отбасын қадір тұтудан бастап, туған-туыс, Отан, Қазақстан деген ұғымдарды терең түсініп, құрметтеп қарау керек екенін ұғындыруы дұрыс деп ойлаймын.

### Әдебиеттер тізімі:

1. «Бала мен балабақша» журналы, қыркүйек №3, 2002 жыл.
2. «Отбасы және балабақша» журналы, мамыр – маусым, №3 2003жыл.
3. «Бала тәрбиесі» журналы, тамыз №8, 2004 жыл.
4. «Өзін – өзі тану» журналы, қаңтар №1, 2010 жыл.
5. Фаламтор ақпараттары.



**Тілеуова Лайық**

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кенті  
КМҚК «Жауқазын» балабақшасының тәрбиешісі

## ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа:** Аталмыш мақалада дарынды балалардың ата-аналарымен қарым-қатынас жасау формалары, бағыттары мен ата-ананың балаға деген көзқарасының қандай болатындығы туралы қарастырылған. Қоғамда дарынды баланың орны туралы сөз етілген.

Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өнуі, әлемде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. Сондықтан да мемлекет басшысы болашақта қазақ елінің көркейіп, ғылымын көркейтер деген үмітпен жас дарындарға үлкен назар аударуда, қолдау көрсетуде.

Осы орайда қандай да болмасын білім беру мекемесі балаларымызға мемлекеттік білім беру стандартына сай білім берумен шектеліп қалмай, оларды ғылыми ізденіс жұмыстарға тартып, шығармашылық, дарындылық қабілеттерін дамыту бағытында жұмыс жүргізуі тиіс.

Қазіргі білім берудің мақсаты білім, білік, дағдымен қаруландыру ғана емес, солардың негізінде дербес өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алуына, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын, жан-жақты дамыған, білімді, өз ісін және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр.

«Бұлақ көрсең көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін дарынын ашу- педагог міндеті, бала бойындағы ерекшелікті, қабілетті танып, соған бағыттап дарынды баланың болашағының ірге тасы дұрыс қалануына мүмкіндік жасауымыз қажет.

Дарынды баламен жұмыс жасаудағы бағыт оқу бағдарламасын тереңдетіп, оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Дарындылықты анықтауда бірнеше жақта қарастырылды. Олар: интеллектуалдық дарындылық, шығармашылық дарындылық, әртістік дарындылық, музыкалық дарындылық, техникалық дарындылық және спорттық дарындылық.

Баланың жанына жақын дарындылықты дәл тауып, соны жандандыруға жұмыс жасалынғанда дарынды баламен жұмыс өз нәтижесін табады. Дарынды балалармен жұмыс жасауда ата-ананың ролі зор. Ал, педагог жұмыс барысында дарынды баланың ата-анасымен жұмыс жасаудың өзіндік бағыты бар. Сонымен қатар тәжірибеде дарынды балалардың ата-аналары да түрлі көзқараста кездеседі. Мысалы:

- Кейбір ата-аналар баласының дарындылық қабілетін дұрыс қабылдайды;

- Кейбір ата-аналар мемлекет, қоғам дарынды балаларға еш жағдайды жасамайды дейді;

- Кейбір ата-аналар ешқандай дарындылығы жок деп мойындамайтындары кездеседі;

- Кейбір ата-аналар дарынды баласының бір қырына ғана назар аударып, бірақ әлеуметтенуіне мүмкіндік бермейтіндері

болады;

- Кейбір ата-аналар балаларын қолдағанымен, олардың қателесуіне тиым салып отырады;

- Кейбір ата-аналар баланың жеткен жетістігін бағалайды, құрметтейді, бірақ оның қиындықтары мен тұлғалық ерекшелігіне назар аудармайды;

Олай болса, ата-аналармен жұмыстың формаларын атап өтсек:

1. Дарынды балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ата-аналардың құзіреттілігін жетілдіру жұмыстары.

2. Баланың жеке ерекшелігінің диагностикасын жасау. Дарынды балалардың өмірінде кездесетін ерекшеліктер мен қиындықтардың нәтижесімен танысу.

3. Дарынды балалардың даму жоспарын жүйелеу.

4. Тренинг элементтерін қолдана отырып, сабақ ұйымдастыру, жеке және топтық кеңестер.

Ата-аналарға бірқатар ескертпелер ұсынуға болады:

1. Бала өмірінде ережелер ұстанған жөн.

2. Ережелер шамадан тыс болмауы қажет, қиын ережелер қажет емес.

3. Балаға жүгіруге, секіруге, сурет салуға тиым салынбағаны жөн.

4. Ересектер бір-бірімен «қойылатын талапты» келісімді түрде жасауы қажет.

5. Балаға талап қойған кезде бұйрық түрінде емес, керісінше түсіндірме немесе достық қарым-қатынас негізінде болуы керек.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Акменбетов Қ.Ж. Дарындылықтың теориялық негіздері // Педагогика мәселелері, 2009. №2, 130-134бб

2. Инновационные процессы в современном дошкольном образовании. Развитие интеллектуального потенциала и детской одаренности. Авторы: Л.П.Пяткова, О.А.Стальбовская, С.В.Ушакова, С.В.Костарева, А.А.Морозова. Волгоград: Учитель, 2013 156-166стр.

Дарынды балалар көбінесе өмірде кездесетін жәй мәселені шеше алмайды. Ересектер сол мәселенің шешілу жолына көмектесу қажет.

1қадам:

Жағдайды анықтауға тырысыңыз. Қандай жағдай болды? Сенің әрекетің қандай болды деген ашық сұрақ қойыңыз.

2қадам:

Шешім жолдарын талқылаңыз. Баланың өзіне жақсы және жаман тұстарын айтқызыңыз. Бала айтуға қиналса, ересектер тарапынан бірнеше мысал келтірсін.

3қадам:

Жағымды және жағымсыз тұстарын талқылау. Балаға жағымды-жағымсыз, жақсы-жаман дегенді ажыратуға көмектесу.

4қадам:

Нақты шешім қабылдау. Ұсыныстарды қарай отырып, нақты шешімді таңдауға балаға мүмкіндік беру. Қосымша ойлануына уақыт беріп, жағдай жасау. Болашақта өз мәселелерін өзі шешуге деген ынтасы оянады.

Бала дарындылығының Змифі бар делінген:

-Дарындылық шығармашылық жемісі арқылы көрсетеді;

-Дарындылықты дамыту керек;

-Заманауи білім беру ұйымдары дарынды балалармен қалай жұмыс істеуді біледі.

Қорытындылай келе, әлемде жұмбақтың болғаны қандай жақсы. Соның бірі – дарындылық. Дарынды балалармен жұмыс жасаған адамды бақытты адам деуге болады. Себебі, күн сайын табиғаттың бір ғажайыбын көре алады.



**Кошанова Мейрамкул**

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кенті  
КМҚК «Жауқазын» балабақшасының тәрбиешісі

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА  
ТІЛДІҢ ДЫБЫСТАЛУ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың тіл дыбыстарын дұрыс айтып, тілдің дыбысталу мәдениетін меңгеру жолдары қарастырылған. Тілдің дыбысталу мәдениетін арттыруда фонемалық қабылдау, сөйлеу аппаратының қозғалғыштығы және артикуляциялық жаттығулардың маңыздылығы туралы айтылған.

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру- отбасының, балалар бақшасының міндеті. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңалыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы – балабақшадан басталғаны орынды.

Қоршаған ортамен тілдік қарым-қатынас орната алатын, өз ана тілін жетік білетін және құрметтей алатын тұлғаны тәрбиелеу балабақшадағы оқу процесіндегі «Қатынас» білім беру саласы арқылы жүзеге асырылады.

Дыбыстың дұрыс айтылуын қалыптастыру үрдісінде оны есту және фонемалық қабылдау, тіл мүшелерінің, сөйлеу аппараты қозғалғыштығының айрықша маңызы бар. Дыбысты есту тілді қалыптастырудың міндетті шарты болып табылады. Фонемалық қабылдау дегеніміз- бұл тіл дыбыстарын (фонемаларын) жіктеуге және сөздің дыбыстық құрылымын анықтауға бағытталған арнаулы ақыл-ой әрекеттері. Фонемалық қабылдау мынадай екі бөліктен тұрады: фонемалық есту – барлық тіл дыбыстарын, әсіресе дыбысталуы жөнінен өте жақынды быстарды қабылдау, дәлме-дәл жіктеу қабілеті және қарапайым дыбыстық

талдау.

Мектепке дейінгі ересек жаста фонемалық қабылдаудың даму деңгейі айтарлықтай жоғары болады; олар ана тілінің дыбыстарын дұрыс айта алады, оларда сөздер мен жеке дыбыстардың нәзік және жіктелген дыбыстық бейнесі қалыптасады, сондықтан бұл кезеңде тілдің естілуін одан әрі жетілдіру, ересектер тобындағы балалардың дұрыс, айқын және мәнерлі сөйлеуін пысықтау маңызды шаруа болып есептеледі.

Дыбыстың дұрыс айтылуын қалыптастыру үш кезеңде жүргізіледі;

- артикуляциялық аппаратты дайындау;
- оқшауланған дыбыстың айтылуын нақтылау;
- буындағы, сөздегі және сөз тіркесіндегі дыбыстарды пысықтау

Бірінші кезең- артикуляциялық дайындық қимылдары- кез-келген ұйымдасқан балалар әрекетінде, сондай-ақ тілдің дыбысталу мәдениеті бойынша арнайы ұйымдастырылған оқу қызметінде қысқа жаттығулар түрінде, күн сайын өткізілетін таңертеңгі гимнастикада жүзеге асыруға болады.

Бір дыбысты оқып үйренудің әдеттегі құрылымы мынадай:

- немесе туыстас дыбыстар тобының

артикуляциясын көрсету, түсіндіру, педагогтің дыбысты бейнелі түрде әлденеше рет айтып беруі

- балалардың бір мезгілде тілдік тыныс шығару (тыныс шығару ұзақтығы) және мәнерлеп сөйлеу жаттығуларын жасап, оқшауланған дыбысты айтуы;

- балалардың дауыстың өзгеретін күшін, биіктігін, сөздің қарқынын қайталай отырып, буындарды, дауысқа еліктеуді айтып беру;

- сөздер мен сөз тіркестеріндегі дыбыстың айтылуына жаттығулар жасау (әзіл-қалжыңдарды таза сөйлеу, әңгімелерді сахналау, дидактикалық және қимылды ойындар, өлеңдер оқу).

Мұндай жұмыстардың ерекшелігі – белгілі бір дыбыстың әлденеше рет қайталанып отыруында. Сондықтан тәрбиеші алуан түрлі оқыту тәсілдері мен тілдік материалды пайдалана отырып, арнайы ұйымдастырылған оқу қызметіне балалардың қызығушылығын тудыруы тиіс. Таза сөйлеу дегеніміз - бұл дыбыстардың, буындардың айтылуы қиын сөздердің күрделі ұштасуынан тұратын ырғақты тілдік материал. Тез сөйлеу немесе жаңылтпаш дегеніміз - бұл айтылуы қиын ырғақты сөз тіркесі немесе бірдей дыбыстар жиі кездесетін, өзара ұйқасатын бірнеше сөз тіркесі. Жаңылтпаштың мақсаты - дикция аппаратын жаттықтыру.

Балалардың сөздерді дұрыс айтуына тікелей әсер ететін алуан түрлі тәсілдер педагогтің мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың тілдік есту қабілеті мен зейінін жетілдіруіне көмектеседі. Мұндай тәсілдерге мыналар жатады:

- педагог ұсынатын тапсырманы орындаудың дұрыс айтылу үлгісі «мысалы: «Менің [3] дыбыс кездесетін сөзді қалай айтатынымды, бұл дыбысты бөліп қалай естіретінімді, қалай ұзақ созатынымды көріндер: 3-3-3-зеңбірек...»;

- бәрі бірге және жеке қайталау. Мұндай қайталаулар балалардың сөйлеу қимыл аппаратын жаттықтырады. Құрдастарының жауабын тыңдай алатындай жағдай туғызып, шағын топтарда дыбыстарды күбірлеп айтулары ерекше пайдалы болады;

- педагогтің тапсырмасын орындау қажеттігін дәлелдеу. Мұндай тапсырмалар сезімдік әзіл түрінде («Келіндер, Асхатқа көңілді ән салуды үйретейік!») немесе іскерлік мәнерде беріледі. Мұндай тәсіл жауаптардың сапасын көтереді;

- тапсырманы жекелей орындауға қызықтыру. Тәрбиеші баланың жауап беруі алдында оған жекелей нұсқау береді

- көрнекі тәсілдер-артикуляциялық қимылдарды, ойыншықтарды немесе суреттерді көрсету. Тілдің дыбысталу мәдениетімен жұмыс істеу үстінде де осындай тәсілдерді қолдану жақсы нәтиже береді.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың мәнерлі сөйлеу тілін қалыптастыруда тәрбиеші оларға мәнерлі сөйлеудің ырғақты құралдарын-дауыстың биіктігі мен күшін, сөйлеу қарқынын реттеуді, үзіліс-паузаны және мағынаға орай екпін түсіруді меңгеру қажеттігін үйретеді. Ол үшін көркем мәтінді өз сөзімен айту, драмалау ойындары, сахналау ойындары, жатқа айту орында болады. Оларға жататындар:

- мәнерлеп оқу үлгісі;
- кейіпкердің қарапайым сипаттамасы. Оны осы кейіпкерді бейнелеуде бала тиісті дауыс ырғағын таңдап алуы үшін тәрбиеші балалармен бірлесе отырып береді;

- тәрбиешінің қоятын сұрақтары. Олар да баланың мәнерлі сөйлеу құралдарын таңдауына көмектеседі. Бұлардың нақты сипатта болуы өте маңызды;

- ауызша жаттығулар тәсілі. Мысалы: балаларға шығармалардың жекелеген жолдарын бәрі бірге немесе жекелей қайталауды, қисынды екпіндердің қате қойылғанына, дауыстың қарқынын немесе күшін айқын бере алмағанына назар аударуды ұсынуға болады;

- шығармашылық тапсырмалар. Мысалы: дауыс ырғағы әртүрлі қойылатын сөз тіркестерін айту (көңілді, мұңды, немқұрайды және т.с.с.);

- рөлдерге бөліп оқу. Тілдің дыбысталу мәдениетін қалыптастыру үшін мынадай жаттығуларды пайдалануға болады: Берілген дыбыс кездесетін сөзді атау. (бірінші бала – аяқ

десе, екінші бала – қалам, үшінші бала – арқан деуі мүмкін). Балалар қажетті дыбысты сөздің басында, ортасында, аяғында келетін сөздерді естеріне түсіреді.

Балалардың назарына ұйқастарды ұсыну. (Үстел үстіне Зойыншық қойдым, демек атауында «Зз» дыбысы бар 3- сөзді атау керек) Аталу ретіне қарай педагог заттарды алып отырады. Қазақ тілінің сөз мәдениетін

көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту нормасы. Сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану; сөз мәдениетіне әлеуметтік көзқарасты қалыптастыру, сөз мәдениетін әлеуметтік ғылымдар мен ұлттық мәдениеттің ең басты тірегі деуге болады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Әмірова Ә.С. *Сауат ашу және жазу. Әдістемелік құрал.* - Алматы, «Алматыкітап» ЖШС, 2005

2. Біз мектепке барамыз: Әдістемелік құрал. Мектепке дейінгі ересек жастағы (5жасан бастап бжасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» әдістемелік құралы. / И.А. Турская, Т.А.Дарыгина, Г.Г.Корчевская, С.И.Шелипова, С.Г.Шақабаяева, И.И.Митрофанова, Л.Д.Қасқабасова.- Астана: «Арман-ПВ», 2013. -280бет



#### Құлманова Мөлдір

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кенті  
КМҚК «Жауқазын» балабақшасының тәрбиешісі

### БАЛАБАҚШАДА МЕРЕКЕЛЕР МЕН ОЙЫН-САУЫҚТАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Аталған мақалада балабақшада жүргізілетін мерекелер мен сауықтардың құрылымы, мазмұны мен ұйымдастырылуы қарастырылған. Мерекелер мен сауықтарды өткізу мен дайындық жұмыстарына қойылатын талаптар мен ережелер айтылған.

Бала тәрбиесі тал бесіктен бастау алатыны рас. Балабақша табалдырығын аттаған балақайлардың бойында білімге, өнерге деген деген құлшыныс пайда болады. Мұның барлығы балабақшада жүргізіліп жатқан педагогикалық процестің арқасы деуге болады. Бала өмірінде есте қалатын сәттердің бірі- балалар бақшасындағы мерекелік іс-шаралар. Мереке, ойын-сауық – балабақшадағы барлық педагогикалық ұжым қатысатын салтанатты оқиға десек артық болмас. Ол

балалардың бойына қуаныш, жоғары көңіл-күй сыйлайтын, ерекше сезім тудыратын шара. Мерекелердің басты тәрбиелік ықпалы- эстетикалық сезім тудыра отырып, талғам қалыптастырып, сезімдік құралдар арқылы балалардың санасына бейнелі түрде жеткізілуінде.

Мерекелер балаларды қуанышқа бөлеумен қатар, жаңа біліммен қаруландырып, рухани жан-дүниесін байытып, шығармашылығын, көркемдік талғамын арттыра түсіреді. Балалар өлең айту, би

билеу, кейіпкерлер бейнесінде болумен қатар тақпақтар айтып өз өнерлерін шындай түседі. Мерекелерге ән, би, жаттығулар мен ойындарды дұрыс таңдай отырып жоспарлау қажет.

Мерекенің мазмұны балаға түсінікті болған жағдайда ғана оның жадында ерекше із қалдыра алады. Музыка жетекшісі музыка таңдауда қателеспегені жөн. Себебі балалардың икемділігі мен дағдылары әртүрлі. Белгілі бір биді немесе әнді тақырыбы үндес әртүрлі мерекелер мен ойын-сауықтарда пайдалануға болады. Негізінен мерекенің құрылымы (сценарий) оның тақырыбына байланысты құрылады. Мысалы: қоғамдық-саяси оқиғаларға арналған дәстүрлі мерекелер салтанатты бөлімнен басталады. Яғни тәрбиеленушілеріміздің мерекелік шеруінен, Әнұранның орындалуынан, келген қонақтар немесе балабақша меңгерушісінің құттықтау тілектерінен, мереке тақырыбына арналған өлеңдер оқудан тұрады.

Салтанатты бөлімнен кейін концерт беріледі. Бұл бөлімде топтық және жеке өнерлері көрсетіледі. Жалпы және жеке билер, әндер орындалып, сахналау болады. Мерекенің соңында балаларға жақсы тілек айту, бата беру, сыйлық сыйлау секілді қуаныш сезімдерін күшейтетін әрекетпен аяқтайды.

Мерекені өткізу уақыты мен оның ұзақтығының айтарлықтай маңызы бар. Оларды таңертеңгі уақытта өткізген абзал. Себебі, балалардың физиологиялық және психологиялық жағдайын ескеру керек. Мерекелік костюмдердің өзіне үлкен мән берілуі қажет. Ол бала денесіне қонымды, қыспайтын, жеңіл, бойына сәйкес, ыңғайлы және эстетикалық талғамға сәйкес тігілген болуы қажет. Мереке асығыс дайындалмауы қажет, себебі мереке мазмұнында тәрбиелік жұмыс жатқанын ескеру керек. Мерекенің мазмұны, құрылымы, жалпы бағдарламасы меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер бас қосатын педагогикалық кеңесте талқылануы тиіс. Бағдарламамен музыка жетекшісі таныстырып, сол жерде ұсыныстар беріліп, өзгертулер мен толықтырулар енгізуге болады. Мерекедегі міндеттерді бөлу ісі

осы жерде шешіледі. Ол қандай міндеттер болмақ?

- Мереке жүргізушіні таңдау;
- Зал және кіре беріс бөлмелерін безендіру;
- Атрибуттарды даярлау;
- Киімдерге жауапты педагогты қою;

Мерекені ойдағыдай, өз дәрежесінде өткізу көбінесе жүргізушіге байланысты болғандықтан, оны таңдау кезінде жауаптылықпен қарау қажет. Оның мерекенің бағдарламасын, жүргізілу ретін жақсы білуі, музыкадан хабардар болуы тиіс. Жүргізушіден тапқырлық, мықты сөз саптау, өзін еркін ұстау, киын жағдаяттан шыға білу сынды қабілеттер байқалуы тиіс. Оның ұяң балаларды сергіту, ойынға беріліп кеткен балаларды дер кезінде тоқтата алу секілді шеберлігі де болғаны абзал.

Мерекелік іс-шара өз уақытында басталып, өз уақытында аяқталған дұрыс. Мереке барысында балалардың көңіл-күйін қоштап, қолдау жасайтын тәрбиеші екені мәлім. Осы жерде тәрбиешіден шеберлік қажет етіледі. Тәрбиешілер өз тобының балаларының мерекеде көрсететін өнерлерін жіті қадағалап, сонымен қатар көрініс және би билеуге арналған киімдерін дер кезінде ауыстырып отырады. Мерекені ойдағыдай өткізу үшін балалардың дұрыс орналасуына аса назар аударған жөн. Мереке басталмас бұрын, топтағы бала санына сәйкес орындықтар даярлануы қажет. Егер орындықтар шеңбер түрінде емес, бірнеше қатар болып қойылатын болса, онда кейінгі қатардағы орындықтар биік орналасқан жөн. Себебі, болып жатқан көріністерді балалар көре алмауы ықтимал.

Мерекелік іс-шаралардың өткізілуі, оның жемісті және олқы тұстарын талқылау мақсатында педагогикалық кеңес өткізіледі. Әрине, педагогикалық кеңес мереке, ойын-сауық толығымен өткізіліп, өз мәресіне жеткеннен кейін ұйымдастырылатын болады. Мұндай талқылаулардың жүргізілуі себебі, келесі мерекені өткізуде кемшіліктерді болдырмауды, педагогикалық жұмыстың тиімділігін арттырады.

Ойын-сауық эстетикалық тәрбие құралы. Мысалы: қуыршақ, көлеңке, саусақ,

конус, үстел-үсті театрларының мазмұны эстетикалық сезімді оятады. Ойын-сауықтар бір немесе бірнеше жас топтары үшін бір мезгілде ұйымдастырылады. Балалардың спектакль көруі, туған күн тойлауы, қызықты кештер ұйымдастыруы жылы сезімге баулиды және қажетті жүріп-тұру дағдыларын қалыптастырады.

Балабақшада ойын сауықтың екі түрі пайдаланылады:

- Белсенділігі орташа деңгейдегі ойын-сауық (Мұндағы негізгі міндет ересектерге жүктеледі);

- Белсенді ойын-сауық (Мұнда негізгі рөлді балалардың өздері атқарады).

Ойын сауық жоспары жасалынады. Музыкалық ойын-сауықтарға музыка жетекшісі тікелей қатысады. Ал, өзге сипаттағы жоспарланған ойын-сауықтарды тәрбиеші өз бетімен өткізеді.

Әрбір мерекенің және ойын-сауықтардың мазмұны балаларға қуаныш пен жақсы сезім қалыптастыра алғаны жөн. Сондықтан мерекеде өнердің бірнеше түрін ұштастырып, мұқият ойластырып жоспарлаған жөн. Қай нәрсені алсақта, жоспар бойынша жүзеге асырсақ, нәтижелі жұмыс көре аламыз. Олай болса, бала болашағымыз екенін біле тұра, балабақшадан бастап, олардың көңілдерін жарқыратып көтеру, әрбір педагогтің міндеті екенін ұмытпайық.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Біз мектепке барамыз: Әдістемелік құрал. Мектепке дейінгі ересек жастағы (5жасан бастап бжасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» әдістемелік құралы. / И.А. Тирская, Т.А.Дарыгина, Г.Г.Корчевская, С.И.Шелипова, С.Г.Шақбаева, И.И.Митрофанова, Л.Д.Қасқабасова.- Астана: «Арман-ПВ», 2013, 258-261бб.

2. Қоңыратбай Ф.М. Балабақшадағы мерекелер.- Алматы, 2009ж.



#### Жусупбаева Айжан Базарбаевна

Павлодар облысы, Екібастұз қаласы  
№23 «Балауса» мектепке дейінгі гимназиясының  
I санатты тәрбиешісі

### ЖАҚСЫ БАЛА ТӘРБИЕЛЕСЕҢ-КӨЗІҢНІҢ ҚУАНЫШЫ, КӨҢІЛІҢНІҢ ЖҰБАНЫШЫ

*Әркім өзі жол тауып кететіндей бала тәрбиесі жеңіл нәрсе ме?  
Жоқ. Бала тәрбиесі - өнер М.Жұмабаев*

Тәрбие адам тағдырын шешеді. Бұл рас сөз, ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін сөз. Бала отбасында қандай тәрбие көрсе, бойына нені қалыптастырса, нені меңгерсе ұшқанда соны ілері анық. Балаға жақсы тәрбие беру, жақсы өнеге көрсету ата-ананың парызы. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасып, жақсы адам болып жетілуіне ата-ананың тәрбиесінің, отбасының тәрбиесінің ықпалы зор. Ана – бала тәрбиесіндегі ерекше тұлға. Дана Абай бабамыз қазақ әйелінің, ананың отбасындағы орнын ерекше жырлайды. Жалпы, «адам бойындағы барлық қасиеттер ананың ақ сүтімен жаралған» – деген ғұламалық ойды тарата келе, осы қасиеттің міндетті түрде тәрбиеленуі туралы айтады. Әрине, бала тәрбиесіндегі әкенің орны бөлек, әсіресе, ер бала тәрбиесінде. Әкенің қатаң талабын, тәрбиесін көрген бала ертең қоғамда да өз отбасында да шешуші тұлға бола алады. Әке қашанда баланы сөзбен емес, өзінің ісімен тәрбиелейді. Ер бала ең алдымен әкенің өнегесінен нағыз ер адам қандай болу керектігін қабылдайды. Сондықтанда әке ұлын батылдыққа, батырлыққа, ер жүректікке, адалдыққа, қайраттылыққа, ұлтжандылыққа, әйел баласына серілік қарым-қатынас танытуға, отағасы қандай болу керек екендігін өз тәжірибесі арқылы үйретіп, үй еңбегінің аса қиын соғатын істерді өз мойнына алуға

талпынуға тәрбиелеуі керек. Мемлекетіміз бен Үкіметіміз өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту мәселесіне шексіз қамқорлық жасап келеді. Тәрбие жұмысын жүргізу – қиын да күрделі іс. «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлаудан басталады. Себебі, ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды» деген қазақтың белгілі ағартушы педагогі Ыбырай Алтынсариннің ата-ананың бала тәрбиесіндегі атқаратын рөлін айрықша атап көрсеткен бұл сөзі бүгінде өз мән-маңызын әлі күнге дейін жойған жоқ. Бала отбасында әкеден ақыл, анадан мейір алады. Әрбір ата-ана бала тәрбиесіне бей-жай қарамай, бақытты болашағымды тәрбиелеп жатырмын деп ойласа, жақсы адам, толыққанды дамыған жеке тұлға тәрбиелері анық. Әрбір ата-ана өз перзетінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішпейіл азаматы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында балаларын тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі шарт. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы – бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қатынасы мазмұнды, берілген тәрбие сенімді және негізді. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы – туған

ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі, тілі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы – ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» – дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған жөн. Ата-ана тәрбие беруде ата-бабамыздың салт-санасы, әдет-ғұрпында жүргізілген үлгі-өнегесінің мәнісі зор. Отбасы тәрбиесінде әкенің де, ананың да орны бөлек. Әке мен ана баланы бірге тәрбиелейді «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: «Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелеріне сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді...» деліні, ұрпақ тағдыры айтылады. Бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларның көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, өіне мейрімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Бірде-бір ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға құқы жоқ. Ата-ана бала өсіруде қате жіберсе, осалдық байқатса, қартайғанда опық жейтіні, өкінішке ұрынатына ешбір дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат. Отбасындағы тәрбиенің ең дұрысы – баланы еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі. Еңбек ете білмеген немесе оны жек көрген адамның отбасы берекелі болмайды.: отбасындағы да, қоғамдық ортадағы да тәрбиеде балаларды еңбек ете білуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу басты нысана болуы тиіс. Сонда ғана отбасы мүшелелері арасындағы қарым-қаиынаста әдеп-инибат, адалдық пен ақпейілдік үстем бола алады. Отбасында жеткіншек ер баланы тәрбиелеу – бұл қарапайым емес маңызды және жауапкершілікті талап ететін үлкен іс. Өйткені осы жастағы ер баланың бойынан шығармашылыққа, өзінің өмірден орнын іздеу сияқты талпыныстарын



байқауға болады. Осы тұста ата-ана олардың жан дүниесін түсініп, дер кезінде бағыт-бағдар көрсететсе, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі тапқырлығы болып саналады. Егер сіздің балаңыздың өмірде белгілі деңгейде жетістікке жетуін қаласаңыз, жеке тұлға ретінде, маман ретінде ашылуына еңбектендіре отырып, көмек беру қажет. Бұл ата-ана үшін, балалар үшін және қоғам үшін өте тиімді. Ата-ананың ең үлкен міндеттерінің бірі - мұсылман үмбеті деген атқа лайық иманды перзент тәрбиелеу. Шарифатта да алтын ұя – отбасы жоғары бағаланып, оны бала тәрбиелеп өсіруіне бірінші дәрежелі мән берілген. Ендеше баланы тәрбиелеу, оны жеке тұлға етіп қалыптастыру оңай шаруа емес екені айдан анық. Бұл ата-ананың шыдамдылығын, төзімділігін, табандылығын, қайраттылығын сынайтын сала, нағыз өнер.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. «Еңбекке баулу» Алматы «Атамұра» 2000
2. Исламгулова С.К. Дидактические условия проектирования учебного процесса на основе технологического подхода. Творческая педагогика №2, 2001
3. Құтпанбаев Ә «Ұстаз ұлағаты» Ғылым 2002
4. Тәжімұратов Ә «Шебердің қолы ортақ» Алматы 1977
5. Шаңырақ. Үй-тұрмыстық энциклопедиясы.
6. Маргулан А. Казахская юрта и ее убранство. М. 1964.
7. Қалиев С. Оразаев М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы. Рауан. 1994.



**Алиева Миращ Муратбековна**

Ақтөбе қаласы  
№9 «Бәйшешек» бөбекжай – балабақшасы  
Жоғарғы санатты музыка жетекшісі

### «АЙГӨЛЕК» БАЛАЛАР ФЕСТИВАЛІ (Жазғы сауықтыру жұмыс түрі)

**Мақсаты:** Балалардың бойында музыкалық қабілеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, әр баланың бойындағы талантты анықтау. Өнерге баули отырып эстетикалық сезім күйін қалыптастырып, әдемілікке, әсемдікке, достыққа, Отанын сүюге тәрбиелеу.

(Фестиваль өтетін алаң шарлармен, флажоктармен, гүлдермен, кілемше жайылып безендіріледі. Керекті құралдар: музыка орталығы, микрофондар, қатысушы балалар өз өнерлеріне сай әсем киінеді.)

#### 1 жүргізуші:

Армысыздар, ағайын, құрбы - құрдас, Бармысыздар, ән сүйер әз қауымдас. Бүгінгі кеш әуенін біз бастайық, Сайыста көңілменен қол соғайық.

#### 2 жүргізуші:

Армысыздар, ұлағатты ұстаздар, Бармысыздар, жадыраған жас достар. Бүгінгі «Айгөлек» фестиваліне қош келдіңіздер.

Иә, қазақ халқы өнерді жоғары бағалап, оларға ерекше құрмет көрсеткен. «Сал сері» деген атаулар беріп ыстық ықыласқа бөлеген.

#### 1 - жүргізуші:

Менің ойымша оған бірінші дарын, икемділік, жұртшылықты өзіне қарату, ерекше сезім иесі және терең білім мен шеберлікті қажет етеді. Ендеше біздің балабақшамызда осындай бүлдіршіндер бар ма?

**2 - жүргізуші:** Олай болса тұрмайық байқауымызды бастайық.

Бүгінгі мерекелік құттықтау сөз кезегін меңгеруші Ш.Т.Жусуповаға береміз.

Әділқазы алқалары төрешілері:

1. меңгеруші: Ш.Т.Жусупова
  2. әдіскер: Г.Ж.Туремуратова
  3. орыс тілі маманы: Ж.К.Кубаева
- Ал енді кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

#### 1 жүргізуші:

Ән де, күй де еріккеннің ермегі емес, адам жанының айнасы, өмір құбылыстарының көрінісі. Әсем әуезді ән - адам өмірінің тамаша бейнесі. Ендеше алғашқы жас өренімізге жол береміз. Ортада «Қарлығаш» тобының тәрбиеленушісі Бегімді «Қыз бала гүл» әнімен, қошеметтеп қарсы алайық.

Дауысың қандай сырлы еді,



Табиғатты тыңдатқан.  
Көркің қандай нұрлы еді,  
Таң шолпанмен астасқан – демекші  
Бегім, сен бірінші болып сахнаға шықтың,  
қандай сезімде болдың.

- Бұл ән маған ұнады, ал сізге ше Гүлмира апай?

**2 жүргізуші:**

Құлақтан кіріп бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең менше сүй, - деп Абай  
атамыз жырлағандай, келесі кезекті Айару  
мен Нұрияның орындауындағы «Тәрбиеші»  
әніне береміз.

- Айару, Нұрия бәрекелді, сен әніңді  
тамаша орындадың! Біз саған тек сәттілік  
тілейміз!

- Ал төрешілер сіздер не дейсіздер?

**1 жүргізуші:**

Уа, халайық, халайық,  
Мұнда назар салайық.  
Ата жолын жалғамақ,  
Ел дәстүрін сақтамақ  
Ел намысын қорғамақ,  
Алихан шықсын ортаға, - деп, жас  
спортшымыз Алиханның өнеріне береміз. -  
Алихан, жарайсың, спорттық жаттығуыңды  
жақсы орындап шықтың, маған сондай  
ұнады.

**2 жүргізуші:**

Әннің әсері де әр қилы. Тәтті әуеннің  
әрбір ырғағында ұялаған терең мәнімен  
адамның ұйықтап жатқан жүрегін оятады.  
Оятады да оның жан дүниесін, әр түрлі күйге  
келтіреді. Зауқын сергітеді, мұңға бөлейді,  
бұғып жатқан дертін қозғайды. Адам көңілін  
жас баладай әлдилеп оятады. Ендеше  
келесі кезекті «Оқуда озат боламын» әнін  
орындайтын Жұлдызға береміз. Қошеметпен  
қарсы алайық ағайын

**1 жүргізуші:**

Алдымызда ұзақ жол,  
Ізденуден талмағай.  
Қиындыққа мойымай,  
Өнер жолын жалғағай - деп, тамаша  
такпағымен ортаға Даулетті шақырамыз.  
Даулет, біз сені өнердің биік белестерінен  
көрейік, сәттілік тілейміз. Ал бұған  
төрешілеріміз не айтады?

**2 жүргізуші:**

Би десе барын салатын,  
Құмары содан қанатын.  
Биле, кәне, достарым,  
Кезекті сізге жолдадым - деп келесі  
кезекті «Бүлдіршін» тобының «Қуыршақтар»  
биіне береміз.

- Қыздар, жарайсындар, билерің жақсы  
болды, менің көңілімнен шықты.

**1 жүргізуші:**

Жақсы әнші өнеге,  
Сегіз қырлы, бір сырлы.  
Өнерді үйрен бір - бірлеп,  
Әнде шырқап, би билеп.  
Халық айтса біледі,  
Талаптыға нұр жауар,  
Өнерлі өрге жүзер,  
Талаптылар құр қалма!  
Бүгін әнші атанбақ – деп ортаға Таңатар  
Нұрдананы «Попури» әнімен шақырамыз.  
Қане, қошеметтеп қояйық ағайын!

Әдептілікті сақтаймын,  
Нұрдананы мақтаймын.  
Қамқор сыншы болайық,  
Деген сөзін жақтаймын.

**2 - жүргізуші:** Қазақ халқында әншілік,  
бишілік, сазгерлік, ақындық қасиеті тоғысқан  
сегіз қырлы бір сырлы жандарды «өнерлі»  
деп атаған.

Ендеше осы өнер қайдан шығады?

**1 - жүргізуші:**

Сен бір нәрсені айтпай тұрсың. Қазақта  
«Асыл тастан, өнер жастан» деген мақал бар.  
Қай өнер болса да жастайынан машық болу  
керек.

**2 - жүргізуші:**

Уа, жарандар, жарандар.  
Бәрің бермен қараңдар.  
Бишілер кеп қалыпты,  
Бір сәт зейін салайық  
Әрбір ғажап әлемге арнап  
Әсем бір би билейін - дей келе ендеше  
сахна төріне балабақшамыздың кішкентай  
бүлдіршіндері «Көңілді матрешкалар»  
бишілерін шақырайық

**1 жүргізуші:**

Бүгінгі сағынышқа, шаттыққа толы  
кешімізді одан әрі жалғастыралық.  
Сән - салтанат жасайық,  
Күй сандықты ашайық.



Бұл мереке, бұл тойға,  
Әнмен шашу шашайық - деп,  
байқауымыздың ең кішкентай қатысушысы  
Айлинді «Анашым» әнімен қабыл  
алыңыздар!

Аилин, бәрекелді, әніңді жақсы орын-  
дадың, маған қатты ұнады. Ал, төрешілер  
сіздерге ше?

**1 жүргізуші:**

Әндер - әндер! Ұш әуемде,  
Ұш көгімде, күллі әлем,  
Көктем келсе гүл боп елге,

Мен де бірге түрленем, - деп Сағыналы  
Аминаның орындауындағы «Балабақшамен  
қоштасу» әніне кезек береміз.

Амина, талабыңа нұр жаусын! Саған тек  
сәттілік тілейміз.

**1 жүргізуші:**

Ал балалар, балалар  
Ортаға назар салыңдар.  
бүлдіршіндер келеді,

Бар өнерін төгеді, - деп қошеметпен  
«Балапан» тобының әсем әнін тамашалайық.  
Ән »Топ-топ балақан»

**2 жүргізуші:**

Бүлдіршіндер билейді  
Аяғы жерге тимейді - деп келесі

кезегімізді «Көңілді балалар» биге береміз.  
(Тапати) Қошеметтеп қарсы алайық!

Жарайсыңдар, балалар, тамаша билеп  
шықтыңдар.

**1 жүргізуші:**

Қуанып жасымыз да, кәріміз де,  
Саламыз шаттық әнге бәрімізде.

Аруханмен Назерке ортамызда,  
Халқына ән арнайды шапалақта  
Ендеше ортамызға «Балабақша» әнімен  
Арухан мен Назеркені шақырамыз

**2 жүргізуші:**

Арухан, Назерке біз сендерді өнердің  
биік шыңдарынан көрейік.

**1 жүргізуші:**

Осымен «Айгөлек» фестивалі өз мәресіне  
де келіп жетті.

Күнде жиын бола бермес дәл осындай,  
Күн сайын өзгереміз, өркендейміз.

Ұл - қыздың бақыты үшін ғұмыр кешкен,  
Алдымызда отырған әділқазы қонақтарға  
сөз береміз. (әділқазылардың бағалап, мара-  
паттауы)

Сын - шын, бағалау әділетті болсын!  
Жеңіске жеткен жеңімпаздарды  
жеңістерімен құттықтаймыз!

Бірге: Көріскенше күн жақсы болсын!!!



**Тажидинова Анар Жаксылыковна**

Нұр-Сұлтан қаласы

№ 69 «Еркем-ай» балабақшасының тәрбиешісі

## БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

**Аңдатпа.** Мақалада бейнелеу өнерінің мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамытудың ерекшеліктері берілген. Инновациялық әдістер арқылы бейнелеу өнеріне үйретудің педагогикалық маңыздылығы мен мазмұны көрсетілген. Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру жолдары айтылған.

**Түйін сөздер:** бейнелеу өнері, әдістер, иновация, педагогикалық процесс, эстетикалық талғам, шығармашылық, мектепке дейінгі білім беру және т.б.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Жолдауында «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек» - деген болатын. Осы орайда, ғылым мен білімді модернизациялау еліміздің негізгі басым бағыттарының біріне айналды. Аталған бағыттардың табысты іске асуы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан басталмақ.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында баланың шығармашылық қабілетін дамыту бейнелеу өнері негізінде жүзеге асады. Мектепке дейінгі балаларды бейнелеу өнеріне үйретудің әдістері көптеген ғалымдардың зерттеу нысаны болды. Балалардың бейнелеу өнерінің педагогикалық мәселелерін А. А Дмитриева, С. В. Иванникова, Р. Г. Казакова, Т. Г. Казакова, Т.С. Комарова зерттеді. Олар өз жұмыстарында мектепке дейінгі балалардың сурет салу ерекшеліктерін ашып көрсетті. Бейнелеу өнерінің әдіснамалық негіздерін айқындауға Ресей ғалымдары В.Г. Волков, Н. В. Пьянкова, А. С. Хворостов және т.б.

өз үлестерін қосты. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесі қашан да ғалымдардың назарынан тыс қалған жоқ, себебі жас ұрпақты өнерлі етіп тәрбиелеу заманауи педагогиканың негізгі міндеттерінің бірі.

Баланың шығармашылық әрекетін дамыту қабілетпен тығыз байланысты. Қабілет- белгілі бір іс-әрекетті нәтижелі орындайтын тұлғаның жеке дара ерекшелігі. Баланың қабілетін дамыту ерте жастан басталады. Олардың практикалық дағдылары айналадағы заттарды танудан және соны қиялында бейнелеуден тұрады. Қоршаған ортадан алған әсерлерін сурет салу арқылы жеткізуге тырысады. Бейнелеу өнері балалардың эстетикалық сезімдерін, қоршаған өмірдің, табиғаттың сұлулығын қабылдау қабілетін дамытады. Көркемдік талғам қалыптастырудың өзекті құралы ретінде баланы өз халқының эстетикалық мұраларын игеруіне, халық өнерінің айшықты туындыларынан ләззат алуға, рухани дамуына және халық талантын қастерлеуге, сүйе білуге баулиды. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту құралы ретінде сурет салуды қарастырып көрейік. Суреттердің тақырыбы әр түрлі

болуы мүмкін. Балалар өздері қызыққан суреттерді салады. Қоршаған ортаны, жекелеген заттарды, әдеби кейіпкерлерді және т.б. Балаларды әдемі әлемге тарту, креативтілікті дамытады, эстетикалық талғамды қалыптастырады, қоршаған ортаның үйлесімділігін сезінуге мүмкіндік береді. Сурет салу балалардың қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру арқылы сұлулық сезімін оятады, дүниетанымын қалыптастырады, шығармашылық белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, жеке тұлғаны ұқыптылыққа, дербестікке, еңбексүйгіштікке бейімдейді.

Педагогикалық процесте балаларды сурет салуға үйретудің әртүрлі әдістері қалыптасқан. Олар былай топтастырылады: Құммен сурет салу, бастарма, бір бастырма, нүкте арқылы сурет салу, әртүрлі заттарды пайдалану арқылы далаппен сурет салу, сия тамшысымен сурет салу, жіппен сурет салу т.б. Мысалы: сәбилер тобында балалар алақанмен, бастырмамен, саусақпен сурет салуды үйренсе, ересек топтарда қағазды екіге бүктеу арқылы, түтікшемен үрлеу, шашырату әдісімен, далаппен салуды және жіпті, жапырақтарды қолданып сурет салуды үйренеді. Енді солардың кейбіреулеріне тоқталып көрелік.

«Бастыру әдісі»: Әртүрлі заттармен бастыру арқылы сурет салу жиі қолданылады. Бұл әдіс арқылы жұмыс істеу балалардың шығармашылық дағдысын дамытады және жағымды эмоция тудырады. Бастыру үшін әртүрлі заттарды қолдануға болады. Мысалы: жапырақ, өсімдіктер, көкөністер т.б.

«Саусақпен сурет салу әдісі»: Алақанмен, саусақпен бейнелеудің бір түрі болып табылады. Балаларға алақан немесе саусаққа әр түсті бояу жағу арқылы заттың суретін салу ұсынылады. Бала өзінің қиялындағы

образды сия тамшысының көмегімен салады. Сия тамшысы арқылы сурет салу баланың қиялын жетілдіреді. Ақ параққа тамған тамшы арқылы бала санасында бейнеленген образды салуға талпыныс жасайды. Бұл баланың саусақ моторикасын, ептілігін, ұқыптылығын қалыптастырады.

Тағы қызықты әдістердің бірі таяқшалармен сурет салу. Түстерді дұрыс таңдай отырып, нүкте арқылы бейне шығару. Баланың психологиялық мүмкіндіктері ашылады, яғни белгілі бір бейнені санасында елестету арқылы образ шығарады. Құммен сурет салу бүгінгі білім беру жүйесінің инновациялық әдістерінің бірі болып табылады. Құмды алақанымен ұстаған кезде бала белгілі бір шексіздікті сезінеді. Р.В. Паранюшкиннің айтуы бойынша, құм адам бойындағы жағымсыз энергияны тазартады, адамға позитивті психологиялық ахуал сыйлайды. Құм терапиясы баланың ішкі сезімдерінің ашылуына мүмкіндік береді. Құм терапиясы баланың бойында төмендегі құзыреттіліктерді қалыптастырады:

1. Шығармашылық
2. Танымдық
3. Интеллектуалдық
4. Коммуникативті

«Далаппен сурет салу». Сурет салудың дәстүрден тыс әдісіне жатады. Далаппен сурет салу барысында бала әртүрлі косметикалық құралдарды пайдаланады. Бұл әдіс те баланың мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі.

Қорыта айтқанда бейнелеу өнері баланың шығармашылық қабілеті дамытады. Бейнелеу өнері құрастыруға, мүсіндеуге, сурет салуға көмектеседі. Баланың эстетикалық сезімдері мен эмоциялары қалыптасады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүлде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. 23 мамыр, -2014
2. Тулегенова Б.Қ. Мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту //Білім айнасы. Астана, -2017.
3. Галкина И.А. Значение рисования в развитии дошкольников <http://laetitia.ru/index.php/rekomendatsii-spetsialistov/250-znachenie-risovaniya-v-razviti-doshkolnikov>
4. Паранюшкин Р.В. Техника рисунка Ростов-на Дону: Феникс, -2006. С.166



**Искендинова Гулжан Бактыбаевна**

Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы  
«Алтын балық» бөбекжай бақшасы тәрбиешісі

## ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР – МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМУ ҚҰРАЛЫ

«Баланың қиялы, әсіресе ойындажарыққа шығады.  
Айналасындағы тұрмыста нені көрсе, соны істейді»  
М.Жұмабаев

Мектеп жасына дейінгі бала күн сайын жаңа құбылыстармен, заттармен кезігеді, айнала өмірді бақылап, өздігінен түсініп, қорытынды жасағысы келеді. Сол себепті тәрбиешінің міндеті баланың білім қорының қарапайымнан күрделіге қарай бірте-бірте реттілікпен жүйелі жинақталуына көмектесу болып табылады. Баланың логикалық ойлау қабілетін, дағдысын, білуге құштарлығын, ойлаудың қарапайым тәсілдерін дидактикалық ойындар арқылы дамытып, көздеген мақсатымызға жете аламыз. Ұсынылып отырған дидактикалық ойындардың мақсаты мен ойын барысы нақты көрсетілген. Бұл дидактикалық ойындарды оқу қызметінде және күннің II жартысында пайдалану арқылы баланың тілін дамытумен қатар ойынды өз шығармашылығымен жалғастыруға, ойын шартын дұрыс орындауға, белгілі бір нәтижеге жетуге, ұжымдық мақсатқа бағынуға, үлкендер мен балалар арасында ынтымақтастық қарым-қатынасты орнатуға толық қол жеткізіп отырамын. Дидактикалық ойынға керекті құралдардың әр балаға жеткілікті болуын, құралдардың ұзақ уақыт сақталуы үшін эстетикалық, гигиеналық талаптарға сай әдемі қораптарда, қалталарда сақталуын басты назарда ұстаймын.

Қазіргі таңда назарымызды аударып отырған өзекті мәселелердің бірі

балабақшада ұйымдастырылған оқу қызметінің мазмұнын, міндетін жаңарту. Осы бағытта біздің балабақшада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты аясында вариативтік компоненттің «Әлеуметтік» саласы бойынша «Бәрін білгім келеді» жұмыс бағыты бойынша «Алтын асық қалмасын айдалада» жобасымен жұмыс жасаймыз. 2019-2020 оқу жылына мен асықтан жасалған дидактикалық ойын «Асықтың түсін тап», «Көңілді асықтар» ойын түрлерін енгіздім.

Дидактикалық ойын: «Асықтың түсін тап»  
Ойынның мақсаты: Балаларға санап, түстерді ажырата білуге үйрету арқылы саусақ моторикасын дамыту. Асықтардың әлшы, тәйкі түсу атауларын үйретіп оң жақ, сол жақ ұғымдарын қалыптастыру.

Ойынның барысы: Дөңгелек көк түсті гүл қауызының жиегінде түрлі түсті асықтар орналасқан. Осы түрлі түсті асықтарға түсі сәйкес келетін гүлдің күлтешелерін дәл тауып, асыққа кигізіп орналастыру. Күлтешелердегі асықтың түсу атауларын айту. (әлшы, тәйкі)

Дидактикалық ойын: «Көңілді асықтар»  
Ойынның мақсаты: Саусақ моторикасын дамыту арқылы ойлау қабілетін арттыру, түстерді суретті карточкаға қарап, реттілікпен орналастыру.

Ойынның барысы: Тақтайша бетінде

түрлі түсті асықтар әлшы тұрғысында орналасқан. Балалардың қолында түрлі түсті дөңгелекшелері бар қалақша таратылады. Сол қалақшалардағы дөңгелекше түстеріне қарап асықтарды шым-шытырық жолдар бойымен жылжыту арқылы дәл солай орналастырады.

Мен көп жылғы өз іс-тәжірибемде мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік-логикалық, интеллектуалдық ойлауын дамыту құралы ретінде жұмбақтарды, қызықты есептерді, логикалық жаттығуларды, сөзжұмбақтар мен ребустарды, лабиринттерді де пайдаланып келемін.

Дидактикалық ойын: «Кілемшедегі сандар»

Ойынның мақсаты: 1-ден 20-ға дейінгі сандардың қандай пішінде орналасқанын тауып, тура, кері санауды жетілдіру. Кілемше үстін бағдарлай отырып, (оңға, солға, алға, артқа) ұғымдарын меңгерту.

Ойынның барысы: Тәрбиешінің нұсқауымен балалар кілемшедегі сандарға қарап оңға, солға, алға, артқа секіреді.

Дидактикалық ойын: «Оюды құрастыр»

Ойынның мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық оюының мағынасын түсіндіре отырып, әрбір ою жан-жануарлар мен өсімдіктерге ұқсас болатынын айта білу. Ұлттық оюдың түрлі атауын білу. Түр-түстерді айыра білуге үйрету.

Ойынның барысы: Балалардың қолына киізге немесе ЭВА резинасына ойылған әр түрлі ою өрнектері беріледі. Балаларға тағы да осы оюдың бірнеше бөліктері беріледі. Бала осы ою бөліктері арқылы киіздегі немесе ЭВА резинасында орналасқан оюдың ұқсасын, түр-түсін үйлестіріп тауып әсем етіп сәндеп құрастырады.

Дидактикалық ойын: «Автобус»

Ойынның мақсаты: Балалардың түстерді ажырата білуін, пішіндер туралы білімдерін кеңейтіп, автобустың бөліктерін атай білу, саусақ моторикасын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Ойынның барысы: Пішіндердегі түстерді реттілікпен өз ұяшықтарына орналастыра білу, саусақ моторикасын дамыту.

Дидактикалық ойын: «Бағдаршам»

Ойынның мақсаты: Бағдаршам туралы түсініктерін жетілдіру, түстерін атау, саусақ моторикасын жетілдіру.

Ойынның барысы: Бағдаршамның ұяшықтағы көздеріне, түстеріне сәйкес пішіндерді орналастыру.

Дидактикалық ойын: «Табиғат әлемі»

Ойынның мақсаты: Кеңістікте орналасқан заттар туралы айта білу, олардың орналасуын (жоғары, төмен) жыл мезгілі туралы түсініктерін молайту.

Ойынның барысы: Суреттегі заттардың түр-түсіне, пішініне қарай керекті бөліктерді тауып қою.

Дидактикалық ойын: «Жұлдызқұрт»

Ойынның мақсаты: Жұлдызқұрт туралы түсініктерін жетілдіру. Денесінің буылтық, ирек екенін айтып түсіндіру.

Ойынның барысы: Суреттегі ирек сызық бойымен орналасқан дөңгелек пішіндерге қақпақтарын бұрап жабу.

Дидактикалық ойын: «Бәтеңке»

Ойынның мақсаты: Сыңар бәтеңкенің бөліктерінің түстерін атау. Оң аяқ, сол аяқ ұғымдарын жетілдіру.

Ойынның барысы: Бәтеңкені өзіне сәйкес түс бөліктерімен толықтырып, бәтеңкенің бауын өткізу.

Дидактикалық ойын: «Матрешка»

Ойынның мақсаты: Түстер, пішіндер туралы білімдерін кеңейту, матрешканы геометриялық пішіндермен безендіру. Есте сақтау қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын дамыту.

Ойынның барысы: Матрешкадағы ұяшықтарға соған сәйкес келетін геометриялық кескіндерді тауып қою.

Дидактикалық ойын: «Заттарға сай түстерді тап!»

Ойынның мақсаты: Лабиринт сызықтары арқылы заттардың түстерін анықтауға үйрету. Қол моторикасын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Ойынның барысы: Суреттегі бояу түстерін, лабиринт сызықтарын саусақпен жүргізе отырып соған сәйкес заттарға апару.

Дидактикалық ойын: «Айырмашылығын тап»

Ойынның мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге,

өз ойын айта білуге үйрету.

Ойынның барысы: Балалар екі затты салыстырады. Салыстырарда мына сөздер пайдаланылады: кең-тар, қалың-жұқа, ұзын-қысқа.

Жоғарыда келтірілген дидактикалық ойындар арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға байланысты

әдіс-тәсілдерді түрлендіру әр тәрбиешінің кәсіби шеберлігі мен ізденісінде деп білемін. Ізденемін, заман ағымымен қоса дамимын, жетілемін деген әр педагог балалармен оқу-тәрбие үрдісінде балалардың жан-жақты жетілуіне жағдай жасап, жұмыс түрлерін түрлендіре отырып ұйымдастырғанын абзал деп санаймын.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы.

2. «Дошкольное воспитание» журналы 2012 жыл. № 8

3. «Дидактикалық ойындардың тәрбиелік мәні» кітаб 89- бет

4. «Балабақшадағы балалардың тілін дамыту әдістемесі» Алматы 1985.25-бет





**Бетурганова Лейла Алибаевна**  
Маңғыстау облысы, МКҚК №31 «Еркемай»  
Бөбекжайының тәрбиешісі

## ТЕАТРАНҒАН ҚОЙЫЛЫМДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ

*«Театр - адамдарды туыстық қарым-қатынасқа тәрбиелейтін орта, сахна өнері-тіл жетпес құдіретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес»*

Театр әр балаға қуаныш, қызық, ұмытылмас әсер сыйлайды. Балалардың эстетикалық талғамын, қиялын дамытады. Қазақ халқының өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр-адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері-тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес»-деген болатын. Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Сондықтанда театр қойылымдары балабақша тәрбиеленушілері үшін маңызын еш уақытта жоймақ емес. Қазір балабақшаларда балалармен ертегілер мен әдеби шығармаларды рөлмен ойнау, қойылымдар қою жұмыстары жақсы жүргізілуде. Дегенмен де осы жұмыстарды жүргізуде кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Олардың ең негізгісі қазақ ертегілерінің кейіпкерлерінің қуыршақ театрына арналған қуыршақ киімдерінің жоқтығы. Ертегілердің балалардың жас ерекшеліктеріне қарап іріктелінбегендігі. Қазақ жазушыларының балалар жасына арналған шығармаларының

аздығы. Балаларға ертегіні өлең шумақ ретінде берілсе балалар тез түсініп, тез ролымен ойнай еді, тіл байлықтарыда тез молайар еді. Жұмысты жүйелі жүргізу негізінде төмендегі нәтижелерге қол жеткізіледі, балалар тілі дамиды; сөздік қорлары толығыады; байланыстырып сөйлеуге дағдыланады; дұрыс дыбыстау, мәнерлеп сөйлеу дағдылары қалыптасады; театр өнеріне деген қызығушылықтары артады. Театр әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуімен қиялын дамытады. Кезіндегі орыстың ұлы ақыны сахнаны «сиқырлы өлке» деп атаған. Қазақ өнер жұлдыздарының бірі Ш. Айманов «Театр-адамдарды туыстыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері- тіл жетпес құдыретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» деген сенімде болған. Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеумен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде сахна \театр\ ерекше рөл атқарады. Сахналандырылған ойындар желілі рөлдік ойындардан тек желілі ғана емес, сондай-ақ ойнау іс әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған. Сахналандырылған ойындар ойын- қойылымдары болып саналады, өйткені олар әдеби шығармалар түрінде белгілі бір мазмұнға ие, сондықтан балалар

кейіпкерлерді ойнайды. Онда нағыз театр өнеріндегідей айшықты құралдар көмегімен дауыс ырғағы, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс-тұрысы арқылы нақты бейнелер қалыптасады. Мектепке ересек жастағы балалардың өзі театр ойындарын өз бетінше ойнамайды. Олардың қызығушылығын, тәрбиешінің ұсынысы бойынша және басқаруымен болатын сахналау ойындары арттырады. Егер де бірінші сәбилер тобынан бастап, балалар тәрбиешінің көмегімен халық әндерімен кішігірім тақпақтарды, жұбату өлеңдерді, кіші сахна көрністерін ойнаса, екінші сәбилер тобында театрдың ойыншықтарын пайдалана отырып, мұны одан әрі жалғастырса, онда ересектер тобында театр іс әрекеті өз бетінше болуы мүмкін. Нағыз театрдың өзінен көрген, сондай-ақ өздері қойған сахналық ойындар балалардың ой өрісін-кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге, өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге себебін тигізеді. Ертегілер дүниесіне сапар шегу балалардың қиялдау, елестету, тіпті өздерін ойдан шығару қабілетін дамытады. Әдебиеттің ең озық үлгілерінің адамгершілік рухында тәрбие алған балалар өздері шығарған ертегілермен әңгімелерінде өздерін әділетті көрсетіп, әлсіздермен жәбірленгендерді қорғап жауыздарды жазалауға тырысады. Барлық балалар театрды тамашалағанды жақсы көреді. Бала тәрбиесінде әр түрлі театрдың алатын орны ерекше. Қуыршақ театры баланың дүние танымын қалыптастыруда, үлкен рөл

атқарады. Балалар әртістермен бірге күліп бірге жылап отырып, өздерін мазалап жүрген көптеген мәселелердің шешімін табады. Бүгінде бөбектердің дамуына үлкен ықпал ететін қуыршақ театрының құпияларын айтатын болсақ: тілін дамытады, себебі балалардың қолдарының саусақтарының жетілуі мен орталық мидың тілдің дамуына жауапты бөлігіне әсер етеді. Балалар театрының бірнеше түрлері бар. Ең көп тараған түрі – қуыршақ театры. Қысқа тақпақтарды жаттап, оны өзіне тән орындау кезіне бастап-ақ кішкене көлемді спектакльдер ойнала бастайтыны белгілі. Театр түрлері: Қуыршақ театры, саусақ театры, көлеңке театры, ойыншықтар театры. Саусақ театры: театр қуыршақтарының ішіндегі ең жеңілі, қол жетімдісі. Саусақ театрын оқу қызметінен тыс кезде де қолдануға болады. Ас ішер алдында қолдануға болады. Тамақ ішер кезде саусақ қуыршағы арқылы тақпақ айтуға болады. Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын дамыту соғұрлым табысты болады. Тіпті кішкентайлар тобынан тобынан бастап-ақ тақпақпен қысқа өлеңдерді айтқызығанда көркем сөздер әсерлі естілу үшін үстел үстіндегі театрды, қысқа сахналы қойылымдар көрсетуді қолдана берген жөн. Қорыта келгенде, театр балалардың көркем қабілеттіліктерінің жетілдіріп қана қоймай оларды тұлға аралық қарым-қатынасқа, өнерге деген қызығушылықтарын арттырады. Қалай десекте театр- балалар үшін мереке, демалыс орны. Ал осындай бақытқа жол ашу біздер, тәрбиешілер үшін үлкен табыс.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ғаламтор ақпараты;
2. Балалар энциклопедиясы 1997 жыл.



**Датиева Дина Сериковна**

г. Тараза, ясли-сада №17  
Воспитатель первой категории

## СЦЕНАРИЙ ПРАЗДНИЧНОГО УТРЕННИКА В СТАРШЕЙ ГРУППЕ «ПРАЗДНИК ЦАРИЦЫ ОСЕНИ»

**Цели:** Создать условия для развития коммуникативных способностей дошкольников. Способствовать формированию положительной эмоциональной сферы в кругу общения.

**Задачи:** Закрепить знания о времени года – осени, месяцах; о признаках и ассоциациях в рамках осенней темы (грибы, овощи, состояние природы).

Развивать и тренировать память (песни, загадки, стихи), двигательную активность школьников, эмоциональную сферу (доставить детям радость от общения и чувства праздника). Развивать задатки самоконтроля в поведении детей. Воспитывать доброжелательность в отношении со сверстниками, формировать умение детей “слушать и слышать” и действовать (играть) по правилам.

**Ход мероприятия.** Звучит торжественная музыка.

**Голос из-за занавеса:** Внимание! Внимание! Сегодня государыня наша Царица – Осень соизволила пригласить всех своих подданных и заморских гостей на праздник! Строгий приказ: веселиться, петь и плясать на празднике до упаду! А кто ослушается и царскую волю не исполнит – не сносить тому головы! - Внимание! Внимание! На празднике будет сама Царица – Осень и три ее сына-Царевича: Сентябрь, Октябрь, Ноябрь. Да вот они и сами! (В этот момент входят 3 глашатаев в нарядных желто-красных костюмах, шапочках (беретах с перьями). В руках у них свитки.)

#### Сентябрь -ребенок:

Я, старший сын Осени -  
Щедрый Сентябрь  
Каждой зверушке  
Подарок припас:  
Белке – орешки,  
Зайке – капусту,  
Ежу-непоседе -  
Грибы про запас.

#### Октябрь- 1-ребенок:

Стало вдруг светлее вдвое.  
Двор, как в солнечных лучах.  
Это платье золотое  
У березы на плечах.  
Утром мы во двор идем  
Листья сыплются дождем.  
Под ногами шелестят  
И летят, летят, летят.  
Пролетают паутинки  
С паучками в серединке  
И высоко от земли  
Пролетели журавли.  
Все летит! Должно быть это  
Улетает наше лето!

#### Ноябрь – 2-ребенок:

Земля остыла, улетели птицы,  
Закончился в природе листопад.  
Колючим холодом и первым белым снегом  
Ноябрь укрывает голый сад.  
Пруды замерзли, и слегка  
Ледком подернулась река.  
(В зал под музыку входят дети и встают на свои места.)

Дети исполняют песню «Жапырак»

Дети читают стихи про Осень

3- **ребенок:** Нельзя нам на свете прожить  
без чудес

Они нас повсюду встречают  
**Волшебный** загадочный сказочный лес  
Нас в гости к себе приглашает

4- **ребенок:** Закружится ветер, листвою  
шурша

И под ноги нам ее бросит  
Такая красивая эта пора,  
Пора **волшебства - Чудо - Осень**

5- **ребенок:** Вот опять уже желтеют листья  
Мелкий дождик моросит с утра  
Лето пролетело очень быстро  
Наступает **осени пора**

**Ведущая:** Весёлый маляр наугад  
Разбрызгал чудесные краски,  
И леса осенний наряд  
Нас манит, как добрая сказка.

6- **ребенок:** Ветерком прохладным  
потянуло

И быстрее вечер настает  
Пусть порой бывает небо хмурым  
**Осень** тоже радость нам несет

7- **ребенок:** Мне совсем не грустно  
**осенью гулять,**

Разноцветных листьев хочется набрать.  
С неба рассыпаются капельки дождя  
**Осень золотая, я люблю тебя!**

8- **ребенок:** Кружит листва в **осеннем  
вальсе,**

Играют блики на стекле,  
Причудливым цветным узором  
Ковер ложится на земле.

**Ведущая:** Давайте Осень позовём,  
Ей дружно песенку споём.

Песня «Осень милая шуршит»

Под продолжение музыки в зал входит

**Осень с корзинкой в руках. Осень.**

Здравствуйте, мои друзья!  
К вам пришла на праздник я!

Все кругом я нарядила,  
Темный лес озолотила!

Стало в нем светло, как днем,  
Листья там горят огнем!

Как красиво в вашем зале. (Сентябрь, Ок-  
тябрь и Ноябрь раздают осенние листочки)

Ведущий. Здравствуй, **Осень, и гости на-  
шего праздника!** Будьте нашими гостями, мы  
очень рады твоему приходу! Вот послушай,  
какие стихотворения приготовили для тебя

ребята!

9- **ребенок:**  
Всех в этом вальсе **осень кружит**  
И, не жалея доброты,  
Как будто фея всем под ноги  
Бросает золото листвы

10- **ребенок:**  
Дарила нам разные фрукты сначала.  
Потом нас грибами она угощала.  
Арбузами, дынями и виноградом.  
Нам нравится осень, мы осени рады!

11- **ребенок:**  
В сентябре, в сентябре  
Много листьев на земле  
Желтые и красные!  
Все такие разные!

12- **ребенок:**  
Ни в санях, ни на колёсах  
Не проехать в октябре,  
Потому что у природы  
Семь погод в день на дворе

13- **ребенок:**  
Дождик льет как из ведра,  
Сидит дома детвора.  
Весь ноябрь хмурится,  
Холодно на улице.

14- **ребенок:** Осень, осень не спеши,  
И с дождями подожди  
Дай еще нам лета.  
Солнышка и света.

**Осень.** Что же, в круг скорей вставайте,  
Дружно песню запевайте!  
Песня «Падают, падают листья» бросают  
листочки на пол.

Дети садятся на свои места.  
**Осень:** „С вами  
познакомиться хочу я поскорей.  
Осенью зовут меня, люблю я всех друзей!  
А ваши имена узнаю сразу все.  
Ну-ка, вместе. Раз, два, три,  
Свое имя назови!

В этот момент в **дверях** слышится какой-  
то шум. Раздается голос. Входит Белочка.  
**Белочка:** -Здравствуйте, ребяташки.

- **Мне Сорока – белобока**  
Принесла **такую весть:**  
Что у вас осенний праздник,  
И веселья **тут не счесть.**  
Я скакала, торопилась  
**По деревьям и кустам.**

А в своём лукошке новым  
**Принесла гостинцы вам.**

Тут и шишки, и **орехи,**  
И сушёные плоды,  
Не волнуйтесь, ребяташки,  
Хватит здесь на всех еды.

Белочка: - Когда я спешила к вам на  
праздник, в лесу на тропинке я нашла  
этот сундучок. Он очень страшно себя  
ведет: постоянно шумит и падает на пол  
(Показывает сундучок).

**Осень** (радостно): Да, да – это мой  
сундучок. Я так спешил на праздник, что слу-  
чайно оставил его в лесу. Спасибо вам боль-  
шое (берет сундучок).

**Белочка:** Простите за любопытство, вы не  
могли бы сказать, что там все время стучит  
и шумит?

**Осень:** Да, конечно, мне и самой  
интересно (открывает сундучок, и оттуда  
высыпаются разгоряченные спором овощи.  
На сцену выходят дети, берут каждый свой  
овощ).

**Ведущий:**

Кажется, я поняла в чем тут дело.

Довольно много лет назад  
В одной деревне милой  
Был огород, а рядом – сад,  
Росли в нем груши, сливы.

И фрукты с овощами там  
Под солнцем созревали.  
Как были овощи дружны.  
На грядках веселились.

Но вот заспорили они,  
И все переменялось.

**Горох**

Хотя я маленький совсем,  
Но полезен людям всем  
Сладенький мальчишка.

**Свекла:**

Вот так хвастунишка!  
Я полезнее тебя,  
Нужна свекла для борща  
И для винегрета.

Слаще свеклы нету!

**Капуста:**

Ты, свекла, помолчи!  
Из капусты варим щи.  
А какие вкусные  
Пироги капустные!

**Огурец:**

Очень будете довольны,  
Съев огурчик малосольный!  
На зубах хрустит, хрустит,  
Я могу вас угостить!

**Морковь:** Если часто есть морковку,  
Будешь сильным, будешь ловким.  
Витамином «А» известна,  
Людам многим я полезна.

**Помидор:** Ты, морковка, несешь бред.  
Помидору равных нет.  
Ты попробуй сок томатный  
Витаминный он, приятный.

**Ведущий:** Вы все овощи важны,  
Людам очень вы нужны.  
В каждом польза есть для вас.  
О чем узнали мы сейчас.

Вы ребята выходите хоровод скорей  
заводите «Огородная – хороводная» Осень:  
Да, ребята молодцы поплясали от души.  
Ну ребята удалые месяцы мои родные, чем вы  
меня удивите

**Сентябрь:** Эй, команда, выходи, все, что  
можете, покажите!

(Выходят дети, изображающие гри-  
бы. Они идут по кругу и исполняют “Марш  
грибов”. Грибы встают в ряд)

**Ведущий:** Вот, Царица Осень, видишь,  
какие удалые помощники у Царевича  
Сентября!

**Царица Осень:** Да, грибы-то хорошие. Да  
только надо бы их собрать.

Белочка: - Так это не страшно. Сейчас  
мои доченьки – белочки соберут все грибы.

Царица Осень: - Ну а ты Царевич Октябрь,  
чем порадуешь матушку свою?

Октябрь: Выходите, осенние листочки,  
закружитесь в осеннем танце.

(Выходят девочки, исполняют танец )

**Осень:** Спасибо, сынок Октябрь! И твои  
помощники мне тоже очень понравились.  
(Обращается к Царевичу Ноябрь). А теперь  
твоя очередь, сын мой серьезный, Ноябрь  
морозный.

**Ноябрь:** (Обращается ко всем детям.)

- Помогите мне повеселить матушку. Вы  
согласны мне помочь?

**Дети** (хором): Согласны!

**Ноябрь:** Хорошо, тогда разделимся на  
две команды

Конкурсы1. «Кто быстрее».

Команды по сигналу должны перенести желуди из одной емкости в другую. Команда, справившаяся первой, считается победителем.

5. «Закончи пословицу».

Задание: Я вам по очереди буду говорить начало пословиц, а вы их закончите. Семь раз отмерь ...Без труда...Дареному коню ...Один в поле ...С кем поведешься ...Слово не воробей ...Лучше синица в руках ...Не имей 100 рублей ...Любишь кататься.

Ведущий: Вот матушка Осень видишь, какие дети в детском саду молодцы, все знаю и умеют.

Осень: Да, большие молодцы! И я хочу еще с детками поиграть

Девочки будут изображать ветер, а мальчики – дождь, который стучит по крыше. Эй, вы, помощники, удалые! Вы не забыли, как дождь стучит по крышам? Ну-ка!

**Дети:** Кап, кап, кап.

**Осень:** А вы помните, как ветер воет за окном в ноябре?

**Дети (хором):** -У-У-У-У!

**Осень:** – Молодцы! А теперь все вместе!

(Дети имитируют звуки дождя и ветра одновременно.)

**Осень:** Ну, хватит! А то совсем нас заморозите! Да и рано еще!

Ведущая : А наши дети знают песню про дождик.(дети по парам выходят на свои места и исполняют песню «Дождик капает по крышам кап-кап-кап») Во время этого ” танца Ноябрь открывает свой большой зонт и держит его над головой Царицы Осени.

**Ведущий:** Как, матушка, повеселились?

**Белочка:** Да вот это праздник! Дозволь, матушка- Осень, угостить наших друзей, твоими дарами.

**Осень:** – Я не против, Вручение призов (яблок).

Осень: Вы ребята молодцы, Веселились от души.

С праздником вас поздравляем

Счастья, радости, желаем!

(Осень, Сентябрь , Ноябрь прощаются уходят)

**Ведущая:** Закончился конкурс, Закончилась встреча. Настал расставания час. Мы все чуть устали, но нас согревали Улыбки и блеск ваших глаз. До свиданья, друзья!



**Карасаева Райхан Жумагельдиевна**

№28 «Алмагул» бөбекжай-балабақшасы  
Дене шынықтыру нұсқаушысы

## ЙОГА ЖАТТЫҒУЫ

**Аңдатпа:** Джунгляя табиғаты және жыртқыш жабайы жануарлар туралы түсінік беру. Берілген тапсырмаларды зейін қойып орындауға үйрету. Ертегі арқылы балалардың қимыл іс-әрекетін дамыту, тұлға бітімдерімен аяқ, қол , кеуде бұлшық еттерін жетілдіріп оны әрі қарай дамыту. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Түйін сөздер:** йога, джунгляя, жануарлар, табиғат, балалар, ертегі.

**Ұйымдастыру бөлімі:** Дене шынықтыру нұсқаушысы: Балалар сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?

**Балалар:** әрине.

**Жүргізуші:** Ендеше сендер қандай ертегіні білесіңдер?

**Балалар:** (балалар ертегі түрлерін атайды).

**Дене шынықтыру нұсқаушысы:** жарайсыңдар балалар. Мен бүгін сендерге «йога» ертегісін айтып беремін. «йога»-ол кішкентай маймыл ол джунгляда мекендейді. джунгляда ну орман. Онда неше түрлі өсімдіктер өседі. Ол жаққта күн өте ыссы болады. Жыртқыш жабайы аңдар өте көп мысалы: аю, қасқыр, арыстан, жолбарыс, түлкі, қоя, керік т.б. аңдар мекендейді екен. Йога ертегісін тыңдай отырып сендер денелеріңді бір шынықтырып алаыңдар жарайма балалар.

**Балалар:** жарайды. Барысы: Балалар қолдарын жоғары көтеріп аяқ ұшымен жүреді. Содан кейін қолдарын белге қойып қос аяқпен секіреді. Жәй жеңіл жүгіреді. Бастапқы қалыпқа оралып сапқа тұрады.

(жарықты сөндіріп май шамдар жағылады.)

**«Йога» жаттығуы.** Ерте- ерте ертеде, ешкі құйрығы бөртеде, йога өмір сүріпті.

Ол кішкентай маймыл ойнағанды ұнататын. Кейде таңертең тұрып, қозғалмастан тып тыныш отырып, джунгляяның таңғы таза ауасын мұрынмен терең демалып, кері шығаратын. Ауа мұрның қыдықтағанды жақсы көреді. Йога сәл көтеріліп, оң қолымен кейде сол қолымен биік теректердің бұтағына созылып мінгенді жақсы көреді. 3-4 реттен қайталайды. Оның қолдары қанатқа айналып кетседеп армандайды. Себебі құстардың самғап биікке ұшқаны оған ұнайды. 3-4 реттен қайталайды. Кейде өзін құсқа теңеп биіктен төмен қарай ұшып келетіндей сезінеді. Бір қолы жоғары көтеріліп жәймен айналады. Оң жаққа және сол жаққа айнала ұшқанды жақсы көреді. 3-4 реттен қайталайды. Йога жан-жаққа қарап, өзінің досын фламинганы іздейді. 3-4 рет қайталайды. Фламинга йоганың үстінен ұшып кетеді. Ал йога болса төрт тағандап тұрып. Бір аяғын бүгіп екінші аяғын созады, бір қолын алға созады 3-4 рет қайталайды. Фламинганың тырнағынаң қорғану үшін істейді. Ұйқыдап тұрған мысықты көреді. Мысық алға ұмтылды. Дымқыл шөпке аяғын лаптамау үшін еңкейіп аяқ ұшымен тұрды 3-4 рет қайталайды. Йогада дәл сол қимылды жасады. Биік тауға ұқсап йога осындай позада тұрып жәй тыныс алып кері шығарды.



Фламинга жоғалып кеткесін, аң тапшасы арыстан барлық аңдарды жинап фламинганы іздеуді бұйырды. Йога болса оң жағына және сол жағына аңдарға қарады. 3-4 рет қайталайды. Аңдар аяқтарын жинап бастарын иді, жарайды дегендей. 3-4 рет қайталайды. Содан кейін йога лотос жапырағының үстіне аяғын жинап молдасын құрып отырды. Йога көзін жұмып, ойланды фламинга қайта кетуі мүмкін деп. Бір мезгілде есіне түседі. Фламинга судан алысқа кететінін есіне түсіреді. Йога су жағалауына барып байланып тұрған қайықты көреді қайыққа отырып алып жылжып кетеді. Йога байғұс фламинганы іздеуге шықты. Бір мезгілде дельфин мен фламинга ойнап жатқанын көреді. Соларға қарай жылжып барады. Фламинга йоганың көмегімен қайыққа мінді. Себебі ол йогамен үйіне барғысы келіп, дельфинге қолын былғады. Жағалауда барлық достары күтіп тұрды. Фламинга мен йога оралғасын. Барлық аңдар жиналып тойлайды. Барлық аңдар шалқаларымен жатып күннің шағылысқан нұрына көздерін ашалмай жұмып біраз демалады. Ал йога болса өткенді есіне алып өзінің жасаған ерлігі үшін жәй жымып қояды. Солайша аңдардың барлығы дос болып тату тәті өмір сүріпті. Қанекей балалар бастапқы қалыпқа оралайық. Ал енді балалар сапқа тұрайық. Мына меннің қолымда сыйқырлы таяғыммен джунгляға қонаққа барамыз. (таяқты сілтеген кезде джунгляға жетеді).

**Йога:** Сәлеметсіздер ме? Балалар қош келдіңдер! Мен теректе отырып сендерді винокльмен қарадым сендердің жасаған іс-қимылдарың маған қатты ұнады. Мен сендерге риза болдым. Енді балалар, мен сендерге қалай терекке міну керек екенін көрсетейін. Солмен қатар маған сендердің көмектерің қажет болып тұр. Маған анау тұрған банандарды жинап бересіңдер ме?

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.А. Қазақстан- 2030- Алматы: Б1л1м, 1997.-96с
2. Аканов А.А. Формирование здорового образа жизни в Республике Казахстан // Валеология. Физвоспитание. Спорт-2004-№1
3. Батибаева С.Г. Дене тәрбиесі. Әдістемелік құрал. Алматы: Алматыкітап баспасы, 2013.



**Балалар:** Әрине. (йога өрмелеп шығып бір бананды алып оралады.) балаларда дәл солай жасайды. Жинап болғасын.

**Дене шынықтыру нұсқаушысы:** мінекей йога біздің балалар саған көп банандар жинап берді.

**Йога:** рахмет балалар сендерге уақыттарыңды бөліп маған көп бананна жинап бердіңдер. Мен енді достарыммен мына бананаларды бөлісіп жимін. Балалар сендер ойын ойнағанды ұнатасыңдар ма?

**Балалар:** әрине

**Йога:** Ендеше қанекей барлығымыз көңіл күйімізді көтеріп ойын ойнайық.

**Ойын:** «Ашулы арыстан»

**Қорытынды:** балаларды мақтап, мадақтау.



**Абаилденова Жанар Диаровна**

Павлодар облысы, Екібастұз қаласы  
№23 «Балауса» мектепке дейінгі гимназиясының  
Дене шынықтыру нұсқаушысы

**БАЛАБАҚШАДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫН ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2050 «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтана білу, жүйелі профилактикалық тексерілу-ағрудың алдын алудың негізі» жолдауын айтқанындай бала ағзасының жан-жақты дамуының негізгі, тәрбие көзі дене тәрбиесі болып табылады. Табиғи, дұрыс өсіп келе жатқан бала тұрақты түрде қозғалғысы келіп тұрады. Оның осы қозғалыс әрекетін жанұяда, бала бақшасында дұрыс ұйымдастыру оның жүрек-қан тамырлары дем алу,жүйке жүйесі қызметтері жақсартады, қозғалыс-тірек аппараттарын нығайтады. Баланы ауруға қарсылық күшін,ағзаның қорғаныс күшін күшейтеді. Қозғалыс арқылы бала өмір,табиғатты тану бастайды,оның психологиясы,ерік-күші,өзіндік қасиеттері дамиды. Бала көбірек қозғалыстарды білген сайын оның таным, түйсік, қабылдауды, сезім, қабілет және басқа да әр түрлі психикалық мүмкіншіліктері кең көлемде дамиды. Сондықтан да осы кезеңде дене тәрбиесі сауатты, дұрыс жүргізілмесе, өткізіп алған уақытты қуып жету, жіберілген қателіктерді түзету қиын болады. Дене тәрбиесі жұмыстарын мектепке дейінгі балалар мекемелерінде міндетті түрде ұйымдастырылуы керек.

Қазіргі кезде ата-аналары күні бойы жұмыста болғанда балалар бос қамалып қимыл-қозғалыстары шектеліп жатқанын көріп жүрміз.Мектеп жасындағы кезең әр түрлі қимыл-әрекеттерді үйретуге, жетілдіруге, өмірге қажет қимыл ептілігі мен

дағдысын қалыптастыруға ең қолайлы кезең болып есептеледі.Осы кезеңде үйренбеген қимыл-әрекеттерді, кейін адам денесі қатып, буын жылжымалығы, сіңір созылымдылығы азайып, қозғалыс шеберлігі нашарлап қалған кезде үйрену, жетілдіру қиынға түседі.

Дене шынықтыру оқу қызметі арнайы тәсілдерге негізделген.Тәсіл арқылы бала организмнің функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін дене жүктемелеріне мөлшерлеуді көздейді. Әркет ету тәсілі бала қозғалыс арқылы дамитындағын қарастырса, құзыреттілік тұрғыдан келу негізгі Біліктіліктерді меңгеруді көздейді.Сонымен қатар дене шынықтыру сабағынадағы негізгі тәсілдердің бірі ол-белсенділік. Белсенділік - бала бойындағы іс-шараның өлшемі, оның ортаға тартылу деңгейі.

Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой – өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады.

Қазақтың кеменгер ақыны, ұлтының бақыты үшін өз бойындағы бар дарыны мен білгенін аямай, дене тәрбиесіне зор көңіл бөлген Мағжан Жұмабаев: «Дене

тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі заты берік болмақ. Дене жанның құралы. Құралы мықты болса иесі де мықты. Сау жан – сау денеде ғана болады» – деген. Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада; ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығы тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет. Сондай-ақ, баланың қозғалысын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділігін, шапшандық, күштілік төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға, тұрмыста және дене тәрбиесі сабақтарында қажетті жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Балаларды мектепке даярлау кезеңінде олардың денсаулығын жақсарту мәселесі бойынша өсу тенденциясына бүгінгі ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл тұрғыда денсаулығын нығайту үшін комплексті әдістерге айрықша мән беріледі.

Жаңа стандарт негізінде мектеп жасына дейінгі баланы шынықтыру-сауықтыру шаралары «Денсаулық» білім беру саласында көрсетілген. «Денсаулық» білім беру саласының мақсаты: өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеу, денсаулықтың адамға берген басты құндылығы екенін түсіндіру, қозғалыс

белсенділігін дамыту және физиологиялық қасиеттерін қалыптастыру. «Денсаулық» білім беру саласы: дене шынықтыру, қауіпсіз мінез-құлық негіздері, валеология бөлімдерінен тұрады. Осыған орай жылдық жоспарға балалардың салауатты өмір салтын сақтау және әр баланың ерекшелігіне қарай дене дамуын қалыптастыруға сауықтыру шаралары қаралған, олар: таза ауада дене шынықтыру, ертеңгілік жаттығулар, спорттық ойын-сауықтар, серуен, серуендегі қимылды ойындар, сергіту сәттері, ұйқыдан кейінгі гимнастика, массаж, жалаң аяқ жүру, су процедуралары.

Балабақшада қосымша бағдарламалар және инновациялық технологиялар қолданылады. Күнделікті баланың ақыл-ойын арттыру үшін танымдық мағлұматтар көп беріледі. Баланы тұлға ретінде қалыптастыруда оның дене дамуына көңіл аударуымыз қажет. Бала ағзасының дұрыс дамуы үшін- балабақшада сауықтыру мен профилактикалық міндеттер күнделікті күн тәртібінде жүйелі орындалуы тиіс. Денсаулықты жақсарту үшін баланы шыдамдылыққа, іскерлікке, психологиялық және физикалық үйлесімділікке бейімдеу қажет. Денсаулықты дұрыс қалыпта сақтау үшін қажетті негізгі мақсаттарға тоқталсақ; дені сау бала тәрбиелеу, дұрыс қарым-қатынас жасай білу, денсаулыққа қажеттіліктер, салауатты өмір салтын қалыптастыру жайлы дұрыс мағлұматтар беру, материалдық-техникалық оқу базасын белгілеу, дене жаттығуларын жасау, спорттық бағдарламаларды көбейту, дұрыс тамақтану, іс-әрекетке белсенді түрде қатысу.

Күн режимін қалай ұйымдастыру керек? Ертеңгілік баланы балабақшаға әкелу уақытының да маңызы бар, ата-ана баланы ертемен оятып, жақсы көңіл күймен келген бала мен ұйқысын қандырмай, кешіктіріп, өзінің де баланың көңіл-күйі жоқ жағдайда келген баланың арасында айырмашылық болады. Ертеңгілік жаттығулардың пайдасы бәрімізге де белгілі, ертеңгі қимыл қозғалыстың үйлесімділігін баланың физикалық дамуына әсер ететін көптеген табиғи факторлар бар. Солардың бірі-серуен. Ауада серуендеу баланың денсаулығы үшін



өте маңызды. Бала таза ауада көп болса оның ағзасы оттегіні жай жүргендегіге қарағанда көп сіңіреді. Ширақ қозғалыста болады, адымдай жүреді, аласа бұтақтан секіреді, сөйлегенде, жүргенде қол мен аяқтың қимылын қатар алып икемделеді. Ол үшін қимылды ойындар жақсы. Бала үшін серуенді қызықты ұйымдастыру керек. Жай ғана денсаулықты күшейтіп қоймайды, айналадағы құбылыстарды бақылап, көзқарасы қалыптасады. Ойынды таңдай отырып, жыл мезгілін, ауа райын да ескеуіміз керек. Қыс мезгіліндегі ойындар өте пайдалы, соның өзінде ойын қозғалыстарымен, жаттығулары демалыспен кезектесуі керек. Ыссы ауа-райында ойындар жай қозғалыста болғаны жөн. Ойын қызығымен бала шаршағанын аңғармайды. Сондықтан ойын кезінде баланың денесін дұрыс ұстауын, аяғын түзу басуын қадағалаған дұрыс. Қысқы ойындарда бала шанамен ойнағанды, қар ұстап ойнағанды жақсы көреді. Жаз, күз мезгілінде саябаққа барғанды ұнатады: жапырақ жинау, маусымдық киіммен, мысалы, аяғында ботинка, үстінде күртемен жүгіру қимылды қиындатары белгілі, бірақ ойын баласы оны жеңуге ұмтылады. Бала бойында осылай қимыл қозғалыста төзімділік, ептілік, ширақ қимыл дамиды. Бұлардың барлығы да денені шынықтыруға

жатады. Ауа райы қандай болса да таза ауда болу пайдалы. Сонымен қатар балабақшада балалардың тамақтануы да қадағалауда болады. Ас мәзірінің құнарлылығы, сапасы мен әртүрлілігі басты назарда ұсталады. Жыл мезгіліне қарай берілетін ас мәзірі өзгертіліп бекітіледі. Дұрыс отыру, тағамдарды ретімен жеу, үстел үстінде өзін дұрыс ұстай білуді үйренеді. Мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптасады.

Сауықтыру шаралары бойынша отбасымен жұмыстың бағыттары: ата-анамен педагогтар арасындағы бірлескен жұмыстар үлкен жауапкершілікті талап етеді. Баланың денсаулығын қорғау, сақтау және нығайту жұмыстары ең басты мәселе. Балалардың қимыл қозғалыс белсенділігін дамытуға байланысты топтарда ашық ұйымдастырылған шаралар, ойын сауықтар, ата-аналармен жыл маусымдарына қарамастан іс-шаралар ұйымдастырылады. МДҰ-да спорт залы, ойын алаңдары бар, бала дамуына қажетті барлық жабдықтармен, спорттық құралдармен және әр топ спорттық киімдермен толық қамтылды. Және кезеңімен толықтырылып отырады. Әр топтың өз эмблемалары бар. Оларда түрлі жарыстар, әр бағыттағы спорттық ойындар жиі жүргізіліп тұрады. Күнделікті ертеңгілік балалармен дене шынықтыру



жаттығулары жасалады. Ұйымдастырылған оқу іс-ірекеті тұрақты жүргізіледі. Осы сабақ барысында балалардың дене бітімі дұрыс қалыптасып, іс қимылдары жетіліп, бұлшық еттері қатаюына көңіл бөлінеді. Топтарда денсаулық бұрыштары ұйымдастырылған. Сонымен қатар балабақшада ата – аналардың қатысуымен түрлі спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Спорттық жарыстар мен түрлі ойын – сауықтар балалардың ой санасының қалыптасуына, өзін еркін ұстап және жан – жақты жетілуіне әсер етеді. Дене тәрбиесіне байланысты балабақшада «Шынықсан шымыр боласың», «Көңілді достар», «Кім жылдам?» деген топ арасындағы эстафеталық жарыстар өткізіледі. Әр оқу қызметі жан – жақты талқыланып, кем – кетігі болсатолықтырылып,

баланың толыққанды өсіп – өнуі мұқият қадағаланады. Балалардың арасында жиі кездесетін сырқаттар балабақшадағы тұрақты жүргізілетін іс-шаралардың нәтижесінде балалардың сырқаттануы азайды. Дені сау ұрпақ, мемлекет байлығы – деп тегін айтылмаса керек, балаларымыздың дене тәрбиесі мен спортқа деген ынтасын, қызығушылығын оятып, оларды таңғы жаттығумен, дене шынықтыру оқу қызметі жүйелі қатысуларына дағыландыруымыз қажет. «Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ, дені сау, жан-жақты дамыған салауатты ұрпақ». Сондықтан, ұрпағымыздың болашағы жарқын да кемел болуына ат салысып, дені сау, шыныққан бүлдіршіндер тәрбиелей берейік!

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Базарбегі Т. Бастауыш мектептегі дене тәрбиесі – Алматы; Рауан, 1994.
2. Дене тәрбие жүйесінің мазмұны мен негіздері. //Ұлт тағылымы. № 4. – Алматы, 2005. –Б. 28-31.
3. Дене шынықтыру және спорт психологиясы пәні бойынша тесттік тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құралы.-Кентау, 2007.
4. «Еркін и К-XXI» ЖШС баспаханасы. - 150б. Уанбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы, 2001.



**Қуанышева Гүлмира Хисметоллақызы**

Атырау қаласы

№59 «Ақбөбек» бөбекжай-бақшасы тәрбиеші

## КВИЛЛИНГ ТЕАТРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*«Театр – адамгершіліктің, тәртіптің, сәулетті арманның жалғыз ұстазы, баланы ешқашан зеріктірмейді. театр – балаларды тәрбиелейтін әр мекемеге құндылықты толықтауыш»*

**М. Твен**

Мектепке дейінгі баланы тәрбиелеумен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Театрлық іс-әрекетте ертегілерді пайдалана отырып, балалардың ой-өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, өз ана тілінде сөйлеу мәнерін арттырамыз. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп, қызығушылығын арттыруда және оның жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққын, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан-жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, жан-жақты жетілуіне тілінің дамуына бірден-бір әсер ететін бұл театрландырылған қойылымдар, ойындар. Театр өнері – балалардың өзін-өзі тануына ұмтылуына, бойындағы ерекше шығармашылық қабілетін оятып, дұрыс ой түйіп, рухани күш береді. Балалар қойылым барысында өздері жақсы көретін кейіпкерлеріне еліктеп өседі. Бұл арқылы балалар шындық өмірге үңіліп, ненің жаман, ненің жақсы екенін айқындырақ ұғынып, жаманнан жиркеніп, жақсыдан үйренуге, өз қылықтарын дұрыс бағалап,

жақсы кейіпкерлерге еліктеуге үйренеді. Театр өнері- балалар шығармашылығының ең кең тараған түрі. Ол бала жанына жақын және түсінікті болып келеді де, ойынмен байланысты болғандықтан балалар шығармашылығында стихиялық көрініс табады. Өйткені оқиғаны өзі ойлап шығаруды, тірі бейнелер мен іс-әрекеттерді ересектермен бірге іске асыруға мүмкіндік береді, яғни бейнеге кіре отырып, ол кез келген рөлді сомдай алады және өзінің көргені мен қызыққан нәрсесіне еліктеуге тырысады, үлкен эмоционалдық рахат алады. Театр таңғажайып сиқырлы әлем, өйткені театрда бала, қуанады, күледі, таңқалады, ойнайды, жаны ашиды, қоршаған ортаны таниды, жан-жақты дамиды, ой-өрісі, сөйлеу қабілеттері өрістейді, баланың танымдық белсенділігін көтеріп, креативтілігін қалыптастырады. Театр өнерінде балалар кейіпкерлерді ойнайды. Онда нағыз театр өнеріндегідей айшықты құралдар көмегімен - дауыс ырғағы, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс-тұрысы арқылы нақты қимылдар қалыптасады. Театрдың қандай түрін алсақта, ол ертегі желісіне және белгілі бір сюжетке құрылады, оқиға желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі.

Театрландыруда қолданылатын бірден-бір құрал - ол ертегі екендігі айдан анық. Бала ертегіні тыңдау арқылы, ондағы жағымсыз кейіпкерлерді әртүрлі әдіс- тәсілдер арқылы жағымды етіп көрсетуге тырысады. Осы әдіс арқылы баланың қиялы дамып, сөздік қоры көбейіп, жаңа сөздер, сөйлемдер ойлап табады. Ертегіні театрландыру арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін, яғни креативтілігін дамытып, оны қоршаған ортаның ерекшеліктеріне орай бейімдеп, онымен тығыз байланыстыра отырып, олардың өмірді түсінуіне жағдай жасап, қиял-армандарын жетілдіріп шешен сөйлеп, қайратты болуға жұмылдырады. Сондай-ақ жаттаған сөзінің мағынасына сәйкес, көңілді-мұңлы сезімдерге сәйкес тебірене мәнерлі сөйлеуге үйренеді. Театр – ол баланың тұлғасына тұтас ықпал етуге бағытталған ұжымдық театрландырылған қызмет. Театр арқылы бала өзін танып, өз бетінше әрекет жасауға үйреніп, жеке тұлға ретінде өсе бастайды. Театр баланың қоғамдағы әлеуметтенуіне жағдай жасайды, бейімделу қабілетін күшейтеді, коммуникативтік қасиеттерді түзетеді және шығармашылық қабілетін, яғни креативтілігін қалыптастырады. Балабақшадағы театрландырылған қызметтің өркендеуі мен қалыптасуы үстел-үсті театрын пайдаланбай мүмкін емес. Ол балалардың театрланған өнер саласындағы білімін жетілдірудегі және игерудегі негізгі буын болып табылады. Соның бірі – квиллинг театры.

«Квиллинг» туралы айтатын болсақ, квиллинг (ағылшын тілінен аударғанда «құс қауырсыны») – қағаздың ұзын және тар жолақтарынан орама түрінде бұралған жалпақ немесе көлемді композицияларды жасау өнері. Бұл техника оны игеруді бастау үшін айтарлықтай материалдық шығындарды талап етпейді. Сонымен қатар лайықты нәтижеге жету үшін шыдамдылық, ептілік қажет және квиллингтің сәтті де, сапалы шығуы үшін сапалы модульдерді бұрау дағдыларын үйрену қажет. Квиллинг техникасы балалармен жүйелі және дәйекті жұмыс істеуге, жұмыс деңгейінің біртіндеп күрделенуіне және балабақша

мен отбасының бірлескен жұмысына байланысты тиімді болады деп ойлаймын. Осы квиллинг техникасы арқылы жасалған модульдер квиллинг театрының негізі бола алады.

Квиллинг театрын мектеп жасына дейінгі балаларға қолданудағы мақсат: мектеп жасына дейінгі балалармен оқу-тәрбие үрдісіне квиллинг театры арқылы балалардың креативтілігін қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастыру.

Міндеттері: Квиллинг театрына деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру. Квиллинг театрында квиллинг техникасын қолдану ерекшеліктерімен таныстыру. Балаларға квиллинг театры арқылы ертегіні қалай түрлендіріп ойнай білу керектігін түсіндіру Оқиғаны өзі ойлап шығаруды, тірі бейнелер мен іс-әрекеттерді ересектермен бірге іске асыруға мүмкіндік бере отырып, кез келген рөлді сомдай алуға үйрету;өзінің көргені мен қызыққан нәрсесіне еліктеуге үйрете отырып, креативтілігін қалыптастыру; Балалардың қиял-армандарын жетілдіріп, жаттаған сөзінің мағынасына сәйкес, көңілді-мұңлы сезімдерге сәйкес тебірене мәнерлі сөйлеуге үйрету. Квиллинг театры арқылы ертегі желісі бойынша кейіпкерлерді өз орындарына орналастыра отырып, бала ертегіні әңгімелейді, яғни квиллинг театры баланың коммуникативтік қасиеттерін дамытады, өзара қарым-қатынас әліппесін меңгеруге көмектеседі, ертегі желісіндегі жанжалды жағдайларды шешуге үйреніп, кейіпкерлерге қамқорлық көрсетуге көмектеседі. Сонымен қатар сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілеттері мен қолдың ұсақ моторикасы дамып, креативтілігі қалыптасады.

Іс- тәжірибеде квиллинг театрын қолдану арқылы балалар:

1. Мәнерлі сөйлеу дағдыларын және мінез-құлық ережелерін меңгерді;
2. Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай білді;
3. Театр өнеріне қызығушылық пен ықылас танытты,
4. Мимика, интонацияны қолдана отырып, әр түрлі сезімдерді жеткізе алды
5. Ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өз

бетінше орындады

6. Квиллинг театрына деген қызығушылықтары артты.

7. Квиллинг техникасын жасауды үйренді.

6. Квиллинг театрын қолдану арқылы балалардың бойында креативтілігі қалыптасты. Жалпы күш-жігердің арқасында

біздің балаларымыздың өмірі қызықты, әрі мазмұнды болды, жарқын әсерлерге, қызықты істерге және шығармашылыққа толы болды. Театр қызметінде алған дағдыларды балалар күнделікті өмірде де қолданады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Мектеп дейінгі ұйым әдіскері журналы: №4. 2015 жыл; №6. 2017 жыл; №2. 2018 жыл.
2. Көркем әдебиет әдістемелік нұсқау; көркем әдебиет хрестоматиясы.
3. Тәрбие құралы журналы - №5. 2018 жыл.
4. Отбасы және балабақша журналы. №2. 2017 жыл. №3. 2018 жыл.
5. Балабақша меңгерушісі мен әдіскері. №4. 2016 жыл. №2. 2017 жыл.



**Екеева Лаззат Хасеновна**

Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз білім бөліміне қарасты КМҚК «№3 Ақтоғай бала бақша-бөбекжайы» әдіскері

## СЕНСОРИКА ЖӘНЕ ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТЕОРИЯЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ОҚУ ҚЫЗМЕТІНДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАРДЫ

**Кіріспе: Тақырыптың өзектілігі:** Бұл дидактикалық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларда қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, дидактикалық ойындардың мақсаты мен мазмұны мектепке дейінгі топтар тәрбиешілерінің жас ерекшелігіне сай қарастырылған. Балалардың танымдық қызығушылығын оятатын, математикалық ой - өрісін қалыптастыратын, шығармашылық қабілетінің дамуына дәнекер болатын және өздігінен жұмыс істеу дағдысын арттыратын ойындар қамтылған.

**Мақсаты:** Балалардың тілін дамытып. Дидактикалық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балада қарапайым математикалық түсініктердің қалыптасуын қарастыру. Еске сақтау, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Ізденімпаздыққа тапқырлыққа, ойын арқылы тәрбиелеу.

**Міндеттер:** Жұмыс барысында келесі міндет шешіледі:

- Мектеп жасына дейінгі ұйымдарда дидактикалық ойындар технологиясына тоқталу.

- Мектеп жасына дейінгі балаларда дидактикалық ойындар арқылы қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру жолын ашу.

- Балаларда математикалық түсініктерін дидактикалық ойындар арқылы ойлау қабілеті, сана-сезімін дамыту.

- Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу іс-әрекетінің оқыту үдерісі.

- Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін арттыру үдерісі.

**Болжамы:** Егер тәрбиеленушілердің дидактикалық ойындар арқылы математикалық түсініктерін арттырудың әдіс-тәсілдерінің маңыздылығын дәлелдей алсақ,

онда төмендегідей жетістіктерге жетуге болады: балалардың математикалық түсінігі кеңейеді; өз бетімен есеп шығару, ойлау қабілеттері ашылады;

Қазіргі таңдағы білім беру үрдісіне ақпараттық технологиялардың жетістіктерінің енуі, заманауи педагогикалық технологиялардың қолданылуымен қатар балалардың қарапайым математикалық ұғымдарына деген қызығушылығын арттырудың бір әдісі ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде дидактикалық ойындарды қолдану болуы табылады. Ойындар балалардың ой-өрісін дамытып, танымдық белсенділік қасиеттерін арттырады. Мұнда тәжірибе негізінде жинақталған ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде қолданылатын дидактикалық ойындардың мақсаттары, міндеттері, түрлері, құрастыру ережелері, қолдану әдістері келтірілген.

Дидактика бұл ежелгі грек сөзі, яғни didacticos – үйретуші, didascalos – мұғалім деген мағынаны білдіреді. Дидактика білім беру мен оқытудың теориялық негіздерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы. Дидактика ойындар сонымен бірге кішкентай балаларға мейілінше тән оқыту формасы болып табылады. Дидактикалық ойындар балалардың ойын әрекетіне тән құрылымы элементтерінің бірі: ой – ниет, мазмұн, ойын әрекеттері, ереже, нәтиже бар. Дидактикалық міндеттің болуы ойынның оқыту сипатын, оның мазмұны балалардың танымдылық әрекетін дамытуға бағытталғанын атап көрсетеді. Дидактикалық ойындардың зор маңызы балалардың дербестігін және ойлау мен сөйлеу белсендігін дамытатындай. Дидактикалық ойын элементтерінің бірі – ережелер. Ережелер оқыту міндеті мен ойын мазмұнына қарай белгіленеді және өз тарапынан, ойын әрекеттерінің сипаты мен тәсіл белгілейді, балалардың мінез – құлқын, тәрбиеші мен балалардың өзара қарым – қатынасын ұйымдастырады және бағыттайды. Осының нәтижесінде өз қимылын басқара білу, оны басқа ойнаушылардың іс әрекетімен үйлестіру қабілеті дамиды. Ойын ережелерін үйретуші, ұйымдастырушы және тәртіптендіруші сипаты бар. Үйретуші ережелер балаларға не

істеу, қалай істеу керек екені ашып беруге көмектеседі, олар ойын әрекеттерімен үйлес болады, оның ролін күшейтеді, орындау тәсілін анықтайды. Ұйымдастырушы ережелер ойынның тәртібін, жүйелілігін және балалардың ойындағы қарым – қатынасын белгілейді. Тәрбиеші ережелернен және неге істеуге болаайтының ескертеді. Тәрбиеші белгілейтін ойын ережелерін балалар бірте – бірте меңгереді. Соларды бағалай отырып, олар өзінің және жолдастардың ойын үстіндегі әрекеттерінің, қарым – қатынастардың дұрыстығын бағалайды. Дидактикалық ойындарды құру ережелері: 1. Ойын ережесі қарапайым, нақты тұжырымдалған болуы шарт.

2. Ұсынылған материалдың математикалық мазмұны балалардың түсінуіне жеңіл, қол жетімді болуы керек.

3. Ойын-ойлау әрекеті үшін қажеттілікті жеткілікті түрде қамтамасыз етуі керек.

4. Ойын кезінде қолданылатын дидактикалық материалдар, құрал-жабдықтар қолдануға қолайлы болуы тиіс, олай болмаса ойын тиісті нәтижесін бермейді.

5. Әр бала ойынның белсенді қатысушысы болуы керек. Баланың ойынға кірісу кезегін ұзақ күтуі баланың ойынға деген қызығушылығын төмендетеді.

6. Егер сабақта бірнеше ойын жүргізілсе математикалық мазмұны жағынан оңайы мен күрделі ісі кезектесе жүргізілуі тиіс.

7. Математика оқу қызметінде ойналатын ойындардың ойындық сипатының белгілі бір шегі болуы керек. Бұл шектен асқан ойынды бала тек қана ойын деп қабылдауы мүмкін.

8. Бала ойын процесі кезінде өзінің ой қорытындысын математикалық жағынан сауатты түрде жеткізе алуы керек, қысқа, дұрыс, нақты тілде сөйлеу керек.

Математикадан қарапайым ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі: Математикадан қарапайым ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі – мектеп жасына дейінгі балаларының математикалық дамуының заңдылықтарының, математикалық дамуды қамтамасыз ететін педагогикалық жағдайларды зерттейтін ғылым. Мектепке дейінгі баланың қоршаған ортаны тануға ерекше белсенді болып келеді.

Ал математикаға деген қызығушылығы ерте басталады. Баланың дүниетанымы, көзқарасы, ең алдымен, көзге түскен заттардан қалыптаса бастайды. Бала өз бетімен ұстап көру, сезіну, қателесу арқылы дамиды. Жинақталған тәжірибені бейнелейтін пайымдау қалыптаса бастайды. Бала белгісізден белгіліге, қарапайымнан күрделіге қарай жылжи бастайды. Бір сөзбен айтқанда, бала өз дамуында біртіндеп көтеріле бастайды. Әрбір жаңа көтерілген баспалдағы оның мүмкіндіктерін кеңейтіп, оларды қолдану тәсілдерін жүзеге асырып, түсініктерін байытады. Жаңамен және бар білім арасында байланыс қалыптаса бастайды. Балада «жүйелеу» пайда болады. Бірақ ақыл ой дамуы белгісізден белгіліге жүрген кезде ғана толық жүзеге асырылады.

**Қорытынды:** Математика оқу қызметінде алуан түрлі ойындарды, оның ішінде дидактикалық ойындарды қолдануға болады. Жұмысты жеңілдету мақсатында осы дидактикалық ойындарды топтастырып жиналып, картотекасы құрылды. Картотекада мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру мақсатында қолданылатын дидактикалық ойындар жинақталып берілген. Дидактикалық ойындар жинағы математиканың бес бөлімін қамтиды және логикалық ойындар да кіріктірілді. Мектепке дейінгі мекемедегі педагогикалық үрдісте ойынның рөлі ерекше екендігі белгілі. Өйткені мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс әрекеті ойын болып табылады. Сондықтан да оқу-тәрбие жұмысының орталық құрылымы ойыннан құралатынын ұмытпаған жөн. Қызықты ойындар оқу үрдісін қосымша жүктемесіз жүргізуге көмектеседі. Кез келген ойын баланың толыққанды дамуына қажетті нақты тәжірибе алуға ықпал етеді. Ең бастысы қоршаған әлем жайлы қарапайым түсініктер мен танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген, игерген дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға қабілетті мектепке дейінгі жастағы бала тұлғасын қалыптастырады.

Ұсынылып отырған картотекада балалардың математика пәніне қызығу-

шылығын арттыру мақсатында берілген ойындар орын алады. Онда дидактикалық, логикалық ойындардың мазмұны, шарты көрсетілген. Олар балалардың математикалық білімдерін, танымдық іс-әрекет дағдыларын бекітуге арналған. Берілген ойындар қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру мазмұнын аша түседі және балалардың математикалық қабілеттерін дамытады. Математикалық ұғымдарды ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз болады. Бұл ойындарды әр педагог өзінің шығармашылық шеберлігімен түрлендіріп, балалардың жас ерекшелігіне сай ұйымдастыра алады. Жинақталған ойындарды сабақта жүйелі қолдануға болады. Дидактикалық іс-әрекет педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру үрдісіне ықпал жасайды. Осы жұмыста мектепке дейінгі мекемеде балалардың қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру үрдісіндегі дидактикалық ойындар арқылы меңгеретіні баяндалды. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырудағы дидактикалық ойындар технологиясы тиімділігі теориялық және тәжірибелік тұрғыда қарастырылды. Осы жұмыс нәтижесін мектеп жанындағы шағын орталықтар мен балабақша педагогтарына ұсынуға болады.

Қорыта келгенде, дидактикалық ойын – балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала өмірі ойынға байланысты. Бала ойынсыз өсіп өркендей алмайды. Бұл – өмірдің заңдылығы. Сондықтан да ұйымдастырылған оқу қызметінде дидактикалық ойын элементтерін пайдаланудың балалардың ой белсенділігін арттырудағы маңызы зор.

«Біреу және көп» мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл. Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын

атауға қиналса, тәрбиеші өзі атайды. Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екендігін атап өтеді «Шаршы құрастыр» мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады. 1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды. 2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?). 3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім тез бітсе, күрделірек түрін беру. «Зат неге ұқсайды?» мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. 1-нұсқа. Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді. 2-нұсқа.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1) Ш.Х Құрманалина, С.Ш.Сарсенбаев Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты тапсырмалар.
- 2) Л. Мартынова. Обучение математике младших дошкольников.
- 3) Р.Ф. Соболевский. Математические игры.
- 4) Ж. Мурадян. Дидактические игры, развивающие математические представления.
- 5) Е. Водопьянов. Формирование начальных геометрических понятий у дошкольников.

Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты таңдай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді.

«Сипап сезу арқылы санау» мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. Мазмұны. Тәрбиеші үстелінің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы (4 кірпіш, 5 жүк машинасы) қойылады. Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды ашпай қолмен ұстап санау арқылы анықтап, қорытынды санды айтады және осылайша екінші топтағы заттар да саналады. Қарамай-ақ, қай топтағы заттардың артық не кем екенін салыстырады. Содан кейін жабулы орамал алынады да, барлық балалармен жауаптың дұрыстығы тексеріледі. Ары қарай топтарды салыстыру арқылы неше артық, неше кем екенін анықтау, теңестіру жұмыстарын жүргізуге болады.



**Искакова Армангуль Агабаевна**

Нұр-Сұлтан қаласы  
№69 «Еркем-ай» балабақшасының тәрбиешісі

## ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУ

**Аңдатпа:** Мақалада ойын арқылы баланың тілін дамытудың жолдары берілген. Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамытудың ерекшеліктері заманауи технологиялар негізінде жүзеге асады. Педагогикалық, психологиялық еңбектерге талдау жасау негізінде мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамытудың мәні мен мазмұны ашылған.

**Түйін сөздер:** мектепке дейінгі білім беру, ойын технологиясы, инновациялық үрдістер, дидактикалық ойындар, педагогикалық үрдіс т.б.

Қазіргі заманның ерекшелігі қоршаған ортаның қарқынды өзгермелі болуында. Орын алып жатқан өзгерістер бұрын-соңды болғандарға мүлдем ұқсамайды, ол адамзаттың өмір сүру саласының барлық деңгейіне өз ықпалын тигізуде. Бұл өзгерістердің негізгі сипаты - үздіксіздік, үдемелілік, жылдамдық және жаһандық. Аталған факторлардың барлығы қазіргі үздіксіз білім беру саласына, соның ішінде баланы мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне үлкен талаптар жүктеп отырғаны белгілі.

Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан халқына Жолдауында – «Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы ретіндегі мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударған жөн. Және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуалдық, қабілеттерін дамытуға арналған тиімді бағдарламалармен қамтамасыз ету қажет. Әрбір балалардың білім алуға, еңбекке және қоршаған ортаға бейімі, қарым-қатынасы нақ осы кезеңде қаланатынын естен шығармауымыз керектігі» - деп атап өткен болатын.

Бүгінгі қоғамның шығармашылықпен

әрекет ете алатын құзыретті тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп отыр, сол себепті мектепке дейінгі білім берудің басым бағыттардың бірі – жеке тұлғаға бағытталған тәрбие мен білім беру. Баланың қайталанбас дара тұлға ретінде өзін-өзі тануын, өзін-өзі жетілдіруін қамтамасыз ететін педагогикалық іс-әрекеттің инновациялық мүмкіндіктерін пайдалану.

Мектепке дейінгі жас, баланың қарқынды даму кезеңі, уақытында дұрыс сөйлеуді меңгеру, соның ішінде оны белсенді пайдалану баланың қалыпты психофизикалық дамуының, толыққанды тұлғаны қалыптастырудың, мектепке дайындаудың негізгі шарттарының бірі болып табылады.

Осы орайда, баланың шығармашылық, зияткерлік, танымдық қабілетін дамыту тілден басталмақ. Себебі, тіл – адамдардың бір-бірімен пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын негізгі құралы.

Тілді дамыту отбасында, балабақшада және мектепте әртүрлі пәндердің интерграциялық байланысы негізінде жүзеге асады. Сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын бала айналадағы адамдармен, құрдастарымен белсенді түрде сөздік қатынас жасайды.

Баланың тілін дамытуда ойынның маңызы ерекше. Баланың қоршаған ортаны тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады.

Ойын - мектепке дейінгі жастағы бала қызметінің жетекші түрі, тиімді әдісі және балалардың сөйлеу белсенділігін ынталандыратын оқыту мен тәрбиелеудің бір түрі болып табылады.

Ойын балалар үшін айналы танып-білу тәсілі. Ойын кезінде бала өзін еркін ұстайды. Дидактикалық ойындар арқылы балалар қоршаған ортадағы заттармен танысып, қасиеті мен сапасын ажыратуға, әртүрлі құбылыстардың ерекшеліктерін білуге талпыныс жасайды, өзіне қажетті көптеген мәліметтер жинайды және олардың сөздік қорлары кеңейеді. Л.С.Выготскийдің айтуы бойынша, «Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы».

Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі байқалады. Олар ойланады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі – баланың шығармашылық қабілеті мен дарындылығын ұштайды. Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданауға тырысады. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс – әрекет ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге үйренеді. Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауы. - 2012, 12 желтоқсан.

Мектеп жасына дейінгі бала заттармен және ойыншықтармен іс-әрекет жасау арқылы өзінің сөздік қорын дамытады.

Мысалы: «Не өзгерді» ойынында бала қандай заттың жоғалғанын, бөлмеде қандай өзгерістер болғанын, сондай-ақ ол затты көрмесе де негізгі белгілері бойынша сипаттайды.

«Неден және қалай жасалды» атты дидактикалық ойындарда балалар ағаштан, мақтадан және басқа да материалдардан не істеуге болатынын нақтылайды. Бұл ойынның мәні суреттерді шебер таңдауға байланысты. Бұл ойын баланың логикалық ойлау қабілетін ғана дамытып қоймай, сонымен бірге дидактикалық ойындары балалардың тілін дамытуға, сөздікті нақтылауға және бекітуге, дұрыс дыбыс айтуды қалыптастыруға бағытталған. Баланың тілін дамытуда сюжетті-рөлді ойынның алатын орны ерекше. Балалар рөлдерді ойнау арқылы кейіпкерлердің бейнесіне еніп, сол іс-әрекеттерді қызығушылықпен орындауға тырысады. Мысалы, «Дүкен» ойынында сатушы және сатып алушы рөлдерін бейнелеу негізінде баланың қарым-қатынас мәдениеті, коммуникативті дағдысы, ойлау қабілеті дамиды.

Оқыту және тәрбие процесінде ойын әдісі арқылы баланың төмендегі мүмкіндіктерін ескеру қажет:

- баланың табиғи қызығушылығына мән беру;
- өзінің қабілетін көрсету үшін балаға мүмкіндік беру;
- жарыстарға баланы қатыстыру;
- ойын арқылы жаңа білімді қабылдау, білімнің қол жетерлік болуы;
- баланың еңбегін мадақтау.

Қорыта айтқанда, балалардың жас ерекшелігіне, қызығушылықтарына байланысты ойындарды ойнау, драмалық қойылымдарды сомдау, кейіпкерлер рөліне ену балалардың тілін дамыту үшін өте қажет.

2. Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту <http://bilimdiler.kz/balabaksha/11275-mektepke-deyingi-zhastagy-balalardyn-tilin-damytu.html>

3. Тунгатарова Н.А. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиешінің сөйлеу мәдениетінің мәні // Молодой ученый. - 2015. №6, С. 56-59

4. Выготский Л.С. Психология развития ребенка -М: Издательство. 2010, С.328



**Нуртлесова Зауреш Максотовна**

г. Атырау, КГКП ясли-сад №1 «Сәби әлемі»  
Воспитатель высшей категории

## МАСТЕР КЛАСС ДЛЯ ВОСПИТАТЕЛЕЙ «ИГРЫ И ТВОРЧЕСКИЕ ЗАДАНИЯ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА РАЗВИТИЕ УМСТВЕННЫХ СПОСОБНОСТЕЙ И СОЗДАНИЕ ТВОРЧЕСКОГО ПРОДУКТА В РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ»

**Цель:** активизировать мыслительную деятельность педагогов, усовершенствовать работу по улучшению образовательного процесса, направленного на формирование связной речи детей, наметить пути дальнейшей эффективной деятельности в данном направлении. В игровой форме систематизировать знания педагогов по проблеме формирование связной речи детей.

**Ход мероприятия:** Речь – один из мощных факторов и стимулов развития ребёнка. Речь – основное средство общения людей. Правильная, выразительная речь – звуковой портрет человека. Развитие мелкой моторики рук «Чтобы четко говорить, будем с пальцами дружить»

Мелкая моторика связана с нервной системой, со зрением, с вниманием, с памятью и восприятием ребёнка. Развитие мелкой моторики и развитие речи очень тесно связаны. При стимуляции моторных навыков пальцев рук речевой центр начинает активизироваться. Игры и упражнения для развития мелкой моторики: Разрывание бумаги, Лепка (пластилин, глина, тесто), рисование и раскрашивание,

собираание мозаик и пазлов, вырезание, игры с крупой, бусинками, пуговицами, игры с счётными палочками, застёгивание, расстёгивание, шнуровка, аппликации, работа с бумагой, оригами, плетение, рисование на муке, манке, песочная терапия.

1. Поиграем! С помощью разминки педагоги делятся на группы

**Разминка:** «Молекулы»

2. Упражнение «Что я знаю о себе?»

- Что, кроме нашей внешности, делает нас непохожими на других? - Чем мы отличаемся друг от друга? - Что между нами общего?

3. Прием «Ладоски»

Вопросы для размышления:

Что такое игра?

Почему важна игра?

С кем играет? В какие игры?

4. Задание: Подумайте о знаниях и навыках, которыми 3-4 летний, 4-5 летний, 5-6 летний ребенок должен обладать по образовательной области «Коммуникация» по разделу Развитие речи.

Испечь «Пиццу»

Сварить компот

Соорудить пирамиду

5. Задание «Педагогическая ситуацию»

1. Родители часто умиляются замысловатости детской речи, называя своих детей вундеркиндами. Когда мама говорит Диме:

«Не удирай так далеко!» - Дима отвечает: «Не беспокойся, мама, я удеру и придеру!»

С чем связано подобное явление?

(Подобное явление связано с несовершенством владением грамматическим строем речи. Ребенок может придавать какому-либо новому слову ту форму, которой он уже овладел. Элементы осознанного овладения ребёнком этой формой вызывают детское словотворчество).

2. Дошкольник, жестикулируя, рассказывает: «Он как налетит, а тут р-раз... и стекла бах... бах... А он упал... и все бегут. А этот свистит, а тот как выпрыгнул и как закричит... Под красный, под красный... А она так и плачет... Какие особенности речи дошкольников проявились в этом рассказе? (Дошкольники очень часто говорят короткими и обрывистыми фразами. Они считают, что рассказывают то, что знакомо их собеседнику. Многие детали рассказа они заменяют собственными движениями, дополняют выразительной мимикой и отдельными восклицаниями).

3. Дети 4-5 лет часто употребляют выражения «сотрясение мозгов», «тухлые спички», «обутый-босутый» и т. д.

Какая особенность детской речи проявляется в этих высказываниях?

(У детей 4-5 лет активно развивается фонематический слух, но дифференциация звуков ещё не достаточная. Поэтому они придумывают новые обороты речи и искажают известные им слова).

- Учить наизусть, играя с ребёнком

#### Список литературы:

1. Алексеева М.М., Яшина В.И. Методика развития речи и обучения родному языку дошкольников. - М.: 2000г.
2. Бондаренко А.К. Дидактические игры в детском саду. - М.: 1991г.
3. Бондаренко А.К. Словесные игры в детском саду. - М.: 1974г.
4. Бородич А.М. Методика развития речи детей. - М.: 1981 г.

Игра «Громко - тихо». Ребенок одну строчку текста произносит громко, а другую - тихо; Игра «Быстро - медленно», когда одна строчка стихотворения произносится быстро, а другая - медленно; Игра «Говорим по очереди», когда одну строчку стихотворения произносит ребенок, а другую - взрослый, потом они меняются порядком строк. Беседы с ребенком по содержанию стихотворения, разыгрывание его разными способами (драматизация, пальчиковые игры, диалог), выразительное чтение развивают образную память и помогают быстро запомнить текст.

- Игры на обогащение словаря ребенка

1. «Какая у нас посуда?» (из стекла – стеклянная, из дерева – деревянная, итд)

2. «Разные вопросы» («Цепочка слов»)

Где растут листья? (на ветке)

Где растут ветки? (на дереве)

Где растут деревья? (в лесу)

3. «Скажи наоборот» (антонимы)

Быстро – медленно

Грустить – радоваться

Большой – маленький

4. «Что можно делать с... С чем можно делать?»

Мячик можно отбивать ногой, ронять а ещё...

Водой можно умываться, плескаться...

5. «Опиши то, что видишь» («Расскажи как можно больше»)

Помните о том, сколь велика Ваша роль в обеспечении полноценного речевого развития ребёнка

Играйте и фантазируйте вместе с детьми!

Совместные занятия принесут Вам не только пользу, но и удовольствие!

Ваши дети будут говорить красиво, правильно и вырастут успешными!



**Мыңғышбаева Айжан Абылкасовна**

Атырау қаласы

КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының жоғары санатты музыка жетекшісі

## МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

«Музыкалық тәрбие-бұл музыкантты тәрбиелеу емес, ең алдымен адамды тәрбиелеу»  
В.А. Сухомлинский.

Музыка – эстетикалық тәрбие беру құралдарының бірі. Өнердің басқа түрлері сияқты ол да өмірдегі әсемдікті, табиғат сұлулығын бағалауға және адамдар арасындағы қарым-қатынастарды түсініп, білуге үйретеді. Баланы жастайынан өнерге баулып, музыка әлемімен таныстыру, оны сезіндіріп ән айтқызып, күй тартқызудың мақсаты – халқымыздың асыл қазынасын, дәстүрлі ән-күйлерін бойларына сіңіре білу, олардың эстетикалық талғамын жан-жақты байытып, дамыту – бүгінгі таңда өте маңызды мәселеге айналып отыр.

Жас сәби шыр етіп дүниеге келген күннен бастап оны ұнамдылыққа, әдемілікті сезінуге тәрбиелеу керек. Егер жас бүлдіршін кішкентайынан музыканы шын ықыласымен тыңдап түсіне білсе, ән салып, би билесе, халқымыздың ұлттық аспаптарының бірінде ойнауды үйренсе, онда олар үшін рухани ләззат алып, өмірге деген көзқарасы қалыптасып, шынайы биік армандар мен мақсаттарға ұмтылып, өнерлі де тәрбиелі азамат болып өсуі хақ. Ал, бұл міндеттерді жүзеге асыруда балабақшаның, оның ішінде музыка жетекшісінің атқаратын міндеті зор. Адам баласы талантты, не талантсыз болып тумайды. Ол іздену, ұқсау, еңбектену қасиеттерді миға ендіру арқылы, музыка үнінің көмегімен «мен білемін» деген сөзді кіргізу арқылы жетістікке жете алады. Талант иесі ішкі жан тілін сезімге

бойлайды. Ал сезім еңбекке дағдылайды. Еңбек талантқа ұштайды. Нәтиже деген не? Ол еңбектің сонғы көрсеткіші. Аспаптарда ойнау, ән айту, жаттау еңбек нәтижесі. Ал оны үйрету-педогогика ғылымы. Баланың шығармашылық қабілетін қалыптастыру және дамыту бағытындағы іс-әрекетке көшу заман талабы. Шығармашылық, бұл тіршілік көзі. Адам баласы сөйлей бастаған кезінен бастап бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктерінің өзі шығармашылықтың нәтижесі болып табылады. Музыка аспаптарына үйретудің негізгі мақсаты: балаға музыканың құдыретті күшін таныту, сүйтіп білімгерлердің санасын еркіне әсіресе олардың сезімі мен ұшқыр қиялына пайдалы әсер ету. Әр жас топтарында жас ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі формада өткізіледі.

Кіші топта-музыкалық ойыншықтар пайдаланады.

Дайындық топта-музыкалық аспапта ойнау үйретіледі. Ол «оқу қызметі» бөлімінде бағдарламада енгізілген.

Балалар білуге тиіс: аспаптың аттарын; аспаптың дыбысталу сипатын; аспапты пайдалану және сақтау ережесін; ойнау тәсілдерін; әр түрлі музыкалық аспаптардың жоғары және төменгі дыбыстардың орналасуын; нота аттарын және пернедегі, клавиштегі орындарын.

Балалар мыналарды үйрену керек:



әр түрлі аспаптарда ойнаудың қарапайым тәсілдерін; ансамбльде бірге бастап, бірге аяқтау, жылдамдық, ортақ динамиканы сақтау; қарапайым әндерді дербес орында; ырғақтық және әуендік әндерді өзі шығарып айтуды үйренуге тиіс.

Оқыту тәсілдері:

1. Жүйелілік-ойнауың техникалық тәсілдерін игеру.

2. Бірізділік.

3. Педагогтың мәнерлеп орындауы.

4. Жаттап алу.

Техникалық тәсілдер:

- Дұрыс отыру, аспапты дұрыс қолдану.

- Дыбыстаудың дұрыс тәсілін үйрену.

Тапсырманың жүйелілігі:

1. Бір музыкалық аспапта музыкалық ырғақтың суретін бере білу.

2. Қысқа интервалға құрылған әндер.

3. Дыбыс қатары бір неше бөліктерге бөлінген және интервалы кең әуендер.

4. Педагогтың мәнерлеп орындауы.

5. Бірге орындау.

Шығармашылық әрекет кезінде музыканы сергек қабылдау, бірігіп орындау (ансамбль) сезімі және дағдысы дамиды. Балалар үшін сабақта қолданылатын музыкалық аспаптар көлемі, салмағы жағынан ыңғайлы, құрылысы қарапайым, әрі мықты болуы керек. Аспаптарды ойнаудан бұрын жетекші балаларға олардың құрылысы, шығу тарихы, дыбыстық бояуы (тембрі) туралы біраз мағлұматтар бере отырып, оны оқу қызметінде пайдаланудың тиімділігін, мақсатын және қолдану тәсілдерін әңгімелейді.

Аспапта ойнау кезінде балалардың тұрып ойнау немесе отырып ойнау қалпын қадағалау қажет. Аспаптарды меңгерудің ең алғашқы қадамы ретінде балалардың ырғақ сезімін дамытатын қарапайым жаттығулар жасаған тиімді. Әр музыкалық аспаптың сипатына сай оның ырғақтық өрнектерді келтіру ерекшеліктерін ескеру керек.

Жетекші балалармен жұмыс кезінде олардың әрқайсысының музыкалық қабілетін ескергені жөн. Кейде бір бала сабақ сайын бір ғана аспапта ойнайды. Ол дұрыс. Себебі, бала сол аспапта ойнаған сайын оның қыр-сырын терең түсініп, техникалық ойнау шеберлігін тереңдей түседі.

Аспапта ойнау балаларды ұйымшылдыққа, бірлікке, сезімталдыққа, адамгершілікке баулыса, ол өзінің тәрбиелік міндетін атқарды деген сөз. Балалар, әдетте, өздерінің қолдарына ұстап, ойнап отырған аспаптары туралы, тыңдау үшін орындалған музыкалық шығарма туралы әңгіме басталса-ақ болғаны елең етіп үлкен ынтамен тыңдауға кіріседі. Ендеше, балалар оқу қызметінде тек ән айтып, аспаптарда ойнап қана қоймай, музыка әлемінің сырын ашып сұхбаттасуға дайын. Сондықтан, сыр сандықты ашып, саз маржанын шашу үшін үлкен ізденгіштік қабілет керек.

Балалар музыкалық аспапта ойнап, үйрену нәтижесінде:

Балалар ынталанады;

Қызығушылығы артады;

Аспапта орындау шеберлік деңгейі артады;

Музыкалық мәдени білімдері тереңдейді;

Өз халқаның музыкалық мұрасына эстетикалық ләззат ала біледі;

Аспапта өздері ойнай біледі.

Қорыта келсем, осындай жүйелі жүргізілген жұмыстарым арқылы мектепке дейінгі жас ұрпақты музыкалық аспаптарда ойнай білуге үйрете отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыттым. Жас ұрпақты музыкалық білім нәрімен сусындату арқылы өнер шыңына жол аша білдім. Балалардың өнерге деген қызығушылықтарын балабақшада ұйымдастырылған мерекелік шаралар, ертеңгілік, ойын – сауықтарда ата – аналарына көрсете білсе, аудандық, қалалық, облыстық «Айгөлек» балалар байқауында көрсеткіштермен көзге түсе білді. Атап айтсам 2012 жылы «Айгөлек» мектеп жасына дейінгі балалар шығармашылығының облыстық фестивалінде үздік өнер көрсеткені үшін үшінші дәрежелі дипломмен, 2013 жылы 1-маусым «Сәбилерге-туған ел шуағы» акция шеңберінде «Айгөлек» балалар шығармашылық фестивалінің өнер байқауында «Ансамбль» номинациясының оркестр жанры бойынша «I дәрежелі дипломмен», 2014 жылы 1-Маусым «Сәбилерге-туған ел шуағы» акциясы шеңберінде өткізілген дәстүрлі аудандық



«Айгөлек» фестиваль өнер байқауында оркестр жанрында қабілетімен дараланған деген атпен I дәрежелі, облыстық фестивалінде II дәрежелі, 2015ж «Айгөлек» аудандық фестивалінде I дәрежелі дипломмен, облыстық фестивалінде I дәрежелі дипломмен марапатталды. 2016-2017 жылдардағы байқауда I дәрежелі, 2018ж II дәрежелі орын, 2019ж «I дәрежелі» орынды иеленді. Педагогикалық негізде жан

– жақты тәрбиеленіп өскен әрбір білімді, аяғын нық басқан азамат қана егеменді еліміздің тұтқасын берік ұстайды деп сенгенбіз, балабақша педагогтары, келешек ұрпақтың мәдени, саяси, рухани дамуына жағдай жасап, үлкен жігерлікпен атсалыссақ қана еңбегіміз нәтижелі болмақ.

Өмір мұра ата – салтың ол дағы,

Үйрете біл, асылыңды қолдағы.

Балалықпен бір жүрмесе тәрбие,

Қиын екен, ұлылықтың болмағы.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. «Саз аспаптар тарихы» Н.М.Адамқұлов, Ж.А.Тұрдығұлов
2. «Қазақтың музыкалық аспаптары» Б.Сарыбаев Алматы. Өнер 1980
3. «Ұлттық музыкалық аспаптарын дайындау» С.Шалтабаева, Т.Әміреева
4. «Елім-ай» 1999ж. Алматы қаласы «Атамекен» М.Балтабаев
5. «Бала мен балабақша» №2 2011 ж Алматы.
6. «Отбасы және балабақша» №4 Алматы 2019 ж.



**Ибраева Нургул Жангирхановна**

КМҚК №28 «Алмагүл» бөбекжай бақшасы  
I санатты тәрбиеші

## ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ МЕН ТӨЛДЕРІ

Мақсаты: Білімділігі: Балаларға үй жануарлары және төлдері туралы түсінік бере отырып, білімдерін кеңейту, және аттарын дұрыс айтуға үйрету.

Дамытушылығы: Төрт түлік малдың пайдасын, дауыстарын табу арқылы балалардың ой өрісін, тілін, сөздік қорын дамыту.

Тәрбиелігі: Үй - жануарларын күтіп баптауға, қорғап, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: үй - жануарлары мен төлдер суреттері. Слайд-шоу.

Әдіс тәсілдері: түсіндіру, сұрақ - жауап, әңгімелеу.

Билингвальды компонент: түйе - верблюду, сиыр – корова

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: Балалармен шеңберге тұрғызып амандасу.

Армысың әлем!

Армысың Жарық күн!

Армысың абзал адам!

Армысың менің достарым!

Саламатсыздар ма қонақтар.

Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем.

Тәрбиеші: Көктем мезгілінде күн қандай болады?

Балалар: Жылы.

Тәрбиеші: Нелер ұшып келеді,

Балалар: Құстар.

Тәрбиеші: Жерге нелер шығады?

Балалар: Шөптер, гүлдер.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Балалар сендер жайлауға саяхатқа барғыларың келе

ме?

Балалар: Иә.

Тәрбиеші: Ендеше балалар біз қазір жайлауға саяхатқа барамыз. (жайлауға атарбамен барады)

Қандай әдемі, көк шөптер, иісі қандай тамаша. Балалар қараңдаршы жайлауда сиыр, қой, ешкі, түйе, жылқылар жайылып жүр.

Төлдері қандай әдемі, сүйкімді.

(Бақташы атай шығады.)

Ата : Саламатсыздар ма балалар!

Балалар: Саламатсыз ба ата.

Біздің балалар сізге қонаққа келді.

Ата: Қош келдіңдер балалар!

Тәрбиеші: Балалар қараңдаршы жайлауда үй жануарлары төлдерімен жайылып жүр. Балалар бүгін біз үй жануарларының төлдерімен танысамыз.

Жылқы, сиыр, қой, ешкі түйенің балаларын төлдер деп атаймыз.

Міне мынау балалар сиыр. сиырдың төлі бұзау.

Қане айтайық бәріміз сиыр, бұзау.

Міне мынау түйе. Түйенің төлі бота.

Мынау жылқы. жылқының төлі құлын, дейміз.

Мынау қой. қойдың төлі қозы, дейміз.

Мынау ешкі. Ешкінің төлі лақ – дейміз.

Дидактикалық ойын. «Ненің дауысы»

Сол кезде төлдер айтыса бастайды.

Лақ: Ием мені жақсы көреді. Адам біздің сүтімізді ішеді, түбітімізді киімге пайдаланады.

Құлын: Лақ сен орынсыз мақтанба? Бізден ешқайсың аспайсыңдар, біздің етімізде азық, сүтімізде шипалы. Қымызды

ішкен адам ауырмайды. Қазы - қарта, жал - жаяны тек бізден алады.

Бұзау: Сендер босқа мақтанбаңдар, ием мені жақсы көреді. Адамның тіршілігіне ең пайдалысы біз. Шелек - шелек сүт, қарын - қарын май, қап - қап құрт, ірімшік бізден шығады, адамға мен пайдалымын.

Ата: Сендерге не болып кетті, неге айтысып жатырсыңдар. Олай болмайды! Бәрің де пайдалысыңдар.

Дұрысайтасыз ата үй жануарларының бәрі де пайдалы. Балаларға үй жануарларының пайдасы, өнімі жөнінде айтып берсеңіз.

Ата: Жарайды балалар ендеше мына жерге бәрің жайғасып отырыңдар.

Сиырдың сүтінен қаймақ алады, құрт, ірімшік жасайды. Етін азық етеміз.

Жылқының да етін жейміз, сүтінен қымыз дайындайды. Қымыз денсаулыққа өте пайдалы. Қазы - қарта, жал - жая жылқыдан алынады балалар.

Ал балалар қойдың сүті де өте пайдалы, етін жейміз, терісін пайдаланады.

Ешкінің сүті балалар көп ауруға ем, түбітінен киім тоқиды. Түйенің шұбатын ішеміз. Міне үй жануарларының бәріде адам үшін өте пайдалы.

Балалар үй жануарларына арналған мақал мәтел, нақыл сөздер бар.

Естеріңе сақтап жүріңдер.

Сиырдың сүті тілінде,

Малды бақсаң сиыр бақ,

Сүт кетпейді шарадан,

Түйе байлық,

Қой мырзалық,

Жылқы сәндік.

Ер қанаты ат.

Міне балалар осы мақал, нақыл сөздерді естеріңе сақтап жүріңдер.



Тәрбиеші: Балалар үй жануарларын күтіп баптауымыз керек, қамқорлық жасауымыз керек.

Ата біздің балалар төлдер туралы тақпақ, өлең шумақтарын біледі. Қане кім айтып береді.

1. Тоты.

Құлыншағым құндызым.

Құлдырайды шабады,

Жылтылдаған жұлдызым,

Құстай қанат қағады.

2. Әли.

Кіп кішкентай момақан,

Қошақанды ұнатам,

Жүреді анам қозым деп,

Қошақаным өзім деп.

Ән: «Төлдер»- әні.

Ата : Ай айналайындар көп - көп рахмет.

Тәрбиеші: Ата сізге де көп - көп рақмет. Балалар үй жануарлары туралы көп мағлұмат алды.

Біз енді балалабақшаға қайтайық.

Сау болыңыз.

Міне балалар балабақшаға да келіп жеттік.

Қане орнымызға отырайық.

Балалар біз жайлаудан үй жануарларымен таныстық,

Мына кішкентай төлдер мамаларын таба алмай адасып жүр екен, табуға көмектесейік.

Дидактикалық ойын. «Адасқан төлдер»

Қорытынды: Балалар біз қайда бардық?

-Жайлауға.

Жайлауда кімге қонаққа бардық?

Бақташы атайға.

Жайлаудан нелерді көрдік?

Үй жануарларын.

Үй жануарларының пайдасы қандай?

Бізге не береді?

Сүт, шұбат, қымыз береді, етін жейміз.

Өте жақсы балалар үй жануарларын қамқорлап, күтіп баптауымыз керек.

Мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Түсінеді: ойын шартын

Біледі: үй жануарлары және төлдері туралы

Игереді: төрт түлік малдың пайдасын



**Карасаева Райхан Жумагельдиевна**

КМҚК №28 «Алмагүл» бөбекжай-бақшасы

Дене шынықтыру нұсқаушысы

## ИОГА

Мақсаты: Джунгляя табиғаты және жыртқыш жабайы жануарлар туралы түсінік беру. Берілген тапсырмаларды зейін қойып орындауға үйрету. Ертегі арқылы балалардың қимыл іс-әрекетін дамыту, тұлға бітімдерімен аяқ, қол, кеуде бұлшықеттерін жетілдіріп оны әрі қарай дамыту. Балаларды епттілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Билингвалдық компонент: Маймыл-обезьян- monkey, көкмойын-фламинг-га-flamingo, мысық-кошка-cat

Пайдаланылған құралдар: шамдар, доғалар, тунель, гимнастикалық қабырға, атрибуттар.

Ұйымдастыру бөлімі:

Жүргізуші: Балалар сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?

Балалар: Әрине.

Жүргізуші: Ендеше сендер қандай ертегіні білесіңдер?

Балалар: (балалар ертегі түрлерін атайды).

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар. Мен бүгін сендерге «Иога» ертегісін айтып беремін. «Иога»-ол кішкентай маймыл ол джунгляда мекендейді. джунгляда ну орман. Онда неше түрлі өсімдіктер өседі. Ол жаққа күн өте ыссы болады. Жыртқыш жабайы аңдар өте көп мысалы: аю, қасқыр, арыстан, жолбарыс, түлкі, қоя, керік т.б. аңдар мекендейді екен. Иога ертегісін тыңдай отырып сендер денелеріңді бір шынықтырып алаыңдар жарайма балалар.

Балалар: жарайды.

Жүру барысы: Балалар қолдарын жоғары көтеріп аяқ ұшымен жүреді. Содан кейін қолдарын белге қойып қос аяқпен секіреді.

Жәй жеңіл жүгіреді. Бастапқы қалыпқа оралып сапқа тұрады.

(жарықты сөндіріп май шамдар жағылады.)

«Иога» жаттығуы. Ерте-ерте ертеде, ешкі құйрығы бөртеде, йога өмір сүріпті. Ол кішкентай маймыл ойнағанды ұнататын. Кейде таңертең тұрып, қозғалмастан тып тыныш отырып, джунгляның таңғы таза ауасын мұрынмен терең демалып, кері шығаратын. Ауа мұрның қыдықтағанды жақсы көреді. Иога сәл көтеріліп, оң қолымен кейде сол қолымен биік теректердің бұтағына созылып мінгенді жақсы көреді. 3-4 реттен қайталайды. Оның қолдары қанатқа айналып кетседеп армандайды. Себебі құстардың самғап биікке ұшқаны оған ұнайды. 3-4 реттен қайталайды. Кейде өзін құсқа теңеп биіктен төмен қарай ұшып келетіндей сезінеді. Бір қолы жоғары көтеріліп жәймен айналады. Оң жаққа және сол жаққа айнала ұшқанды жақсы көреді. 3-4 реттен қайталайды.

Иога жан-жаққа қарап, өзінің досын фламинганы іздейді. 3-4 рет қайталайды. Фламинга йоганың үстінен ұшып кетеді. Ал йога болса төрт тағандап тұрып. Бір аяғын бүгіп екінші аяғын созады, бір қолын алға созады 3-4 рет қайталайды. Фламинганың тырнағына қорғану үшін істейді. Ұйқыдап тұрған мысықты көреді. Мысық алға ұмтылды. Дымқыл шөпке аяғын лақтамау үшін еңкейіп аяқұшыментұрды 3-4 рет қайталайды. Иогада дәл сол қимылды жасады. Биік тауға ұқсап йога осындай позада тұрып жәй тыныс алып кері шығарды. Фламинга жоғалып кеткесін, аң тапшасы арыстан барлық аңдарды жинап

фламинганы іздеуді бұйырды. Иога болса оң жағына және сол жағына аңдарға қарады. 3-4 рет қайталайды. Аңдар аяқтарын жинап бастарын иді, жарайды дегендей. 3-4 рет қайталайды.

Содан кейін Иога лотос жапырағының үстіне аяғын жинап молдасын құрып отырды. Иога көзін жұмып, ойланды фламинга қайта кетуі мүмкін деп. Бір мезгілде есіне түседі. Фламинга судан алысқа кететінін есіне түсіреді. Иога су жағалауына барып байланып тұрған қайықты көреді қайыққа отырып алып жылжып кетеді. Иога байғұс фламинганы іздеуге шықты. Бір мезгілде дельфин мен фламинга ойнап жатқанын көреді. Соларға қарай жылжып барады. Фламинга йоганың көмегімен қайыққа мінді. Себебі ол йогамен үйіне барғысы келіп, дельфинге қолын былғады. Жағалауда барлық достары күтіп тұрды. Фламинга мен йога оралғасын. Барлық аңдар жиналып тойлайды. Барлық аңдар шалқаларымен жатып күннің шағылысқан нұрына көздерін ашалмай жұмып біраз демалады. Ал йога болса өткенді есіне алып өзінің жасаған ерлігі үшін жәй жымып қояды. Солайша аңдардың барлығы дос болып тату тәті өмір сүріпті. Қанекей балалар бастапқы қалыпқа оралайық.

Ал енді балалар сапқа тұрайық. Мына меннің қолымда сыйқырлы таяғыммен джунгляға қонаққа барамыз. (таяқты сілтеген кезде джунгляға жетеді)

Иога: Сәлеметсіздер ме? Балалар қош келдіңдер! Мен теректе отырып сендерді винокльмен қарадым сендердің жасаған іс-қимылдарың маған қатты ұнады. Мен сендерге риза болдым. Енді балалар, мен сендерге қалай терекке міну керек екенін көрсетейін. Солмен қатар маған сендердің көмектерің қажет болып тұр. Маған анау тұрған банандарды жинап бересіңдер ме?

### Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.А. Қазақстан- 2030- Алматы: Б1л1м, 1997-96с
2. Аканов А.А. Формирование здорового образа жизни в Республике Казахстан // Валеология. Физвоспитание. Спорт-2004-№1
3. Батибаева С.Г. Дене тәрбиесі. Әдістемелік құрал. Алматы: Алматы кітап баспасы, 2013.



Балалар: Әрине. (йога өрмелеп шығып бір бананды алып оралады.) балаларда дәл солай жасайды. Жинап болғасын.

Жүргізуші: Мінекей Иога біздің балалар саған көп банандар жинап берді.

Иога: Рахмет балалар сендерге уақыттарыңды бөліп маған көп бананна жинап бердіңдер. Мен енді достарыммен мына бананаларды бөлісіп жимін. Балалар сендер ойын ойнағанды ұнатасыңдар ма?

Балалар: Әрине

Иога: Ендеше қанекей барлығымыз көңіл күйімізді көтеріп ойын ойнайық.

Ойын: «Ашулы арыстан»

Қорытынды. Мадақтау. Күтілетін нәтиже: Түсінеді: ертегі желісін түсіне білді; Біледі: йога жаттығуларын жасауды; Игереді: йога жаттығулардың түрлерін.



### Идрисова Салтанат Кайратқызы

Атырау қаласы, №30 «Жұмбақ» бөбекжай-бақшасы,  
Бейнелеу өнері пәні оқытушысы

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖАНРЛАРЫН МУЛЬТИМЕДИА – ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР

*«Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан, шығармашылы қойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жіптер тарайды. Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады».*  
Василий Александрович Сухомлинский

Егеменді еліміздің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық бетбұрыстарына қарай болашақ ұрпақты тәрбиелеуде басты шығармашыл тұлғаны дайындау мектепке дейінгі ұйымнан басталады. Шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуде бейнелеу өнерінің орны ерекше. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы Заңында» жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі деп көрсетілген. Бала ес біле бастағаннан-ақ өзі жете түсінбес жарқын, тартымды нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды, мәселен, жылтыраған ойыншықтарды, әдемі гүлдер мен заттарды көрсе қуанады. Осының бәрі оның рахаттану, қызығу сезімін туғызады. Эстетикалық тәрбие алған балалар жарқын, әсем атаулының бәріне жәй ғана ұмтылып қана қоймай, сұлулықты жан дүниесімен қабылдайтын болады. Бейнелеу өнері - көркемдік талғам қалыптастырудың өзекті құралы ретінде баланы өз халқының эстетикалық мұраларын игеруіне, халық өнерінің айшықты туындыларынан ләззат алуға, рухани дамуына және халық

талантын қастерлеуге, сүйе білуге баулиды. Мектеп жасына дейінгі балалардың ең сүйікті әрекеттері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру кезінде заттар мен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасып, көркемдеп бейнелеуге және өзінің сол затқа қатынасын жаңа оймен бере білуге дағдыланады. Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беруде мультимедиялық технологиялар, электрондық ақпараттық қорлардың кеңінен тарауы, оқытуда, қарым – қатынас жасауда және тәрбиелеуде желілік технологиялардың мәжбүрлі қолданылуында болып отыр. Осыған байланысты АКТ – ны мектепке дейінгі оқыту процесінің ажырамас бөлігі деп сеніммен айтуға болады.

Бейнелеу өнері сан ғасырлық даму тарихына байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Олар: кескіндеме, графика, мүсін, сәулет өнері және сәндік-қолданбалы өнер.

Кескіндеме- қағаз, тақтай, картон, кенеп бетіне әртүрлі бояулармен орындалатын шығарма.

Графика- қағаз, картон бетіне қарындаш, қаламұш, көмір, тушь арқылы орындалатын сурет.

Мүсін- әртүрлі материалдармен (тас, ағаш, металл, сазбалшық, ермексаз)

дөңгелек көлемді кеңістікке сомдалған көркем шығарма.

Сәулет өнері- үйлер, ғимараттар, көшелерді жобалау және оны жасау өнері.

Сәндік қолданбалы өнер- халық тұрмысында кеңінен қолданылатын көпсалалы өнер. Әрбір халықтың шығармашылығымен байланысты өнер. Бұл өнер түріне қазақтың ұлттық қолөнері жатады.

Бейнелеу өнері орындалу ерекшелігіне қарай бірнеше жанрға бөлінеді:

**Пейзаж**- табиғат көріністері бейнеленген шығармалар. Пейзаж жанры әралуан. Кейбір пейзаж шығармалары өмірде бар нақты көріністерді бейнелесе, кейбіреулері суретшінің ой-қиялынан туады. Пейзаж жанры бірнеше топқа бөлінеді: жылдың төрт мезгіліне қарай олар: қыс, күз, жаз, көктем. Таулық пейзаж, Ауылдық пейзаж, Қалалық пейзаж,

**Маринистік жанр** – теңіз, көл, мұхит сияқты табиғат көріністері бейнеленген шығармалар.

**Натюрморт** - жансыз заттар мен бұйымдарды үйлесімді етіп бейнеленген шығарма. «Натюрморт» француз сөзі, аудармасы «өлі табиғат» дегенді білдіреді. Натюрморттың екі түрі бар. Олар: қарапайым және күрделі.

**Қарапайым натюрморт** деп екі немесе үш заттан тұратын натюрмортты айтады.

**Күрделі натюрморт** төрт, бес немесе одан да көп заттан тұрады.

**Портрет** – адамның бет пішіні бейнеленген көркем шығарма. Портрет жазушы суретшінің басты мақсаты-адамның сырт ажарығана емес, ішкі жандүниесін, рухани келбетін көрсете білу. Портрет негізі 3 ке бөлінеді:

Авто портрет-суретші өзін бейнелейді.

Профиль-адам бейнесін жанынан бейнелеуі.

Анфас-адам бейнесін алдынан бейнелеу.

**Тарихи жанр**-белгілі бір оқиғалар мен тарихи кезеңдер бейнеленген көркем шығармалар.

**Батальдық жанр**-соғыс оқиғалары, Отан қорғау, жер қорғау көріністері бейнеленген

көркем шығарма.

**Анималистік жанр**-жан-жануарларды бейнелеген көркем шығарма. Ол латынның «animal» (хайуанат) деген сөзінен шыққан.

Сурет салу техникасына үйретумен бейнелеу әсерлі құралдарын қолдану арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамытуға болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығының бірінші белгісі қоршаған орта заттары мен объектісімен таныстыруда тәрбиеші оның негізгі пішініне, салыстыруға, ұқсастығын ажыратуға үйретіледі. Сол себептен бала бір заттың түрліше пішінін суретін салуда, мүсіндеуде және жапсыруда басқаша бейнелеудің амалын меңгереді. Балалар еркін түрде сурет салуда, басқа заттың ұқсас пішінін беруде қолданады. Сурет салуда түзу, қисық, үзік, жіңішке, қалың сызықтың түрлі амалын бала өзінің ойымен заттар мен құбылыстардың бейнесін беруде пайдаланады. Мектепке дейінгі балаларда болатын шағырмашылықтың екінші белгісі-затқа жаңа қызмет беруі. Баланың затпен әрекетінде байқалатын құбылыс, бір затты екінші заттың орынбасары ретінде қолданып, қиялында таза образын жасап алуы. Сол сияқты бейнелеу әрекетінде де көз алдына елестету арқылы жаңа бейнелер құрастырады. Бала сурет салуда бейнелеу іс-әрекеті арқылы жас ерекшелігіне сай, қоршаған ортаны өзінің бейнелеу тәсілдерімен суреттеуге талпынады. Бала қоршаған ортаға деген саналы қарым-қатынасын, адамдар арасындағы қатынастарға, табиғатқа, жануарлар әлеміне қатысты өз ойларын сөзбен немесе сурет түрімен бейнелеуге тырысады. Баланың алғашқы қадамы олардың эстетикалық қабылдауымен, есінде қалғанын елестете сурет салуымен эмоциялық түсінгіштігімен байланысты. Сурет салу кезінде баланың құрылым, көлем, затты кеңістікте дұрыс орналастыру, түстерді табаалудағыларымен бекітіледі. Ең маңыздысы, баланың сурет салуда алғашқы біліктілігі қалыптасады. Сурет салу барысында салыстыру, жалпылау үрдістері қатар жүріп жатады. Сонымен бейнелеу өнері ойлау, байқау қабілеттерін дамытып, қалыптастырады. Бейнелеу

өнерінің әр кезде де эмоциялық өңделуі жоғары болады. Эмоциялық бастауды дамытпай, талғампаздықты, қиялдауды, көз алдына елестетуді, армандай білуді, шығармашылықты қалыптастыру мүмкін емес. Бейнелеу өнері мектеп жасына дейінгі баланың көркем қызметін түсіндіреді, ол арқылы баланың тұлғасын жан – жақты дамуына әсер береді, сонымен қатар айналадағы өмірді активті түрде танып білуі, өздерінің көзқарастарын графикалық және пластика түрде шығармашылықпен жеткізе алатындарын тәрбиелейді. Әрине, бала бүкіл бейне өнер түрлерін жаулап алуы мүмкін емес, сондықтан педагог бейне қандай өнердің ерекшеліктерін балатүсіне, қабылдай алады дегенді белгілеуге көмектеседі. Балабақшада бейнелеу өнерінің сан алуан түрлерімен: кескіндемемен, графикамен, сәндік - қолданбалы өнер туындыларымен танысады. Заманауи мектепке дейінгі

баланы оқытудың уәждемесін арттыру және жетілдіру, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту және білім беру қызметінің жағымды эмоциялық жағдайын құру құралдарының бірі компьютер болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, АКТ пайдалану кезінде балалардың қызығушылығы айтарлықтай артып, танымдық мүмкіндіктер деңгейі жоғарылайды. Компьютер қағаздағы көрнекі құралдарды, кестелерді, репродукцияларды, өнер жөніндегі альбомдарды, заттай Қордың жетіспейтін заттарын, аудио және бейне аппаратураларды үлкен көлемнен босата отырып, демонстрациялық материалдардың үлкен санын біріктіруге көмектеседі. Осылайша, көркем білім беру үшін компьютер шикізат қызметін атқара алады, оның негізінде өз оқыту құралдарын қалыптастыруға, өз презентацияларын, слайд-фильмдерін құрастыруға, өзінің білім беру жобаларын жүзеге асыруға болады.

#### Әдебиеттер тізімі:

Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. - Астана, 2012. Швайко Г.С. Балабақшадағы бейнелеу өнері сабақтары. - М.: Валдос, 2000. Нүсіпбекова М.И. Бейнелеу өнері «Аруна» баспасы Алматы, 2002. Швайко Г.С. Балабақшадағы бейнелеу өнері сабақтары. - М.: Валдос. 2000. Боровик О. В. Развитие воображения. - М., 2000.



**Жылкыбаева Аида Кусановна**

Атырау қаласы, КМҚК №1 «Сәби әлемі» бөбекжай-бақшасының бірінші санатты саз жетекшісі

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ВОКАЛДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

*Музыкалық білім беру процесінде музыка жалпы қоғамдағы тұлғаның жан – жақты дамуына мүмкіншілік туғызады. Музыкамен қарым – қатынас жасау, жеке тұлғаның рухани дамуын, музыкалық қызметтің ұжымдық түрін, хормен және ансамбль құрамында ән айту тағы басқа балалардың музыкалық- шығармашылық қызметінің дамып, қалыптасуын оларды музыканы ұжымдық түрде сезініп жақындастыра түсуінің негізі. Музыкамен айналысу мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы мінез-құлқына, мәдениетіне әсерін тигізеді.*

Мақсаты: Музыкамен баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастыру. Дұрыс ән айтуға үйрету арқылы балалардың дауыс аппаратын дамыту. Дарынды балалармен жұмыс жүргізуді инновациялық бағытта жүзеге асыру. Адам музыканы тек жан дүниесімен қабылдап сезіне алады, оны тілмен жеткізу мүмкін емес. Сондықтан да балаға музыканы сезіндіру арқылы қабылдатып, музыка өнерінің құдыретін жеткізе аламыз. Өйткені, музыкалық шығарманың басқа өнерден айырмашылығы оның мәнерлілігінде. Сол себептен музыканы жай сөзбен емес, өнер тілімен ғана ұғындырып бере аламыз. Елімізде білім беру, жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелері саласында түбегейлі, шұғыл бетбұрыстар жасалып жатқаны белгілі. Сондай-ақ музыканың да өнер құралы ретінде орасан зор тәрбиелік мүмкіндігі бар.

Ол өмірдің ажырамас бір бөлігі. Қоршаған орта музыка тілі арқылы адамға аудармасыз-ақ түсінікті. Балалардың музыкамен айналысуындағы алғашқы қадамы отбасынан басталады. Ол теледидардан балаларға арналған мультфильмдер мен музыкалық хабарларды көріп, музыканы тыңдау арқылы эмоционалды әсер алады. Ол музыка тыңдай отырып, ырғағына сәйкес қимылдар жасап, әуенін орындап қуанышқа бөленеді. Біздің балабақшада балалардың жан-жақты, әрі үйлесімді музыкалық дамуына заманауи жағдайы жасалған: ұнтаспа, микрофон, мультимедия жабдықтары бар. Музыка балалардың эстетикалық және ақыл- ой тұрғысын жетілдіре отырып, оның қабылдау және көз алдына елестету қабілетін жандандыру, баланың музыкалық есту, ән айтуы, музыкалық - ырғақтық қимылдар жасауы, балаларға арналған музыкалық аспаптарда орындауы сияқты бастапқы дағдыларын бірте- бірте қалыптастыру.

Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастырды. Оның ықпалы басқада нұсқаулардан күшті болады. Отан, Қазақстан, балабақша туралы айтқан балалардың әндерінен өз елдеріне деген сүйіспеншіліктерін көруге болады. Сондай-ақ Қазақстан азаматы болғандықтан, әрбір бүлдіршін еліміздің мемлекеттік Әнұранын есіне сақтап, жатқа біледі. Әнұранның мазмұнын түсіндіріп, мереке күндері топ болып айтқызу – Отансүйгіштік, еліне деген мақтаныш сезімін, ұлттық рухын күшейтуде.

Ән айту – педагогикалық деңгейде дұрыс ұйымдастырылса, музыкалық эстетикалық тәрбиелеудің ең тиімді жолы деп есептеймін. Оның тиімділігі әншілік тыныс алудың жолдарын пайдаланып, дауысты вокалдық – техникалық жағынан жетілдіріп резонатор және артикуляциялық аппарат жұмыстары қолданылады. Ол үшін тіл, ерін, көмей арқылы дауысты және дауыссыз дыбыстарды әндетіп, ашық айтқызамын. Ән айтуда дауысты дыбыстардың рөлі ерекше, өйткені дауысты дыбыстар созылымға бейім келеді де, ән айтудың негізін қалайды. Олар ән айту процесінде дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты және ұлғайтқыш қуыс мүшелерінің ықпалымен сан құбылып, көптеген бояулар табады. Сондықтан, бала дауысы тек дауысты дыбыстардың көмегімен ғана өзінің көркемдік қасиетін әуенін барынша көрсете алады.

Әнді орындамас бұрын бір қалыпты ұстап, денені тік, басты жоғары, екі қол ыңғайлы екі жағына тұрғаны дұрыс. Бұл тәртіп әншінің эстетикалық көрінуіне ғана емес, ол дауыстың ашық және еркін шығуына көмектеседі.

Жабық ауыз, иекті төменге қарай түсіру, ерін еркін, жұмсақ болуы тиіс, ауыз суға толы сияқты, дыбысты жоғары жіберіп, доре – дыбыстарын кезек, кезек «қайық» - (бір октава ішінде) орындайды.

Дауысты дыбыстарды айту – ма, ме, ми, мо, му- ашық дыбыстарды жинақы (үш дыбыстың биіктігінде)

Дауыс аппаратын қыздыру үшін, легатоға, стоккатоға, диапозонды кеңейтуге;

Дауысты дыбыстарды айтқанда ауыздың дұрыс ашылуын, дыбыстың анық естілуін қадағалау керек:

«А» - дыбысының айтылуы

«Ә» - дыбысының айтылуы

«И» - дыбысының айтылуы

«О» - дыбысының айтылуы

«Ө» - дыбысының айтылуы

«У» - дыбысының айтылуы

Осылар ән техникасын дұрыс меңгеруге септігін тигізеді.

Вокалды – техникалық дағдылардың қатарына: резонаторларды дұрыс қолдану, әннің сөзін анық айту – дикция, ерін

қимылдарының техникалық меңгеру артикуляция, аспаппен сүйемелдеп орындау кезінде, вокалды әшекейлеуді еркін және жеңіл қолдану, динамикаларға көңіл бөлу, әнді нақышына келтіріп мәнерлі орындау кіреді. Вокалдық – техникалық жаттығулар арқылы баланың дауыс көлемін кеңейту. Әуенді – сауықтыру жұмысының жүйесі әрбір оқу қызметінде келесі инновациялық технологияларды қолданамын: дауыс жаттығуы, дем алу жаттығуы, мнемотехника, артикуляциялық жаттығулар, саусақ жаттығулары, саусақты – сөзді ойындар, әуен терапиясы. Инновациялық технологияларды музыкалық оқу қызметінде мынандай әдіс- тәсілдермен қолдануға болады:

Ойын тәсілі: саусақ жаттығулары, саусақты – сөзді ойындарды, әуенді ойындарды, дидактикалық ойындарды, ритмдерді қайталау,(металлафон, бубен), ритмикалық тіктөртбұрыш, сиқырлы таяқша ойындарын, көңілді ноталарды қолданамын.

Көрнекілік: (суреттер, ойын құралдары, ойыншықтар, музыкалық – дидактикалық ойындарды және музыкалық аспаптарды, мультимедияны пайдаламын).

Дауыс жаттығуы. Дауыс жаттығуының мақсаты: ән айту алдында дауыс желбезегін оятып әзірлеу, дауыс ырғағын келтіру. Баланың дауысын ән айтар алдында дауыс жаттығуымен оятып аламыз, осы кезде дем алу жаттығуында қолданамыз, дұрыс дем алуды, интонацияны, дыбыс құруды ұзақ, созыңқы ауа шығаруды, ерін бұлшық етін шынықтыруды дамытады. Әуендік және ырғақтық тұрғыдан қарапайым, тез жатталатын әуенді жай екпінде, модуляциялы секвенция ретінде жарты тон бойынша жоғары – төмен айтқызып үйрету өте тиімді. Жаттығулар арасында бірдей ұзақтықта тыныс алып отырса, ол әуенді қайталауға, ән айту шеберлігін дамытуға зор мүмкіндік береді.

Дауыс жаттығулары:

1. Дауысты ояту және жібіту үшін м, ң, үнді дауыссыз дыбыстар арқылы жаттықтырамын

2. Келесі жаттығу буынға бөліп айту ми, му, мо, мэ, ма освобождение гортани от

зжатности и для округления звука

3. Дауыс ән айтуға дайын болғанда жаттығуларды қиындату керек.

*Staccato жаттығуы, legato- staccato жаттығулары арқылы және staccato қаттырақ акцентімен.*

4. Жаттығулардың аяқталуын «фиорэ» жаттығуы дем алуға кеуде диафрагмаға көмектеседі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың заманауи бағдарламаларында салынған танымдық материалдың үлкен көлеміне байланысты, балаларды оқыту әдістерін таңдау неғұрлым өзекті болып отыр. Сондықтан білім бала дамуының қанша құралы болуы керек. Одан әрі музыкалық шығармаларды тыңдау, ән айту, ырғақтық қозғалыстар кезінде мнемотаблицамен музыканың тембрімен ассоциацияларды тауып, музыканың осы тембрін мүмкіндігінше көп эпитеттерді пайдалана отырып, сөздермен атауға болады. Бұл мнемотаблица маған ырғақты

есту және даму кезінде көмектеседі. Балаға мнемотаблицадағыи кез келген суретті таңдап, осы иырғақты музыкалық аспаптармен таңдалған алақанмен ойнатуға болады. Мұндай мнемотаблицалар балалардың музыкалық дамуын диагностикалауға көмектеседі.

Бұл жоба мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың вокалдық дағдыларын дамытуға бағытталған. Жоба барысында балалар музыкалық жетекшінің басшылығымен вокалдық жаттығуларды, әндерді үйренеді. Жоба әртістіктің дамуына ықпал етеді, балаларды жаңалықтарға, күнделікті өмірде өзін танытуға үйретеді. Тәрбиенің жаңа модельдерін ұйымдастыру қажет, сондықтан музыкалық қабілеттердің даму процесінің жаңа сапасы да дамуы үшін эстетикалық мәдениеттің іргетасы болып қаланады. Әншілік іс-әрекет барысында музыкалық қабілеттердің барлық кешені, музыкаға эмоциялық көңіл-күй, баланың уайымымен байытылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

Ән сабағы. Учебно – методическое пособие для дошкольников. Алматы 1997.; *Фаламтор ресурстары; Дмитриева «Основы вокальной методики», Москва 1982; Музыка Хрестоматиясы 1класс. Құрастырған А. Исағұлова, А. Бәйментәева, Д. Атаханова. Алматы өнер 1990; Б. М. Теплов основные музыкальные способности; Музыка хрестоматиясы . Құрастырған Г. Қарамолдаева Алматы – Өнер 1981ж. М. М. Ахметова; Ән өнеріне кіріспе В. Дмитриев «Искусство пения» М., 1990; «Дарын» Ақпараттық әдістемелік жинағы №1-5 2012 ж.*



**Алагузова Гульмира Узакбаевна**

КМҚК №28 «Алмагүл» бөбекжай-бақшасы  
I санат тәрбиеші

## БАЛАБАҚШАДА МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ДАҒДЫЛАРЫНА ТӘРБИЕЛЕУ

*Дені саудың – жаны сау.*

*Дені сау азаматтар- мемлекеттің ең бағалы капиталы.  
(В.Комат)*

Қазіргі заман шынында өмірде бізге өз шарттарын талап етеді. Барлығы өзгереді, жаңартылып, бізді уақыт өте келе жаңашылыққа қарай аяқ басуға шақырады. Өзгерістер білім беру жүйесіне де келді. Мектепке дейінгі білім беруде мемлекеттік білім беру стандартын енгізу – бұл бастауыш буын болып табылатын мектепке дейінгі білім беруді дамытудың жаңа сатысы.

Қазіргі уақытта МДҰ педагогтарының алдында тұрған басты міндет тәрбиелеу мен оқыту процесінде балалардың денсаулығын сақтау болып табылады. Салауатты өмір салтын қалыптастыру балабақшадан басталады. Осыған байланысты балабақша жағдайында балалардың салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру үшін негізді іздеу қажеттілігі өзекті болды. Баланы салауатты өмір салтының әдетін қалыптастыратын ерекше ұйымдастырылған өмірлік ортаға салу қажет. Ол үшін сабақта, тұрмыста және ойында балалардың танымдық әрекетін құрастыра білуі маңызды.

Салауатты өмір салты-аурудың алдын алуға және денсаулықты нығайтуға бағытталған адамның өмір салты. Осыған байланысты, мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандартының басым міндеттерінің бірі балалардың физикалық және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту, салауатты өмір салтының

құндылықтарын қалыптастыру болып табылады. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында «физикалық даму» туралы білім беру саласы осы міндетті шешуге бағытталған және салауатты өмір салты құндылықтарының қалыптасуын, оның қарапайым нормалары мен ережелерін (тамақтану, қозғалыс режимі, шынығу, пайдалы әдеттерді қалыптастыру және т. б.) меңгеруді қамтиды.)

Салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру тиімділігі осы процеске балалардың қатысуымен тікелей байланысты. Мектеп жасына дейінгі баланың өз денсаулығына қатысты белсенді позициясын қалыптастыру маңызды болып табылады. Салауатты өмір салтына оқыту процесі баланың интеллектуалдық және эмоциялық дамуының қуатты және ынталандырушы факторы ретінде қозғалыс белсенділігімен тығыз байланысты. Балалардың дене шынықтыру қызметіне деген қызығушылығының негізінде салауатты өмір сүруді қамтамасыз ету, денсаулыққа уәждемені қалыптастыру негізі болып табылу керек. Мектепке дейінгі кезең жас бала денсаулығын қалыптастыруда маңызды болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дәстүрлері мен оларды дамыту тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайтудың оң үрдістерін қамтамасыз

етеді. Алайда, денсаулық сақтау жүйесінің деректері бойынша қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулық жағдайы төмендеуде. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде сауықтыру жұмыстарының тиімділігін арттырудың құралдары мен әдістерін іздеу өзекті. Денсаулық, салауатты өмір салты адамның бүкіл өмір бойы өзгермейтін құндылығы екені баршаға мәлім. Салауатты өмір салтын ұстану әрбір баланың өсіп, дұрыс дамуына мүмкіндік беретін шарт болуы мүмкін.

Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған қызмет түрлері мен нысандары бар. Осы шаралар кешені қазіргі уақытта «денсаулық сақтау технологиялары» деген жалпы атқа ие болды. - Бұл білім беру ортасының барлық факторларының өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін қамтитын шаралар жүйесі, оның оқыту мен дамуының барлық кезеңдерінде баланың денсаулығын сақтауға бағытталған.

МДҰ-да балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру міндеті қойылған. Салауатты өмір салтын қалыптастыру және балаларды сауықтыру үшін белгілі бір жағдайлар жасалуда. Педагогтердің күш-жігері салауатты өмір салтының әрбір бала үшін саналы қажеттілік болуына бағытталған денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығын қамтамасыз ету күрделі проблема БҚК қызметкерлері мен ата-аналардың өзара іс-қимылынсыз шешіле алмайды, оларға арналған ақпарат арнайы стендтерде ашық, әсем болып, оны құруға ата-аналарды тарта отырып ресімделеді. МДҰ мамандарымен ата-аналарға кеңес беру жүргізіледі. Алуан түрлі түрлерге санитариялық-ағарту жұмысы кіреді. Бұл жеке әңгімелер, жылжымалы папкалар, дөңгелек үстел (ата-аналар жиналысы). Толық және теңгерімді тамақтану балалар жасында өте маңызды. Тек Түрлі тағам баланың ағзасын оның өсуі мен дамуы үшін қажетті заттармен қамтамасыз етеді.

Салауатты өмір салтының негіздерін

қалыптастыру баланың МДҰ-да болған уақыты бойы өтеді. Режимдік сәттер: таңғы гимнастика, серуендеу, тамақтану режимі, күндізгі ұйқы. Оқу-тәрбие процесі: «Денсаулық сабақтары» (гимнастика, танымдық бөлім, релаксация). Оқу-тәрбиелік бірлескен іс-әрекет (Денсаулық минуттары, физминуткалар, психологиялық жеңілдету минуттары), дене шынықтыру, музыка, бейнелеу өнері қызметі (физминуткалар, психоэмоционалдық тұрақтылық минуттары). Жылына екі рет (қыста және көктемде) балаларды психофизикалық түсіру үшін қажетті денсаулық апталары өтеді, олар шаршаудың негізі болғандықтан, белсенді демалыс түрі болып табылады. Оңтайлы жағдайлар жасалады, қозғалыс белсенділігінің көлемі артады. Қозғалмалы және спорттық ойындар-балалардың ең сүйікті және пайдалы сабақтарының бірі. Ойын мазмұны көріністі байытады және байқағыштықты, ойлауды және зейінді белсендіреді, есте сақтауды, ой мен қиялды дамытады. Кедергілерден өту, белгілі бір міндеттерді орындау ерік күшін нығайтады, мақсатқа жетуде төзімділікті, табандылықты, табандылықты тәрбиелейді. Алған қозғалыс тәжірибесі мен жақсы жалпы дене дайындығы кейінгі спорттық қызмет үшін қажетті алғышарттар жасайды. Балалармен сауатты, дұрыс жасалған жұмыс мониторингсіз (жылына 2 рет), баланың жағдайын талдаусыз бола алмайды. Негізгі міндет дене дамуында ауытқуларды дер кезінде анықтау, оларды ауру жағдайына жеткізбеу керек. Жүктемені мөлшерлеу арқылы сүйек-бұлшық ет және тірек-қимыл жүйелерінің біркелкі дамуына ықпал етуге болады.

Тәрбиешінің басты міндеті-баланың басына белгілі бір білім мен ережелердің сомасын салмау, ал оған өз денсаулығы туралы ойлануға көмектесу. Бірақ бұған дейін ересектердің қажырлы жұмысы, олардың шыдамдылығы, сондай-ақ әрбір баланың дененің сау болып өсіуіне деген үлкен ықыласы қажет.

### Әдебиеттер тізімі:

Елжова Н.В. «Здоровый образ жизни в дошкольном образовательном учреждении»



### Сейталиева Гулден Ерболатқызы

Атырау облысы, Атырау қаласы  
№30 «Жұмбақ» бөбекжай-бақшасы  
I санатты тәрбиеші

## ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес.  
В.А. Сухомлинский*

Қазақстандық білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістер нәтижесінде жас ұрпақты білім, білік, дағдымен қаруландырып қана қоймай, солардың негізінде қоғамның өзгермелі жағдайларына тез бейімделіп, әлеуметтік-танымдық деңгейде жан-жақты ақпаратты меңгерген, танымдық тұрғыда құзыретті тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр.

Қазақстан Республикасының заңнамаларын, оның ішінде «Білім туралы заңын», «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім беру бағдарламасын», Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын негізге алатын болсақ, онда жас ұрпақтың зияткердік дамуын қамтамасыз ететін, оның келешек бастауыш мектептегі оқуға дайындығы ретінде танымдық құзыреттілігін дамыту қажеттілігі туындайды. Осыған орай мектеп жасына дейінгі балалардың бойында өзін қоршаған әлемді тануға деген танымдық құзыреттілігін дамыту негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігінің дамуы бұл бастапқы жеке тәжірибені игеріп, жаңаны тану, ақпарат жинақтау үрдісі десе де болады. Бұл кезеңде сандық өзгерістер сапалық өзгерістерге ауысады. Сандық өзгерістер бала өміріндегі жетекші әрекеті ойын арқылы танымында, қарым-қатынасында, басқа да әрекеттерде

сапалық тұрғыда көрініс табады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін дамыту мәселесі мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінен, әсіресе ойын технологиясы негізінде игерілетін ұйымдастырылған оқу қызметіне баса назар аударуды қажет етеді.

Біздің қазіргі қоғамымыз ақпараттық технологиялар ағымымен қарқынды дамып отыр. Толассыз ақпараттар, баланың жас ерекшелігін ескермеу және баланы ақпарат көзіне шектеусіз байланыстыру бүгінде шешімін табуды қажет ететін мәселе. Осыған орай мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзыреттіліктерін дамыту мәселесі білім сапасына деген көзқарасты түбегейлі өзгертуді, мектепке дейінгі ұйымдастырылған оқу қызметінің әдіс-тәсілдерін орынды таңдай білуге негіз болады. Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс - әрекеті ойын болып табылады. Сондықтан ойын технологиясын жасақтау арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін дамытудың әлеуметтік мәні зор.

Бүгінгі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту саласын да заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, сондай-ақ жаңа

технологиялармен қамтамасыз ету қажеттігі туындап отыр.

Жаңа стандарттың жалпы ережесінде педагогикалық процестің жаңашылдығын қамтамасыз ету көзделген. Осы стандартқа сай балабақшада тәрбиелеп оқытудың басты құралы – бағдарламалар жаңартылып, оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына елеулі өзгерістер әкелді. Осы өзгерістерге орай балабақшада оқытуды жетілдіру әр педагогтан оқыту ісін оңтайландыру жолдарын тәжірибеге енгізуді талап етеді.

Оқыту жолдарының көптүрлілігі, олардың бірте-бірте жетілуі педагогтар алдына тиімді жолдарды анықтап, қолдану керектігі туралы күрделі мәселе қояды. Сондықтан әр педагогқа сапалы білім беру үшін көп ізденуге, жаңаша ізденуге тура келеді.

Бағдарламалар түрлі өміржағдайларында жинақталған тәжірибені қолданудың басты көрсеткіші ретінде балалардың негізгі құзыреттілігін қалыптастыру міндеттерін шешуге бағытталған.

Ал құзыреттілік дегеніміз не? Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қолданыс тапқан «құзыреттілік» ұғымы:

Құзыреттілік - мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық сапасын тәрбиелеу, дамыту, білім беру деңгейі; жеке тұлға ретінде қалыптасуы, білім нәтижесінің жаңа типі. «Құзыреттілік - білім беру мен тәрбиелеудегі құндылықты бағдар», «Құзыреттілік - мектепке бару сатысындағы дамудың күтілетін нәтижесі».

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзыреттіліктерін дамыту мәселесі білім сапасына деген көзқарасты түбегейлі өзгертуді, мектепке дейінгі ұйымдастырылған оқу қызметінің әдіс-тәсілдерін орынды таңдай білуге негіз болады.

Балабақшада неліктен ойындар технологиясын таңдадық?

Мектепке дейінгі мекемедегі педагогикалық үрдісте ойынның рөлі ерекше екендігі белгілі. Өйткені мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс - әрекеті ойын болып табылады. Сондықтан да оқу-тәрбие жұмысының орталық құрылымы ойыннан құралатынын ұмытпаған жөн.

Балабақшада ойындар технологиясын қолданбай ұйымдастырылатын оқу-іс-әрекетін жоспарлау мүмкін бе?

Сұраққа жауап іздемес бұрын «технология» ұғымын түсініп алған жөн.

Технология – (өнер, шеберлік деген мағынаны береді) бұл мақсатқа жетуге кепілдікпен жетелейтін әрекеттердің реттелген жиынтығы. Оқыту технологиясы танымал оқыту әдістерін өзіне ендіреді, бірақ нақты, дәл берілген олардың сұрыпталған нұсқауын көздейді.

Педагогикалық технология дегеніміз – педагогтың кәсіби қызметін жан-жақты қамтамасыз ететін және жоспардағы басты міндетті орындаудың басты кепілі бола алатын технологиялық іс-шаралар жиынтығы.

Жалпы педагогикада ойын технологиясының қатары көп. Десек те, жаңа технология кепілді нәтиже береді.

Балабақшаның оқу-тәрбие үрдісіндегі ойын технологиясының орны мен маңызын анықтау педагогтың ойын қызметін түсінуімен тікелей байланысты.

Педагог баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, өзінің ұстанған әдістері мен құралдарын жүйелейді. Қандай жолды таңдаса да, ол шеберлігі арқылы сол жолдың тиімділігін, әсерлілігін арттыра түседі.

Танымдық дамытушы ойындар ұйымдастырылған оқу қызметінің маңызды бөлігі болып табылады. Танымдық ойындарға жетекшілік жасау үлкен педагогикалық шеберлікті қажет етеді. Танымдық ойындарды тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді.

Ойындар балалардың қоршаған орта туралы танымын кеңейтіп, қарапайым түсініктерін қалыптастырады, одан әрі білсем деген қызығушылығын оятады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың қазіргі тәжірибесінде мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттіліктерін, оның ішінде танымдық құзыреттіліктерін дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Танымдық ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттіліктерін



дамытумен қатар, олардың зияткерлік қабілеттерін де дамытуға септігін тигізеді.

Әрбір ҰОҚ өткізер алдында, яғни ойынға кірісер алдында тәрбиеші оның жүргізілуі мазмұнымен толық танысуы қажет. Өйткені атауы бір, бірақ ұйымдастырылу мазмұны, мақсаты өзгеше ойын болуы әбден мүмкін. Танымдық ойынға топтағы балалардың барлығының қатысуын, болмаса жеке балаға ықпал ету арқылы ойынға қатысуын қамтамасыз ету қажет. Олар ойнай отырып ойлауға, берілген сұраққа жауап іздеуге, жауап беруге үйренеді.

Бүгінде жаңа технологиялардың жаппай енгізілуі педагог-тәрбиешілердің ойын әдісіне деген көзқарасын төмендетіп отыр. Алайда ойынның кез келген технологиядан артықшылығы бар. Өйткені ойын баланың жетекші іс-әрекеті болып табылдай. Сондықтан қандай инновациялық технологияларды, жобаларды іске асыруды көздесекте, ең алдымен ойын формасындағы оқу үрдісі тиімді болатынын ұмытпаған жөн.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы 2007ж; 2.«Қазқстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім беру бағдарламасы, Астана 2010;
3. Қазақстан Республикасының жалпы мемлекеттік міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгі ережелер.- Астана, 2016. Үлгілік оқу бағдарламасы. Астана, 2016ж;
4. Равен, Джон. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация / Джон Равен. – М., 2002. (англ. 1984). – 396 с.;
5. Козырев, В.А. Компетентностный подход в педагогическом образовании / В.А. Козырев, Н.Ф. Радионова. – СПб., 2004. – 391 с.;
6. Белоцерковец Н.И. Формирование социальной компетентности детей 3-7 лет в условиях открытого дошкольного образовательного учреждения – Ставрополь, 2002. – 27с.;
7. Богданов Т.Д. Опыт формирования у педагогов дошкольного образования партнерской позиции при взаимодействии взрослых с детьми. // Инновации в российском образовании (дошкольное образование). – М.: МГПУ, 2001. – с.84-89;
8. Выготский Л.С. Развитие личности и мировоззрения ребенка. / Психология личности: Хрестоматия. – Самара: Бахрах, 1999.



**Абильхалимова Айман Адиловна**

КМҚК №28 «Алмагүл» бөбекжай-бақшасы  
жоғары санатты дене шынықтыру нұсқаушысы

## РЕЗЕҢКЕМЕН ЖАТТЫҒУДЫҢ ДӘСТҮРДЕН ТЫС ӘДІСІ

**Білім беру саласы:** «Денсаулық»

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Тақырыбы:** «Резеңкемен жаттығудың дәстүрден тыс әдісі»

**Мақсаты:** Бағытты сақтап, нұсқаушының белгісі бойынша аялдап, саптізбекте жүруді үйрету. Қатар жасап сапқа тұра білуін бекіту. Екі аяқпен секіруге, шынтақпен тізенін көмегімен жорғалауға үйреу. Шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Керекті құралдар:** Резеңке, құрсау, арқан, атрибуттар, ауен.

**Билингвалды компонент:** тобық-наколенник, тізе-колена, құрсау-обруч, арқан-канат

**Іс-әрекет кезеңдері**

**Нұсқаушының іс-әрекеті**

**Балалардың іс-әрекеті**

**Мотивациялық-қозғаушы**

**Кіріспе бөлім:**

Балаларға сап тізбекте тұруға белгі беру. Қол жоғары көтеріп аяқтың ұшына жүру, қол алда өкшемен жүру, жұптасып жүру, бір қатарға келу, қол алда тізені көтеріп жүру, қол артта жаймен жүгіру. Қатарға келіп туру. Солға бұрыл.

- Балалармен амандасу.
- Қонақтармен амандасу
- Сәлеметсіңдерме балалар!
- Бүгінгі көңіл күйлерің қалай?
- Балалар белгі бойынша сап тізбекке тұрады.

- Сәлеметсізбе!

- Сәлеметсіздерме!

- Көңіл күйіміз жақсы.

**Ұйымдастыру-іздігіру**

Саптізбекте бір-бірден жүруді, бағытты сақтай білуді, саптізбектен шығып кетпеуді, саптізбекте өзінің орнын таба білуді көрсетеді.

Жалпы дамытушы жаттығуларды орындау үшін, үш қатарға тұруды ұсынады.

Сапқа тұру үшін бағдарды белгілейді. Жаттығуларды атайды. (резеңкемен жаттығу)

Жаттығуларды орындау тәсілдерін көрсетеді.

1. Резеңкені жоғары көтеру, дем алу, дем шығару, аяқтың ұшына көтерілу. 5-6 рет

2. Резеңке жоғарда оң-сол жаққа еңкею. 5-6 рет

3. Резеңкені артта қол шапалақтау. 5-6 рет

4. Резеңке жоғарда оңға-солға бұрылу. 5-6 рет

5. Оңға бұрылу аяқты созып отыру, резеңкемен аяқты көтеру. 5-6 рет

6. Аяқты жинау тізені ұстап, резеңкемен өткеншек жасау. 5-6 рет

7. Тұру резеңке табан астында секіру.

Жаттығу аяқталды терең тыныс алу.

Бір қатарға бару.

Төрт қатарға бөліну.

Негізгі қимыл түрлерін орындауды ұсынады:

1. Бір мен екінші қатар қарама-қарсы қарау резеңкені тобыққа қою.

Үш пен төртінші қатарлар табан асты іздерімен жүріп, резеңкеден секіру.

Үш пен төртінші қатар резеңкені тобыққа қойып

Бір мен екінші қатарлар табан асты іздерімен жүріп, резеңкеден секіру.

2. Бір мен екінші қатар қарама-қарсы қарау резеңкені тізеге қою.

Үш пен төртінші қатарлар табан асты іздерімен жүріп, резеңкеден жорғалау.

Үш пен төртінші қатар резеңкені тізеге қойып

Бір мен екінші қатарлар табан асты іздерімен жүріп, резеңкеден жорғалау.

Негізгі қимыл жаттығуымыз аяқталды бір қатарға келу.

«Аққұтан мен бақа» ойынын ұйымдастыру.

Сұрақтар қою арқылы 8 бала құрсау айналасына тас болып тұрады, бір бала құрсау ішінде аққұтан құсы болып тұрады, қалған балдар бақалар болады, тастан-тасқа бақалар секіріп жүреді, аққұтан бақаларды аулай бастайды. Ұсталған бақа ойыннан шығады.

Тынығу жаттығуы «Гүлдер» Дем алу, күлімдеу.

Бір қатарға келу.

Қоштасу.

Резеңке жоғарда арқан үстімен жүріп өту. (аз қимылды қозғалыс)



**Жұмағазиева Гауһар Хабижанқызы**

Атырау облысы, Атырау қаласы  
№30 «Жұмбақ» бөбекжай-бақшасы  
I санатты ағылшын тілі оқытушысы

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ТІЛ МАМАНЫНЫҢ АВТОРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

*Оқыту әдістемесі инновациялық,  
ал білім беру технологиясы креативті болуы тиіс.  
Н.Назарбаев*

Қазіргі кезде білім беружүйесі жан-жақты дамыған, көп тілді меңгерген шығармашыл тұлға қалыптастыруды көздейді.

Осы мәселе туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламасында «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес тұтас халықтың, өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. .... «Үш тілде білім беру» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы» деп атап өткен болатын. Осының өзі көп тілді немесе үш тілді меңгерген шығармашыл тұлға қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударылып отырғанын айқындайды.

Қоғам сұранысына орай көп тілді

меңгерген тұлғаны қалыптастыру жаңа технологиялар негізінде жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда республикамыздың жаңартылған білім беру жүйесі жағдайында балабақшадағы оқыту мазмұнын жетілдіру, оқытудың озық технологияларын қолдану – айрықша өзекті мәселеге айналып, осыған орай мектепке дейінгі ұйымдарда ағылшын тілін оқыту технологияларын зерттеу, тәжірибеге енгізу және нәтиже алу өзекті мәселе болып отыр.

Жаңа технологиялар оқыту үрдісінің оңтайлы жолдарын жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, кепілді нәтижені көздейді. Оның өзі кез келген пәнді әр түрлі технологиялар бойынша жобалауды қажет етеді.

Бұл мәселелерді шешуде тіл маманының

шығармашылық ізденісінің маңызы зор. Әр маман өз ісінде қандай да бір даралығымен көзге түседі. Жалпы танымал әдіс-тәсілдерге сүйене отырып, маңызды авторлық идеяларын ұсынады. Демек, авторлық технология әр маманның өз қызметіндегі өзіндік идеясымен ерекшеленген тәжірибесі.

Ал бүгінде мектепке дейінгі ұйымдарда ағылшын тілін оқыту қолға алынғанымен оның нақты әдістемесінің болмауы, күнделікті тиімді тәжірибелер жүзеге асқанымен оның жинақталып, насихатталып таратылмауы арасында қарама-қайшылық байқалады.

Егер балабақшада ағылшын тілін оқыту барысында авторлық технология жүйелі түрде қолданылып отырса, онда балалардың сөйлеу, ойлау қабілеті дамып, тіл үйренуге деген қызығушылығы артады, өйткені тіл маманының шығармашылық ізденісі тіл үйрену нәтижесіне кепіл болады.

Күні бүгінге дейін шетел тілін үйрету мәселесі көптеген ғалымдардың еңбегіне арқау болды. Психологтар және шетел тілін зерттеуші тіл мамандарының (Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Т.Б.Анисимова, Т.В.Плотникова, В.Д.Аракин, М.Д.Астафьева т.б.) зерттеу нәтижелері балалардың тілін дамытудың алғышарттарын құрды.

Қазіргі педагогика ғылымының бір ерекшелігі – жеке тұлғаға бағдарланған инновациялық оқыту технологияларының кең қолданысқа енуі.

Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету» мақсатын көздеген. Осының өзі жеке тұлғаны дамытуға бағытталған білім беру мәселелеріне ерекше назар аударылып отырғанын айқындайды. Сөйтіп, білім парадигмасы өзгеріп, білімді жеке тұлғаға бағыттау, оқушының өзін-өзі тануы мен өзін-өзі дамытуы алғашқы орынға шықты. Сондықтан әрбір оқушының шығармашылық белсенділігін ашу тұрғысынан педагогтар қауымына оқытудың жаңа технологияларын оқыту үрдісіне енгізу

мақсаты қойылып отыр.

Оқыту технологиясы білім беру формасын оңтайландыруды көздеген, оқыту және білімді меңгеру үрдісін құрудың, қолданудың және анықтаудың жүйелі әдісі ретінде қарастырылады.

Технология: *techne* - өнер, шеберлік және *logos* – ғылым, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген ұғымды білдіретін гректің сөзі.

Технология шеберлікпен өнім алу, нәтижеге жету, белгілі бір жоба, моделмен оқыту дегенге саяды.

Әр педагог, өзі автор, өзі орындаушы ретінде педагогикалық қызметке өзінің даралығымен келеді. Сондықтан жоғарыда сипатталған педагогикалық технологиялардан басқа бүгінде көптеген авторлық технологиялар бар. Педагогтар жалпы танымал әдіс-тәсілдерге сүйене отырып, маңызды авторлық идеяларын ұсынады. Демек, авторлық технология әр маманның өз қызметіндегі өзіндік идеясымен ерекшеленген тәжірибесі.

Бүгінгі таңда ерте жастан шетел тілін оқыту, яғни екінші тілді үйрету фактілері таң қалдыра қоймайтыны анық. Әйтсе де осылайша оқытудың қажеттілігі, мақсаттылығы, сондай-ақ оның бала денсаулығына және дамуына қауіпсіздігі туралы мәселелері ашық күйінде қалып отыр.

Авторлық педагогикалық технология – бұл педагогтың жеке тәжірибесінен туындаған еңбегінің психологиялық-педагогикалық бағдары мен әдістемелік тәсілдерінің бірлігі.

Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мәні неде? Күрделі сұрақ. Дегенмен нақты шынайылықты, іс жүзінде қолданысын талқылап көрейік. Сырт көзге бәрі тамаша: мектеп жасына дейінгі балалар шетел тілінде сүйсіне өлең, ұйқасты әуендер айтып, тақпақтар жаттайды. Олар өздері, өз отбасылары, тіпті өздерінің сүйікті жануарлары туралы да монологтарды жатқа айтады. Ал енді оқыту үрдісін әдіскер көзқарасымен қарастырайық.

Ағылшын тіліне арналған оқу қызметі не сабақтарды талдау келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді: - шетел тілін оқыту баланың ана тілінде тілін дамыту

бағдарламаларын және оның даму деңгейін есепке алмай-ақ жүзеге асырылады. - орта мектептердің оқыту дәстүрі сақталған: сөйлеу қызметін емес, тілді үйретеді. Бір сөзбен айтқанда, оқытуда саналылық ықпалы қолданылады: оқыту мазмұнын іріктеу және оқыту үрдісінің интуитивті, «байқау және қателік» әдісімен жүзеге асып, педагогтың ең басты бағдары өзінің тәжірибесімен және ата-аналар үшін маңыздысы «бала шетел тілінде бір нәрселерді айта білуі тиіс» деген сұранысына қарай құрылады; - Сабақ өткізу барысында мектептегі оқыту әдіс-тәсілдері қолданылады, яғни мектеп дидактикасы мектепке дейінгі тәжірибиеге енгізіледі; - Дайын сөйлемдерді (өзі туралы, отбасы туралы, ауа райы және т.б.), өлеңдерді, тақпақтарды, ұйқасты немесе рөлдік спектакльдерді жаттанды үйреткенде бала тілді түсініп ойлай білу қабілетін игере алмайды.

Сонымен, бүгінгі күні тәжірибиемізде кездесетін бірінші мәселе: негізінен педагогтар ағылшын тілін ерте жастан оқыту әдістемесін басты назарға алады, өйткені әдістеме осы үрдісті дұрыс ұйымдастыра білуге жол сілтейді. Дегенмен де мектепке дейінгі мекемелерде ағылшын тілін

үйретуге бағытталған әдістемелерді жаңа технологиялар көмегімен жетілдіру бүгінгі күннің сұранысында тұр.

Баланы шет тілінде қарым-қатынас жасап, сөйлеуге ерте жастан бастап үйрету қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі. Балаларға жас ерекшеліктеріне сай тілді меңгертіп, басқа халықтың мәдениетіне, әрі дүниежүзілік мәдениетке жол ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан да бүгінгі өскелең уақытталабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі толассыз, үздіксіз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілген білім - барлық білімнің бастауы, әрі жан-жақты дамытудың түпкі негізін қалайды. Мектепке дейінгі балаларды ағылшын тіліне, дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету, ағылшын тілі сабағында балалардың коммуникативтік, танымдық және басқа да белсенділіктерін арттыру, баланың еркіндігін, өзін-өзі шығармашылық тұрғысын көрсетуге деген қабілеттілігін дамыту жолдарына баса назар аударуымыз қажет.

Жалпы педагогикада оқыту технологиясының қатары көп. Десек те, ағылшын тілін үйрету технологиясы жаңаша көзқарасты, ізденісті қажет етеді. Жаңа технология кепілді нәтиже береді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР МЖМБС. Негізгі ережелер. Астана 2016
2. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған Типтік бағдарлама. Астана 2016
3. Астафьева М.Д. Игры для детей изучающих английский язык. М.: Мозаика-Синтез 2007
4. Иманбаева Л.Ж. Ағылшын тілі сабағындағы тілдік ойындар. Білім-ғылыми-педагогикалық журнал №3 2007
5. Киялбаева М. Б. Ойын арқылы оқушылардың шығармашылық белсенділіктерін және қабілетін дамыту. Интернет желісінен
6. Шарипбаева М.С. Изучаем английский язык. Алматы кітап 2003
7. Эльконин Д. Б. Психология игры. - М., 1978. - 304.
8. Jamboree: Communication Activities for Children/ by John and Paul Power.-UK: Longman, 1990.
9. English in Tune: learning English through song / by Patric Lee.-Italy: European Language Institute, 1996.
10. Building Blocks for English by Sarah Philpot.-England: Delta Publishing, 2000.
11. Real books in the Primary Classroom / by Sandie Mourao.-UK: Glasgow Magazines, 2003



**Тауасарова Эльмира Қазикызы**

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласы  
№3 «Өрімтал» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

## «ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ – ТЕЛЕФОНДАРЫ» ОЙЫН-САУЫҚ

Мақсаты: Балаларды төтенше жағдай мамандықтарымен, телефондарымен таныстыру. Ержүрек мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың арнайы көліктері, құрал – жабдықтары жайлы түсінік беру. Төтенше жағдай мамандық иелерінің қызметі туралы білімдерін дамыту. Мамандықтың бәрі жақсы деген түсініктерін кеңейту. Ойлау қабілетін, алғырлықтарын дамыту, ойын арқылы қимыл-қозғалыс жаттығуларына жаттықтыру. Қоршаған ортаға ұқыпты қарауға, бір-біріне қайырымды болуға тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері: Қайырлы таң ұстазым  
Қайырлы таң достарым  
Шеңберге тұрайық  
Жылулық сыйлайық  
Доброе утро учитель  
Доброе утро друзья  
Посмотрите друг на друга  
Пожелайте всем добра  
Good morning, good morning  
Good morning to you  
Good morning, good morning  
We like see you  
Жұмбақ жасыру:  
Айтқан сөзді сыбырлап осы жерде  
Естіп алар бір құлақ алыс елде/телефон/  
Ойын: «Сымсыз телефон»  
Мақсаты: байқампаздыққа, зейінділікке баулу

Балалар бүгін біз төтенше жағдай мамандықтарымен, олардың атқаратын қызметі, жұмыс телефондарымен таныс

боламыз. Балалар мынау не?/шырпыны көрсету/Шырпының жақсы жақтарын айтайықшы, жаман жақтары ше? Егерде үйде өрт шығып қалса кімді шақырамыз?/ өрт сөндіру қызметін/Ия, бұл ержүрек мамандықтың бірі, олар өрт болған жағдайда өздерінің арнайы көліктерімен келіп, өртті сөндіреді. Байланыс телефоны 101

Ертегі батырша қалады ұқсап  
Тілсіз жауды әп сәтте ауыздықтап  
101-дің қызметшілері жүреді ылғи  
Азаматтық парызын биік ұстап /Ерболат/  
Балалар үйде телефон шырылдады, ар жақтан бейтаныс біреу сендерден- үйде кім бар?- деді

Біз недеп жауап беруіміз керек?  
Ал егерде үйге ұры түсіп жатса кімді шақырымыз?/полиция қызметін/

Ия, балалар полиция- мағынасы , ол мемлекеттік істерді басқару, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыспен күресу, халық пен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қорғау.

Байланыс телефоны 102  
Тәртіп заңды сақтайды  
Ел сенімін ақтайды/Азиза/  
Балалар егерде үйде біреу ауырып қалса, кімді көмекке шақырамыз?/жедел жәрдемді/Ия, бұл ақ халатты нәзік жандар- дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетеді.

Байланыс телефоны 103  
Тыңдаушы мойында  
Өлшеуіші қолында  
Ақ халатты дәрігер  
Әрқашанда өз орнында/Әнуар/

Балалар егерде дария өзенге шомылуға барғанда, бір адам суға кетіп жатыр, кімді көмекке шақырамыз?

Құтқарушы қызметін

Біз өмір сүретін қоршаған ортада апатты жағдайлар көп болады. Ол апаттан құтқару үшін, құтқарушы қызметі көмекке келеді. Олар апатқа ұшыраған адамдарды құтқарамыз деп жүріп өздері де қайғылы жағдайға ұшырап жатады екен. Олардың көмекшілері де бар екен, арнайы дайындалған иттер. Байланыс телефоны 108

Ойын: «Төтенше жағдай телефондары»

Мақсаты: Төтенше жағдай мамандықтарымен, телефондарымен таныстыру. Ержүрек мамандық иелерінің

жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың арнайы көліктері, құрал – жабдықтары жайлы түсінік беру.

Ойын: «Кімге не керек?»

Мақсаты: Төтенше жағдай мамандықтарымен, телефондарымен таныстыру. Ержүрек мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың арнайы көліктері, құрал – жабдықтары жайлы түсінік беру.

Жарайсыңдар! балалар төтенше жағдай телефондарын естеріне сақтап жүріңдер, ешқашанда апатты жағдайға ұшырымас үшін сендер ата-аналарыңның айтқандарын мүдірмей орындауларың керек.

Ән: «Анамызға көмек»



**Түлкібаева Мейрамкүл Жылқыбайқызы**

Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кенті  
КМҚК «Жауқазын» балабақшасының әдіскері

## ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ДАМУДАҒЫ «ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ» МАҢЫЗЫ

**Аңдатпа.** Аталған мақалада дарынды балалармен жұмыс жасауда ертегі терапиясының тиімділігі қарастырылған. Ертегі терапиясының мақсат-міндеттерімен қатар, дарынды балаларға психология және педагогикалық тұрғыдан жүргізілетін жұмыстар туралы айтылған.

Қазіргі таңда дарынды балаларды дамытуда жеткілікті дәрежеде әлеуметтік және психологиялық зерттеулер жүргізілді. Көбінесе педагогтар дарынды балалар өте талантты, олар қолдауды қажет етпейді деп есептейді. Бірақ шындығында дарынды балалар өздерінің жеткен жетістігіне, қажеттілігіне қанағаттана бермейді. Табиғатынан білуге деген құштарлығымен алға ұмтылысы педагогтың және ата-ананың назар аударуын, көңіл бөлуін ұнатады.

Жалпы дарынды балалар өздерінен үлкен балалармен ойнағанды, араласқанды жақсы көреді. Себебі дарынды балалар өз құрдастары айналысатын немесе ойнайтын ойындарынан гөрі, күрделірегін қалайды. Осыған орай дарынды балалар көбінесе жалғыз, өзімен-өзі жеке қалғанды байқатады. Мұның негізінде ата-аналар психологқа жүгінуді жөн көреді.

Осы тұрғыда балаларға ертегі терапиясын қолданудың маңызы өте зор. Ертегі терапиясы арқылы балалардың бойында негативті ойлауды жоюға мүмкіндік береді және тұлғаның сапалы басқада құзіреттіліктерін арттыруға әсер етеді. Ертегі терапиясы жүйесінің ең басты ерекшелігі балалармен құндылықтар негізінде жұмыс жасау.

Психологиялық және педагогикалық

мәселелер ертегі терапиясында адамгершілік негіздері мен рухани құндылықтар арқылы шешімін табады. Эмоционалды бұзылыстарды коррекциялауға және қоршаған әлеммен қарым-қатынас орнатудағы бірден-бір әдіс ол- ертегі терапиясы. Ертегі терапиясын жүргізудің мақсат-міндеттері төмендегідей:

- Балалардың бойындағы агрессивтілікті төмендету;
- Қорқыныш пен үрейді жою;
- Эмоционалдық өзін-өзі реттеуді дамыту;
- Позитивті қарым-қатынас жасауды арттыру.

Ертегінің мазмұнын айту, ойдан ертегі құрап айту, ертегіге талдау жүргізу, суретін салу, рөлде ойнап көрсету-дарынды балалармен жұмыс жасаудың ұйымдастырушылық және жылдам әсер етуші психологиялық ресурсы болып табылады.

Ертегі терапиясының әдістерін қолдану балалардың бойында өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау деңгейін жоғарылатып, өмірде кездесетін заңдылықтарды меңгеруге және шығармашылық күшінің өсуіне тиімді. Ең бастысы өз өмірін реттеуге, жалпы құндылықтарды қалыптастыруға, әлеуметтенуге, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді.



Жұмыс барысында балалардың өздеріне ертегі құрастырудың маңызы мен тиімділігін атап көрсеткен жөн. Ертегі құрастыру төмендегі негізгі ережелер сақталғаны жөн:

Біріншіден: Ертегінің басы, кульминациясы және аяқталу кезеңі болып бөлінеді.

Екіншіден: Ертегіге басты кейіпкерді ойлап табуы қажет. (ол өсімдік немесе жануар, жәндік, адам болуы ықтимал). Ең бастысы ертегідегі басты кейіпкерді таңдау, ол баланың өз қалауымен болғаны дұрыс.

Үшіншіден: Ертегідегі басты кейіпкердің бейнесі арқылы баланың бойынан білгіміз келген ақпаратты таба аламыз және оны өзгертуге мүмкіндік аламыз.

Төртіншіден: Балаға сұрақ қоя аламыз, яғни ертегідегі басты кейіпкердің әрекеті неге бұлай болды деп?. Нәтижесінде бала барлығын өзі әңгімелеп береді.

Бесіншіден: Ересектердің міндеті-балалардың мүмкіндіктерін кеңейту. (Яғни ертегі кейіпкерінің). Ересек адам баладан: Білесің бе, көжек маған қатты ұнайды, мен оған көмектескім келеді. Ал, сенше? Мүмкін екеуіміз бірге көмектесіп көрейік, ойланып көрейікші, көмектесу жолдарын... Осылайша балалардың алда болатын әрекетін біле отырып, оның өзіне көмектесу жолдарын іздестіруге болады.

Алтыншыдан: Ересектер балалар үшін бірінші бастама жасамауы қажет, асығудың қажеті жоқ, ең дұрысы, бала ойланып өзі ойын бірінші болып білдіруі қажет, содан соң ересектер қатысуына болады.

Жетіншіден: Ертегі құрастыру барысында арттерапияны қолданған жөн, яғни ертегінің суретін салуға немесе ойыншықтарды

қолдануға болады. Дарынды балалар кейде өздерінің жағдайын сөзбен жеткізе алмайтын кездері кездеседі. Сол кезде арттерапия арқылы шешімін табуға болады.

Сегізіншіден: ертегіні бір баламен немесе бірнеше баламен, топпен де құрастыруға және мазмұндауға болады.

Тоғызыншыдан: Тыңдарман үшін ертегінің мазмұны өзекті болғаны дұрыс.

Ертегі терапиясы арқылы балалар эмоция мен сезім түрлерімен жақынырақ танысып, өзінің айналасындағы адамдарды жақсы түсінетін болады. Сонымен қатар өзінің эмоциясын жүйелі түрде басқара алатын болады. Ертегі терапиясы арқылы жаңа образдар ойлап тауып және ертегі кейіпкерлері мен ертегі метафораларымен жұмыс жасай отырып, өзінің ішкі жан дүниесі байи түседі. Балалар қорқыныштарымен үрейлерін жеңе бастайды және олардың бойында сенімділікпен жауапкершілік қабілеті жақсы орныға түседі. Ең бастысы олардың жүзінде қуанышты байқауға болады.

Баланың жасаған жұмысына қолдау көрсету де оның болашағына ерекше әсер береді. Оның өзінің білімділігіне деген сенімділігі арта түседі. Қолдау көрсету дегеніміз өзі баланың жұмысын таныстыру, тарату ұғымдарымен астасып жатады. Ең бастысы табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйын одан әрі дамытып, ерекше қабілетті оқушыны дарынға айналдыру үшін аянбай еңбек етіп, педагогтың өз бойындағы да қабілетті аша түсу, көш соңында қалып қоймай, қоғам алдындағы міндетінді азаматтық тұрғыдан ойдағыдай орындау.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. *Инновационные процессы в современном дошкольном образовании. Развитие интеллектуального потенциала и детской одаренности. Авторы: Л.П.Пяткова, О.А.Стальбовская, С.В.Ушакова, С.В.Костарева, А.А.Морозова. Волгоград: Учитель, 2013. 150-154стр.*

2. *Детская одаренность: от теории к практике [текст] / сост. Е.В.Борзенкова, В.В.Стяжкина.-Ижевск: Изд-во ИПК и ПРОУР, 2005*

#### Жарбусынова Тойган Жумабаевна

«Нұрсұлтан Назарбаевтың Білім Қоры»

қоғамдық қорының Атырау қаласындағы филиалы

«Мирас» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

### МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ LEGO–ҚҰРЫЛЫМДАР АРҚЫЛЫ STEM-ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕР МЕН DAҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Аннотация:** Мақаланың басты мазмұны мектепке дейінгі ұйымның білім беру үрдісіне STEM – білім беруді енгізудің басты факторы ретінде атап өтті. Осы орайда мектеп жасына дейінгі балалардың STEM құзыреттілігін дамыту мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында тәрбиелеу мен оқытуда LEGO - құрылымдарын қолданудың өзектілігін айқындады. Білім беру процесінде LEGO құрылымдары қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың эксперимент барысында себептері мен нәтижелері туралы болжамдарын айтуға, өз бетінше креативті жобалар мен кішкентай жаңалықтар ашуға, ересектер мен құрбы - құрдастарымен еркін қарым- қатынас және командада бірлесе жұмыс жасауға зор ықпалын тигізетіндігі баяндады.

STEM оқыту – бұл балаларымыздың дағдыларын жетілдірудің жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік беретін инновациялық әдіс. Балалар ойын тәсілімен санауды, өлшеуді, салыстыруды, қарым-қатынас дағдыларын үйренеді, өздері үшін таныс заттардың жаңаша және белгісіз қасиеттерін анықтайды. Шығармашылық потенциалымен және қиялдарын көңілді ойын түріндегі еркін оқу қызметтерінде дамытады. Ғылым, математика, технологиялар және инженерия сияқты басты академиялық салаларда бір мезгілде даму керек, оларды STEM деген бір сөзбен біріктіріп атауға болады

S—science, ғылым

T—technology, технология

E—engineering, инженерия

M—mathematics, математика.

Білім беру жүйесіне STEM технологиясын енгізу жолдары қарастырылуда.

STEAM-білім берудің артықшылықтары: пәндер бойынша емес, тақырыптар бойынша біріктірілген оқыту; нақты өмірде ғылыми-техникалық білімді қолдану; сыни ойлау және мәселелерді шешу

дағдыларын дамыту; өз күшіне сенімділікті қалыптастыру; белсенді коммуникация және командалық жұмыс; техникалық пәндерге қызығушылықты дамыту; жобаларға креативті және инновациялық тәсілдер; әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың қызмет түрлері арқылы техникалық шығармашылыққа ынталандыруды дамыту;ерте кәсіби бағдар; балаларды өмірдің технологиялық инновациясына дайындау.

Бұл орайда мектеп жасына дейінгі балалардың STEM құзыреттілігін дамыту мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында тәрбиелеу мен оқытуда LEGO - құрылымдарын енгізу тиімді болып, LEGO құрылымдарымен жұмыс жүйелі болу керек және оны тиімді пайдалану үшін педагогтар келесі шарттарды сақтау керек:

1.Пәндік –дамытушы орта құру.

Пәндік –дамытушы орта конструкторлық іс-әрекет туралы білімді қалыптастырады, конструктивтік дағдылары мен қабілеттерін дамытады. LEGO- құрылымдарына арналған

пәндік – дамытушы орта келесі міндеттерді қамтамасыз ету керек:

- жеке LEGO құрылымдар;
- LEGO құрылымдарының аналогтар;
- LEGO құрылымдары бойынша дидактикалық материалдар.

1. LEGO құрылымдары кіріктіру қағидаттарына сәйкес келу (танымдық зерттеу, математикалық дағдыларды дамыту, тілдік қатынасты дамыту шығармашылықты дамыту, әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыру).

Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік, танымдық және конструктивті қабілеттерін дамытудың маңызды шарттарының бірі LEGO құрылымдарын әртүрлі іс-шараларға қосу:

Оқу қызметінде. Бұл жағдайда LEGO құрылымдары қосымша көрнекі немесе практикалық материал ретінде қолдану;

Дербес іс-әрекетінде. Балалардың дербес іс-әрекет барысында LEGO құрылымдарын дидактикалық ойын ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар, құрылыстың басталуына дейін педагог балаларға тапсырма береді, олардың алдында міндеттер мен мақсаттар қояды.

3. Балалардың іс-әрекетін теңдік және серіктестік негізінде ұйымдастыру.

LEGO құрылымдарының қағидасы: қарапайымнан күрделіге дейін; балалардың коммуникативті және конструктивті дағдыларын игеруде жеке мүмкіндіктерін ескеру; белсенділік пен жасампаздық - балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді әдістерді қолдану; кешенділік мақсаттарды шешу-әр түрлі іс-әрекет түрлеріндегі конструктивті мәселелерді шешу: ойын, танымдық, сөйлеу; нәтижелік және кепілдік - балалардың жасына және даму деңгейіне қарамастан оң нәтижеге кепілдік беретін көмек пен қолдау алуға баланың құқығын іске асыру.

Педагог LEGO құрылымдарын тәрбиелеу-оқыту іс-әрекетінде қолдануға қатысты нақты стратегияға негізделген болу керек. Менің педагогикалық тәжірибем көрсеткендей, балалармен бірлескен қызмет барысында LEGO құрылымдарын қолдану арқасында келесі оқу мақсаттар мен міндеттерге қол

жеткіздім: балалар мақсат қояды және өз іс-әрекетінің міндеттерін анықтауға үйренеді: «Мен не құрастырамын (нені қалаймын) және не үшін?» сұрақтар қояды; мектеп жасына дейінгі балалар өздеріне «Мен қалаған нәрсені қалай құрастырсам болады?» деген сұрақ қою арқылы тапсырманы орындау жолын табуды үйренеді; бала дайын өнімді алу арқылы нәтижеге қол жеткізуді үйренеді (өз бетінше үйді, машинаны, жирафты құрастырады).

LEGO құрылымдары өзіндік ерекшеліктері бар, балалардың конструктивті іс-әрекетін ұйымдастырудың жалпы әдіснамасына бағынатынын атап кету керек. Осыған сәйкес конструкторлық іс-әрекеті келесі түрлерге бөлуге болады: үлгі бойынша құрастыру: балаларға LEGO құрылымдарының бөліктерінен жасалған құрылыс үлгілері ұсынылады; модель бойынша құрастыру: балаларға үлгі ретінде заттың жекеленген элементтері жасырылған бейнесі ұсынылады. Бұл моделді балалар қолда бар құрылыс материалдарынан құрастыру қажет; шарт бойынша құрастыру: балаларға үлгі берілмейді, құрастырылған құрылыс берілген шартқа сай болу қажет. (мысалы, күшікке арналған үй кішкентай, ал құлыншақтың үйі үлкен болу қажет); матрица, сызба-карточка бойынша құрастыру: құрылыс үлгісінің бейнесі балаларға қарапайым сызбалар арқылы ұсынылады. Осындай үйретудің нәтижесінде балаларда қиялды ойлау мен танымдық қабілеттері дамиды; еркін ой бойынша құрастыру: балаларға дербестік, шығармашылық қабілеттерін таныту үшін үлкен мүмкіндік; тақырыптық құрастыру: балаларға нысаның тағайындалуы немесе құрылысы бойынша ортақ тақырып ұсынылады және балалар өздерінің ойларынан нақты құрылыстарды, бұйымдарды жасайды, оларды жүзеге асыру үшін материалдар мен әдістерді таңдайды. Құрастырудың бұл түрі еркін ой бойынша құрастыруға ұқсас, тек айырмашылығы мұнда балалардың конструкциясы белгілі бір тақырыппен шектелген; LEGO құрылымдарының басты ұраны: «Балалардың өзіндік іс – тәжірибесіне мол мүмкіндік беру»

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы РМҚК 010000, «STEM білімді енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» Астана қ.
2. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы «Мектепке дейінгі ұйымдарға инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша бағдарлама»
3. Варяхова Т. Примерные конспекты по конструированию с использованием конструктора LEGO // Дошкольное воспитание. - 2009. - № 2. - С. 48-50.
4. Петрова И.А. LEGO -конструирование: развитие интеллектуальных и креативных способностей детей 3-7 лет // Дошкольное воспитание. - 2007. - № 10. - С. 112-115.
5. Фешина Е.В. LEGO конструирование в детском саду: Пособие для педагогов. - М.: Сфера, 2011. - 243 с.
6. Білім беру ұйымының әдіскері журналы №4 (52) -2019 «Мектепке дейінгі ұйымдарда STEM –білім берудің заманауи мүмкіндіктері»  
Интернет сілтемелері: <http://www.lego.com/ru-ru/http://education.lego.com/ru-ru/preschool-and-school> <http://int-edu.ru> <http://creative.lego.com/en-us/games/firetruck.aspx?ignorereferer=true>